- қолжазба мұраларын, кітап және қолжазба мәдениетінің ескерткіштерін сақтау, тұлғаның, әсіресе өскелең ұрпақтың рухани дамуы.

ҚРҰлттық академиялық кітапханасы басшылығымен Қазақстанның кітапханашыларымен белсенді дамып келе жатқан бағыттардың бірі ТМД елдерінің кітапханаларымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады. Ынтымақтастықтың осы бағыты аясында Ресей мемлекеттік кітапханасымен, Беларусь, Өзбекстан, Молдова, Қырғызстан, Тәжікстан ұлттық кітапханаларымен әріптестік туралы келісімдер жасалды. Ынтымақтастық туралы бұл келісімдер кітапханалардың ақпараттық ресурстары мен қызметтерін одан әрі электронизациялауға серпін беретін жаңа жобаларды дамытуды көздейді. Мұндай келісімдер ТМД елдерінің көптеген кітапханаларымен жасалады. Кітапханаларқауымдастығының қызметі ұлттық ерекшеліктерді, сондай-ақ әлемнің сол немесе басқа аймақтарында кітапхана мамандығының даму деңгейін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Библиотечное дело за рубежом: XX – начало XXI века: сб.аналит. и справ, материалов. Москва, 2009, 310с.
2. Полякова В.С. Формирование информационной культуры в системе библиотек Казахстана: новые возможности интеграции идей ЮНЕСКО и ИФЛА// Вестник БАЕ, 2017, №4, С.22-25.
3. Қазақстан кітапханалары. 2012 жыл. Мәліметтер. Сандар. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы. Алматы, 2013, 5-15 б.
4. Теплова А.А. Международная деятельность библиотек /А.А.Теплова, Э.Г.Азгальдов // Библиотека за рубежом. 2014, Вып. 4, С. 17-21.
5. Игумнова Н.П. Научное сообщество расширяется // Мир библиографии. 2009, №1, С.87-95.
6. Смирнова С.М. Ассамблея народов Евразии - общественная интеграционная модель большого Евразийского партнерства // Вестник БАЕ. 2017, №3, С. 12-17.
7. Кукеева М.К., Исенгалиева А.Г. «Кітапхана ісі саласындағы халықаралық ынтымақтастық» пәні бойынша дәрістер курсы. Шымкент: ОҚМУ, 2020, 100б.

Аннотация: В статье рассматриваются история становления и развития международных сообществ в области библиотечного дела, ее цели и задачи, роль в развитии библиотечного дела. Международное сотрудничество является важнейшим направлением деятельности библиотек Казахстана, способствующей интеграции в мировое библиотечное пространство, улучшению взаимопонимания, реализации совместных библиотечных проектов, а также обеспечивает взаимосвязь библиотечного социального института с другими социальными институтами и обществом в целом. Изложено формирование теоретических представлений об основных понятиях международного сотрудничества в сфере библиотечного дела. В статье рассматриваются деятельность, цели и задачи Организации Объединенных Наций по вопросам образованию, науке и культуре (ЮНЕСКО), Международной федерации библиотечных сообществ и учреждений (ИФЛА), Библиотечная Ассамблея Евразии(БАЕ), Библиотечная ассоциация Республики Казахстан (БАРК).

Abstract: The article discusses the history of the formation and development of international communities in the field of library science, its goals and objectives, and its role in the development of library science. International cooperation is the most important activity of libraries in Kazakhstan, contributing to integration into the world library space, improving mutual understanding, implementing joint library projects, as well as ensuring the relationship of the library social Institute with other social institutions and society as a whole. The article describes the formation of theoretical ideas about the main concepts of international cooperation in the field of library science. The article discusses the activities, goals and objectives of the United Nations educational, scientific and cultural Organization (UNESCO), the International Federation of library communities and institutions (IFLA), the library Assembly of

Eurasia (BAE), and the Library Association of the Republic of Kazakhstan (BARC).

САЯСАТТАНУ – ПОЛИТОЛОГИЯ - POLITICAL SCIENCE

ӘОЖ 327

Мажинбеков С.А.

философ.ғ.к., доцент, «Әлеуметтік және тәрбие ісі» жөніндегі проректоры
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: АӨСШК V саммитінің мәжілісінде сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасы президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Азиялық аймақта қауіпсіздікке байланысты қауіп-қатерлер, идеологиялық және этно-діни қайшылықтар ерекше алаңдаушылық тудырады. Біз бұл жағдайда азиялық қауіпсіздіктің негізгі мәселелерін шешуге жүйелі және жан-жақты көзқарастар қажет деп есептейміз деп ерекшелеген болса, қауіпсіздік жөніндегі 56-шы Мюнхен конференциясының панельдік сессиясында «Географиялық орналасудың маңызы: Орталық Азия туралы әңгіме» тақырыбында өңірдің алатын орны туралы айта келе, Орталық Азияның жаһандық геосаясаттағы рөлі арта түсетінін атап өткен болатын. Бұл, Орталық Азия аймағының қауіпсіздік мәселесінің ауқымдылығын, өзектілігін айқындайды.

Осы орайда берілген мақалада Орталық Азияның қауіпсіздігі және негізгі қатерлер қарастырылады. Мақалада терроризм, радикалды исламның жастар арасында тарауы, ауыз су мәселесі, Ауғаныстандағы қайшылықтың аймақтағы қауіпсіздікке ықпалы, әлемдік экономикалық дағдарыстардың кері ықпалдары, ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне талдау жасалынады.

Кілттік сөздер: Қауіпсіздік мәселесі, қауіп-қатерлер, Орталық Азия аймағы, терроризм, ақпараттық қауіпсіздік, геосаяси бәсекелестік, Қазақстан Республикасы

Халықаралық деңгейдегі түбегейлі өзгерістер және ғаламдану үрдісі қауіпсіздік факторын ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейдегі іргелі мәселелер қатарына шығарып отыр. Қауіпсіздік түсінігінің аясында мемлекеттердің егемендігі, елдің аумақтық тұтастығының қорғалуы, сыртқы және ішкі қауіптерге тойтарыс беруі, геосаяси және стратегиялық мүдделерін қорғауы, қарсыластар тарапынан қолданылатын күштерге төтеп беруі, әлеуметтік – саяси және экономикалық тұрақтылықты сақтауы қарастырылады.

Қазақстан-2050 ұлт стратегиясында айқындалғандай, «Алайда халықаралық ахуал және геосаяси орта қарқынды өзгеруде және әрқашан жақсы жағына қарай ойыса бермейді. Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстан Солтүстік-Шығыс Азияға дейін тұрақсыздықтың алып белдеуі созылып жатыр. Күштердің ара салмағы жаһандық деңгейде де, сонымен қатар, Жер шарының жекелеген аймақтарында да елеулі өзгерістерге ұшырауда. Соған сәйкес, БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО, ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨСШК және басқа аймақтық қауіпсіздік тетіктерінің рөлі арта түседі. Орталық Азияда ұлттық қауіпсіздікке төнген жаңа қатерлер пайда болды» [1].

Орталық Азиядағы қауіп қатерлер мәселесін қарастыру барысында, аймақтағы үрдістердің жалпы әлемдік үрдістермен тығыз байланысының артып отырғанын ерекшелеуге болады. Қалыптасқан әлемдік тәртіптің өзгеруі халықаралық қатынастардың тез өзгеруімен, әлемнің көптеген аймақтарындағы шиеленістің өсуімен сипатталады. Атап айтқанда, жаһандану жағдайында мемлекеттердің өзара тәуелділігі артып келеді, әлемнің әртүрлі аймақтарының дамуындағы теңгерімсіздік күшейіп, экономикалық, азық-түлік, энергетикалық, экологиялық, ақпараттық және гуманитарлық қауіпсіздік саласында тікелей және ықтимал қиындықтар туындап отыр.

Әлемдік қауымдастыққа интеграцияланған Орталық Азия елдері де аталып өткен

қауіпсіздіктің қатерлерімен бетпе-бет келіп отыр.

Біріншіден, аймақтағы қауіпсіздік жүйесіндегі маңызды буын – бұл терроризм мәселесі. Солтүстік Африкадан Оңтүстік Азияға дейінгі ұлан ғайыр аумақтағы қайшылыққа толы процестерден пайда болған тұрақсыздық терроризмнің өсуін тудыруда. Терроризм ұшқыны өршіп отырған аймақтардағы экстремизм және радикализм экспансиясын дәстүрлі түрде және құралдармен тоқтатуға мүмкіндік жоқ екенін, аталған елдердің саяси тәжірибесінен аңғарамыз. Жетекші елдер тарапынан мәселені шешуге бағытталған қадамдар да қайшылықтарға толы болып отыр. Таяу Шығыс аймағы терроризм, экстремизм және есірткі тасымалдау жолдарының өзегіне айналды. Осы мәселелермен қатар жағдайды одан әрі ушықтырып отырған аймақтың қарулануға деген ұмтылысы, ішкі саяси тұрақсыздықтар, экономиканың құлдырауы және геосаяси бәсекелестік.

Екіншіден, Қазіргі таңдағы Таяу Шығыс аймағының қауіпсіздік мәселелеріне:

1. Суннит – шииттер арасындағы қайшылықтардың Иран және Сауд Арабия арасында жаңа қақтығыстар тудыру ықтималдығы.

2. Мұнай қорларына бағаның төмендеуіне байланысты, аймақтағы экономикалық тұрақсыздықтың орын алуы.

3. Аймақтағы АҚШ ықпалы

4. Ресейдің Сирия қақтығысына әскери қатысуы.

5. Қытайдың аймақтағы экономикалық экспансиясы мәселелері кіреді. Аталған мәселелердің Орталық Азия аймағына да проецияланып, аймақ қауіпсіздігіне тікелей қатер тудыру әлеуеті жоғары.

Таяу Шығыс және Парсы Шығанағы елдерінің исламдық күштерінің ықпалы арқылы аймақта жастарымыздың арасында исламдық радикализмнің күшейіп келе жатқандығы да елеулі мәселе. Жихадтық ұйымдарға тартылған жастардың үлесі де басым. Мәліметтер бойынша, Қазақстан Республикасының 800 азаматтары Сирия және Ирактағы соғысқа тартылған. Сирия және Ирак аумағындағы террористік ұйымдар құрамында 120 қазақстандық ер адамдар, 520 әйел адамдар және 500 кәмелетке толмаған жас балалар қамтылған [2]. 2019 жүргізілген «Жусан» гуманитарлық операциясының негізінде Сириядан 524 адам, оның ішінде 30 ер адамдар, 137 әйел адамдар, 357 жасөспірімдер елге жеткізілді [3].

Еліміздегі жастардың радикалды исламға бет бұруы – шешімін таппай отырған әлеуметтік факторлар және жұмыссыздықтан туындап отырған шынайы қатерлер қатарына кіреді. Бұл қатерлер, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында өткір мәселеге айналып отыр.

Сонымен қатар, Сириядағы азаматтық соғыс және Таяу Шығыс аймағындағы Сунниттер мен Шииттер арасындағы қақтығыстар мәселесі, Орталық Азия мұсылман халықтарының дінаралық қатынастары мен сезімдеріне ықпалын тигізуде. Сауд Арабиясы, Катар, Пәкістан, Мысыр елдерінен келген дін таратушылары және Парсы Шығанағының мұнай монархияларының қайырымдылық қорлары арқылы, сунниттер мен шииттер арасындағы қайшылықтар бойынша жалған мәліметтер де таратылатындығы айқын. Суннит әлеміне бірегейлігін сезінетін Орталық Азия мұсылмандары арасында аталмыш мәселе тұрғысындағы жалған ақпараттар интернет арқылы таратылуда.

Үшіншіден, 30 жылдан астам уақытқа созылған Ауғанстандағы соғыс Орталық Азиядағы саяси және экономикалық процестерге тікелей кері әсерін тигізетін және аймақтағы тұрақсыздандырушы факторлардың бірі болып табылады. Ауғанстан Ислам Республикасындағы тұрақсыздық Орталық Азияда ұласуы қауіпмен қатар, аймақтағы инвестициялық ахуалды нашарлатады және Үнді мұхитының порттарына шығатын көлік қатынасына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, халықаралық терроризм мен діни экстремизмнің Орталық Азия елдері аумағына енуіне тікелей әсер ететін Ауғанстандағы

әскери тұрақсыздық, аймақтың геосаяси жағдайына тікелей ықпал етіп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан халықаралық маңыздылығын арттырады.

Үшіншіден, су ресурстарын тиімді пайдаланудың шешілмеген проблемалары бұл мәселеде Орталық Азия елдерінің ортақ ұстанымдарының жоқтығынан және суды бірлесіп пайдалану саласындағы мемлекетаралық қатынастарды реттейтін халықаралық құқықты жекелеген мемлекеттерінің ескермеуінен туындаған аймақтық қауіпсіздіктің маңызды проблемалары болып табылады. Бұл проблеманың өзектілігі, ең алдымен аймақ халықтарының өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажет тұщы су тапшылығының үнемі артуымен байланысты. Бұл бойынша, Қазақстан-2050 стратегиясында: «Бұл проблеманың геосаяси астары да жоқ емес. Қазірдің өзінде біз трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалануда бірқатар мәселелермен бетпе-бет келдік. Аталған мәселенің күрделілігіне қарамастан, біз оны саясаттандыруға жол бермеуге тиіспіз», деп мемлекетіміз тарапынан аса назарда екендігін айқындайды[1].

Төртіншіден, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қатерлер мен қауіптердің артуы. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың серпінді дамуы және Интернет кеңістігінің ықпал ету аясының кеңеюі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігін арттырады. Бұл жағдайда ақпараттық қауіпсіздікті идеологиялық жағынан да, техникалық жағынан да қамтамасыз ету қажет.

Бесіншіден, жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарларының жалғасып жатқан кері әсері. Мемлекеттік қарыздың және республикалық бюджет тапшылығының шешілмеген мәселелері, өндірістің тоқырауы, әлемдік нарықтағы төмен сұраныстың сақталуы және әлеуметтік шиеленістің күшеюі протекционизмнің артуына алып келеді, Орталық Азия елдерінің серіктестерімен сауда-экономикалық байланыстарына кері ықпалын тигізеді және экономиканың басым секторларына инвестициялар ағынын шектейді. «Осыған байланысты біз халықаралық ахуал дамуының кез келген көрінісіне жан-жақты дайын болу үшін биліктің барлық тармақтарының, мемлекет пен қоғамның ойластырылған, келісілген және үйлестірілген бағытын тұжырымдауға тиіспіз»[2].

Жалпы, әлемдегі өзгерістер, шиеленістердің ушығуы, ҰҚШҰ, ШЫҰ және Еуразиялық одақ аясында екіжақты және көпжақты қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту, өзара түсіністік пен сенімді нығайту, сондай-ақ аймақта қолайлы жағдай туғызу мәселелерінің өзектілігін арттырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Тоқаев Валдай халықаралық пікірталас клубының XVI отырысында атап өткендей: «Біздің аймақтағы ортақ жұмысымыздың негізгі бағыты терроризм және экстремизммен, ұйымдасқан қылмыспен, заңсыз миграциямен, есірткі тасымалымен күрес болуы ықтимал. Ал адами капиталды дамыту, мемлекеттік басқарудың үздік үлгілерін енгізу, инновациялық мүмкіндіктерді жетілдіру, су ресурстарын тиімді әрі теңдей пайдалану – біздің жасампаздық жолындағы дамуымыздың басты бағдары болуы тиіс» [4].

Президент атап айтқандай, Орталық Азия және Еуразиялық кеңістіктегі қауіпсіздік мәселелері осы аумақтағы барлық мемлекеттерге ортақ. Яғни, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жұмыла кіріскен бірлік қажет, толыққанды интеграция керек. Осы тұрғыда, Еуразиялық Одақ қазіргі заманғы сын-қатерлер мен проблемаларды шешуді қоса алғанда, кең ауқымды мәселелерді шешетін алаңға айналуы керек.

Аймақтық қауіпсіздіктен келіп мемлекеттің қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Мемлекеттің қауіпсіздігі бұл ел дамуының әлеуетін, сондай-ақ қоғамның тұрақтылығы мен игілігін ұзақ тарихи мерзімге қамтамасыз ететін нәрсе. Мемлекеттік қауіпсіздікті сақтаудағы маңызды нәрсе бұл – ғаламдық деңгейдегі экономикалық, саяси және рухани дағдарыстар заманында, мемлекеттер арасындағы келісімнің болмауы, өркениет және дін аралық мәселелердің өзгеруі жағдайында әрбір Қазақстандық азаматтың жүрегінде менің елімде бейбіт өмір тұрақты болып, әлемдік деңгейдегі кикілжіңдерден сақтансақ екен

деген ой мазалайды деп ойлаймын. Өмір бойы «еліме тыныштық бере гөр» деп жаратқаннан сұрап келген ел ретінде отанды, елді, елдікті, тілімізді, дінімізді сақтау, ғаламданудың кері жақтарынан сақтану қазіргі таңдағы ең маңызды міндет.

Бұл жолда әрбір Қазақстан Республикасының азаматының көкейінде, қазіргі ғаламдану кезеңінің қауіп-қатерлерінен сақтанып, халқымыз болашақта «бейбіт өмір сүріп, жаңа серпіндер, жетістіктерге жете беруін» қандай жағдайда жүзеге асыруға болады деген маңызды мәселелер тұр. Сол үшін бізге жаңа қағидатқа негізделген, тұжырымдамалық – мазмұндағы және рухани жауапкершілікті жүктейтін жаңа өмірлік ұстанымдар қажет.

Бұл үшін – халық арасында әлеуметтік жұмыстар жүргізу, жастар арасындағы радикалдық экстремизм, ксенофобия және антисемитизм белгілеріне қарсы бағытталған республикалық бағдарлама, Кеңес беру жүйелерін дамыту және радикалды экстремизммен күрес бойынша топтарды құру» бағдарламасы, еңбекпен қамту, білім беру бойынша арнайы бағдарламалар қажет.

Сонымен қатар, мемлекеттің қауіпсіздігін сақтауда жастар саясатын жүргізу ықтималды болып табылады. Жастар саясатын құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық түрде мемлекет жүзеге асырып, мемлекеттік қаржыландыру тек республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінуі тиіс. Себебі қазіргі қалыптасып отырған халықаралық саяси жағдайлардың ерекшелігіне байланысты, жастар саясатын жүргізуде үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктердің, халықаралық ұйымдардың қаржыландыруы мен араласуына кеңінен жол ашу бірқатар қиындықтарды туғызуы мүмкін.

Қауіпсіздік пен ынтымақтастық тұғыры – экономика. Адамдарының тұрмыс ахуалы жоғары, экономикасы берік елдер ғана қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың тиімді деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады. Тұрғындарының тұрмысы төмен, халқы аш, жалаңаш болса, оларға қауіпсіздік және биік деңгейдегі ынтымақтастық туралы айтудың өзі артық. Өзек жалғайтын нан таба алмай жүрген адамдар мұндай құндылықтардың бар екенін де ұмытады. Сірәндіктен, индустрияландыру және экономикалық өсім арқылы халықтың әл ауқаты жақсарып, тұрмыс деңгейі көтеріледі. Ұлттық экономиканы терең реформалау стратегиялық инвесторларды тарту және өндірісті арттыру арқылы мемлекет басымдықтарға жетеді.

Заңның үстемдігін қамтамасыз ету арқылы сот жүйесі мен құқық қорғау органдарының тиімділігі мен ашықтығын жүзеге асырылады. Әділ сот жүйесі, халықты қорғауға бағытталған құқық қорғау жүйесі, әрбір республика азаматтарының бойында мемлекеті үшін мақтаныш сезімін ұдайтып, жаңа белестерге тартады. Бұл да мемлекеттің қауіпсіздігін жүзеге асырудың маңызды межесі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан. Электрондық ресурс // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
2. Токаев сообщил об эвакуации из Сирии более 200 казахстанцев // Электрондық ресурс <https://mnews.world/ru/tokaev-soobshhil-ob-evakuatsii-iz-sirii-bolee-200-kazahstantsev/>
3. ЖУСАН: Обзор и итоги гуманитарной операции. Электрондық ресурс // <https://kazislam.kz>
4. Қасым-Жомарт Тоқаев «Валдай» пікірталас клубының отырысына қатысты // Электрондық ресурс https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-valday-pikirtalas-klubynyn-otyrysyna-katysty_a3571967

Аннотация: Выступая на 5-м саммите СВМДА, Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев сказал, что угрозы безопасности, идеологические и этно-религиозные конфликты в

азиатском регионе вызывают особую обеспокоенность. Мы считаем, что в этом случае нам нужен системный и комплексный подход к решению ключевых проблем безопасности в Азии. Роль страны в мировой геополитике будет возрастать. Это определяет масштаб и актуальность вопросов безопасности в центрально-азиатском регионе.

В связи с этим в статье рассматриваются вопросы безопасности и основные угрозы для Центральной Азии. В статье анализируются терроризм, распространение радикального ислама среди молодежи, проблема питьевой воды, влияние конфликта в Афганистане на региональную безопасность, негативные последствия мирового экономического кризиса, информационная безопасность.

Ключевые слова: проблемы безопасности, угрозы, Центральная Азия, терроризм, информационная безопасность, геополитическая конкуренция, Республика Казахстан

Abstract: Speaking at the plenary session of the 5th summit-meeting on interaction and Confidence-Building Measures in Asia, Kasym-Zhomart Tokaev noted that, “in the Asian region, growing threats to security, ideological and ethno-religious contradictions are of particular concern. We believe that in these conditions we need systematic and integrated approaches to solving the key issues of Asian security”, and at a panel session of the 56th Munich Security Conference on the topic “Geography Matters: A Conversation on Central Asia”, speaking about the role of the region, Kassym-Jomart Tokayev expressed the opinion that its place in global geopolitics will only increase.

This determines the scale and relevance of the security problem in the Central Asian region. In this regard, the article considers security problems and the main threats to Central Asia. The article analyzes the problems of terrorism, the spread of radical Islam among young people, the problem of drinking water, the impact of the conflict in Afghanistan on the security of the region, the negative consequences of the global economic crisis, information security.

Keywords: Security Issues, Threats, Central Asia, Terrorism, Information Security, Geopolitical Competition, Republic of Kazakhstan

ЗАҢТАНУ- ЮРИСПРУДЕНЦИЯ - JURISPRUDENCE

ӨӘЖ 347

Бейсебаева С.Б.¹, Абдухаликова Н.А.²

¹заң ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ, beisebaevas@mail.ru

²магистрант SILKWAY халықаралық университеті, abdukhalikova.n@bk.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ ПРОКУРАТУРАНЫҢ ПРОКУРОРЛЫҚҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІ

Түйін. Мақалада Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі прокуратураның прокурорлық қадағалау қызметі қарастырылған.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдардың орындалуына прокурорлық қадағалауды жетілдіру мәселелерін зерделеудің өзекті қажеттілігі зор. Осы құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігінің өте жоғары деңгейімен есептесек, оның алдын алу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына прокурорлық қадағалаудың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін жүйелі түрде жетілдіру қажеттілігі көрініп тұр. Өйткені, ұйымдастырудың маңызды мәселелерінің бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларын және оны жою бойынша шаралардың орындалуын бақылау, сыбайлас жемқорлық қарсы заңдар әрекеттерінің орындалуына прокурорлық қадағалауды рөлі мен орны туралы зерттеу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдардың орындалуын прокурорлық қадағалаудың басымдықтарын айқындаудың негізі прокурорлық қызметтің басқа бағыттарының, ең алдымен, прокуратура органдарының заңдылықты, тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру нәтижелері болып табылады. Дәл осы үйлестіруді жүзеге асыруда барлық құқық қорғау органдарының бір уақытта өзара әрекеттесуі жүзеге асырылады, оның барысында прокурорлық қадағалаусыз анықталуға және жоюға болмайтын сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтарды анықтау және жою үшін прокурорлық қадағалау тетіктерін қолдану факторлары, себептері мен негіздері айқын көрінеді.

Кілттік сөздер: прокуратура органдары, сыбайлас жемқорлық, мемлекет, құқық бұзушылықтар, басымдық, прокурорлық қадағалау, заңдылық, құқықтық тәртіп, қылмысқа қарсы күрес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.

Кіріспе

Бүгінгі таңда прокуратура органдарының мемлекеттегі қылмысқа қарсы күрес жөніндегі үйлестіруші рөлі ерекше.

Қазақстан Республикасында құқыққорғау органдары түрлі заңнамаға сәйкес қызметтер атқарады.

Қоғамдағы болып жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар прокуратура органдарға да әсерін тигізбей қойған жоқ.

Қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғай отырып, оның жұмыс істеуінде ерекшелік кездеседі.

Прокуратура органдарындағы қызметтерді көрсете отырып, ондағы қызметкерлерді, яғни оларды тағайындау тетігінің орны мен рөлі едәуір дәрежеде екенін көруге болады.

Қазақстан Республикасы Конституциясы адам құқықтары мен бостандықтары әркімге туғанынан тиесілі деп танылады, және бұл абсолютті, олар ешқашан алынбайды, бұл заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайды деп танылады [1].

Республика аумағындағы прокуратура органдары сол жерде бекітілген. Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады [2] (83-бап).

Бұл конституциялық ережелер, біздің еліміздің мемлекеттік жүйесіндегі прокуратура органдарының ерекше қадағалау рөлін көрсетті.

Тиісінше, мемлекеттік қызмет түрінің дербес нысаны ретінде прокурорлық қадағалауға, кең ауқымды мәртебе беріледі.

Теориялық талдау

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығында прокуратура органдарының қызметін қайта құруға бағытталған іс шаралар көрсетілген болатын.

Яғни, «соттың қамауға алуға санкция беруі енгізілді, прокуратура мен соттың тергеу жүргізу мүмкіндігіне конституциялық тыйым алып тасталды[3].

Жүргізілген реформа осылайша мемлекет пен қоғам институттарын одан әрі демократияландыруға бағытталған. Конституцияда танылған осы жүйелі шешімдердің барлығы Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасында одан әрі іске асуға тиіс.

Конституциялық Кеңестің тиісті қаулысымен мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау өкілеттіктерінің арақатынасы туралы мәселе шешілді. Бұл ретте, біздің елде мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде оларға бақылау және қадағалау өкілеттіктерін беруде конституциялық шектеулер жоқтығы расталды. Яғни, қадағалау өкілеттігі прокуратурадан басқа, өзге де мемлекеттік органдарға жүктелуі мүмкін.

Осылайша, прокурорлық қадағалаумен қатар атқарушы биліктің уәкілетті лауазымды тұлғаларының заңда көзделген әкімшілік мәжбүрлеу шаралары жағдайларын қолдана отырып, бағынышты емес субъектілерге - азаматтар мен ұйымдарға қатысты жүзеге асыратын, әкімшілік заңнамамен реттелетін қызмет салаларындағы заңдылықты сақтауды қамтамасыз ету мақсатындағы әкімшілік қадағалаудың болуын көрсетті, ол заңдылық.

«Жаңа жағдайларға, ең бастысы, адам құқығы болып табылатын заң шығару жүйесінде тиімді жұмыс істей білуге бейімделу бірінші кезекте еліміздің құқық қорғау

жүйесінің ұйытқысы болып табылатын прокуратура қызметін жетілдіруді талап етеді» деп атап өтілді [4].

Прокуратураға қатысты Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамада көрсетілген міндеттердің барлығы іске асырылды.

Ендігі прокурорлық қадағалау қызметінің басты міндеті ретіндегі адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жәнесонғы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы прокуратура органдарының қызметі жұмыстың ерекше өзектілігі мәселелерін көрсетеді.

Сондай ақ, қадағалау заңнамасының сақталуына ие болады.

Мәселен, 2016 Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің статистикалық деректерге сәйкес мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша фактілер тіркелді.

Тарихы бар, кез келген мемлекеттің ерекше және күрделі әлеуметтік-экономикалық құрылысы бар. Бұл құбылыс, барлық кезеңдерінде қоғамның саяси және құқықтық сала жағына әсер етпей қоймайған жоқ. Оны қазіргі таңдығы қоғамдағы болып жатқан өзгерістер көрсетіп отыр. Соған қатысты прокуратура қызметі де заңға сүйеніп, өзінің мызғымастығын білдіреді.

«Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды. Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет»[5].

Қазақстан Республикасы үшін прокурорлық қадағалау қызметінің жоғарылығы, бұл тек мемлекеттік ұйымдастырылған қоғамдарда ғана байқалады. Қоғамның даму жоғары болған сайын, бұл жемқорлық қылмысының жоқтығымен байланысты болады. Бұл тұтас ауқыммен және нысандарға бөлінумен бірге жүреді.

Қазіргі кезде прокуратура органдары өз қызметін Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы заңы (2017 жыл 2 маусым 81-ҮІ), Қазақстан Республикасының прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы (2018 жыл 2 мамыр Бас Прокурордың № 60 бұйрығы) осы заңдар негізінде жүзеге асырылуда.

Қоғамдығы қылмыстардың қауіптілік дәрежесі жоғары болуына байланысты, прокурорлық қадағалау заңдардың орындалуына өте зәру. Қоғамдағы ауыр қылмыстардың бірі - сыбайлас жемқорлық. Міне, осыған байланысты қажетті прокурорлық қадағалау проблемалары зерттелуде, сондай-ақ, осы сыбайлас жемқорлық құбылысын құқық бұзушылық ретінде, Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы жетілдіру қажеттілігінің ұйымдық-құқықтық негіздерін жүйелі жасалынып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын ұйымдастыру және олардың орындалуына мониторинг жүргізу заңнамасының сақталуына прокурорлық қадағалауды жақсарту, мәні бар мәселелерді бірі, өйткені оны жою және алдын алу күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып қала береді.

Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл айтарлықтай назар аударылуда.

Қазіргі кезеңде Республикасында прокурорлық қадағалау жұмыстары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мемлекеттік саясатын іске асыру болып табылады.

Қазіргі Республикада сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, мемлекетаралық қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы институттары, прокурорлық қадағалау заңдарының орындалуын бағалау мен жетілдіру үшін маңызды мәні бойынша тәжірибе.

Прокуратураның негізгі функциясы ретінде оның қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру қажет.

Прокуратураның заңдылықты қорғаудағы прокурорлық қадағалау қызметінің конституциялық-құқықтық қызметі ерекше.

Алдағы уақытта прокуратура органдары қызметінің іс жүргізу негіздерін жетілдіруді қажет етеді. Осы жұмыс аясында, сотқа дейінгі іс жүргізудегі прокурордың рөлі мен жауапкершілігін, прокуратура жүзеге асыратын қылмыстық қудалау функциясының құрамдас бөлігі ретінде, прокуратура органдарының қоғамға елеулі қауіп пен қиындық тудыратын қылмыстар туралы қылмыстық істерді тексеруі арқылы арттыру қажет.

Прокуратура органдарының құқыққорғау қызметіне қатысты үйлестіру функциясының, оның ішінде осы функцияны тиісті құқықтық регламенттеу арқылы оның тиімділігін одан әрі арттыру керек деп көрсетілген міндеттер бүгінгі таңда толығымен іске асырылып, прокуратура қызметінің өзіндік қызмет атқару ерекшелігін туындатады.

Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, адамның және азаматтың қазақстандық заңнамада сақталуын қадағалау прокурорлық қызметтің негізгі және басты түрлерін ретінде ұсынылады.

Бұл табиғи, жалпы адамдық, адамгершілік, адами құқықтарының бар екендігін түсіндіреді: өмір сүру, туу, жеке бас бостандығы, білім алу, отбасын құру және т. б. мұның барлығын мемлекет бермейді, әрбір адамға ол туған кезден бастап тиесілі.

Осы себепті, конституцияда, олар абсолютті және ажыратылмай деп таниды, Қазақстан Республикасында заңдардың әзірленуі және қабылдануы осы ережелерге сәйкес болуы керек.

Тиісінше алдын-ала тергеу және анықтауда заңдылықтың сақталуын прокурорлық қадағалау және соттағы прокурордың рөлі, қылмыстық процеске қатысушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында болып табылады. Біздің елімізде прокурорлық қадағалау қылмыстық процестің бөлінбес және құрамдас бөлігі болып табылады.

Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына прокурорлық қадағалаудағы ұғымдарды анықтау болып табылады.

«Прокурор» сөзіне келетін болсақ, ол латын тілінен алынған, «procurator (procuro)» - қамқорлықты білдіретін, жасаймын, сондай ақ, қамқор болатын немесе «басқарамын» деген ұғымды айтамыз [6].

Прокуратура қызметінің мазмұнын анықтауда және осы әдістерді және жалпы сондай-ақ тәсілдерін жүзеге асыруда, қылмыстық сот ісін қатысты атап айтқанда, бастапқы нүкте деп анықтау үшін қажет.

С.И. Ожегов сөздігінде «бақылау» термині «қарау, тексеру» ретінде анықталады [7].

«Қадағалауды» құқықтық түсіну – бұл құқық бұзушылықтың алдын алу, оған ұсынылған барлық заңды өкілетті құқығын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасындағы заңдарды дұрыс және біркелкі қолдану мақсатындағы прокурордың мақсатты қызметі.

Прокурорлық қызметтің бұл екі негізін қалаушы, құқықтық ғылым прокурорлық қадағалау пәні мен объектісі ретінде айқындалады.

Осыған, яғни заңдылықты қамтамасыз ету туралы мәселені шеше отырып, оның шындық екеніне сүйенуіміз керек.

«Пән» және «объект» дегенмен ұғымдар шартты сипатқа ие болса да, оның барлығы прокурормен жүзеге асырылатын прокурорлық қадағалау және оның шегінің құқықтық бастауларын жақсы түсінуге, осының барлығы мүмкіндік береді.

Прокурорлық қадағалау объектісі және пәніне нұсқау ҚР Конституциясы, ҚР прокуратура туралы және басқа да заңнамалық актілерде ұсталады, кімге қатысты қадағалауды жүзеге асыратындығына байланысты және бұзушылыққа байланысты қалай әрекет жасау керектігіне қатысты, прокурор оны анықтап, өз қызметінде осыны

басшылыққа алуға тиіс. Прокурор, оның ішінде ненің тиісті екенін көруіне болады, сол да заңнамада анықталған.

Кез келген қызмет, бағалау сипатына ие, әсіресе оны қадағалаушы айқындайды, сонымен қатар, прокурор өзінің қадағалау (қадағалау заты) шегінде нормативтік құқықтық актілеріндегі оның өлшемдерін негізге ала отырып, өз өкілеттігі шегінде орындайды және жүзеге асырады. Бірақ, бұл прокурорлық қадағалау нысанасы және объекті туралы мәселе жеткіліксіз әзірленген, толық емес.

Соған сәйкес В.В. Гавршованың салыстырмалы, бір біріне қою арқылы жасалынған талдауында, прокурорлық қадағалау пәні мен мазмұнын анықтау туралы шамамен отыз түрлі пайымдаулар айтылған және қадағалаудың шамамен жиырма - объект туралы жүргізілген. Ондағы айырмашылықтар туралы ауызша әңгіме емес, түбегейлі қарама-қайшылықтарға туралы болып отыр [8].

Прокурорлық қадағалау объектісін әртүрлі көптеген анықтамалардан көруге болатыны, прокурорлық қадағалау құқық нормаларымен, заңмен реттелетін бірыңғай қызмет екендігі туралы бөліп көрсетуге болады.

Яғни, прокурорлық қадағалау объектісі прокурорлық қадағалау шектері қолданылатын субъектілері емес, олардың заңды қызметі.

Мысалы, прокурор қадағалауды жедел-іздістіру қызметіне, анықтауды және оның салдары бар түрімен, органдарының қызметін анықтау және алдын ала тергеуде жүзеге асырады. Осы қызметті жүзеге асыру кезінде прокурор заңдар немесе өзге де заңнамалық актілер қаншалықты дұрыс қолданылған белгілейді.

Прокурорлық қадағалау субъектілердің қызметтерімен айналыспайтындығы прокурормен, прокурорлық қадағалау объектісінің басқа да элементтерімен заңдылықты сақтау тұрғысынан талданады [9].

Мысалы, прокурор тергеушінің уақытылы іс жүргізу іс-әрекеттерін дер кезінде жүргізуді тексереді.

Алайда прокурорлық қадағалау объектісі адам болуы мүмкін емес: «объект- бұл адам емес, ол адамның әсер етуі ... Объект - бұл табиғат, адам қызметімен байланысқа енген қарым қатынасы [10].

Осылайша, прокурорлық қадағалау объектісі заңнамалық актің белгілі бір шеңберімен мінез-құлықты (қызмет, жұмыссыздық, олардың нәтижелері, салдары) субъектінің қадағалауы болып табылады.

Прокурорлық қадағалау, прокурорлық қадағалау шектері объектісімен тығыз түрде байланысады, алайда прокурорлық қадағалау шегі қадағалаушы прокурордың құзыретінен айқындайды, яғни белгілі бір шектен прокурор шығуға құқылы емес немесе жою субъектісінің қадағалауын белгілейді.

Мысалы, прокурор белгілі бір кезеңге дейін, яғни заң бұзылмағанға дейін бақылаушы қызметін атқарады, болып жатқан әрекеттерген байланысты бұзушылықты болдырмау үшін өзінің өкілеттігі шегінде белсенділік танытады.

Қылмыстық іс бойынша тергеушінің жеке жүргізуіндегі тергеу және алдын ала тергеуді прокурордың тоқтата тұруы, кей жағдайда оны алып тастауы, қылмыстық іс бойынша тергеу іс-әрекетін немесе өзге іс жүргізу шешіміне дейін қылмыстық істі тоқтатуға немесе шеттетуге құқығы жоқ.

Прокуратура кез келген заңды бұзушылықты анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады.

Қазақстан Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін қорғайды, заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Прокуратураның мақсаты мен оның басты міндеті – заңдылықты қамтамасыз ету, ол қоғам өмірінің барлық басты салалары бойынша прокурорлық қадағалауды іске асыру

нысандарының әралуандығы арқылы жүзеге асырылады.

Прокуратураның маңызды белгісі – жаппай сипаттағы, адамдардың көпшілігінің құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің заңды мүдделеріне әсер ететін заң бұзушылықтарына тосқауыл қою қабілеті.

Тәжірибелік бөлім

Прокуратура статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

Сол атқарылған маңызды жұмыстардың бірі кезінде саяси қуғын-сүргін көріп, жазықсыз жапа шеккендерді ақтау шарасы болды.

«Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы қабылданған сәттен, яғни 1993 жылғы 14 сәуірден бастап 2000 жылдың қаңтарына дейінгі аралықта республика бойынша прокуратура органдары 31666 адамға қатысты 20524 архивтік қылмыстық іс қарап, соның нәтижесінде 25924 адам ақталды. 240004 арнайы жер аударылғандарға байланысты материалдар қаралып, оның 204389-ы ақталды.

Республика тәуелсіздік алғаннан бергі сәттен бастап прокуратура органдары мемлекеттің қалыптасуындағы, демократиялық үрдістердің дамуындағы, заңдылық пен құқық тәртібін бекіте түсуде үлкен жұмыстар атқаруда.

Заман талабына сай прокуратура органдары құрылымы да жаңарып, жұмыс аясы кеңеюде.

Прокурор қадағалауды жүзеге асыруда, біздің еліміздің ҚР Конституциясы, заңдары, ҚР Президенті және ҚР Парламенті қабылдаған басқа да заң актілерін басшылыққа алынуға тиіс.

Барлық аталған нормативтік актілер және прокурорлық қадағалау пәннің мәні, прокурорлық қадағалаусыз пәнсіз болады.

Басқаша айтқанда, прокурор белгілі сәтке дейін қызметін атқаруда пассивті позициясын ұстанады, ол бақылаушы ретінде заңдылық бұзылған жағдайда, бірақ бақылаушы болып жатқан прокурор, өз өкілеттігі шегінде тиісті белсенділік танытып, алдын алу мақсатында, құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізеді.

«Қадағалау» ұғымын заң шығарушы прокуратура органдары мен соттарға ғана қатысты қолданады.

ҚР Конституциясында атап өтілгендей, прокуратура органдары «жоғары қадағалауды» жүзеге асырады және тек, оған осындай басшылық құқығы беріліп отыр.

Прокуратура органдарының жоғарғы қадағалау туралы мәселесі ғылыми, сондай-ақ заңнамалық тұрғыда даулы болып табылады.

Өз кезегінде «жоғары қадағалау» ұғымы «қадағалау» ұғымына ауыстырылды. Бұл «жоғары қадағалау» ұғымын «қадағалау» ұғымына ауыстырылғаны туралы даурықпа сөзді, соңғы КСРО Конституциясы және «КСРО-ның прокуратура» туралы КСРО Заңында жазылды, өз кезегінде, ол 1993 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясынан көшіріп алынды.

Кейіннен 1995 жылғы ҚР Конституциясы 3-тармағында 83-бабында прокуратура органдары жоғары қадағалауды іске асырушы орган екендігі қалпына келтірілді. Осы жағдайды жаңадан қабылданған 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «ҚР прокуратурасы туралы» конституциялық заңға сәйкес қалпына келтіріліп, жүзеге асырылды.

Осы мәселе бойынша Ғ.С. Сапарғалиев өз пікірін білдірді. Прокуратураның «жоғары қадағалау» түсінігі туралы жан-жақты зерттеу қажет дейді [11].

Прокуратура қызметін кең түсіндіруге қатысты, мемлекет қандай органдары болмасын, қандай нормативтік құқықтық актілерді пайдаланып, қадағалауды (бақылауды) іске асырғанымен, «соңғы» сөз прокуратуранікі болып қалады [12].

Сонымен, бүкіл прокуратура қызметінің және прокурорлық қадағалаудың барлық қалған түрлерін жүзеге асыру кезінде адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары негізі және міндетті сипатқа ие болып табылады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы қызмет түрлерін анықтайтын болсақ, олар мыналар:

1) Конституцияға, заң актілеріне және Республика Президенті актілеріне қатысты бұзушылықтарды анықтау және жою шараларын қабылдау;

2) әкімшілік және атқарушылық іс жүргізу, жедел-іздігі қызметінің, анықтау мен тергеудің жүзеге асыру заңдылығын қадағалауды іске асыру;

3) сотта мемлекет мүдделерін қорғау;

4) Конституцияға және мемлекет заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық келтіру;

5) заңмен белгіленген тәртіппен және өз шегінде қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру;

6) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру, статистикалық көрсеткіштердің объективтілігін және қолжетімділік тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру. Прокуратура қызметінің негізгі бағыттары орнатылды [13].

Нәтижелер мен талқылау

1. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы прокурорлық қадағалау заңдарының орындалуы қамтамасыз етіледі, мемлекеттік қызметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын тиімді құқықтық құралымен іске асыруда, прокурорлық қадағалау басым бағыт болып келеді.

2. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуында прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыруда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру үшін айқындайтын нормалардың жетілмеуіне байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тежелді. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте прокурорлық қадағалауды күшейту.

Қорытынды

Прокурорлық қадағалау қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларымен жұмыс істеп, аталған органдармен дұрыс қолдану, анықтау және тергеу, сақтау сияқты органдардың тергеу және анықтау қызметіндегі заңдылығын тексеруді көздейді, онда өз кезегінде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың қылмыстық-процестік құқықтары мен міндеттерін бекіткен қорғау құқығы (жеке басының бостандығы, адамның қадір қасиетіне қол сұқпаушылық, жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығы, жеке және отбасылық құпияны қорғауды, өз ар-намысы мен қадір-қасиетін, құпиясына, жеке салымдары мен жинақ ақша, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф және өзге де хабарлардың, тұрғын үйге қол сұқпаушылық және т. б.) жұмыс істейді.

ҚР Конституциясы мен ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген жағдайларда және тек құзыретті органдары орындау кезінде арнайы рәсімдерде ғана олардың мүмкіндігін шектеуге рұқсат етіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз (83-бап).
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы
4. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы.

5. Назарбаев Н. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы 2018 жыл 10 қаңтар
6. Басков В.И. Прокурорский надзор. Учебник. Москва, Бек, 1996. С.60
7. Ожегов С.И. Большая российская энциклопедия. Том 23. Москва, 2013. С.688
8. Гавршов В. В. Сущность прокурорского надзора в СССР. Саратов, 1984. С. 4.
9. Чеканов В.Я. Прокурорский надзор в уголовном судопроизводстве. Саратов. 1972. С. 79.
10. Чеканов В.Я. Вопросы теории уголовно-процессуальной деятельности прокурора: Автореф. дис....док. юрид. наук. Москва, 1973. С. 17
11. Сапарғалиев Г.С. Место и роль прокуратуры в механизме государства Казахстан // Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. с. 244
12. Басков В.И. Прокурорский надзор. Учебник. Москва, Бек, 1996. С.60
13. Сапарғалиев Г.С. Место и роль прокуратуры в механизме государства Казахстан. Алматы, 2007. С. 241

Аннотация: Насущная потребность изучения проблем совершенствования прокурорского надзора за исполнением законов о противодействии коррупции в Республике Казахстан обусловлена как чрезвычайно высокой степенью общественной опасности данного правонарушения, так и необходимостью системного улучшения организационно-правовых основ прокурорского надзора за исполнением законодательства о противодействии коррупции, ведь одним из значимых вопросов организации противодействия коррупции и мониторинга исполнения мер по ее устранению был и остается вопрос о роли и месте прокурорского надзора за исполнением законов о противодействии коррупционным деяниям.

Основой для определения приоритетов прокурорского надзора за исполнением законов о противодействии коррупции служат результаты иных направлений прокурорской деятельности, в первую очередь и главным образом, результаты координационной деятельности органов прокуратуры по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью. Именно при осуществлении данной координации все правоохранительные органы оказываются одновременно вовлеченными во взаимодействие, в процессе которого наиболее четко проявляются факторы, поводы и основания для применения механизмов прокурорского надзора с целью выявления и устранения коррупционных правонарушений, которые невозможно выявить и устранить без прокурорско-надзорного вмешательства.

Ключевые слова: органы прокуратуры, коррупция, государство, правонарушения, приоритет, прокурорский надзор, законности, правопорядка, борьба с преступностью, противодействие коррупции.

Abstract: The article considers the prosecutor's oversight service of the Prosecutor's Office in the fight against corruption in the Republic of Kazakhstan.

There is an urgent need to study the issues of improving prosecutorial oversight of the implementation of anti-corruption laws in the Republic of Kazakhstan. Given the very high level of public danger of this offense, it is necessary to systematically improve the organizational and legal framework for prosecutorial oversight of the implementation of anti-corruption legislation to prevent it. After all, one of the most important issues of the organization is to monitor the implementation of anti-corruption legislation and measures to eliminate it, to study the role and place of prosecutorial oversight of the implementation of anti-corruption legislation.

The basis for determining the priorities of prosecutorial oversight of the implementation of anti-corruption laws is the results of coordination of other areas of prosecutorial activity, in particular, the prosecutor's office to ensure law and order and the fight against crime. It is in this coordination that all law enforcement agencies interact at the same time, which clearly reveals the factors, causes and grounds for the use of prosecutorial oversight mechanisms to identify and eliminate corruption offenses that cannot be identified and eliminated without prosecutorial oversight.

Keywords: prosecution authorities, corruption, state, offenses, priority, prosecutorial supervision, legality, law and order, crime control, anti-corruption.

ӨӘЖ 347

Бейсебаева С.Б.¹, Абдухаликова Н.А.² Жуманова К.Т.³

¹заң ғ.к., доценті М.Әуезов атындағы ОҚМУ, beisebaevas@mail.ru

²магистрант SILKWAY халықаралық университеті, abdukhalikova.n@bk.ru

³құқық магистрі, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 87056887832@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Түйін: Мақалада Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы прокурорлық қадағалау нысандары мен әдістері қарастырылған.

Қазақстан Республикасындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар прокуратура органдарының мемлекеттік механизмдегі рөлі мен орнын, оларды тағайындау және жұмыс істеуін, құқық қорғау органдарының қылмысқа қарсы күрестегі рөлдерін үйлестіру туралы мәселелерге көп көңіл бөлді. Соңғы жылдары прокуратура органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнаманың орындалуын қадағалау мәселелері ерекше өзекті болып отыр.

Бұл сыбайлас жемқорлық дегеніміз - кез-келген мемлекет тарихының барлық кезеңдерінде, кез-келген ұйымдасқан қоғамда кездеседі. Оның тек көрініс ауқымы мен формалары ғана ерекшеленеді. Бұл құбылыстан Қазақстан Республикасы да тысқары қалып қоймайды. Ол күрделі саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық құбылыс екендігі даусыз.

Кілттік сөздер: заң, прокуратура органдары, сыбайлас жемқорлық, нормативтік құқықтық актілер, прокурорлық қадағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.

Кіріспе

Прокуратура қызметінің құқықтық негізі, прокуратура органдарының құқықтық актілері туралы айта отырып, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауды талдай отырып, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуы, белгілі бір осы бағыттағы оң өзгерістерге, барлық салалардағы заңдылықты қадағалауды атап айтуға болады.

Прокурорлық қадағалау – Қазақстан мемлекеттілігінің маңызды институттарының бірі. Әрбір мемлекет заңның қолданылуын қамтамасыз ететін, кепілдіктер жүйесін құрайды. Соның бірі, және ең маңыздысы заңды нақты және біркелкі қолданылуын қамтамасыз ететін прокурорлық қадағалау болып табылады [1].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы 2015 жыл 18 қарашадағы заң негізінде іске асырылады.

Егер заң актілерінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі мәселесі бойынша, біраз уақыт бұрын болған болса, онда бүгінгі таңда қалыптасқан дәйекті түрде іске асырылуда, ол прокуратура сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың жүйесі туралы айтуға болады. Бұдан басқа, прокуратура сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуын қамтамасыз ететін міндетті мемлекеттік және құқық қорғау органдары туралы ғана емес, сондай ақ, шаруашылық жүргізуші субъектілер ережелерінің сақталуын қадағалауды жүзеге асырады.

Теориялық талдау

Бәрінен бұрын, мемлекет Басшысы Н.А. Назарбаевтың «Қазақстан Стратегиясы – 2050» «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытын көрсетеді (2014 жыл 14 желтоқсан).

«Государство и общество должны единым фронтом выступить против коррупции. Коррупция – не просто правонарушение. Она подрывает веру в эффективность государства и является прямой угрозой национальной безопасности» [2].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өз қызметінде халықаралық құқықтың нормаларын басшылыққа ала отырып, олар қазақстандық заңнамасына сәйкес нормативтік актілерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, сондай-ақ прокуратура, ҚР Бас прокуратурасының актілерін негізге алады.

Прокурорлық бақылау Қазақстан Республикасы Прокуратура қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқықтық реттеуде атқарушы билік органдары қабылдаған, нормативтік құқықтық актілер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді негізге алады.

Қазіргі уақытта осы ғылыми-практикалық міндеттерді шешетін жоғары оқу орындарында бюджеттеуге неғұрлым маңызды тәсілдер берілген параметрлер бойынша жедел бюджеттеу және бюджеттеу болып табылатыны көрсетілген.

Аннотация: В данной статье модель функционально-стратегического бюджетирования, ориентированного на результат, рассматривается как базовый элемент системы управленческого учета вуза, основанный на процессном и устойчивом стратегическом подходах к управлению.

Это позволяет рассматривать университет как систему бизнес-процессов и проектировать его стратегические цели на уровне оперативно-тактического управления, предусматривающего контроль за достижением поставленных целей, координацию финансовых и нефинансовых параметров развития, эффективную оценку эффективности деятельности. В статье сравниваются такие термины, как «смета» и «бюджет».

Практическое применение бюджетирования, ориентированного на результат, носит избирательный характер в отдельных университетах и остается слабой точкой управления в большинстве университетов, что означает плохие решения и устаревшее, ограниченное, консервативное мышление менеджеров.

Показано, что в настоящее время наиболее важными подходами к бюджетированию в вузах, решающими эти научно-практические задачи, являются оперативное бюджетирование и бюджетирование по заданным параметрам.

ӘОЖ 657.1(075.9)

Есімов Е.Қ., Карабалаева А.Д., Ермаханов Н.Қ.

т.ғ.к., аға оқытушы, М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
а.ш.ғ.к., аға оқытушы, М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ОҢТҮСТІК АЙМАҚТА МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОРНАЛАСТЫРУ МЕН ДАМУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

Түйін: Мақта өндірісі - Орталық Азиядағы ең гүлденген ауылшаруашылық салаларының бірі. Қазақстан Республикасына келетін болсақ, тарихи аймақтар оңтүстік аймақта мақта мәдениеті екі мың жылдан астам уақыттан бері дами бастағандығын айтады. Самарқан аймағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған мақта тұқымдары біздің дәуіріміздің 720 жыл бұрын мақта өсірумен айналысқанын көрсетеді. Бастапқы кезеңде мақта өнімдерін негізінен шаруалар өз қажеттіліктерін қанағаттандыру және жергілікті нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өндірді. Әлсіз өркендеу немесе халықаралық сауда қатынастарының өте төмен дамуы мақта өнімдеріне қойылатын талаптарды шектейді.

Республиканың оңтүстік бөлігінде мақта өндірісінің дамуының екі себебі бар: біріншісі объективті, екіншісі субъективті.

Табиғи климат пен қолайлы топырақ климатына байланысты республиканың оңтүстігінде мақта өндірісінің өсуінің объективті себебі.

Орта Азия республикаларында, оның ішінде Қазақстанда мақта саласының негізгі себептерінің қатарына мыналар жатады: біріншіден, өте жоғары қарқынмен өсу, екіншіден, әлемдік мақта нарығындағы өзгерістер.

Кілттік сөздер: мақта, өндіріс, салалар, ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, Орталық, Азия, Республика, Қазақстан, өсу, ауыл шаруашылығы, саясат, тәуелсіздік, өнімдер, экономикалық, мемлекет.

Мақта өндіріс Орталық Азия мемлекеттерінде ауыл шаруашылығының ең өркендеген саласына жатады. Қазақстан Республикасын алатын болсақ, оңтүстік өңірінде мақта дақылы бұдан екі мың жылдан артығырақ уақыт шамасында өсіріле бастағаның тарихи деректер растайды. Самарқан маңайында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған қоза тұқымдары біздің эрамыздың 720 жыл бұрын мақташылықпен шұғылданғандығын анықтайды. Бастапқы кезеңде мақта өнімдері негізінен дихан шаруалар өз қажеттіліктеріне және жергілікті базар талаптарын қанағаттандыру мақсаттарында өндірілген. халықаралық сауда қатынастарының нашар өркен дегендігі немесе өте төмен дәрежеде дамығандығы мақта өніміне деген талапты шектеді.

Республикамыздың оңтүстік өңірінде мақта шаруашылығының дамуының негізінен екі себебі бар: біріншісі объективтік, екіншісі субъективтік себеп.

Мақта шаруашылығының республикамыздың оңтүстік өңірінде өркендеуінің объективтік себебі, табиғи климат және жер үстінің қолайлылығына байланысты. Аумақтық оңтүстік батыс, оңтүстік бөлігі Тұран ойпатының жазықтарында орналасқан. Атап айтқанда, аймақтың климаты, ауа – райының өзіне тән белгілері: құрғақ ауа, ыстық пен күн сәулесінің жетістіктілігі, ұзаққа созылатын күз, суғару үшін қажетті су көздерінің жеткілікті және орналасуымен ерекшеленеді. Түркістан облысының, әсіресе оның оңтүстік өңірінің климат жағдайы мамыр және қазан айлары аралығында (өсімдік шаруашылығы өнім түрлерінің, соның ішінде мақта өсімділігінің өсу кезеңі) күн көзінің өткірлігі мен ыстық күндердің жалғасуы жөнінде көршілес Өзбекстанмен тең, ал Орта жер теңізі айналасындағы мемлекеттердің бірқатарына қарағанда бұдан да жоғары көрсеткіштерге ие.

Еліміздің оңтүстік аумағында мақта шаруашылығы дамуының субъективтік себептері де бар.

Мұндай құбылыстың басты себебі – Түркістан өлкесінің Ресей империясының құрамына кірумен байланысты. Ресей мемлекетінің Түркістан өлкесінбасып және оны өзінің құрамына күшпен кіргізуі экономикалық мақсаттары, яғни мақта талшығын өндіретін аймаққа ие болу қажеттілігімен айқындалады. Мәселен, XIX ғасырдың аяқ шетінде – ақ облыстың оңтүстігінде (Мақтарал, Жетісай, Қызылқұл аудандарының аумағында) негізінен ішкі қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында мақта егістігінің жалпы көлемі 10 мың гектарға, ал одан алынған өнім 15 – 20 мың тоннаға жетті (Сол кезде Өзбекстанда мақта 40 мың гектар жерге егіліп, 30 – 40 мың тонна өнім өндірілген).

Орта Азия республикаларында, соның ішінде Қазақстанда мақта шаруашылығының дамуындағы басты себептердің қатарына мына төмендегілерді жатқыздыруға болады: біріншіден, өте жоғары қарқынмен өсуі, екіншіден, әлем мақта конъюнктурасындағы өзгерістер. АҚШ – ның мақта ұсынысы елдегі азамат соғысының кесірінен бірде төмендеп, бірде күрт көтеріліпкетті. Мәселен, Ливерпуль биржасының сатып алған мақта тапшылығының жалпы көлемінің негізгі бөлігін, яғни 80% -тен көбін Америкадан әкелінген өнім құраған. Америка мақта талшығы экспортының тым төмендеуі, өнімнің бір фунтының (бір фунт 0,454 кг-ға тең) бағасының 1860-1864 жылдары 8 центке дейін, немесе төрт есеге жуық қымбаттауына алып келді. Осы кезде 1 тонна мақта талшығының бағасы 751,9 доллардан 1414,7 долларға дейін, немесе 1,9 есеге көтерілді.

Болды. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Ресей үкіметі үшін қолайлы құбылыс қалыптасты: ол Каспий теңізінің жағалауын игеруден басқа Орынбор – Ташкент (1905 ж.) және Ферғана (1912 ж.) темір жолдарының іске қосылуы. Ресей өнеркәсіп орталықтарының Түркістанмен тікелей мақта шаруашылығына байланысты болуы, мақта өнімдерін әрі арзан бағамен, әрі көп көлемде тасып әкетулеріне бірден – бір қолайлы мүмкіндіктер туғызды.

Ал бұл, өз кезегінде мақта шаруашылығы мен мақта өнеркәсібінің дамуына түрткі болды. Мәселен, 1890 ж. Өзбекстанда мақта егістігі 100 мың гектар болған болса, 1913 ж. бұл көрсеткіш 424,6 мың гектарға жеткізілді, яғни 4 еседен астам арттырылды.

Тұрақты шикі зат базасын қалыптастыру және шет мемлекеттерден тәуелділікті болдырмау мақсатында ВКП(б) және Кеңес Үкіметі «мақта тәуелсіздігіне қол жеткізу» мәселесін күн тәртібіне ең бірінші кезекте шешуді қажет ететін әлеуметтік – экономикалық проблема ретінде қойды. Бұл іс – шара негізінен екі кезеңде жүзеге асыру көзделді. 1917 – 1928 жылдар аралығындағы I-ші кезеңде қойылған мақсат мақта өндірісін 1913 жылдың деңгейіне жеткізу болды. II-ші кезеңнің алдында бұдан да күрделі міндет қойылды: мақта шаруашылығын шаруаларды жаппай коллективтендіру негізінде қайта құру, сөйтіп, кеңес мемлекетінің мақтадан толықтай тәуелсіздікке қол жеткізу.

Нәтижесінде, 1928 – 1932 жж., немесе небәрі 3 – 4 жылдың ішінде мақта егіндік алқаптарын 2 еседен көбірек артырып, 971 мың гектардан 2170 мың гектарға көбейтілді. Мақта егістігінде Өзбекстанның үлесі 45,8%-ға дейін артты. Бұдан басқа, Ресей Федерациясында – 509,2 мың гектар жерге (Қазақстан осының ішінде), Украинада 181 мың гектар, Түркменстанда 178,7 мың гектар, Тәжікстанда 110 мың гектар, Әзербайжанда 203,8 мың гектар алқаптық жерге егілді. Тіпті климат жағдайы, ауа райы мақта өсіруге қолайсыз Арменияда, Грузияда, Солтүстік Кавказда және басқада экономикалық жағынан тиімсіз аумақтарында да мақта шаруашылығымен айналыса бастады.

Осылайша «мақта тәуелсіздігін» қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалар мен жобалар нақты іске асырылды. 1932 ж. одақ бойынша 1,2 млн. Тонна мақта шикі затты дайындалды. Мәселен, 1928 ж. отандық тауар өндірушілер есебінен 67% көлемінде орындалса, ал 1932 ж. ол 94,8% - ға жетті. 1913 – 1928 жж. Мемлекетке өткізілген мақталашығының жалпы мөлшері 51,9% - ға көбейді, мақта егістігі 2,3 есеге артты.

Алайда, осы жылдары мақтаның түсімділік деңгейі 54,4% - ға төмендеді, ал 1 алқаптық егістіктің 1 гектарынан алынған өнім мөлшері 12,2 ц-ден 7,9 ц-ге дейін төмендеді.

Қорытып айтқанда, өткен ғасырдың 30 – шы жылдарындағы аграрлық саясат бір жақтылықпен, тұрапайы түрімен сипатталды. Мәселен, қолда бар ауыл шаруашылығына қолайлы жердің түгелімен тек егіншілік кәсіпке айландыру аграрлық өндірісінің болашағына кері әсерін тигізді.

Біріншіден, табиғаттың тепе – теңдігі шайқалып, экологиялық ахуал бұзылды, екіншіден, жергілікті жерде жұмыссыздық өріс алды, үшіншіден, көпшілік шаруалар тарихы дәстүрлі кәсіпшіліктері – дақылдар өсіру, төрт түлік мал шаруашылығымен айналасу мүмкіндіктерінен айырылды.

Аграрлық саясаттың тек орталық белгілеген мақсаттарға сәйкес жүргізуінің нәтижесінде көптеген экономикалық және экологиялық проблемалар туындады. Тіпті шешуін жалпы әлем деңгейінде күтіп тұрған Арал теңізінің тағдыры да осыған байланысты. Көптеген мамандар мен ғалымдар осы проблеманы суғару объектілерінің бүгінгі күн талаптарына қайшы келетін ағын судың мұның мақсатсыз ысырап болуымен байланыстырады. Түркістан өлкесінде мақта шаруашылығын жүргізуге қолайлы жерлерді игеруде су ресурстары мүмкіндіктеріне жеткілікті дәрежеде есепке алынбағандығы. Мақта шаруашылығын Орталық Азияда орналасқан мемлекеттерде аграрлық өндірістің негізгі бағыты ретінде қалыптастыруда, ескерілмеген жәйт – бұл мақтаның өсімдік шаруашылығының басқа саларға қарағанда суғармалы суды көп талап ететін өндіріс екендігі. Мәселен, халықаралық сарапшылардың есептері бойынша Орта Азия елдердегі тұтынылатын барлық су ресурстарының 95% - ға дейінгісі ауыл шаруашылығының мелиорациялық жқмыстарына жқмсалады екен. Орталық Азия мемлекеттерінде суғарылатын жерлердің жалпы аумағы 7,2 млн. гектарды құрайды, оның ішінде Түркістан о.блысының аумағында 511,7 мың гектар.

Қазақстан Республикасының әлемнің дамыған елдерімен терең қоғамдастықта тең құқықты мемлекет қалпындакөрінуі осы кезеңге дейін қалыптасқан аумақаралық проблемалармен қатар, еліміздің азық – түліктен тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жан – жақты ойдастырылған аграрлық саясатты жүргізуді, негізгі базалық сала – ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуметін, оның өзіндік ресурстарын мейлімше толық және ұтымды пайдалануды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өнімдерінен тәуелсіз болуыюл дегеніміз мемлекетіміздің экономикалық тәуелсіздігі деген сөз. Демек, стратегиялық бұл бағыт макро деңгейдегі мына төмендегі мәселелердің рет – ретімен шешілуін талап етеді:

- ел тұрғындардың азық – түліктік өнімдерді тұтыну талабын толығымен қанағаттандыруды ішкі мүмкіндіктер есебінен қамтамасыз ету;
- еліміздің аумғында өндіру экономикалық жағынан тиімсіз өнімдердітауар айырбастау, немесе валюта резервтері есебінен шеттен тасып әкелудің оңтайлы жолдарын қарастыру;
- аграрлық саланың ең құнды факторы жер ресурстарын ең әуелі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мақсатында пайдалану;
- жалпы әлемдік және мемлекеттік мәні бар, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісін диверсификацилау барысында туындайтын экологиялық мәселелердің алдын алу;
- халықтың өздері қалаған және мол табысты еңбек түрлерімен қамтамасыз етуде, әсіресе ауылдық жерлерде құрылымдық өзгерістердің әсерінен туындаған жұмыссыздықты болдырмауға мемлекеттің ролін көтеру;
- ауыл шаруашылығына нарық субъектілерінің экономикалық тәуелсіздігін іс жүзінде қамтамасыз етуде мемлекеттік қолдауды күшейту, оның бағыттарын кеңейту;
- ауылдық елді мекендерде жұмыссыздықтың табиғи дәрежесін (халықтың

экономикалық белседілігін 4-5%-ын) қамтамасыз ететін бәсекелі еңбек нарығын қалыптастыру, ауыл шаруашылығының барлық салаларында еңбек өнімділігін арттыру есебінен ел тұрғындардың жұмысқа ауыл шаруашылығынан басқа дасалаларға ауысып отыруларын қамтамасыз ету;

- әлеуметтік инфрақұрылымды (ішкі шаруашылық жолдарды, ауыз су, бала-бақшалар, білім және денсаулық сақтау орындары, мәдениет пен спорт кешендері және т.б.) ауыл аумақтарының даму деңгейлеріне сәйкес дамыту.

Міне бұл айтылғандар аграрлық салаға макродеңгейде атқарылатын мемлекеттік саясаттың басты бағдары, негізгі талаптары мен міндеттері деп қарағанымен мына бір жағдайды да ескеруіміз қажет. Мәселен, әлемнің экономикалық жағынан жоғары дәрежеде дамыған мемлекеттері дамудың жаңа сатысына көтерілу мақсатында экономиканы өзара байланыстыру іс-шараларын кеңінен қолдануда. Экономиканың әртүрлі салаларын осылайша байланыстыру барлық экономикалық тетіктердің тиімді пайдалануға бірден-бір оңтайлы жағдай туғызады, нәтижесінде өнім бірлігіне келетін шығын мөлшерін азайтуға, еңбек пен қаражатты үнемдеп жұмсау мүмкіндігіне қол жеткізіледі.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығының салалық құрылымын жетілдіруге мемлекетіміздің экономикалық тәуелсіздігін іс жүзінде қамтамасыз ету концепциясының мына төмендегі екі бағытынан туындайды:

Бірінші бағыт, ол халықтың азық-түліктік талабын толығымен ішкі мүмкіндіктер есебінен қанағаттандыру;

Екінші бағыт, ол ауыл шаруашылығы өнімдерінің жергілікті жағдайда өндіру тиімсіз бөлігін сырт мемлекеттерден әкелуді қамтамасыз ету.

Экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етудің бірінші бағыты, яғни азық-түлікке қажеттілігін өзімізде өндірілетін өнімдер есебінен қамтамасыз ету ауыл шаруашылығының салалық құрамын ынталандыруды, өндірістің сапасын жоғары, құны арзан, экологиялық таза өнімдерді өндіруге бағыттауды талап етеді. Бұл бағыт, ел тұрғындардың азық-түліктері қажеттілігін тұтынудың ғылыми жағынан дәлелденген нормаларымен салыстыру арқылы айқындалынған. Оны мына 1 кестеде айқындалады.

Кесте – 1

Халықтың азық-түліктің негізгі түрлері бойынша мұқтаждығын қалыптастыру дәрежесі (бір жылға есептегенде)

| Тауар атаулары | Бір жылға есептелгенде адамның тұтыну мөлшері | Тұтыну көлемі, мың, т | | Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі | | Нақты өнім, мың, т | % пайызбен |
|--------------------------|---|-----------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------|--------------------|------------|
| | | ғылыми негіздегі нормалар бойынша | ең төменгі тұтыну бюджеті бойынша | ғылыми негіздегі нормалар бойынша | ең төменгі тұтыну бюджеті бойынша | | |
| Нан және тәтті өнімдері | 155,0 | 1744,0 | 2327,0 | 254,0 | 190,0 | 2126,6 | 121,9 |
| Картоп | 95,0 | 935,9 | 1492,2 | 158,0 | 102,0 | 735,6 | 78,6 |
| Көкөністер және бақшалық | 80,0 | 897,8 | 1207,0 | 210,0 | 145,0 | 1065,8 | 118,7 |
| Балық | 5,0 | 65,8 | 75,1 | 82,0 | 72,0 | 34,1 | 51,8 |

| | | | | | | | |
|--------------|-------|--------|--------|--------|-------|--------|-------|
| Ет өнімдері | 44,0 | 624,5 | 660,6 | 115,0 | 108,0 | 68,8 | 11,0 |
| Сүт өнімдері | 228,0 | 2695,3 | 3422,9 | 0147,0 | 115,0 | 78,6 | 29,1 |
| Жұмыртқа | 140,0 | 1552,3 | 2701,8 | 138,0 | 102,0 | 2311,8 | 148,9 |
| Қант | 17,0 | 234,2 | 255,2 | 102,1 | 94,6 | 542,5 | 43,3 |
| Өсімдік майы | 9,0 | 127,1 | 135,1 | 59,4 | 47,8 | 158,0 | 44,3 |

Көріп отырғанымыздай, қазіргі кезде тұрғындардың азық-түліктегі мұқтажы бірқатар тамақтық өнімдер бойынша ғылыми дәлелденген медициналық нормалар деңгейінде толықтай қанағаттандырылды. Олардың қатарында ұн және ұннан жасалған өнімдер, сүт, картоп және т.б. тамақтық өнімдер. Алайда, халықтың азық-түліктегі талаптарынғылыми деңгейде орындалуы қанағаттандырмайды.

Біріншіден, адам өмірі үшін аса құнды мал өнімдеріне қажеттілік болса, екіншіден, қант, өсімдік майы және т.б.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы алаңы 177,8 млн. гектарды, оның ішінде жайылымдар – 146,9 млн. гектарды, егістіктер мен тыңайған жерлер – 26,7 млн. гектарды, шабындықтар 4,2 млн. гектарды құрайды.

2012 – 2014 жылдары жүргізілген түгендеу қорытындылары бойынша 7,4 млн. гектар пайдаланылмайтын жерлер, оның ішінде 0,9 млн. гектар егістіктер, 1,2 млн. гектар тыңайған жерлер, 0,08 млн. гектар шабындықтар, 5,2 млн. гектар жайылымдар, 0,01 млн. гектар көп жылдық екпелер анықталды.

Пайдаланылмайтын 7,4 млн. гектар жерлердің 3,36 млн. гектарын бұрынғы жер пайдаланушылар игере бастады, 3,0 млн. гектары бойынша жалдау шарттары бұзылды, оның ішінде 1,7 млн. гектары ауыл шаруашылығы айналымына тартылды.

Республиканың барлық өңірлерінде жер сапасы нашарлауының, қарашірік, қоректік заттар құрамы, өсімдіктердің түрлік құрамы және олардың өнімділігі төмендеуінің тұрақты үрдісі байқалып отыр, бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің әлеуетін төмендетеді. Егістік алқаптардың құнарлылығын арттыру мен жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар толық көлемде жүргізілмейді.

2017 жылдың қорытындылары бойынша тәлімі жерлер құрылымындағы қарашірігі аз топырақ (4 %-дан аз) 20,4 млн. гектарды немесе зерттеп-қаралған егістіктің 75,6 %-ын, құрамында қарашірігі орташа (4 – 6 %) топырақ 6,3 млн. гектарды немесе 23,4 %-ды, құрамында қарашірігі жоғары (6 %-дан көп) топырақ 0,27 млн. гектарды немесе 1,0 %-ды құраған. Суармалы егіншілік шаруашылығы жағдайында аз қамтамасыз етілгендері 1,29 млн. гектар немесе зерттеп-қаралған егістіктер алаңының 98,1 %-ы, орташа қамтамасыз етілгендері 0,026 млн. гектар немесе 1,9 %-ы болып табылады. Суармалы егістік құрылымындағы қарашірігі жоғары топырақ 0,11 мың гектарды немесе зерттеп-қаралған егістік алаңының 0,01 %-ын алып жатыр.

Мысалы, ұдайы ауыспалы егісте болатын егістікте топырақ көміртегісінің запасы 0-30 см топырақ шамасында 1990 жылға қарағанда 2015 жылға орта есеппен 17 %-ға азайған, осыған байланысты технологияларды жаңғыртусыз және тиісінше басқарусыз ауыл шаруашылығы өндірісінің ауқымын ұлғайтумен көмірқышқыл газы ағынының және егістіктер мен жайылымдық жерлердің топырағынан азот тотығының күшеюі бірге жүретін болады.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жай-күйін сипаттайтын топырақтық және геоботаникалық зерттеп-қараулардың сапалы материалдарымен небәрі 27,8 млн. гектар қамтамасыз етілген, бұл жалпы қажеттіліктің 14,8 %-ын құрайды (2017 жылы – 32,3 млн. гектар, 17,4 %).

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің сапалық жай-күйі

туралы ақпарат оларды ұтымды және тиімді пайдаланудың негізі болып табылады.

Бұдан басқа ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасы тікелей олардың кадастрлық (бағалау) құнына әсер етеді, ол түзету коэффициенттерін қолдана отырып, жерге төлемақының базалық мөлшерлемелері негізінде айқындалады. Топырақтық және геоботаникалық зерттеп-қараулардың сапалы материалдарының болмауынан коэффициенттер 1990 жылға дейін дайындалған материалдар бойынша қолданылып келеді.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасы туралы дұрыс ақпарат алу үшін кемінде 66 млн. гектар алаңда кең ауқымды топырақтық және геоботаникалық зерттеп-қарау мен топырағын бонитирлеуді жүргізу қажет.

Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 1 адамға шаққанда еңбек өнімділігін 2015 жылғы 1,2 млн теңгеден 2021 жылға қарай 3,7 млн теңгеге дейін, сондай-ақ өңделген өнім экспортын 2015 жылғы 945,1 млн. АҚШ долларынан 2021 жылға қарай 2 400 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайту жолымен АӨК саласындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Программа действий правительства по углублению реформ и выходу из экономического кризиса. «Каз. правда», 29 июля 1994г.
2. Назарбаев Н.А. «Защищая интересы земледельца» // Казахстанская правда, 23.10.2002г. 1-2с.
3. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы әлеуметтік экономикалық жағдайы (экономикалық шолу) Қазақстан Республикасы статистика агенствасы. Астана, 2019ж., 27-37б.
4. Нургазиев М.Б. Қазақстан мақта кластерін дамыту жолдары. Журнал «Проблема агрорынка», №1, 2006ж. – 17-21б.
5. Инояттов И.М., Киреева А.Д. Мировой рынок хлопка и торгово-экономические связи хлопкового комплекса СССР. Ташкент: Мехнат, 1989г. 88с.
6. Кубаев К.Е., Ихданов Ж.О., Кәрібай А.Ш. Аграрлық сектор экономикасын мемлекеттік реттеу мәселелері. Оқу құралы. Алматы, Экономика, 1997, 88б.
7. Калиев Г.А., Сатыбалдин А.А., Турсунов С.Т. Казахстан: Рынок в АПК. Алматы: Қайнар, 1994, 320с.
8. Формирование агрорынка Казахстана. Под. ред. к.э.н. А.Б.Молдашева, КазНИИЭО АПК, Алматы, 1995, 134с.
9. Нургазиев М.Б. Экономиканы реформалауда мемлекеттік реттеу. Труды Республиканской научно-практической конференции «Проблемы социально-экономического развития на порге ХХІ века». Май. 2000г.
10. Нургазиев М.Б. Қазақстан мақта шаруашылығында нарық механизмін жетілдіру жолдары. Журнал «Проблемы агрорынка», № 4, 2004ж.

Аннотация: Хлопковое производство относится к наиболее процветающей отрасли сельского хозяйства в странах Центральной Азии. Что касается Республики Казахстан, то свидетельствуют исторические данные о том, что в южном регионе культура хлопчатника начала выращиваться более чем на две тысячи лет. В результате археологических раскопок, проведенных в районе Самаркана, найденные семена хлопчатника выявляют, что наша эра занимается хлопководством 720 лет назад. На начальном этапе хлопковая продукция в основном производилась крестьянами в целях удовлетворения собственных нужд и удовлетворения требований местного рынка. Слабое процветание или очень низкое развитие международных торговых отношений ограничивают требования к хлопковой продукции.

В южной части республики существует две причины развития хлопководства: первая-объективная, вторая-субъективная.

Объективная причина роста хлопководства в южной части республики, обусловленная

природным климатом и благоприятным почвенным климатом.

К числу главных причин развития хлопкового хозяйства в республиках Средней Азии, в том числе в Казахстане, можно отнести следующее: во-первых, рост очень высокими темпами, во-вторых, изменения в мировой хлопковой конъюнктуре.

Ключевые слова: хлопковое, производство, отрасли, сельского, хозяйства, Центральной, Азии, Республики, Казахстан, рост, аграрная, политика, независимость, продукции, экономическая, государства.

Abstract: Cotton production is one of the most prosperous agricultural sectors in Central Asia. As for the Republic of Kazakhstan, historical data indicate that in the southern region, cotton culture began to be grown for more than two thousand years. As a result of archaeological excavations conducted in the area of Samarkan, the found cotton seeds reveal that our era was engaged in cotton growing 720 years ago. At the initial stage, cotton products were mainly produced by farmers in order to meet their own needs and meet the requirements of the local market. Weak prosperity or very low development of international trade relations limit the requirements for cotton products.

In the southern part of the Republic, there are two reasons for the development of cotton production: the first is objective, and the second is subjective.

The objective reason for the growth of cotton production in the southern part of the Republic, due to the natural climate and favorable soil climate.

The main reasons for the development of the cotton economy in The Central Asian republics, including Kazakhstan, include the following: first, growth at a very high rate, and second, changes in the global cotton market.

Key words: cotton, production, industry, agriculture, Central Asia, Republic, Kazakhstan, growth, agricultural, policy, independence, production, economic, state.

ӘОЖ 657.1(075.9)

Есімов Е.Қ., Султанбекова П.С., Дуанбекова А.Е.

т.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

магистр аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚТАҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ

ШАРУАШЫЛЫҚ САНАТТАРЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН

РЕФОРМАЛАРДЫҢ ӘСЕРІ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСARTУ

Түйін: Ауыл шаруашылығында өткен отыз жылға жуық ішінде аграрлық экономиканы реформалау жолында көптеген жоба істері атқарылды. Ырықтандыру, жекешелендіру нарықтық шаруашылық институттарын құру және қайта дамыту негізінде түбегейлі әлеуметтік – экономикалық өзгерістер пайда болды. Бұл өзгерістер реформаның барлық кезеңінде де әлемдік дағдарыстық құбылыстарымен қабаттас жүрді. Экономикалық реформадан бұрын ауыл шаруашылығында өнім шаруашылықтың екі санатында ғана өндірілетін. Реформаның негізгі мәтіні мемлекеттік және ұжымдық меншіктегі өндіріс арқылы құрал-жабдыққа меншік құқығын бекіту болды. ҚР реформа басталар алдында барлық 272,5 млн гектар, ауыл шаруашылығы жері, бау – бақша өсіретін үй маңындағы және саяжайдағы аздаған жерді қоспағанда, 2,5 мың кеңшарлар мен ұжымшардың қарамағында болды. Сондай – ақ, барлық егістік алқаптарда, шабындықтар мен жайылымдар да солардың қарамағында еді. Сонымен қатар, барлық егіс алқаптарында шабындықтар мен жайылымдар олардың қарауында.

Кілттік сөздер: Ауыл шаруашылығы, Қазақстан Республикасындағы реформа, совхоздар, колхоздар, шаруашылық, егіс алаңы, мал шаруашылығы, мақта өсіру

Ауыл шаруашылығында өткен отыз жылға жуық ішінде аграрлық экономиканы реформалау жолында көптеген жоба істері атқарылды. Ырықтандыру, жекешелендіру нарықтық шаруашылық институттарын құру және қайта дамыту негізінде түбегейлі әлеуметтік – экономикалық өзгерістер пайда болды. Бұл өзгерістер реформаның барлық

кезеңінде де әлемдік дағдарыстық құбылыстарымен қабаттас жүрді.

Республиканың агроөнеркәсіп кешенінде экономикалық реформаға дейін 2100 кеңшар (Түркістан облысында - 211), 400 ден астам ұжымдар (64), 20 дан астам ірі ет комбинаттары (4) көптеген элеваторлар мен астық комбинаттары, жүнді бастапқы өңдеуден өткізетін 3 ірі фабрика, басқа да көптеген кәсіпорындар жұмыс істеген еді. Тек тамақ өнеркәсібінде 3 мыңнан жоғары кәсіпорын болды.

Экономикалық реформадан бұрын ауыл шаруашылығында өнім шаруашылықтың екі санатында ғана өндірілетін. Бұл салада реформа экономиканың басқа салаларына қарағанда, екпіндірек, қарқындырақ, шапшанырақ жүргізілді деуге болады. Реформаның негізгі мәтіні мемлекеттік және ұжымдық меншіктегі өндіріс құралдарымен жабдықтарына иелікті және меншікке айландыру болды. Кейбір шет елдердегідей біз де негізінен шаруа (фермер) қожалықтары осы саладағы меншіктің иесі, негізгі өнім өндірушілер болды деп саналды. Малды бұрынғы ұжымдар мүшелеріне бөліп беру оңай болғанымен жерді және ауыл шаруашылық құралдарын (машина – трактор шеберханаларын, автопарктерді, тракторды, комбайындарды және т.б.) жеке адамдардың меншігіне итбөліп беру, іс жүзінде оңай болмады, олар шартты түрден ғана бөліп берілді. Жер болса бүгінгі күнге дейін негізінен мемлекет меншігінде.

Бұрынғы кеңшарлармен ұжымшарларды шаруашылық жүргізудің тиімсіз формасы деп санап, орнына нарықтық шаруашылық жүргізу құрылымдары құрылды. Сөйтіп, 2001 жылдың 1 қаңтарында республикада мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының небәрі 82-сі ғана қалды, оның орнына 105170 шаруа (фермер) қожалықтары құрылды, одан басқа да 3342 әртүрлі серіктестіктер, 293 акционерлік қоғам, 1710 өндірістік кооперативтер, 1302 басқа да құрылымдар, барлығы, 111899 ауылшаруашылық кәсіпорын құрады.

ҚР реформа басталар алдында барлық 272,5 млн гектар, ауыл шаруашылығы жері, бау – бақша өсіретін үй маңындағы және саяжайдағы аздаған жерді қоспағанда, 2,5 мың кеңшарлар мен ұжымшардың қарамағында болды. Сондай – ақ, барлық егістік алқаптарда, шабындықтар мен жайылымдар да солардың қарамағында еді.

Түркістан облысының жер көлемі – 117,3 мың шаршы шақырым, бұл Қазақстан территориясының 4,3 пайызын құрайды.

Ал енді облыстың ауыл шаруашылық жерлеріне тоқталатын болсақ, облыстың ауыл шаруашылығына жарамды жерінің аумағы 10,3 млн га, оның ішінде жыртылатын жер аумағы 0,8 млн га. Ауыл шаруашылығында 70 мың жуық шаруа (фермер) қожалығы, 956 ӨК, 6 АҚ, 608 ЖШС жұмыс істейді. Олар жалпы респ. ауыл шаруашылығы өнімінің 35%-ын береді. Ауыл шаруашылығының басты саласына стратегиялық маңызы бар мақта өсіру мен өндіру жатады. Оның егіс көлемі 170 мың га-ға (егіс көлемінің 30%-ы) жетті. Ауыл шаруашылығы саласына 41,6 млрд. теңге қаралған, оның ішінде 28,3 млрд. теңге ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне субсидия ретінде берілді.

Егіннің орташа жылдық өнімі: бидай – 450 мың т, күріш – 13 мың т, шитті мақта – 380 мың т, көкөніс – 500 мың т, бақша өнімдері – 395 мың т, картоп – 145 мың т. 2019 ж. мал саны: ірі қара – 603 мың, қой-ешкі – 3,2 млн., жылқы – 120 мың, түйе – 14 мың, құс – 1,8 млн., шошқа – 22 мың басқа жетті.

Биыл облыста ауылшаруашылық дақылдары 739,4 мың гектар алқапқа орналастырылды, бұл агро азық-түлік бағдарламасынан 14,4 мың га артық және өткен жылға деңгейден 7,1 мың га-ға.

Түркістан облысының ауыл шаруашылық жерлерінің құрылымында егіндік жерлердің (876,4 мың га) көлеміне қарағанда жайылым жерлердің (9095,8 мың га) аумағы үлкен.

Түркістан облысының ауыл шаруашылығына жарамды жерлері

| Жылдар | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|--------|------|------|------|------|------|------|
|--------|------|------|------|------|------|------|

| | | | | | | |
|--|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Бүкіл егістік көлемі | 206 557 | 221 743 | 235 973 | 238 930 | 247 408 | 247 761 |
| Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар | | 110 969 | 117 436 | 96 457 | 115 449 | 121 770 |
| оның ішінде: | | | | | | |
| бидай (күздік және жаздық) | 96 305 | 101 145 | 104 443 | 77 731 | 96 672 | 90 936 |
| арпа (күздік және жаздық) | 7 194 | 5 497 | 7 238 | 13 670 | 13 752 | 22 249 |
| жүгері | 2 422 | 3 335 | 4 948 | 4 125 | 3 736 | 7 819 |
| күріш | | | | | | |
| дәнді - бұршақ дақылдары | | | | | | |
| Техникалық дақылдар | 51 765 | 66 343 | 69 335 | 82 068 | 67 674 | 58 887 |
| оның ішінде: | | | | | | |
| мақта | 7 282 | 7 102 | 8 373 | 6 444 | 6 595 | 6 521 |
| дән алуға арналған күнбағыс | 1 442 | 1 002 | | | 1 169 | 1 597 |
| Картоп, көкөніс-бақша дақылдары, барлығы | 6 149 | 7 041 | 8 800 | 10 554 | 8 606 | 9 488 |
| оның ішінде: | | | | | | |
| картоп | | | 1 168 | 1 087 | | 1 096 |
| көкөніс | 2 504 | 2 493 | 3 432 | 2 985 | 2 864 | 2 324 |
| бақша дақылдары | 3 147 | 3 636 | 4 186 | 6 482 | 4 852 | 6 068 |
| Мал азықтық дақылдар | 42 371 | 37 377 | 40 303 | 49 742 | 55 438 | 57 584 |
| Жеміс-жидек екпелердің (көшеттердің) барлығы | 2 521 | 2 535 | 2 959 | 3 448 | 3 278 | 3 112 |
| Жүзімдік, барлығы | 1 821 | 2 120 | 2 643 | 3 044 | 2 561 | 3 077 |
| Таза парлардың көлемі | 23 135 | - | - | - | | |

Жыртылған егістік жерлерді тиімді пайдаланып, құнарлы тартыру мен қатар ауыл шаруашылығының екінші саласы мал шаруашылығын өркендету үшін республикамыздың мол байлығы миллиондаған гектар жайылым мен шабындық жерлерді тиімді пайдалану керек. Қазақстанда 180 млн гектардай жайылым жерлер бар, олар бүкіл ТМД елдеріндегі жайылым жерлердің жартысына настамы. Өкінішке орай, соншалықты мол байлық бүгінге дейін дұрыс пайдаланылмай отыр. Оның негізгі себебі бұл шөлейтті және шөлді аймақта орналасқан жайылымдар осы күнге дейін жақсы суландырылмай келеді.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің паркі 152,0 мың бірлік трактордан, 42,0 мың бірлік астық жинаушы комбайннан, 3,5 мың бірлік егу кешендерінен, 86,1 мың бірлік тұқым сепкіштен, 15,6 мың бірлік дестелегіштен тұрады.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің паркі 152,6 мың бірлік трактордан, 41,5 мың бірлік астық жинаушы комбайннан, 3,6 мың бірлік егу кешендерінен, 85,5 мың бірлік тұқым сепкіштен, 15,6 мың бірлік дестелегіштен тұрады.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің паркі 148,3 мың бірлік трактордан, 40,0 мың бірлік астық

жинаушы комбайннан, 3,7 мың бірлік егу кешендерінен, 80,7 мың бірлік тұқымсепкіштен, 15,0 мың бірлік дестелегіштен тұрады, олардың ішінде пайдалану мерзімі 10 жылдан жоғары тракторлар – 86 %; комбайндар – 72 %; тұқымсепкіштер – 88 %-дан астам; дестелегіштер – 84 %.

Ауыл шаруашылығы техникасының орташа амортизациялық мерзімдері 10-12 жылды құрайтынын ескерсек, техниканы пайдаланудың шынайы мерзімі нормативтік мерзімдерінен 3-10 жылға артық деген қорытынды жасауға болады.

Ауыл шаруашылығы техникасының (егу кешендерінен басқа) негізгі түрлері бойынша жаңарту қарқыны жаңартудың талап етілетін технологиялық деңгейі жағдайында жылына 10 – 12,5 %-ды: тракторлар бойынша – 1,2 %-ды; комбайндар бойынша – 2,8 %-ды; тұқымсепкіштер бойынша – 0,6 %-ды, дестелегіштер бойынша – 1,6 %-ды құрайды. Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың орташа жылдық көлемі 80 млрд. теңгені, оның ішінде отандық өндіріс 20,5 млрд. теңгені құрайды.

Саланың техникалық жарақтандырылуы және ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласында мынадай проблемалар бар:

- 1) негізгі ауыл шаруашылығы техникасы түрлерінің тозу деңгейінің жоғарылығы;
- 2) ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынының жеткіліксіздігі;
- 3) сервистік қызмет көрсету жүйесінің дамымағандығы;
- 4) мал шаруашылығы фермаларын механикаландыру деңгейінің жеткіліксіздігі;
- 5) нақты егіншілік жүйелерін қолдану деңгейінің төмендігі.

ҚР Үкіметінің 05.01.2020 [№ 1](#) қаулысымен. Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру өзгерісі енгізілді.

Жер ресурстарын тиімді және ұтымды пайдалану үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:

- 1) 33 млн. гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алаңында топырақтық іздестіру жүргізу;
- 2) 33 млн. гектар жайылым алқаптары алаңында геоботаникалық іздестіру жүргізу;
- 3) 27,6 млн. гектар алаңдағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде топырақ бонитетін анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 4) қалалар мен ауылдық елді мекендер жерлеріндегі 675 есептік орамға арналған электрондық жер-кадастрлық карталар дайындау;
- 5) 66 млн. гектар алаңға арналған электрондық топырақтық және геоботаникалық карталар дайындау;
- 6) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің цифрлық карталарын жасау жолымен ауыл шаруашылығындағы басты өндіріс құралы ретінде пайдаланылатын табиғи ресурс ретіндегі ауыл шаруашылығы жерлерінің жай-күйі мен пайдаланылуы туралы дұрыс объективті ақпарат алу;
- 7) мемлекеттік меншікке алып қойылған, пайдаланылмай жатқан жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту;
- 8) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, төрешілдікті азайту және сауда-саттық өткізудің ашықтығын арттыру мақсатында мемлекеттік мүлік тізбесінің веб-порталы арқылы жер учаскелерін сату мен жалдау құқығы бойынша сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) өткізу;
- 9) сауда-саттыққа оның барлық әлеуетті қатысушыларының теңдей қолжетімділігін және оны жүргізу ашықтығын қамтамасыз ету;
- 10) ауыл шаруашылығы жерлерін жалдау институтын сақтап қалу және жетілдіру;
- 11) жоспарлық және/немесе жоспардан тыс тексерулер, жеке/заңды тұлғалардың өтініштері, сондай-ақ аталған ақпараттық жүйелердің мониторингі (жерді қашықтықтан зондау, аэрофототүсірілімдер және басқалар) негізінде анықталған ұтымсыз

пайдаланылып жатқан барлық ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне арналған жер салығының базалық мөлшерлемелерін он еселенген мөлшерге ұлғайту;

12) жасалған жер учаскелерін жалға алу шарттары бойынша олардың талаптарын орындау және жерлерді, оның ішінде жайылымдарды ұтымды пайдалану тұрғысынан ауыл шаруашылығы жерлерін тұрақты цифрлық мониторингтеу (жалға алудың алғашқы 5 жылында – жыл сайын, кейінгі кезеңдерде суармалы егістікте әрбір 3 жыл сайын, тәлімі жерлерде – әрбір 5 жыл сайын)

13) халықты мал жаюға арналған жайылымдық алқаптармен қамтамасыз ету;

14) мал шаруашылығымен айналысатын АШТӨ үшін жайылымдар бөлу;

15) суаратын су көзінен бастап түпкілікті АШТӨ-нің су бөлу шекарасына дейін тұрақты суарылатын жерлердің ирригациялық және дренаждық жүйесін, меншік нысанына қарамастан, бірыңғай теңгерім ұстаушыға беру;

16) тұрақты суарылатын жерлерді қалпына келтіру үшін су шаруашылығы құрылыс жайларын республикалық меншікке беру;

17) су шығынын азайту мақсатында, оның ішінде заманауи технологияларды қолдану жолымен тұрақты және көлтабандап суарылатын жерлер жүйелерінің су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіру және реконструкциялау.

Бұдан басқа жер қорын дұрыс сандық есепке алу мақсатында жерлерге, жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушыларға тексеру жүргізілетін болады, сондай-ақ жердің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау кезінде оған ақы төлеудің базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін қолдану үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің сапалық сипаттамалары туралы өзекті деректер алынатын болады.

Сондай-ақ жерді су және жел эрозиясынан қорғау, микроклимат құру, топырақтың құнарлылығын жақсарту, қар мен ылғал ұстап қалу мақсатында ағаш-бұта екпелерін егу жөніндегі шаралар әзірленетін болады.

Мақсаты:

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруда АӨК-дегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімі экспортын 5 жыл ішінде 2017 жылмен салыстырғанда кемінде 2,5 есе ұлғайту.

Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 1 адамға шаққанда еңбек өнімділігін 2015 жылғы 1,2 млн теңгеден 2021 жылға қарай 3,7 млн теңгеге дейін, сондай-ақ өңделген өнім экспортын 2015 жылғы 945,1 млн. АҚШ долларынан 2021 жылға қарай 2 400 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайту жолымен АӨК саласындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абирова Ж.А., Сигарев М.И., Курьянов И.А. Экономический механизм хозяйствования в аграрном производстве Казахстана (опыт и проблемы) КахНИИЭОАПК – Алматы, «Бастау», 1997, 281б.
2. Сатыбалдин А.А., Калиева Л.Г., Макулбаев А.Т., Мадиев С.У. Развитие различных форм собственности и хозяйствования в аграрном секторе экономики Казахстана // Теоритический и научно-практический журнал «Проблема агрорынка» № 1, 1995г. 14-24б.
3. Назарбаев Н.А. Долгосрочная стратегия развития Республики Казахстан: «Казахстан – 2030». Алматы, Рауан, 1998
4. Назарбаев Н.А. «Защищая интересы земледельца» // Казахстанская правда, 2002г., 23.10. 1-2б.
5. Кубаев К.Е., Ихданов Ж.О., Кәрібай А.Ш. Аграрлық сектор экономикасын мемлекеттік реттеу мәселелері. Оқу құралы. Алматы, Экономика, 1997, 88б.
6. Нұғазиев М.Б. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының материалдарын ынталандыру

механизмінің маңызы. Материалы «Международной научно-практической конференции молодых ученых». Апрель, 2001г.

7. Нұрғазиев М.Б. Аймақтық еңбек басымдылығын болжау. Журнал «Проблемы агрорынка», № 1, 2006ж.

8. Ontustik QAZAQSTAN облыстық қоғамдық-саяси газет № 23-24 (20878) 15.02.2020ж.-3б.

Аннотация: За последние тридцать лет в сельском хозяйстве было сделано немало проектов по реформированию аграрной экономики. Появились кардинальные социально-экономические изменения на основе либерализации, приватизации, создания и реконструкции институтов рыночного хозяйства. Эти изменения сопровождались мировыми кризисными явлениями и на всех этапах реформы. До экономической реформы в сельском хозяйстве производилось только в двух категориях хозяйств. Основным текстом реформы стало закрепление собственности и владения оборудованием средствами производства, находящимися в государственной и коллективной собственности. Бывшие совхозы и колхозы считали неэффективной формой хозяйствования, вместо этого были созданы рыночные хозяйственные структуры. Перед началом реформы в РК все 272,5 млн га находились в ведении 2,5 тыс. совхозов и колхозов, за исключением небольших земель сельскохозяйственного назначения, приусадебного и дачного массива. Кроме того, во всех посевных площадях, сенокосах и пастбищах находятся в их ведении.

Abstract: Over the past thirty years, many projects have been made in agriculture to reform the agricultural economy. Drastic socio-economic changes have emerged based on liberalization, privatization, and the creation and reconstruction of market economy institutions. These changes were accompanied by global crisis phenomena and at all stages of the reform. Before the economic reform, agriculture was produced only in two categories of farms. The main text of the reform was the consolidation of ownership and ownership of equipment and means of production that are in state and collective ownership. Former state farms and collective farms were considered an inefficient form of management, instead, market economic structures were created. Before the beginning of the reform in Kazakhstan, all 272.5 million hectares were managed by 2.5 thousand state farms and collective farms, with the exception of small agricultural lands, homestead and dacha areas. In addition, all the sown areas, hayfields and pastures are managed by them.

ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТҮЛГАТАНУ – КРАЕВЕДЕНИЕ И ПОЗНАНИЕ ЛИЧНОСТИ – LOCAL HISTORY AND COGNITION OF PERSONALITY

ӘӨЖ: 93/94(574)

Жораева Г., Ахай Г.Н.

т.ғ.к., доцент Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ.Түркістан. Қазақстан

М. Әуезов атындағы ОҚМУ. Шымкент, Қазақстан

СӘДУАҚАС БОҚАЕВ– ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ МАТЕМАТИК-ҒАЛЫМЫ

Аннотация: Аталған мақала Қазақстандағы ХХғ. 20-30 жж. математика ғылымының дамуына өз еңбектерімен және зерттеулерімен елеулі үлес қосқан ғалымдардың алдыңғы буыны қалыптасқандығы, олардың математика ғылымы бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп, елімізде ғылым саласының өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсағандығы және осы кезеңдегі қазақ зиялыларының биік шоқтығы қатарында көрнекті ғалым-математик, республикада математика ғылымының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан Сәдуақас Хасенұлы Боқаевтың шығармашылығына арналады.

Автор бүгінгі күнге дейін қазақ тіліндегі алгебра оқулықтарындағы терминдердің мәселен, Н.А. Шапошников пен Н.К. Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» атты оқу құралын қазақ тіліне аударған кездегі С.Боқаевтың енгізген терминдері: «дәреже» - «степень», «дәреже негізі» - «основание степени», «теңдеу» - «уравнение», «теңдеулер жүйесі» - «система уравнений» және т.б. өзгеріссіз ғылыми айналымда қолданылуын, аударылмайтын халықаралық

терминдерді қазақ тіліне аударуға қадам жасауы, автордың қазақ тілінің ғылыми тіліне сәйкестенуі үшін аса назар аударғандығын автор деректер негізінде баяндайды.

Кілттік сөздер: тұлға, математика ғылымы, қазақ зиялысы, математикалық термин, саяси қуғын-сүргін, террорлық саясат, ғалым-математик

Халқымыздың әлем қауымдастығынан егемен ел ретінде өз орнын алып тәуелсіздік туын тіккен өзгерістерге толы кезеңінде еліміздің өткен тарихына деген көзқарас та жаңа сипатқа ие болып сол уақытқа дейін ақиқаты айтылмай бұрмаланған тарихи құбылыстар қайта зерделеніп объективті баға беріле бастағаны мәлім.

Халқымыздың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған игі шаралар жүзеге асырылып, тарихымызда өзіндік тереңі қалдырған қайраткерлердің ғұмырнамасы зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Ғасыр басында мемлекет мүддесінің айғақтарының жеке басының тағдыры да қасіретті болды.

Алайда ұлттық жігермен толысқан зердесі бағағымыз болған жоқ...» [1] деп жазды.

Елбасының осы маңызды тұжырымы тарихымыздың жаңаша тарихи тұрғыда зерттеуді және қазақ қоғамы нәркениетті елдер қатарына қосуды басты мақсат еткен қазақ зиялыларының қызметтерінің шынайы баға беруді күн тәртібіне қойды.

Қазақстанда ХХ ғ. 20-30 жж. математика ғылымының дамуына өз еңбектерімен және зерттеулерімен елеулі үлес қосқан ғалымдардың алдыңғы буыны қалыптасты.

Олар математика ғылымы бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп, елімізде ғылым саласының өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсады.

Осы кезеңдегі қазақ зиялыларының биік шоқтығы қатарында көрнекті ғалым-математик, республикада математика ғылымының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан Сәдуақас Хасенұлы Боқаев тыңда есімі ерекше орыналатындығы сөзсіз.

Сәдуақас Хасенұлы Боқаев 1907 жылы 13 наурызда Семей облысы Абай ауданында дүниеге келді. Оның балалық шағы Абай, Шәкәрім,

Мұхтар Әуезовтер туып өскен Сарыарқа өңірінің Шыңғыстау баурайында өтті. Сәдуақас Хасенұлының білімге құштарлығын ашумен қатар дарынды оқушыны тани білген математика ғылымының шыңына жетуге мүмкіндік жасаған алғашқы ұстазы өткен ғасырдың басындағы қазақ ағарту ісі мен ұлттық әдебиеттің алғашқы қайраткерлерінің бірі Тайыр Жомартбаев болды. Шәкіртінің жаратылыстануға деген ерекше қабілетін байқаған тәжірибелі педагог оның оқуына дұрыс бағыт-бағдар берумен қатар Семей мен Зайсанда және Орынбор халық ағарту институтында білім алуына ықпал етті. Сондай-ақ С. Боқаевтың 1928 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде оқуын жалғастыруына және математик ретінде қалыптасуына профессор К.А. Тороповтың еңбегін де атаған жөн.

ХХ ғ. басында Мәскеу математика мектебінің деңгейі әлемдік деңгейде танылуы Д.Ф. Егоровтың және оның шәкірттері Н.Н. Лузин, И.И. Привалов, В.В. Степанов есімдерімен байланысты болды. Мәскеу мемлекеттік университетінің механика факультетінде оқуын жалғастырған С. Боқаев Н.В. Жуковский, С.А. Чаплыгин сияқты қызмет еткен көрнекті ғалымдармен қатар П.С. Урысон, П.С. Александров, Н.Н. Лузин, В.В. Степанов сияқты белгілі математиктерден білім алу мүмкіндігіне ие болды. ХХ ғ. 30-жж. басында аталған білім ордасында М. Сәтбаев, А. Закарин, Ө. Жұмабаев, К. Игенов, С. Аяпбергенов, Т. Дарқанбаев, С. Ибрашева, А. Шәріпханов, Ө. Қанапин сияқты қазақ жастары да білім алды. Кейіннен олардың бір қатары Қазақстанда білім беру саласымен ғылымның қалыптасуымен дамуында ұлкен рөл атқарды.

С.Х. Боқаев еңбек жолын 1932 ж. маусымында Қазақ педагогика институтының математика кафедрасында ассистент ретінде бастайды.

1934 ж. қаңтарында ҚазПИ-дің жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. Кафедра жетекшісі ретінде С. Боқаев оқытудың сапасын арттыруға,

нақты ғылымдарды оқытудың озық әдістерінен игі нәтижелермен білімін есүйенді.

Нәтижесінде аталған кафедра республикада жоғары математикалық пәндерді оқытудың инновациялық деңгейіне көтеріліп, елеулі жетістіктерге жетті. Өйткені,

білікті маман математикалық білім беру ісінде амтытудың негізгі факторы – КСРО-дағы жетекші оқу орындарының іс-тәжірибелеріне назар аудару қажеттігін түсінді. Әсіресе,

Мәскеу мемлекеттік университетінде математиканы оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен қатар өзін-өзі

тутыныоқытутәжірибесіне де енгізугекүшсалды.
ОсымақсаттаМәскеуқаласындағыбірқатаржетекшіжоғарғыоқуорындарыкафедраларыныңозыкіс-
тәжірибелеріменалмасыптығызбайланысорнатылды, ал 1933ж.

математиктердіңБүкілресейлікконференциясынақатысты.
Республикадапедагогикалықбілімберудіңзормаңыздылығынтүсініп,
жоғарғыоқуорындарындадәрісберетіноқытушылардыңғылымиәлеуетінарттырмақсатындааспиран
тураарқылығылымибағыттазерттеуші-ғалымдардыдаярлаудыжүзегеасыруғаатсалысты.
НәтижесіндеӘубәкіров, Жәутіков,
Әмірбаевсындыдарындышәкірттерінматематикағылымынабаулыды.

Математик-

ғалымқзақтіліндебірыңғайматематикатерминдерінжүйегетүсірмақсатындаорыстіліндегіматемати
каоқулықтарыңқзақтілінеаударыпматематикалықұғымдарғасәйкестендірді. 1934ж.
институттыңғылыми-

зерттеубағытындажалпыпәндербойыншатерминологияныбіржүйегекелтіруүшінТерминологиякоми
ссиясықұрылды, оныңқұрамынаС.Х. Боқаев, Ә.Ә. Ермеков, М.М. Мәскеевтерсияқтығалымдаренді.
КомиссияқабылдағантерминдерМемлекеттіктерминологиякомиссиясыныңбекітуінеұсынылды.

Алайда,
бекіткенгедейінинституткафедраларынапәндербойыншатерминдердіғылымиайналымғаенгізугерүк
сатетілуікомиссиямүшелерініңжоғарыкәсібидеңгейінбайқатады. С.Х.

Боқаевтыңқзақтілінеаударғаноқуқұралдарыменоқулықтары,
жасағанғылымиталдауығалымныңқзақтіліндематематикалықтерминдердіжасаудағықомақтыүлесі
нкөрсетсекерек. ЗерттеушіБ.М. ҚосановС.Х. Боқаевтыңматематикағылымындағыоқу-
әдістемелікбағытындадайындалғаноқуқұралдарындаенгізгентерминдерін 4
топқабөліпқарастырады.

Қазіргікүнгедейінқзақтіліндегіалгебраоқулықтарындағытерминдердіңмәселен, Н.А.
ШапошниковпенН.К. Вальцовтың «Алгебраесептерініңжинағы»
аттыоқуқұралыңқзақтілінеаударғанкездегіавтордыңенгізгентерминдері: «дәреже» - «степень»,
«дәреженегізі» - «основаниестепени», «теңдеу» - «уравнение», «теңдеулержүйесі» -
«системауравнений» жәнет.б.

өзгеріссізғылымиайналымдақолданылуын,аударылмайтынхалықаралықтерминдердіқзақтілінеауда
руғақадамжасауы,
автордыңқзақтілініңғылымитілінесәйкестенуіүшінасаназараударғандығынатапкөрсетеді.
1934ж. қыркүйектеСәдуақасХасенұлыҚазПИ-діңфизика-

математикафакультетініңдеканыболыптағайындалды.

Факультетдеканыретіндеолоқужұмысыныңжоғарғыоқуорныныңталаптарынасәйкесжүргізуге,
материалдық-техникалықбазасыныңқалыптасуына,
математикаменфизиканыоқытудыңжаңаәдістеріненгізуге,
студенттердіңпәндердітолықмеңгеруінеерекшекөңілбөлді. Студент-

жастардыңинтеллектуалдыдамуына,
логикалықжәнеалгоритмдікойлауенгізіндематематикалыққабілеттерінқалыптастырудымақсатетті.
Нәтижесінде

«Еркінжинақталатынқатардыңқосындысыболыптабылатынфункцияныңқұрылымдыққасиеттері»,
«Арнайыфункцияларжәнеолардыңжалпыжағдайлардағыерекшенүктелері»,
«Жалпытүрдегікейбіранықталмағанинтегралдардыңинтегралдаудыңкейбіртәсілдері»,
«Конформдықбейнелеулержәнеолардыңмеханикасаласындақолданылуы»
аттыеңбектерідайындалды. С.Х.

Боқаевбасшылықеткенжылдарыаталғанфакультетеліміздематематикалықбілімберуісініңдамуынаул
есқосуменқатарреспубликакөлеміндепедагогикалықмамандардыдайындайтыналғашқыбілімордасы
ныңбіріболды. 1934ж. қазандаинститутәкімшілігіғылыми-

зерттеубағытыбойыншамамандарынРКФСРХАК-наматематикамамандығынанС.Х.
БоқаевтыдаМәскеумемлекеттікуниверситіндекандидаттықдиссертацияқорғауүшінұсынды. XXғ.
30-жж. ММУ-дыңмеханика-

математикафакультетіосысалабойыншамамандардайындаудажәнеғылыми-
зерттеужұмыстарынжүргізудеәлемдікдеңгейдегіалдыңғықатарлыорталықтардыңбіріеді.

БұлғылымордасындаматематикасаласындаәлемгеәйгіліН.Е. Жуковский, Д.Ф. Егоров, Н.Н. Лузин,

А.Я. Хинчин, И.И. Привалов, П.С. Александров, И.Г. Петровский сияқты ғалымдар қызмет ететін. Изденуші-ғалым С.Х. Боқаевта осы ортада «дифференциалдық теңдеулер» мамандығы бойынша аспиранттардың оқу бағдарламасына сәйкес зерттеулер жүргізу нәтижесінде 1935 ж. ММУ-нің математика және механика ғылыми зерттеу институтында математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне алу үшін дайындалған кандидаттық диссертациясынтабыстықорғады.

Оған математика ғылымдарының кандидаты және доцент ғылыми атағы берілді. 1932-1935 жж. ҚазПИ-де, ҚазМУ-де математикалық пәндерден дәріс беру сапасын көтеру мен оқу үдерісін жақсарту бағытында бір қатар жұмыстар жүргізді. Педагог-ғалым осы саланың жетекші курстарынан,

арнайы бейіндік пәндерден дәріс курстарындайында мен қатар жоғарғы, арнаулы орта оқу орындарын, қазақ мектептеріне оқу құралдармен, оқулықтармен қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік жұмыспен де айналысты. Атап ететін жайт, сол кездегі оқу үдерісін ең ыңғайлы етіп қалыптастыруға қажетті құралдардың түгінгі күнге дейін өзіндік маңызы бар екендігі.

Оның авторлығымен «Математика және халық шаруашылығының физикалық негіздері», қазақ тіліне аударылған Н.А. Шапошников пен Н.К. Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» (1933) атты еңбектері жарық көрді. Қазақстандық ғалымдар қатарында С.Х.

Боқаевтың ғылымға қосқан үлесі үкімет тарапынан ескеріліп ҚазАКСРО АҚАҚ қасы 1935 ж. қарашада жоғары білікті мамандар дайындау ісіндегі,

республикада математикалық білім беруді дамыту мен ұйымдастырудағы ерен еңбегі үшін «Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен марапатталса, 1936 ж. математика профессоры атағыниеленді.

XX ғ. 20-жж. аяғында тарихта «социализмнің сталиндік моделі» деген атпен белгілі тарихи кезең басталып,

ұлттардың табиғи бейнесін жоюға ұмтылған қазармалық социализм жүйесіндегі саяси қуғын-сүргін ұлттық интеллигенция қатарының сыратып жіберді. Академик М. Қозыбаев «ұлтшылдық» туралы: «Патша өкіметі ұлтшылдықты оппозиция есебінде таныды. Оның тамырына балта шабуды саясатқа арна етті. Кеңес өкіметі сол империялық саясатты шын мәнінде жалғады, өйткені ол да аз ұлттар тым тырақай бөлініп, бөлшектеніп кетеді деп түсінді. Оларды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаудың жолы бонопартизм деп түсінген И. Сталин ұлттардың ойшыл, жасампаз топтарын тұқырту деп білді»-деп жазған еді.[3] «Ұлтшылдықпен», «халық жауларымен» күресу бірте-бірте мемлекеттің белгілерінің біріне айналды. 1937-1938 жж. қазақтың оқыған зиялы қауым өкілдерінен 66 мың адам жазықсыз жапа шекті.[4] «Жікшілдік» пен «ұлтшылдыққа» қарсы жүргізілген сталиндік жаппай террорлық саясат қазақ зиялыларының қатарындағы С. Боқаевтың ғылыми-педагогикалық қызметінің әрі жалғасуына теріс ықпал етті. Сталиншіл билік жүйесі әсерінен ғылыми интеллигенция арасында бір-бірінің жазған еңбектеріне сыни көзбен қарап қателіктер іздеу белең алды. Осындай сенімсіздік пен күдіктенушілік жағдайында С. Боқаевқа да жазықсыз жала жабылып саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Институт әкімшілігі тарапынан 1938 ж. 1 тамызында ҚКП ОК-не, ҚазКСР ХАК-не және қалалық партия комитетіне: «ҚазПИ-де халық жауы, бұрынғы директор Бекжанов басқарған национал-фашистер, бандылар тобы ұзақ уақыт үстемдік құрды. Национал-фашист Жүргенов Бекжановпен, Жұбановпен, Әлжановпен, Боқаевпен және басқалармен бірлесіп институттың бүкіл жұмысын тоқтату үшін барлық шараларды қолданды. Бұл бандиттердің зиянкес жұмыстары мынадай жолдармен жүргізілді: институттың профессорлық оқытушылық құрамына национал фашистерді, троцкийшіл-бухариншіл бандиттерді, саяси күмәнді және жоғарғы оқу орнында жұмыс істеу үшін академиялық жарамсыз адамдарды тарту; жауапты курстарды (математика, ботаника, тарих, қазақ тілі және тағы басқалар) жетекші пәндер бойынша студенттердің дайындықтарын осы пәндер бойынша бағдарламалық материалдарды зиянды бұрмалау жолымен бұзуға түрлі шараларды қолданған халық жауларына бекіту; қазақ студенттерге орыс тілін оқыту ісінде толықтай елемеушілік жіне зияе келтіру, сондай ақ қазақ тілін оқытудағы зиянкестік...» [5] ешбір дәйексіз дайындалған анықтама негізінде С.Х. Боқаев қамауға алынып, 1939 ж. 14 қарашада КСРО ІХК Архангельск облысындағы Каргопол лагерінің Ерцевск бөлімшесіне айдауға жіберілді. Алайда, өз әріптестері тарапынан ҚКП ОК-не, республика прокурорының атына Сәдуақас Хасенұлының ісін қайта қарау мақсатында өтініштер жолданды. Нәтижесінде ҚазКСР Жоғарғы Сотының шешімімен 1939 ж. сәуірде С.Х. Боқаевтың ісін қайта қарауда фактілер анықталып бас бостандығынан айыру жазасы белгіленді. Өкініштісі,

1942ж. Сәдуақас Хасенұлы Боқаев белгісіз жағдайда қайтыс болды.

Уақытпен бірге қоғамның дамуы дасолқоғамға,

оның өркендеп дамуына бар болмысымен қызмет еткен ұлтжанды азаматтардың ұлттық тарихи санасыда алға қарай алшандап қадам басқан сайын өмірден озған танымал тұлғалардың жарқын бейнесі, олардың халқының келешегі үшін сіңірген еңбегі ескеленіп құндылығы артатұсетіндігі шүбәсіз.

Қазақстандағы білім мен ғылым саласының дамуы мен өркендеуіне қомақты үлес қосқан зиялылар қатарында және қазақ өлкесінде алғаш ашылған білім ордасы – қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің негізін қалаушылардың бірі Сәдуақас Хасенұлы Боқаевтың да есімі бүгінгі ұрпақтың жадында сақталатындығы ақиқат.

Әдебиеттергізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында Алматы: Атамұра, 2003.
2. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. 45б.
3. Дюсенова Н. Қазақстандағы 20ғ. 40-50жж. «ұлтшылдық» пен «космополитшылдыққа» қарсы күрес науқаны (т.ғ.к. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация) Алматы, 2005.
4. Бақаев Ә. Өшпес оттың жарығы / Жизнь, прерванная на взлете. Алматы, 2007. 160 б.

Аннотация: Данная статья была опубликована в Казахстане в XX в. 20-30 гг. в настоящее время на кафедре ведется научно-исследовательская работа по изучению математики, физики, информатики,

Автор до настоящего времени в алгебровых учебниках на казахском языке, например, С. Боқаев при переводе на казахский язык учебного пособия «Алгебра есептерінің жиналары» К. Шапошникова и Н.К. Вальцова: «ранг» - «степень», «ранг негізгі негізі» - «основание степени», «уравнение» - «уравнение», «уравнение жүйесі» - «система уравнений» и др. автор на основе данных докладывает о том, что автор уделял особое внимание переводу на казахский язык международных терминов, не переводимых в неизменный научный оборот, в соответствии с научным языком казахского языка.

Ключевые слова: личность, математическая наука, казахская интеллигенция, математический термин, политические репрессии, террористическая политика, ученый-математик

Abstract: This article about the formation of the previous generation of scientists of the 20-30s of the twentieth century in Kazakhstan, who made a significant contribution to the development of mathematical science through their work and research, their basic research in mathematics and their efforts to develop science in the country, is dedicated to the work of Saduakas Khasenovich Bokaev. From a book by N. A. Shaposhnikov and N. K. Valtsov, entitled "A collection of algebra problems" that we used until that time, Bokaev translated terms such as "степень" - "degree", "основание степени" - "basis of degree", "уравнение" - "equation", "система уравнений" - "system of equations". The author declares on the basis of the data that he is used in scientific circulation without any changes, that the author pays special attention to the translation of untranslated international terms into the Kazakh language, and to ensure that the Kazakh language is consistent with the scientific language.

Keywords: personality, mathematical science, Kazakh intelligentsia, mathematical term, political repression, terrorist politics, mathematician

ӘОЖ 01(091)

Кукеева М.К.

педагогика ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ. Шымкент. Қазақстан

**КӨРНЕКТІ ШЫҒЫСТАНУШЫ,
ӨЛКЕТАНУШЫ, БИБЛИОГРАФ, ҒАЛЫМ
Е.К. БЕТГЕРДІҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Түйін: Мақалада кітапханашылар мен библиографтардың практикалық, ғылыми және кәсіби шығармашылығы, сондай-ақ олардың кітапхана ісіне қосқан үлесі баяндалады. Мақалада бүкіл өмірін Қазақстан библиографиясының қалыптасуына және оның дамуына үлес қосқан

ғалым-библиограф, шығыстанушы, өлкетанушы Е.К.Бетгердің өмірі мен қызметі, оның құрастырған библиографиялық көрсеткіштері баяндалған. Оның өмірсүрген ортасы мен ғылыми еңбектерінің жинақталуы нәтижесінде библиографиялық көрсеткіштері және кәсіби библиограф ретіндегі қалыптасуы қарастырылған. Мақалада атақты библиографтың іргелі еңбектері мысал ретінде көрсетілген. Ғалым-библиографтың қоғамдық және ғылыми еңбектеріне талдау жасай келе, оның қиын заманның ағымында, түрлі өзгерістер мен тауқыметті бастан өткергеніне қарамастан библиографиялық көрсеткіштерді құрастырғанына анық дәлелдер келтірілген. Осы мақаладамен ғылыми және практикалық қызметі зерттелмеген белгілі библиограф, кітапханашы және тарихшы болған шығыстанушының жарқын ғалымдарының бірі - Е.К.Бетгердің тұлғасын көрсетемін.

Кілттік сөздер: кітапхана ісі, библиография, библиография тарихы, библиограф, кітапханашы, шығыстанушы, өлкетанушы, библиографиялық көрсеткіштер.

XIX және XX ғасырдың басындағы ірі библиографтар библиографияланатын құжаттарды талдау негізінде мәдениеттің дамуын зерттеу, яғни жаңа ғылыми білім алу деп санады. Библиографияның міндеттерін осы тұрғыдан түсіну оның теориясында ақпараттық-библиографиялық қызметті дамытудың екі ғасырлық жолы бойы кезең-кезеңімен пайда болды. Кітапханалар мәдени-ағартушылық және ғылыми-көмекші мекемелер болып табылады, олар өз қызметімен ғылымның, білімнің, мәдениеттің дамуына және қоғамның зияткерлік және экономикалық әлеуетінің өсуіне ықпал етеді. Кітапхана ісінің қалыптасуына және оның дамуына библиографтардың қосқан үлесі орасан.

Бүгінгі таңда еліміздің кітапхана ісі тарихында библиография саласында еңбектер өте кем. Библиография саласындағы көптеген көрнекті библиографтар туралы материалдар мақала түрінде жеткен. Алайда, осы материалдардың өзі де бүгінде оқырмандардың қолы жете бермейтін сирек библиографиялық көрсеткіштерге айналды. Мақала жазу кезінде мен Қазақстандағы кітапхана ісін дамытуға қалай үлес қосқанын және олардың жариялаған еңбектерін, сондай-ақ кітапхананың қорларындағы материалды басшылыққа алып, библиографтардың шығармашылығы мен өмірбаянын, аты-жөні белгісіз ұмытылғандарды мұқият зерттеу керектігін негізге алдым.

Басылымдарда Е.К. Бетгер, В.В. Андронников, О. В. Маслова, Б. В. Лунин, Н. В. Дмитровский, В. И. Межов, Ә.Қ. Нарымбетов, Г.П. Царев, С.Ақашев, К.Ш. Бекмұхамедов сияқты көрнекті кітапханатанушылар мен библиографтар, өлкетанушылардың қызметі лайықты көрініс таппаған, сондай-ақ зерттеушілердің рөлі дерлік анықталмаған. Оларсыз Орта Азия мен Қазақстан туралы құнды библиографиялық жинақтарсыз негізін қалау мүмкін емес. Бүгінде біз шығармашылық мұрамызға, ең болмағанда кейбіреулеріне тиісті бағасын беруіміз керек. Солардың біріне атақты шығыстанушы, өлкетанушы, библиографтың даңқты тобына ғалым Евгений Карлович Бетгер жатады. Кеңес шығысындағы ұлттық мәдениеттердің қалыптасуы мен дамуына өзінің саналы өмірі мен талантын осы тарихи процесті одан әрі нығайтуға түрлі ұлттардың ірі және көрнекті қайраткерлері үлкен үлес қосты. Осы мақаладамен ғылыми және практикалық қызметі зерттелмеген белгілі библиограф, кітапханашы және тарихшы болған шығыстанушының жарқын ғалымдарының бірі - Е. К. Бетгердің тұлғасын көрсетемін.

Евгений Карлович Бетгер (нем. Voetger), 13 шілде (30 маусым) 1887 жылы Ташкентте Пруссиядан көшіп келген неміс эмигрантының отбасында дүниеге келген. Евгений Карлович жалпы және филологиялық білім алды: Гейдельберг (Германия) және Киев университеттерінде оқыды. Бірнеше жылдан кейін Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) шығыс факультетін бітірген. Е. К. Бетгер библиография, кітапханатану және тарих мәселелерінің кең шеңберін зерттеді. Оның жұмыстары қазір де өзекті, олар Қазақстандағы библиографиялық және кітапханалық ғылымдарды жетілдіру үшін қызмет етеді.

Е.К.Бетгер Науаи атындағы Мемлекеттік кітапхана жанындағы сирек кітаптар бөлімінің негізін қалаушы, кітапхана желісін құру, кітапханалық білім беру, Кітапхана ісі мен библиографияның теориясы мен тәжірибесі және т. б. өзекті мәселелер бойынша 150-ден астам ғылыми жұмыс жазды. Қазір де оның мұрағатында 50-ден астам жарияланбаған библиографиялық жұмыстары бар. Е. К. Бетгердің революцияға дейінгі білім мен тәрбие алған және кейіннен белгілі библиограф, кітапханашы, тарихшы болған ғалым ретінде қалыптасуын түсінудің маңызы зор. Көптеген жылдар бойы ол Ортаазиялық мемлекеттік университетінің тарих факультетінің «Археология» кафедрасының тұрақты және құрметті мүшесі болды, жас зерттеушілермен және студенттермен өздернің бай білімдерімен бөлісті, баяндамалар жасады, студенттердің зерттеу жұмысына рецензия жазды, аудармалар жасады.

Е.К.Бетгердің Түркістан өлкесіне кітапхана кадрларын даярлаудағы еңбегі зор. Түркістан мемлекеттік кітапханасында жұмыс істей жүріп, 20-шы жылдары және 30-шы жылдардың басында кітапхана қызметкерлерін дайындау бойынша көптеген курстардың негізін қалаушы және оқытушысы болды, пәндік каталог, библиография негіздері, кітап тарихы курсы оқыды. Дәрістерде және практикалық сабақтарда Е. К. Бетгер пәнді жақсы білетіндігін, шеберлігін көрсетті. Е. К. Бетгер Түркістан көпшілік кітапханасын құруға үлкен үлес қосты. Түркістан Халық университетінің жанынан Түркістан көпшілік кітапханасын қайта құру жөніндегі арнайы комиссия құруда бастамашысы болды, сол кезде кітапхана апатты жағдайда болатын. Кітаптарды жіктеу да, каталогтау да болмады, сондай-ақ оларды орналастыру мен сақтау үшін қарапайым жағдайлар да болған жоқ. Кітапхананы қайта құру кезінде комиссия біріншіден, халықаралық ондық жүйе бойынша каталогтар жасауға кірісуді, екіншіден, кітап қорларын толықтыруға назар аударуды шешті. Е. К. Бетгердің ондық библиографиялық жіктеуді енгізу де баға жетпес мәнге ие. Түркістан көпшілік кітапханасына қатысты «Ондық жіктеменің» негізін әзірледі. Батыс Еуропаның үздік кітапханаларының жағдайы туралы жақсы білетін Е. К. Бетгерге, сондай-ақ кітапхана комиссиясының мүшелері Л. К. Давыдова мен Л. А. Метленковқа тапсырылды.

1918 жылдың аяғында Е. К. Бетгердің жасап шыққан ондық жіктемесі бойынша кестелер тез арада таралды, ал оған сұраныстар келіп түсіп жатты, 1920 жылы Түркістан халық кітапханасы мемлекеттік деп өзгертілді, қазірдің өзінде екі карточкалық каталог болды: ондық жүйе бойынша жасалған алфавиттік және жүйелі каталогтар. Ол Түркістан мемлекеттік кітапханасында төрт жылдық жұмыс тәжірибесі негізінде Е. К. Бетгер дайындаған "Методические указания и правила пользования таблицами" атты әдістемелік нұсқаулығы библиография саласындағы құнды дербес еңбегі болып табылады.

Көптеген жылдар бойы бұл ереже Түркістан өлкесінің кітапхана қызметкерлеріне арналған құнды құрал болды. Е. К. Бетгер жасаған екі басылым (1918 және 1922 ж.) «Ондық библиографиялық жіктеме» бойынша брошюралар және кітапхана техникасы бойынша жекелеген ұсыныстар (1920 және 1922 ж.) Түркістан өлкесінің кітапхана ісін нығайтудың негізі болды. Түркістан кітап палатасын құруда Е. К. Бетгердің практикалық қызметіне көп көңіл бөлінді. Ол КСРО-да кітапхана ісін дамытуға қатысты көптеген қаулылардың, бұйрықтардың және басқа да құжаттардың жобаларын әзірледі. 1918 жылы Түркістан көпшілік кітапханасы туралы бірінші Ережеге енгізіді, ереже бойынша барлық баспалар кітапханаға барлық басылымдарды жеткізуге міндетті болды.

Евгений Бетгер бірінші және екінші Бүкілресейлік библиографиялық съездердің, ғылыми кітапханалардың бірінші және екінші ресейлік конференцияларының қатысушысы болып, көптеген мәселелерді талқылауға қатысқан. Е. К. Бетгер алғашқы кеңестік «Библиография» библиографиялық журналдарының бірінде ынтымақтастық туралы ұсынысқа ыстық ықыласпен жауап берді.

Е.К.Бетгер Өзбекстандағы көне және сирек кітаптар қорының негізін қалаушы. 40

жыл бойы кітапхана қызметімен байланысты Е.К.Бетгер сирек кітаптар қорын жинап, ғылыми өңдеуге көп күш, қуатын жұмсады. Е.К. Бетгердің кең эрудициясы мен шын мәнінде энциклопедиялық білімі, бірнеше батыс еуропалық және шығыс тілдерін білуі (1920 ж.ол Түркістан Шығыс институтының Араб бөліміне түсіп, 1924 жылы бітірген) ғалымға кітапхана қорында сақталған көне, кейде бірегей даналарды анықтауға ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғалардан кітапхананың бірегей басылымдарды жүйелі түрде сатып алуын ұйымдастыруға, сондай-ақ оларды ғылыми өңдеуді бастауға мүмкіндік берді.Е. К. Бетгер Ташкент мемлекеттік университетінің іргелі кітапханасының сирек кітаптар қорына үлкен қызығушылық танытты, оны зерттеді және кітаптардың ғылыми сипаттамасын жасады.Кітапханадағы көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар Е. К. Бетгер көне және сирек кездесетін басылымдар бөлімінде кітапхананың кітап қорының байлығын тереңірек тану үшін, сондай-ақ мәдени-ағарту жұмыстарын күшейту мақсатында әр ірі кітапханада болуы қажет екенін дәлелдеді.

20-30-шы жылдары Е.К.Бетгердің тікелей басшылығымен жергілікті мерзімді басылымдарға библиографиялық жұмыстар жасалды, олар зерттеушілерді жергілікті мерзімді басылымдарды жаппай қарап шығудан арылтты. Олардың арасында Түркістанның географиясы, метеорологиясы, сейсмологиясы, гидрологиясы бойынша мақалалар мен жазбалардың аса құнды көрсеткіштері бар. Е.К.Бетгер О.В.Масловамен бірге Түркістан өлкесінің статистикалық комитеттері шығарған жинақтарға және «Орта Азияның халық шаруашылығы» журналына (1924-1930 жж.) көрсеткіштер жасап шығарды. Ол қазіргі уақытқа дейін аздаған өзгерістерімен қолданып келген А.Навои атындағы ӨзССР Мемлекеттік кітапханасында сақталған кітаптарды орналастырудың форматтық-реттік жүйесін енгізудің бастамашысы болып табылады. Сирек кітаптар қорын көп жылдық жинау Е. К. Бетгерге қорды терең зерттеуге мүмкіндік берді. Кеңес ғалымының басты міндеттерінің бірі - қорды танымал ету болатын. Осылайша, Е. К. Бетгердің тікелей қатысуымен сирек кітаптар бөлімінің ұйымы көптеген халықтардың жазба ескерткіштерінің бірегей даналарын бөлуге көмектесті, ал оларды баспада жариялау және танымал ету одан әрі зерттеушілерге көне ескерткіштерді зерттеуді бастауына көмектесті.Революцияға дейінгі кезеңде Қазақстан тарихымен айналысатын Қазақстандағы бірде-бір библиограф не маман Е.К. Бетгердің зерттеуінсіз жұмыс істей алмайды. Е.К. Бетгердің эпистолярлық мұрасы ғалымның қызығушылықтарының спектрін және оның ортаазиялық халықтардың мәдени мұрасының рөлін терең түсінуін ашады.

Е.К.Бетгер елдің ірі ғалымдарымен байланыста болды, шетелдік ғылыми орталықтармен, Германиямен, Франциямен, Америкамен, Англиямен және т.б. елдермен хат алмасып отырды, оған әр түрлі кәсіптегі адамдар көмек, анықтама, түсініктеме алу үшін өтініш жасайтын. Ғалымның кең эрудициясы, бірнеше еуропалық және шығыс тілдерін білу, астрономия, археология, тарих және т.б. саласында терең білім алу оны Қазақстан археологтары мен тарихшылары үшін қолдау тапты. Оған библиографтар, шығыстанушылар, тарихшылар, әдебиеттанушылар жүгінетін.

Кітапханаларды құру үшін кітапхана қызметкерлерінің көптеген кадрлары қажет еді, ал олар өте аз болды. Е.К.Бетгер алғашқы кітапхана курстарын құрудың бастамашысы ғана емес, сонымен қатар түрлі курстарда бірқатар пәндерді оқып, осы жұмысқа басқа кітапхана қызметкерлерін тартты. Бұл курсты Оңтүстік Қазақстанның (Шымкент, Жамбыл, Қызыл Орда) кітапханашылары да аяқтады.

Библиограф Л.К.Давыдов пен А. А. Метленковпен бірге 1918 жылы Е.К.Бетгер қағаздың ерекше тапшылығы кезінде «Ондық библиографиялық жіктеме» шығарды, ол 1922 жылы елеулі толықтырулармен қайта басылып шықты, оның көмегімен кітап қорларын ғылыми өңдеу үшін негіз қаланды. Түркістан халық кітапханасының қызметкерлері мен Е. К. Бетгерге кітапхананың кітап байлығын, әсіресе оның шығыс бөлімін сақтап қалу үшін көп күш жұмсауға тура келді. Кітап жинаушы және сақтаушы Е.

К. Бетгер кітапхана үшін сирек және көне басылымдарды іздеу және сатып алу үшін уақытын та, күшін де аямады. Ол кітаптың ұлылығы туралы ұғымды тек кітапхана қызметкерлерін ғана емес, сондай-ақ жас оқырмандарға да жеткізуге тырысты. Оқырман конференцияларын, көрмелерді ұйымдастыру, кітапты танымал ету - ғалымның бүкіл ғылыми және библиографиялық қызметінің құрамдас бөліктерінің бірі болды. 20-30-шы жылдары Е. К. Бетгердің тікелей басшылығымен және оның жеке қатысуымен құнды библиографиялық жұмыстар пайда болды, оның ішінде зерттеушілер үшін «Түркістан ведомствосы» деген көрсеткіштің маңызы зор.

Е.К.Бетгер библиографиялық жіктеудің әлемдік жүйесінің соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, «Түркістан ведомстваларына» көрсеткіш құрастырудың өз жүйесін жасады. Жергілікті газеттер мен журналдар беттерінде Е. К. Бетгер кең танымал жұмыс жүргізді. 30-шы жылдардан бастап 1945 жылға дейін «Правда Востока», «Комсомолец Узбекистана» беттерінде ғалым оқырманды Орта Азия бойынша алғашқы саяхаттарымен таныстырады, көне кітаптар және кітапхана қорында сақталған бірегей басылымдар туралы әңгімелейді.

Сирек және ескі кітаптар қорын көпшілікке танымал ету тек қана оқырман қауымына ғана емес, ортаазиялық республикалардың ғылыми жұртшылығы да бірегей басылымдармен танысуға мүмкіндік берді. Е.К.Бетгер алғаш рет жергілікті баспасөз беттерінде жазған көптеген бірегей басылымдар кейіннен Қазақстан ғалымдарының ғылыми зерттеулерінің тақырыбына айналды. Бұл оның елдің түрлі кітапханаларымен және жекелеген жетекші кеңестік және шетелдік библиографтармен кең көлемді хат алмасуымен расталады. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихын қалыптастыру және дамыту бойынша бірде-бір зерттеу жұмыстары Евгений Карлович Бетгердің еңбектеріне сілтеме жасалмай зерттелмейді.

Мақаланы қорытындылай келе, Түркістан кітапханасын құруға, оны қайта құруға қатысқан Е.К.Бетгер осы зерттеуде Өзбекстан мен Қазақстандағы кеңестік кітапханатанудың қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері туралы толық мәліметтер берді. Е.К. Бетгер туралы өмірбаянын аяқтай отырып, оның жарияланбаған мұралары әлі де көп екенін, оны ғылыми айналымға енгізу шығыстану библиографиясын байытар еді дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тешабаева У.А. Вклад видного ученого, педагога, библиографа Евгения Карловича Бетгера в развитие и изучение библиографии Средней Азии // НТБ –2011. № 1. С. 89-94.
2. Турапов М.М. Жизнь, отданная книге. -Корреспондент. 1977. №8. С.46
3. Авшарова М.П., Виридарский М. С. Евгений Карлович Бетгер (1887—1956 гг.): Очерк жизни деятельности. Ташкент, 1960. 42 с.
4. Бабаджанова А.Х. Евгений Карлович Бетгер - историк, библиограф, библиотековед (1917-1956 гг.). Дис. ... канд. ист. наук. - Ташкент, 1990.
5. Памяти Евгения Карловича Бетгера, // Труды САГУ им. В. И. Ленина. Археология Средней Азии, Т. IV. / Отв.ред. проф. Массон М. Е.- Ташкент, 1957.

Аннотация: В статье освещается практическое, научное и профессиональное творчество библиотечных работников и библиографов, а также их вклад в библиотечное дело. В статье рассматривается жизнь и деятельность ученого-библиографа, востоковеда, краеведа Е.К.Бетгер, внесшего вклад в формирование и развитие казахстанской библиографии, а также составленные им библиографические указатели. В результате обобщения научных трудов предусмотрен библиографический указатель и формирование как профессионального библиографа. Библиографические указатели в этой статье являются одной из самых выдающихся и ценных научных и справочных книг. В статье представлены основные работы известного библиографа. Проанализировав общественные и научные труды ученых-библиографов, было

доказано, что они составили библиографические показатели, несмотря на то, что они претерпели много трудностей. Рассмотрены актуальные проблемы изучения истории казахстанской библиографии, ее совершенствования.

Abstract: The article highlights the practical, scientific and professional creativity of librarians and bibliographers, as well as their contribution to librarianship. The article examines the life and work of the scientist-bibliographer, orientalist, local historian E.K. Betger, who contributed to the formation and development of Kazakhstan's bibliography, as well as the bibliographic indexes compiled by him. The main bibliographic indexes, public and research activities are analyzed. The facts are given that they were scientists as a bibliographer in the Kazakh bibliography. Bibliographical indexes in these statistical forms are one of the most promising and valuable scientific and reference books. The main works of famous bibliographers are presented in the article. Analyzing the public and scholarly work of the studied bibliographers, it was documented that they were compiled by bibliographical figures, not to mention that many of them had pretended many problems. The current problems of the history of studying of the Kazakh bibliography, its supervision.

ӘОЖ930 (574)

Белгібай Ж.Қ.

т.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ – ҚАБЫЛБЕК САРЫМОЛДАЕВ

Түйін: Бұл мақалада көрнекті Алаш қайраткері Қабылбек Сарымолдаевтың қоғамдық-саяси қызметі талқыланады. Біз қазақ тарихындағы ұлы тұлғалардың тарихи орны мен рөлін және олардың ұлт үшін жасаған маңыздылығын көрсетіп, оны жаңа ұрпақ санасына сіңіруге міндеттіміз. ХХ ғасырдың бірінші ширегінде Қабылбек Сарымолдаев Түркістан облысындағы аштықпен күрес жөніндегі орталық комиссияның төрағасы Т.Рысқұловпен бірге жұмыс істеді, содан кейін біраз уақыт комиссияны басқарды. 1918-1919 жылдардағы ашаршылық кезінде ол жергілікті тұрғындардың қырғынына қарсы белсенділік танытты және жас балаларды аштық пен өлімнен құтқарды. Бұл мақалада Тлеукулов С.С., Тлеукулов Г.С., Надиров Р., Қойшыбаев Б., Жалмағамбетов Е.Х., Турсун Х.М. сияқты ғалымдардың еңбектерімен қатар, Алаш қайраткерлері Қабылбек Сарымолдаев, Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатының деректері негізінде өмір жолы туралы жаңа мәліметтер келтірілген.

Кілттік сөздер: Қабылбек Сарымолдаев, ұлт зиялылары, Алаш қайраткерлері, Кеңес өкіметі, мұрағат көздері.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты тарихи еңбегінде арда туған Алаш қайраткерлері туралы: «Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда. Олар қазақ мемлекеттігінің даму нысанасын жиырмасыншы ғасырдың бас кезеңінде-ақ көрсетіп берген болатын. ...Біз асқақ сезімге бөлене отырып, ұлтшыл әрекетшілдігімізге қатысты ғасыр басында Алаш қайраткерлері бастап берген жолнұсқалар ғасыр соңында жалғасын тапты деп айта аламыз»[1, 22 б.], – деп жазды. Осы жолдардың мәні мен мағынасына терең бойлай түссек, ұлт тарихының ұлы көші көркейе түсетініне кәміл сенеміз. Сондықтан қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың тарихи орны мен олардың ұлт үшін жасаған еңбектерінің маңызын көрсетіп, жаңа буынның санасына сіңіру – біздің парызымыз болмақ.

Сталиндік тоталитарлық жүйенің тар қыспағында жүріп, өз елінің өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің игі істеріне баға беру болашақ жас ұрпақты рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса маңызды болмақ. Кеңестік

биліктің ұлт зиялыларының есімдерін халқымыздың жадынан мәңгілік өшіруге ұмтылған әрекетінің салдарынан осы кезге дейін ғылыми тұрғыдан игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған, бірақ, өзінің тарихи бағасын әлі де болса ала алмай келе жатқан, күні бүгінге дейін есімі көмескі аталып келген осындай тұлғалардың бірі – Қабылбек Сарымолдаев. Оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, жалпы тұлғасын танытуда С. Тілеуқұлов, Г. Тілеуқұлов, Р. Нәдіров, Б. Қойшыбаев, Е. Жалмағамбетов, Х.М. Тұрсын және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атаған жөн. Түркістан облыстық мемлекеттік мұрағатының деректерінен Алаш зиялысы Қабылбек Сарымолдаевтың өмір жолынан мынадай мәліметтерді кездестіреміз: Қабылбек Сарымолдаев 1898 жылы Сырдария облысының Әулиеата уезі Құрағатан болысының 5-ші «Үйтал» ауылында орта шаруа отбасында дүниеге келген. Оның әкесі Сарымолда өз ауылының абыройлы тұрғыны, өзінің білімін жетілдіре жүріп, оқытудың жаңа әдістерін меңгеріп ауыл балаларының сауатын ашуға мән беріп құрметке бөленген маман болды. Бала Қабылбек 1908-1914 жылдар аралығында Әулиеатадағы орыс-түзем мектебінде және Жоғары бастауыш училищесінде оқиды. Оқуға ынталы, қабілетті жас Қабылбек қысқа мерзім ішінде орыс және өз ана тілін терең меңгергендігін байқатып үздік оқушы ретінде екі класты бір жылда бітіреді. Училищеде үздік оқумен қатар сабақтан тыс кезінде түрлі мекемелерде жұмыс істейді, төменгі сынып оқушыларының сауатын ашуға көмек көрсетеді. Нәтижесінде өзін-өзі қаржылай қамтамасыз ете жүріп 1914 жылы Әулиеатадағы жоғарғы бастауыш училищесін үздік бітіреді. Алайда жас Қабылбектің оқуын одан әрі жалғастыруына елдегі саяси-экономикалық жағдай теріс ықпал етеді. Өйткені, патшалық Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ахуалын ауырлата түсті. Белгілі Алаш қайраткері А. Байтұрсыновтың 1913 жылдың өзінде ақ «қазақ ұлтының өмір сүруі проблемаға айналды» деген сөзі айқын көрсетеді. Әулиеата уезіндегі Құрағатан болысындағы орын алған соғысқа, қымбатшылыққа және жақындап келе жатқан ашаршылыққа қарсы наразылықтар жас Қабылбектің саяси жағынан шыңдалуына әсер етті.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі пісіп жетілген тұста Қабылбек Сарымолдаев пошта саласында қызмет етті. Қоғамда күрделі жағдайлар бұқаралық сипат ала бастаған кезде пошта қызметкерлерінің орны ерекше мәнге ие болды. Өйткені, 1916 жылғы 25-і маусымдағы патша жарлығынан Меркедегі пошта қызметкерлерінің алғаш хабардар болуы, Түркістан өлкесінен 500 мыңнан астам азамат алу көзделгені, әрине жас Қабылбектің наразылығын туындатқаны анық. Патша жарлығына қарсы Орта Азия және Қазақстан аумағын қамтыған көтеріліске Меркедегі халық көтерілісі де ұласып кетті. Жергілікті көтерілісшілер «Үйтал» ауылындағы қара жұмысқа шақырушылардың тізімін тартып алып жойды, борышқорлық және салық хаттарын өртеп жіберді, болыс басқармаларын талқандады, патша әскерлерімен қақтығысқа түсті. Меркі аумағындағы халық көтерілісін Құрақты болысының бұрынғы болысы Ақкөз Қосанов басшылық жасайды. Алайда генерал-губернатордың бұйрығымен орыс жазалау отрядтары Әулиеата уезіндегі көтерілісті басып жаншыды.

1917 жылы Әулиеата мен Меркіде «Қазақ жастарының революцияшыл одағы» құрылды. Аталған саяси ұйымның мүшесі ретінде Қабылбек Сарымолдаев жергілікті жерде демократиялық күштерді топтастыру ісіне белсене араласты. Болыс басқармашыларынан олардың реквизициялау және мобилизациялау кезінде тартып алынған мал-мүлкін, жерін жергілікті тұрғындарға қайтарып беруді талап етті. Ал, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Кеңес өкіметін орнату жолында белсенділік танытады. Меркідегі уездік Кеңесін құруда ереше көзге түседі. 1917 жылдың желтоқсан айының бірінде Әулиеата уездік әкімат билігінің Кеңестерге көшкені туралы өкім шығарылады. Нәтижесінде Әулиеата уезінен Түркістан өлке сиезіне Қабылбек

Сарымолдаев сайланды. Сондай-ақ, өлкелік VI-VII сиездерінде (1918,1919 жж.) Түркістан Орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Осы жылдың 30 шілде күні Түркістан Орталық Атқару комитетінің шешімі бойынша Сырдария облыстық комитетіне Қ. Сарымолдаев тағайындалды. 1919 жылы Әулиеата уездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Осы жылы 27 қыркүйекте өткен Әулиеата уезі мұсылман коммунистерінің I-съезінде уездік партия комитетінің хатшылығына ұсынылды. 1920 – 23 жылы Орынборда Қазақ АКСР Ішкі істер халық комиссарының орынбасары, Алматы облыстық революциялық-әскери комитеттің төрағасы, 1923 – 25 жылы [Ташкент](#) облысы атқару комитетінің төрағасы, Хорезм Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары және Жұмысшы-шаруа инспекциясының төрағасы, Ташкентте Қазақ АКСР сауда өкілдігі басқармасының бастығы.

1925 – 33 жылы Қазақ АКСР халық шаруашылығы Орталық Кеңесі Президиумының мүшесі, оның төрағасы, Жоспарлау комиссиясының төрағасы, Егіншілік халық комиссары. 1933 – 37 жылы [Шығыс Қазақстан облысы](#) атқару комитетінің, [Торғай ауданы](#), атқару комитетінің төрағасы, Қазақ АКСР Тамақ өнеркәсібі халық комиссарының орынбасары. 1938 жылы «халық жауы», «жапон империалистерінің тыңшысы» деген айыппен кеңестік қуғын-сүргінге ұшырап, ОГПУ «үштігінің» шешіміне сәйкес ату жазасына кесілді. Белгілі тарихшы, профессор Мәмбет Қойгелді: «Халық жауы» болып ұсталған қазақ зиялыларының ішінде тергеу материалдары ең көбі осы Қабылбек Сарымолдаевтың ісі. Бірақ тергеу материалдары толық емес. Жойылған. Неге жойылған? Бұл істің мән-жайын біле алмаудамыз. Жалпы қазақ зиялыларының репрессияға ұшырағаны жөніндегі материалдар зерттеушілерге берілуі тиіс. Өкінішке орай, осыған қол жеткізе алмай келеміз... Осы Қ.Сарымолдаевтың мына Өзбекстан жағында қызметте болғанын растайтын материалдар зерттеушілер үшін қол жетімді емес. Осы екі кітапта да сол жақтағы атқарған қызметтері туралы мәліметтер жетіспей тұрғанын байқауға болады, Дегенмен авторлардың ізденісі, архивтік құжаттардың негізінде әзірше беймәлім мәліметтерге сүйене отырып тәп-тәуір еңбекті жарыққа шығарғаны құптарлық» - деп атап көрсетті[7]. Бүкіл саналы ғұмырын Түркістан және Қазақ өлкесінің жарқын болашағына арнап, айтулы еңбек сіңірген қайраткер өзге де алаш зиялылары секілді «халық жауы» деген жаламен 1937 жылы тамызда тұтқындалып, жазықсыз ату жазасына кесілген. 1938 жылғы 25 ақпанда Асфендияров, Қазақ Республикасының белді қайраткерлері Сейітқали Меңдешов, Ұзақбай Құлымбетов, Темірбек Жүргенов, Жанайдар Садуақасов, Ғабдұлхакім Бөкейханов, Шәкір Дивеев, Сүлеймен Есқараев, Тел Жаманмұрынов, Құдайберген Жұбанов, Измұқан Құрамысов, **Қабылбек Сарымолдаев**, Сәкен Сейфуллин, Қайсар Тәштитов, Ғаббас Тоғжанов бар, барлығы 39 қайраткер атылған болып шықты. Кейіннен Қабылбек Сарымолдаев 1957 жылы қарашада ақталды. Өз елін шексіз сүйіп, халқына қалтқысыз қызмет еткен Алаш қайраткерлерінің бірі– Қабылбек Сарымолдаев сынды тұлғалар өскелең ұрпақ жадынан ұмытылмақ емес.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында».- Алматы: Атамұра. 1999. – 298 б.
2. ОҚОММ. Қ.Сарымолдаев Қор 1170, тізбе №16, бума №1с. № 6а.
3. Тұрсұн Х.М. Түркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1900-1924 жж.) Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореф. – А., 2007.
4. Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты (тарихи, саяси және ұлттық аспектілері) – Алматы: «Нұрлы әлем», 2006. – 23 б.
5. Жизнь и деятельность представителей казахской интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. Часть I. – Шымкент, 2004.- С. 111-112.
6. Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы ХХ ғасыр басындағы ашаршылықтар

жайлы <http://e-history.kz/>

7. Қабылбек Сарымолдаев- жаңашыл реформатор <http://www.kaznpu.kz/>

Аннотация: В данной статье исследуется общественно-политическая деятельность видного деятеля Алаш Кабылбека Сарымолдаева. Мы обязаны показать историческое место и роль великих деятелей казахской истории и важность их работы для нации и привить ее в сознании нового поколения. В первой четверти 20-го века Кабылбек Сарымолдаев работал с Т. Рыскуловым, председателем центральной комиссии по борьбе с голодом в Туркестанском регионе, а затем некоторое время возглавлял комиссию. Во время голода 1918-1919 годов он покорно проявлял активность в борьбе с резней местных жителей, и спас маленьких детей от голода и смерти, такие действия уточняются архивными данными. В данной статье, наряду с трудами таких исследователей как Тлеукулов С. С., Тлеукулов Г. С., Надиров Р., Койшыбаев Б., Жалмагамбетов Е.Х., Турсун Х. М., приводятся новые сведения о жизненном пути одного из деятелей Алаш Кабылбека Сарымолдаева, основанные на данные Государственного архива Южно-Казахстанской области.

Ключевые слова: Кабылбек Сарымолдаев, национальная интеллигенция, Алаш, личность, советская власть, архивные источники.

Abstract: This article examines the socio-political activities of a prominent figure Alash Kabylbek Sarymoldaev. We are obliged to show the historical place and role of the great figures of Kazakh history and the importance of their work for the nation and to instill it in the consciousness of a new generation. This article examines the socio-political activities of a prominent figure Alash Kabylbek Sarymoldaev. We are obliged to show the historical place and role of the great figures of Kazakh history and the importance of their work for the nation and instill it in the minds of a new generation. This article explores the socio-political activities of the prominent figure Alash Kabylbek Sarymoldaeva. We are obliged to show the historical place and role of the great figures of Kazakh history and the importance of their work for the nation and to instill it in the consciousness of a new generation.

Keywords: Kabylbek Sarymoldaev, national intelligentsia, Alash, personality, Soviet power, archival sources.

ӘОЖ 51(091)

Рустемова Қ.Ж., Тлесбаева Ж.А.

ф.-м.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ГЕОМЕТРИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ РӨЛІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: Әбу Насыр әл-Фараби - әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің жалпы ғылымның дамуына қосқан үлесі айтылып, соның ішінде геометрия ғылымына ерекше көңіл бөлінген. Әбу Насыр Әл-Фараби математик ретінде өзара тығыз байланысты үш салада еңбек еткен: математиканың методологиялық мәселелері, математикалық жаратылыстану және математиканың кейбір нақты тарауларын жасауға қатысуы. Ол барлық ғылымдар тек геометрияның тармақтары, ал геометрияны олардың түп тамыры деп есептейді. Геометрия – көп салалы ғылым, оның салаларының біразы әл-Фараби тұжырымдаған қағидалардан бастау алады. Сонымен қатар, Әбу Насыр Әл-Фараби көп өлшемді абстракция геометрияның идеясын алғаш айтушылардың бірі. Осы мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің геометриялық мұраларына қысқаша

шолу жасалып, оның математикалық ғылыми еңбектері тарихта әрі қарай қалай өрбігені туралы қысқаша түрде айтылған.

Кілттік сөздер: Әбу Насыр әл-Фараби, еңбектері, трактаттары, математика, геометрия, қолданулары.

Кіріспе

Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки (870-950 жж.) - ерте орта ғасырдағы ұлы ойшылдар мен энциклопедияшылардың бірі. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Ол Шығыс пен Батыста ғылымның дамуына үлкен әсер еткен бай ғылыми мұра қалдырды. Алайда, әл-Фарабидің барлық еңбектері, әсіресе математикалық еңбектері толық зерттелген жоқ.

Әбу Насыр әл-Фараби мұраларының Қазақстанда түбегейлі зерттелуі 20 ғасырлардың 60-жылдарында ғана қолға алынды. Оған алғаш бастамашы болған қазақ ғалымдары Ақжан әл-Машани (Машанов) мен Қаныш Сәтбаев еді.

Ғұлама ғалым, әлемдік ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің 160-тан аса трактаттары бар, ол сол кездегі ғылымның барлық саласын терең меңгеріп қана қоймай, бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған жаңалықтар ашып кеткен [1].

“Ғылымдар тізбегі” атты еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-үлкен бес салаға бөледі: 1) тіл білімі және оның тараулары; 2) логика және оның тараулары; 3) математика және оның тараулары; 4) физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары; 5) азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы. Ғалым бұл ғылымдардың бәрінің пәнін анықтап, қысқаша мазмұнына тоқталады.

Әбу Насыр Әл-Фараби математик ретінде өзара тығыз байланысты үш салада еңбек еткен. Олар: 1) математиканың методологиялық мәселелері (математикалық ғылымының пәні, негізгі ұғымдары мен әдістерінің шығу тегі), 2) математикалық жаратылыстану, 3) математиканың кейбір нақты тарауларын жасауға қатысуы.

Әл-Фараби математиканы жеті тарауға бөледі (арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, статика, механика — әдіс айла жөніндегі ғылым).

Ол математиканың философия ірге тасын қаласумен қатар, оны табиғат құбылыстарын зерттеуге батыл қолданудың қажеттігін іс жүзінде танытты. Әбу Насыр Әл-Фараби пікірінше, математика анық, ақиқат білімді береді және басқа ғылымдардың дамуына күшті ықпал жасайды.



Теориялық талдау

Әл-Фарабидің киелі деп санаған ғылымы – геометрия. Ол барлық ғылымдар тек геометрияның тармақтары, ал геометрияны олардың түп тамыры деп есептейді. Ал, математика, физика, химия ғылымдарын табиғаттану, технология, экономика, саясаттану, медицина, музыка және т.б. ілімдердің ірге тасы деп есептеген. Сондықтан әл-Фараби: «егер ғылымды меңгергің келсе, алдымен һандисатпен (геометриямен) таныс бол» – дейді. Бұны аруақты бабамыздан қалған өсиет деп біліп, оған нұқсан (кір) келтірмейік.

Бүгінгі таңда геометрия – ең дамыған, үлкен ғылым. Ол бірнеше салаға бөлінеді. Атап айтқанда: біріншіден, Элементар (Евклид геометриясы), геометрияны негіздеу, Лобачевскийдің геометриясы, Риманның геометриясы, топология; екіншіден, аналитикалық геометрия, проективтік геометрия, дифференциалдық геометрия, сызба геометрия, алгебралық геометрия; және үшіншіден, көпөлшемді геометрия, қолданбалы геометрия, есептік геометрия, параметрлік геометрия, көрнекі геометрия, графикалық геометрия, инженерлік геометрия.

Аталған геометрия саласының біразы әл-Фараби тұжырымдаған қағидалардан бастау алады. Мысалы, аналитикалық геометрияның Р. Декарттан бастау алатыны, дәлірек айтқанда – оны координаталар жүйесімен байланыстыратыны белгілі. Ал координаталар жүйесі туралы жазылған алғашқы мәліметті әл-Фарабидің трактатынан кездестірдік. Б. Наполеонның серігі, атақты ғалым Г. Монжды сызба геометрияның атасы деп жүрсек, сызба геометрия да Әл-Фарабидің зейінінен тыс қалмапты. Сызба геометрияда қайтымды кескіндер алудың үш тәсілінің біреуі аксонометриялық проекция

болса, оны салуды да біздің ғұлама бабамыз жақсы білген сияқты. Оны әл-Фарабидің «Китап аль-музыки аль-Кабир» атты трактатында бейнеленген аксонометриялық және кононикалық ортогональ проекцияларда сызылған музыкалық аспаптардан көруге болады.



3-сурет. а) аксонометриялық проекция;

4 сурет. б) кононикалық ортогональ проекция

Нәтижелер мен талқылау

Әбу Наср Әл-Фарабидің геометриялық мұралары: Дөңгелек центрін анықтау туралы; Тең қабырғалы фигураларды салу туралы.; Дөңгелекке іштей сызылған фигураларды салу туралы; Фигураларға сырттай дөңгелек салу туралы; Фигураларға іштей дөңгелек салу туралы; Кейбір фигураларға іштей басқа фигураларды салу туралы; Үшбұрыштарды бөлу туралы; Төртбұрыштарды бөлу туралы; Шаршыларды (квадратты) бөліктеу және оларды құрастыру туралы; Сфераларды бөлу туралы зерттеулер.

Геометрияның ең биік шыңы – топология. Топологияның тууына әйгілі Л. Эйлер формуласы себебші болғаны әйгілі

$$T+Ж-Қ=2.$$

(1)

мұндағы Т–төбелер саны, Ж– жақтар саны, Қ – қырлар саны. Бұл формуланы Л.Эйлерден 1000 жыл бұрын әл-Фараби білген екен [2].

Платонның денелерін қарастыралық. Оларды әл-Машани «Киелі фигуралар» деп атаған.«Ықылым заманнан бері киелі немесе тамаша деп саналатын дұрыс көпжақты фигуралардың бес түрі белгілі болған.Шын мәнінде осы фигуралар ғылым мен техникалар саласында жаңалық ашуға да себепкер болды және соның негізі болып келеді. Біздің заманымызда да олар жетекші мәнін жоғалтқан жоқ» [2; 32-бет].

Сол дұрыс көпжаққа қатысты әл-Фараби бастап әл-Машани аяқтаған кестеден дұрыс бес көпжақ (тетраэдр, текше, октаэдр, икосаэдр және додекаэдр) үшін (1) теңдігінің орындалатынын көруге болады.Әл-Фараби формуласын кез келген дөңес көпжақ үшін де қолдануға болады. Пирамида, призма сияқты көпжақтардың төбелері, қырлары және жақтарын санап және салыстырып көрулеріңізге болады. Мысалы, жетібұрышты пирамиданың 8 төбесі, 8 жағы және 14 қыры болады, сондықтан $T+Ж-Қ=8+8-14=2$ болады. Сегізбұрышты призманың 16 төбесі, 10 жағы және 24 қыры болады да, тағы да $T+Ж-Қ=16+10-24=2$ болатыны анықталады. Тетраэдр жақтарының саны оның төбелерінің санына, ал текшенің жақтар саны октаэдрдің төбелер санына тең.Ал текшенің жақтар саны октаэдрдің төбелер санына, керісінше текшенің төбелер саны октаэдрдің жақтар санына тең. Сондай-ақ, икосаэдрдің жақтар саны додекаэдрдің төбелер санына, керісінше икосаэдрдің төбелер саны додекаэдрдің жақтар санына тең болады екен. Осындай денелерді екіжақты денелер деп атайды. Сонда тетраэдр өзіне өзі екіжақты

болады екен. Текше мен октаэдр, икосаэдр мен додекаэдр екіжақты денелер болып табылады.

Әбу Насыр әл-Фараби ежелгі гректің ұлы математигі және астрономы Птолемейдің «Алмагестіне» көлемді түсініктеме жазғаны белгілі. Бұл еңбек «Алмагестке түсініктеме» деп аталады. Әл-Фарабидың бұл трактаты тригонометрияны дамытуға да игі ықпал жасады. Мұндағы негізгі бір жаңалық әл-Фараби синус, косинус, синус-ферзус, тангенс, котангенс сызықтарын бірыңғай радиусты тұрақты шеңбер ішінде қарастырды. Олардың арасындағы бірсыпыра қатынастарды ашты, кейбір қарапайым қасиеттерін айқындады. Ол тригонометриялық кестелер жасауда аса қажет болып саналатын бір градус доғаның синусы мен косинусын анықтауда елеулі табыстарға жеткен. Әл-Фараби осы айтылған тригонометриялық мағлұматтарға және басқа да қосымша математикалық материалдарға сүйене отырып, «Алмагесте» қарастырылған астрономия және география мәселелерін математикалық жолмен шешудің ең жеңіл әдістерін ұсынады. «Геометриялық фигуралардың егжей-тегжейі жөнінде табиғат сырлары мен рухани әдіс-айлалар кітабы» геометриялық салу есептерін сұрыптап, бір жүйеге келтірген. Жүзден аса есептің салу әдістері көрсетілген. Бұлардың ішінде парабола салу, бұрышты трисекциялау, кубты екі еселеу, дұрыс көпбұрыштар салу, көпжақтар салу, жазық фигураларды түрлендіру, т.б. бар. Әл-Фараби адымы тұрақты циркуль мен бір жақты сызғыштың жәрдемімен шешілетін есептерді мол қарастырды. Осы еңбекте 3, 4, 5 және т.б. өлшемді куб салу есебін ойша қалай шешу идеясы бар. Сондай-ақ оның «Болжамдағы геометрияға кіріспе» атты трактат жазғаны мәлім, бірақ ол еңбегі бізге жетпеген.

Осыған қарағанда, Әбу Насыр әл-Фараби көп өлшемді абстракциялы геометрияның идеясын алғаш айтушылардың бірі деп жорамалдауға негіз бар. Ұстаздың бұл трактатын математика тарихшылары осы уақытқа дейін атақты Хорасан математигі Әбдул-Уафаға теліп келгені анықталды. Әбу Насыр әл-Фараби арифметика саласында «Теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе» деп аталатын еңбек жазған. Оның көптеген еңбектерінде математикалық логиканың элементтері кездеседі.

Әбу Насыр әл-Фарабидің математикалық идеялары мен мұраларын Әбу-л-Уафа, Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Әбу Райхан Бируни, Омар Хайям сияқты шығыс ғұламаларымен қатар, Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи тәрізді Еуропа ғалымдары да көп пайдаланған.

Ғалым ежелгі гректің ұлы астрономы Клавдий Птоломейдің еңбектерін түсіндіре, кемелдендіре отырып, өз тарапынан да теориялық (математикалық), практикалық мәні зор қорытындылар жасады, идеялар, пікірлер айтты.

Қорытындылар

Ислам өркениетінің Еуропаға ықпалы әртүрлі ғылым салаларында, соның ішінде математика саласында да, ашылмаған тың деректер ретінде байқалады. Тарих көрсеткендей, мәдениет пен өркениет қатынастарының дамып, өзара бірігуі исламнан кейін ғана жүзеге асты. Шығыс пен Батыстың барша өркениеттері өзінен бұрынғы Мысыр, Грек, Үнді өркениеттерінің Исламның өзегімен ұштасатын тұстарын алып, дамытқаны белгілі. Осы орайда айта кететін бір мәселе, ерте дәуірдегі мұсылман зерттеушілері грек, парсы, үнді және түркі тілдеріндегі көптеген мұраларды хатқа түсіру, аудару арқылы оларды сақтап қалып, әлемдік өркениетке үлкен үлес қосқаны айдан анық.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін 1150 жыл өтсе де өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ, жоғалтпайды да.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аль-Фараби. Естественные-научные трактаты. Алма-Ата: Наука, 1987. 496 с.
2. Ақжан әл-Машани. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. Алматы: Алаш, 2004. 216 б.

3. Шәмшиден Әбдраман. Қудаланған әл-Машани емес ... әл-Фараби. Ақжан әл-Машанидің «Әл- Фараби және бүгінгі ғылым» атты монографиясындағы «алғы сөз».6...27 бб.
4. Есмұхан Ж.М., Қажғалиева С.Қ. Әл-Машани және қолданбалы геометрия // Инженерлік графика мен кәсіби білім проблемалары. Ғылыми педагогикалық журнал. Астана: ЕҰУ, 2011. №5.17-23 бб.

Аннотация:Абу Насир аль-Фараби - всемирно известный мыслитель, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логик и исследователь музыки. В статье упоминается вклад Абу Насира аль-Фараби в развитие науки в целом с особым упором на науку о геометрии. Абу Наср аль-Фараби как математик работал в трех тесно связанных областях: методологические проблемы математики, математические естественные науки и участие в развитии определенных специфических разделов математики. Он считает, что все науки являются лишь ветвями геометрии, а геометрия является их корнем. Геометрия - это многоотраслевая наука, многие ее отрасли начинаются с принципов, сформулированных аль-Фараби. Кроме того, Абу Наср аль-Фараби был одним из первых, кто предложил идею многомерной геометрии абстракции. В данной статье дается краткий обзор геометрического наследия Абу Насир аль-Фараби и обзор того, как математические научные труды Абу Насира аль-Фараби развивались в истории.

Abstract:Abu Nasir al-Farabi is a world famous thinker, philosopher, sociologist, mathematician, physicist, astronomer, botanist, linguist, logician and music researcher. The article mentions the contribution of Abu Nasir al-Farabi to the development of science as a whole, with particular emphasis on the science of geometry. Abu Nasr al-Farabi as a mathematician worked in three closely related fields: methodological problems of mathematics, mathematical natural sciences, and participation in the development of certain specific branches of mathematics. He believes that all sciences are only branches of geometry, and geometry is their root. Geometry is a multidisciplinary science, many of its branches begin with the principles formulated by al-Farabi. In addition, Abu Nasr al-Farabi was one of the first to propose the idea of multidimensional geometry of abstraction. This article gives a brief overview of the geometric heritage of Abu Nasir al-Farabi and an overview of how the mathematical scientific works of Abu Nasir al-Farabi evolved into stories.

ӘОЖ 94(574)

Сембиева Ш.Б.

аға оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ. Шымкент. Қазақстан
**АЛАШ ЗИЯЛЫСЫ, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРОКУРОРЫ –
СҮЛЕЙМЕН ЕСҚАРАЕВ**

Түйін: Бұл мақалада өткен ғасырдың басында ұлт үшін орасан зор еңбек еткен, бірақ әлі күнге дейін өзінің тарихи құндылығын таба алмаған адамдардың бірі - Сүлеймен Есқараевтың қоғамдық-саяси қызметі талданады. Сүлеймен Есқараевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі тақырыбын, Тлеукулов С.С., Тлеукулов Г.С., Надирова Р., Қойшыбаева Б., Жалмағамбетова Е.Х., Турсун Х.М. және т.б. Алаш қайраткерлерінің өмір жолы туралы зерттеушілердің қарастырылған еңбектерімен қатар, Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатындағы деректерге сүйене отырып, жаңа ақпаратты ұсынады. Ұлттың сақталуы үшін ұлттық зиялылардың жасаған ізгілік әрекеттері Түркістан зиялыларының саяси элитасының өкілдері Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, бірге көптеген істерді бірге атқарды, Түркістан республикада қазақ қоғамының жаңаруы мен қалыптасуы үшін нақты саяси іс-қимылдар жасаулығы қажет деп идеясын қолдады.

Кілттік сөздер: ұлттық зиялылар, тұлға, Кеңес өкіметі, большевиктер идеясы, халық жауы, ұлт мүддесі, бірінші заңгер.

Сталиндік тоталитарлық жүйенің тар қыспағында жүріп, өз елінің өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің игі істеріне баға беру болашақ жас ұрпақты рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса маңызды. Кеңестік биліктің ұлт зиялыларының есімдерін халқымыздың жадынан мәңгілік өшіруге ұмтылған әрекетінің салдарынан осы кезге дейін ғылыми тұрғыдан игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған, бірақ, өзінің тарихи бағасын әлі де болса ала алмай келе жатқан, күні бүгінге дейін есімі көмескі аталып келген осындай тұлғалардың бірі – Сүлеймен Есқараев дер едік. Оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, жалпы тұлғасын танытуда С.Тілеуқұлов, Г.Тілеуқұлов, Р.Нәдіров, Б.Қойшыбаев, Е.Жалмағамбетов, Х.М.Тұрсын және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атаған жөн.

Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының деректерінен Алаш қайраткері Сүлеймен Есқараевтың өмір жолынан мынадай мәліметтерді кездестіреміз: Сүлеймен Есқараев 1896 жылы Сырдария облысы, Қазалы уезі, Қуандария болысында шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі мал шаруашылығымен айналысқан. XX ғасырдың басындағы қазақ өлкесіндегі әлеуметтік ауыр ахуал әрбір қазақ отбасын аянышты жағдайға алып келгендігі белгілі. Ол жасөспірім кезінде-ақ 1909 жылы қаланың кірпіш зауытында еңбек жолын бастайды. Кейіннен Сүлеймен теміржол жұмысына орналасып 1915-1916 жылдары Жетісу теміржол инженерінің тілмашы қызметін атқарды. Перовск теміржолында жұмыс істей жүріп, қаладағы «жексенбілік мектебінде» оқып білімін көтерді[1]. Сонымен қатар ол жұмысшылар арасында саяси сауатын ашып, революциялық күреске қатыса бастайды. 1918 жылы Қызыл гвардия қатарына қабылданып, партия жұмысына белсене қатыса жүріп, революция ісі үшін шын күрескер екенін таныта білді. С. Есқараев Перовск партизандар отрядының құрамына кіріп, Ақтөбе және Черняев майдандарында соғысты. Одан кейін Ташкенттегі Осипов көтерілісін басуға қатысып, Совет өкіметіне берілгендігін көрсетті. Ал, 1919 жылы Ташкент қаласындағы Партия және совет курсына оқуға жіберіледі. 1920 жылы Түркістан Шығыс институтына қабылданды. Оқу барысында ол ағылшын, араб, парсы тілдерін үйренеді.

Алайда мұрағат деректерінен XX ғасырдың 20-жылдарынан алаш зиялысы Сүлеймен Есқараевтың партиялық, кеңестік қызметінің басталғандығын байқаймыз. 1920 жылы Перовск қалалық партия комитетінің төрағасы болып тағайындалады. 1920-22 жылдары Ташкент қаласындағы облыстық төтенше комиссия төрағасының орынбасары, 1922-23 жылдары Перовскіде қалалық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды[2]. 1923 жылы Қазалы қалалық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Ал, 1923-24 жылдары Түркістан Коммунистік партиясының Орталық комитеті хатшысының орынбасары қызметтерін атқарады.

1924 жылдың наурызынан желтоқсанға дейін Сырдария облыстық атқару комитетінің төрағасы. 1921-1925 жылдары Түркістан орталық атқару комитеті мен Түркістан коммунистік партиясы Орталық комитетінің мүшесі болды. 1924 жылы Сырдария және Жетісу облыстарының коммунист басшы қызметкерлері Қазақ АССР-нің мемлекеттік органдарындағы басшы қызметтерге жіберілгенде олардың арасында С. Есқараев та бар еді. 1925 жылдың сәуірінен 1928 жылдың қаңтарына дейін Қазақ АКСР ішкі істер Халық Комиссариатында жұмыс істеп, ҚазЦИК-тің мүшесі, ал 1929 жылдың басында Орынбордағы Қазақ АКСР-інің өлкелік милиция мектебінің бастығы қызметіне жіберіліп, тұңғыш милиция мектебін құрушы болды. 1930 жылдың ақпанынан тамызына дейін Алматыда Жоғары техникалық оқу орындарында дайындық курсына оқып, одан кейін Москвадағы Жоспарлау академиясының энергетика бөліміне оқуға түседі. 1933 жылдың наурызында академияны үздік аяқтап, Петропавл қаласында орналасқан Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметіне жіберіледі.

Сүлеймен Есқараев 1936 жылы Әділет министрлігінен прокуратура бөлінгенде республика прокуратурасын өз алдына жеке дербес құрылым ретінде құрып, еліміздің прокуратурасының №1 бұйрығына бірінші қол қойды[3]. Ол еліміздегі прокуратура органдары жүйесінің құрылуына және қалыптасуына күш салды. Жаңадан өз алдына құрылып жатқан, прокуратура кадрлары жетіспейтін сол бір қиын-қыстау кездің өзінде Есқараевтың жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен, біліктілігімен республика прокуратура органдары жедел өз даму жолына түсті.

Сүлеймен Есқараевтың ең соңғы қызметі Қазақ ССР Халық комиссарлар Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары қызметі болды. 1937 жылы Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші съезінде С.Есқараевты «халық жауларымен байланысты» деп айыптайды. Съезде «Есқараев контрреволюцияшыл ұйымда болғандығын мойындады» деп хабарланғаннан кейін қамауға алынды[4]. КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы 1938 жылғы 25 ақпанда оны атуға ұйғарған. Сол кездегі «Социалистическая Алма-ата» газетінде жарияланған хабарға сүйенер болсақ, КСРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының көшпелі сессиясы өзінің жабық сот мәжілісінде «ұлтшыл-фашист, троцкистік-бухариншілдер» деп 19 адамға айып тағып ату жазасына кескендігін, олардың алдыңғы қатарында қазақтың арыс азаматтары Ұ.Құлымбетов, Т.Жүргенов, Ж.Садуақасов (барлығы 19 адам) Н.Сырғабектерден кейін С.Есқараевтың атын оқимыз[5]. С.Есқараев жазықсыз атылғаннан кейін оның отбасы мен ағайын-туғандары да қуғын-сүргінге ұшырайды. Жұбайы Мәуия Есқараева 1937-ші жылы ПХК-ның арнайы бұйрығымен салынған Ақмола халық жаулары әйелдерінің лагеріне жіберілді. Қызы Әлия, ұлы Марат «халық жауының ұрпағы» деген айыппен Алматыдағы балалар үйіне қабылданды[3].

КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының әділетсіз үкімі 1957-ші жылы бұзылып, Есқараев Сүлеймен өлгеннен кейін ақталды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «...Көненің көзінде, тарихтың өзінде болған жәдігерлерді жинақтап жүйелеу, оларды келешекке сақтап жеткізу, өзге жұрқа барымызды көрсетіп насихаттау – абыройлы міндеттің бірі» деген болатын. 1997 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 03.11.1997 жылғы № 1485 қаулысымен облыста «Есқараевтың 100 жылдық тойы» кеңінен аталып өтіліп, өзі дүниеге келген Қармақшы ауданындағы № 27 Жосалы лицейіне аты берілді. Сондай-ақ, 1997 жылы оның туғанына 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Зандылық, құқық тәртібі проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру институты- С.Есқараевтың есімімен аталады. Бүгінде Қызылорда қаласының бір көшесі Сүлеймен Есқараевтың есімімен аталады. Үстіміздегі жылы С. Есқараевтың 115 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өту мақсатында облыс әкімдігімен бірлескен іс-шаралар жоспары қабылданды. Іс-шаралар аясында жыл бойына облыс көлемінде ауқымды жоспарлар белгіленді. Қызылорда облысы прокуратурасының бастамасымен әдебиеттанушы, кинодраматург, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты Айгүл Кемелбайдың шығармашылық кеңесі негізінде «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасы «Сүлеймен Есқараев. Қазақтың тұңғыш прокуроры» атты деректі фильмін дайындады. Сондай-ақ, облыс прокуратурасымен қазақтың тұңғыш прокурорының өмірі, қызметі, адамдық қалпы тұрғысы баяндалатын «Тарланбоз» кітабы да жарық көрді.

Сүлеймен Есқараев негізін салған Тәуелсіз Қазақстан прокуратурасы Заңның үстемдігін, оның бірінғай және біркелкі қолданылуын, еліміздегі заңдылық пен құқық тәртібінің берілігі мен орнықтылығын қалтқысыз қамтамасыз етіп келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында». Алматы: Атамұра. 1999. 298 б.
2. ОҚОММ. С. Есқараев Қор 1170, тізбе №16, бума №1с. № ба.

3. Тұңғыш дербес прокурор, Сырдың заңғар заңгері-Сүлеймен Ескараев//<http://kzl.prokuror.gov.kz/kaz/novosti/>
4. Тұрсұн Х.М. Түркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1900-1924 жж.) Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореф. Алматы, 2007.
5. Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты (тарихи, саяси және ұлттық аспектілері). Алматы: «Нұрлы әлем», 2006. 23 б.
6. Жизнь и деятельность представителей казахской интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. Часть I. Шымкент, 2004. С. 111-112.
7. Тілеуқұлов Г. Жазықсыз жазаланған тұлғалар. Ташкент, 2000.

Аннотация: В данной статье проанализирована общественно-политическая деятельность Сулеймена Ескараева - одного из лиц, которые в начале прошлого века работали безмерно для нации, но еще не смогли получить свою историческую ценность. Для раскрытия темы о жизни и общественно-политической деятельности Сулеймена Ескараева, наряду с рассмотренными трудами исследователей Тлеукулова С.С., Тлеукулова Г.С., Надилова Р., Койшыбаева Б., Жалмагамбетова Е.Х., Турсун Х.М. и др., приводятся новые сведения о жизненном пути одного из деятелей Алаш, на основании источников Государственного архива Южно-Казakhstanской области. Гуманные дела, совершенные национальной интеллигенцией в целях сохранения нации, представителями политической элиты Туркестанской интеллигенции Т.Рыскуловым, Н.Торекуловым, С. Кожановым, С.Асфендияровым, проделавших немало деяний совместно с ним, также поддерживали идею о том, что конкретные политические действия в модернизации и формировании казахского общества в Республике Туркестан стоит осуществлять.

Ключевые слова: деятель, национальная интеллигенция, личность, советская власть, идея большевиков, враг народа, интерес нации, первый юрист.

Annotation: This article analyzes the socio-political activities of Suleimen Yeskaraev - one of the people who at the beginning of the last century worked immensely for the nation, but have not yet been able to get their historical value. To reveal the topic of the life and socio-political activity of Suleimen Yeskaraev, along with the reviewed works of researchers Tleukulov S.S., Tleukulov G.S., Nadirova R., Koyshybaeva B., Zhalmagambetova E.Kh., Tursun H.M. etc., provides new information about the life path of one of the figures of Alash, based on sources from the State Archives of the South Kazakhstan Region. The humane deeds committed by the national intelligentsia in order to preserve the nation, by representatives of the political elite of the Turkestan intelligentsia T. Ryskulov, N. Torekulov, S. Kozhanov, S. Asfendiyarov, who have done many acts together with him, also supported the idea that specific political actions in modernization and the formation of Kazakh society in the Republic of Turkestan is worth implementing. Zhalmagambetova E.Kh., Tursun H.M. etc., provides new information about the life path of one of the figures of Alash, based on sources from the State Archives of the South Turkestan Region.

Keywords: activist, national intelligentsia, personality, Soviet power, Bolshevik idea, enemy of the people, interest of the nation, first lawyer.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК
DIRECTION OF PEDAGOGICAL SCIENCES**

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
ПЕДАГОГИКА И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ –
PEDAGOGY AND TEACHING METHODS**

ӘОЖ 378.1

¹Тұрғынбаева Б.А., ²Төлешова А.Ә., ²Мамадалиев С.Т.

¹педагогика ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚҰПУ, Алматы, Қазақстан

²магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

²магистр оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**САНАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ТҰРҒЫСЫНАН БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ**

Түйін: Мақалада сананың ашықтығы тұрғысынан болашақ мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесі қарастырылған. Шығармашылық ойлаудың бір түрі-ойлау жаңа субъективті өнімнің пайда болуымен және оны жасау бойынша танымдық қызметте жаңа әзірлемелермен сипатталады. Бұл жаңа оқиғалар мотивациямен, мақсатпен, бағалаумен, мағынамен байланысты. Креативті ойлау репрографиялық ойлау деп аталатын білім мен дағдыларды пайдалану процесінен ерекшеленеді. Өнер табиғатын зерттеу философиядағы, әлеуметтанудағы, әдебиеттанудағы эстетикалық теориялардың іргелі мәселесі болып табылады. Қазіргі қиын кезеңдерде адами сана мен білімнің тез өсуі, ғылыми әлеует пен күштің артуы көркем шығармашылыққа терең көзқарасты талап етеді. Осыған байланысты өнердің сипаты ұлттық негізде жаһандану үдерісіне өзгеріс, ілгерілеу, бейімделу үшін негізделген. Бұл оқушылардан өзінің ішкі рухани әлемін үнемі жетілдіруді, еңбекқорлықты және терең білімді қажет етеді. Қазіргі білім беру технологияларының мақсаты-міндетті білім деңгейін қалыптастыру арқылы оқушыларды шығармашылық деңгейге шығару.

Кілттік сөздер: сананың ашықтығы, болашақ мұғалім, шығармашылық әлеует, білім беру, педагогика, дамыту, инновация, технология

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытуда жаңа технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттардыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген [1]. Бұл міндеттерді шешуде әрбір білім беру мекемесі, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол ашатын жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Қазіргі кездегі жоғары білім беру қоғам талаптарын қанағаттандырудың бірнеше жүйелерін қарастырады, яғни ғылымды, білімді және өндірісті интеграциялау түрі ретінде ғылыми оқу-өндірістік кешендер құру, оқытуды және студент еңбегін дараландыру, білім беруді ізгілендіру; оқытушылардың кәсіби даярлығына жоғары талап қою, жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді даярлау мен олардың кәсіби деңгейін жаңа педагогикалық технологиялар негізіне көтеру қажет. Мұндай үдеріс әлемнің түрлі елдерде өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне, экономикалық жағдайына білім

беру жүйесінің дәстүрлеріне қарай әртүрлі деңгейде көрініс тапқан.

Әдістеме

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі білім беру технологиясы деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өзгеше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда білім алушылардың іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғаюы, бүкіл педагогикалық үдерістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда кез келген оқу орындарында оқу үдерісін жетілдіру үшін жаңа педагогикалық технологияларын пайдаланудың тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр. Инновациялық білімнің теориялық-әдістемелік негіздері жөніндегі зерттеу еңбегінде педагог-ғалым А.Б.Нұрлыбекова инновация ұғымының шығу төркіні мен мазмұнына, инновациялық педагогиканың тарихи-педагогикалық алғышарттарын көрсетіп береді. Онда «Инновациялық технологияның негізгі сипаттамалары», «Инновациялық білімнің әдіснамалық және шығармашылық негіздері» сынды мәселелер қарастырылады [2].

Кез келген құралдың жанашылдығы тұлғалық және уақыттық тұрғыдан салыстырмалы түрде болады. Жаңашылдық әрқашан нақты тарихи сипатқа ие. Нақты бір уақытта туылып, нақты бір тарихи кезең міндеттерін дұрыс шеше отырып, жаңашылдық көпшіліктің жетістігі болуы мүмкін немесе дамуға тежеуші болып, ескіруі мүмкін. Мәселен, сонау ХҮІ ғасырда Я.А.Коменский ойлап тапқан сыныптық-сабақтық оқыту жүйесі, А.С.Макаренко немесе В.А.Сухомлинскийдің тәжірибесі, Ростовтық үлгерімнің алдын-алу тәжірибесі, сабақтардың алуан түрлі құрылымдары бойынша липецкілік тәжірибе, мәселелік оқыту тәжірибесі, оқу-тәрбие үдерісін тиімділеу тәжірибесі В.Ф.Шаталовтың тірек конспектілері және басқалардың жаңалықтары өз дәуірінің көрнекті идеялары болып табылады. Оларды тарихтан тыс қарастыруға және бағалауға болмайды. Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе біз бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны жаңалық, жаңа әдіс, өзгеріс, әдістеме, жаңашылдық, ал инновациялық үдерісті жаңа әдістеме құралы деп ұғамыз.

Қоғамның дамыған шығармашылық ойлауға ие, өндірістік және әлеуметтік өмірге жаңа мазмұн енгізетін адамдарға өскелең қажетсінуі болашаққа қатысты, кәсіби қызметке жоғары талапты белгіледі және тұрақтандыруға берік ағымға ие болып отыр. Әрбір маманның кәсіби шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың мәні объективті түрде өсті. Кәсіби шығармашылық қабілет жоғары деңгейлі болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі мен біліктілігін арттырады.

Қазақстан Республикасыны 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық шығармашылығын дамытуға, білім беру қызметіндегі қажеттілікті қалыптастыруға бағытталуы тиіс деп көрсетілген [3].

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шығармашылық қабілетінің деңгейін көтеру проблемасы, еркін және белсенді ойлауға қабілеттілігі, тәрбиелік-білім беру процесін үлгілеу, оқыту мен білім берудің жаңа идеясы мен технологиясы дербес бейімделе алатындығы өзекті болып табылады. Өйткені, біріншіден, кәсіби білікті мұғалім мектептегі тәрбие-білім беру үдерісінде шығармашыл оқушыларды қалыптастыруға оң ықпал жасайды, екіншіден, ол өзінің кәсіби қызметінде үздік нәтижелерге қол жеткізе

алады, үшіншіден, оның кәсіби мүмкіндіктерін іске асыруға қалыптастырады. Барлық жаңа типтегі білім беру мекемелер оқу пәндерін тереңдетіп оқытатын лицейлердің, гимназиялардың, мектептердің қызметі дәлел болып қызмет етеді.

Шығармашыл тұлға – бұл шығармашылыққа деген тұрақты да жоғары қызығушылығын білдіретін, шығармашылық қабілетті қалыптастырудың органикалық бірлігінде көрінетін, оған бір немесе бірнеше әрекет түрлерінде прогрессивті, жеке мәнді шығармашылық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін мотивациялық-шығармашылық қабілеттілік тән – тұлға. Шығармашылыққа талпыныс адамның танымдық мотивациясын қалыптастырушы ретінде, шығармашыл процестің оталдырғыш механизмі ретінде саналады.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі еңбек жолын енді бастағанда өзінің болашақ кәсіби қызметін жан-жақты игеру, өзін педагогикалық қызметтің субъектісі қалыптастыру міндеті тұр. Енді бір-біріне ұқсас емес жағдайды шығармашылық шешу болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін кәсібіне кіріскеннен бастап ынталандырады. Қазіргі кезде педагогикалық қызмет өз табиғаты бойынша жалпыға бірдей болған шығармашылық болып табылатыны туралы тұжырымдайды. Болашақ мұғалімнің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру тұлғаның ақыл-ойы, көңіл-күй, көзқарастық мүмкіндігін ынталандыру үшін нақты жағдай жасайды. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шығармашылық қабілетін дамыту үдерісі педагогикалық шығармашылығын қалыптастыруда, онда жеке позицияны және тұлғаның белсенділігі маңызды сапасын қамтиды. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шығармашылық қабілеті түрліше байқалады және күнделікті педагогикалық қызметте іске асырылады.

Қазіргі жағдайда болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шығармашылық қабілетін дамыту болашақ кәсіби қызметтің ғылыми негіздерін білу айрықша маңыз алады, кәсіби білім, біліктілік пен дағдыны игереді. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шығармашылық қабілеттілігі оның жоғары оқу орындарында оқу үдерісінің өзінде қалыптаса бастайды. Шығармашылық қабілеттіліктің негізі іргелі (пәндік негіздеме бойынша), арнайы (жеке дидактикалық), психология-педагогикалық білімдерді оқу болып табылады, олар болашақ кәсіби қызметті игере білу деңгейімен анықталады. Қазіргі уақыт талабына сай, жоғары оқу орындарында мамандар даярлау көп аспектілі және сан алуан мәселелерді қамтиды. Білім беру саласында қоғамның әрбір мүшесінің назарынан тыс қалмайтын мәселелер жайында түбегейлі өзгерістер жасалуда. Қазіргі қоғамда ең алдымен білімді дамыту тиіс. ХХІ ғасырдағы білім адамның қызығушылықтарының дамытуға негізделеді. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі қоғамда болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық, ғылыми өзгерістерге тез төселгіш жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жеке шығармашылық кәсіби стильде педагогикалық үдерісте жұмыс істей алатын болуы керек. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артады. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі үшін де білім – оның шығармашылық қабілетін дамыту. Әсіресе біздің көңіл аударатын басты мәселеміз болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін шығармашылық жұмыстарға жетелеу, оларды тиянақты ғылыми біліммен қаруландыру, сол арқылы нарықтық экономиканы меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдануда бұл талаптардың алатын орны ерекше. Себебі, болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі өзінің теориялық білімдері мен біліктерін іс жүзінде қолдану барысында педагогтік іске жатқызады. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі жаңа педагогикалық технологияларды қолдану барысында әрбір технология бойынша терең мағлұмат алады:

Жалпы шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен дербестігінің және қиыл-ойын іске асырудың жоғары формасы. Шығармашылықты сипаттаушы маңызды ой-тұжырымның бірізділігі негізінде логикалық жүйенің және жоғары сезімнің асқақ ойлаудың ерекше тәсілдерінің іске асуы болып табылады. Адамның ақыл-ой

өзгешеліктерін, оның жеке қасиеттерін көрсететін кез келген адам бойынан табылатын логикалық бірізділік логикалық жүйеге негізделген шығармашылық шабыт қабілет деп аталады [4].

Шығармашылық болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне шынайы қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Жаңаны жасау, өзі жасаған тың дүниеден алған жан ләззаты студент үшін шабыт баспалдағы болып саналады. Ғылыми жұмыс жаза білген студенттің сұлулық пен әсемдік туралы түсінігі мол болады. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне алуан түрлі тапсырмалар беру, ойындар ұсыну студент назарын шығармашылық арнаға бұрады. Ұшқырлық, өткірлік, қиялға, ойға жүйріктік, ой жүйесіндегі дәлдік, философиялық түйін табу, сөздің мағынасын түсіну, жүйелі сөйлей білуге үйрету қажеттілігі жоғары оқу орнында тіл тәрбиесін жүргізудің сан алуан формасын меңгеруді керек етеді. Шығармашылықтың түрлері көп. Солардың ішіндегі ерекшесі – сөз өнері саласы. Олай болса, Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне сөз өнерін меңгерту оқытушының алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі болуы тиіс. Шығармашылық қызығуы қалыптасқан студентті іздеу, оларды тәрбиелеу қоғам үшін өте қажет, себебі дарынды адам басқа адамдарға қарағанда көп пайда алып келеді. Сол себепті студентті зерттеу, бейімдеу, ынталандыру жұмыстары көптеп жүргізілуі қажет. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кіру білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шығармашылық қабілеті және оның мәнін түсіну үшін жеке тұлғаның ғылыми-педагогикалық зерттеулердің объектісі ретінде анықталу сипатын білу қажеттілік болып табылады. Қазіргі жаңа өрлеу, даму кезеңінде, жоғары оқу орындарындағы болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін заман талабына сай тәрбиелеу және оларды жаңа заманға жаңаша көзқарас қалыптастырып, білім сапасын техника жетістіктерімен сабақтастыра отырып жаңарту – ХХІ ғасыр талабы болып табылады.

Қазақ халқының тілі мен көркем әдебиеті атадан балаға мирас болып ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінің арқауы болған және әр дәуірдің өз шындығын бейнелеп, әр заманның адам тәрбиесіндегі өзіндік мақсат мұраттарын айқындап отырған. Жоғары кәсіби білім беруде қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда жаңа технологияларды пайдалану көркемдік құндылығы жоғары туындыларды меңгеруді көздейді. Әдебиет үздіксіз даму үстінде болатын процесс болғандықтан, әдебиеттің соңғы жылдар ішіндегі табыстарының өзі қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті курстарының мазмұнына едәуір өзгерістер енгізіп, үнемі оқу бағдарламаларын жаңартып, қадағалап отыруды қажет етеді. Сондықтан жоғары мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жекелеген пәндерді оқытудың мазмұнын, оқыту әдістерін, ұйымдастыру формаларын айқындайтын педагогика ғалымның бір саласы пәндік дидактикаға негізделеді. Қазіргі жағдайларда қоғамның маңызды міндеті - жаңа өзіндік сана мен ойлауды қалыптастыру. Жоғары оқу орындарындағы қазақ әдебиеті пәнін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану болашақ мамандардың кәсіби дамуына ықпал етеді. Интерактивтік іс-әрекеттің негізгі идеясы – өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа негізделген достық ахуал жағдайындағы екіжақты және көпжақты қарым-қатынас, пікірлесім, тілдесім. Бүгінгі таңда білім беру саласындағы жаңа технологияларды меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес, өйткені ақпарат мәселесі қоғамдағы түйінді мәселелер қатарынан орын алады. Қоғамды ақпараттандыру мәселесіне қоғамды дамытудың негізгі шарттары ретінде аса мән берілуде. Компьютерлік ақпараттық технологияның бүкіл адамзат әрекетінде қолданыс табуы қоғамның парасаттану тенденциясының жоғары деңгейін көрсетеді. Жаңа ақпараттық технологиялар жағдайындағы оқыту үдерісі жеке тұлға теориясына сүйенеді, өйткені кез келген оқыту әрбір жеке тұлғаға бағытталады [5].

Елімізде кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, бәсекеге қабілетті және күзиретті маман даярлау бүгінгі күннің басты талабы. Мұндай маман дайындау үшін білім

беру үдерісін белсендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін, технологияларын жетілдіру керек. Осы бағытта жоғары мектеп педагогикасының күрделі де маңызды бір мәселесі - студентті болашақ мамандығына бейімдеу, кәсіптік біліктілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызы зор. Қазақстандық бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім, тағылымды тәлім-тәрбие беру үрдісінде қазіргі заманғы электорнды ақпараттық-қатынастық технологияларды тиімді пайдаланудың орны ерекше. АҚТ-ны пайдалануды заман ыңғайына қарай оңтайлы дамыту – ХХІ ғасырда кез-келген мемлекеттің дамуына аса маңызды орын алады.

Педагогикалық қызметтің нәтижесіне деген көзқарастың өзгеруі білім беру процесіндегі құзіреттің орнын көрсетеді. Сондықтан мұғалім үйренушінің өзін мақсат қоюға үйретуі керек. Жоғары оқу орнында балалар әдебиетінің қазіргі прозалық үлгілерін талдауда үйренетін әдеби теорияның жүйесіне әдебиеттану әдіснамасындағы мазмұн мен пішін бірлігін басшылыққа алу, әдеби талдаудың әдістерін меңгеру, әдеби шығарманы көркемдік тұтастықта ғылыми талдау, жеке элементтер жүйесіне талдау, мәтінге талдау жүргізу, проблемалық талдау, тақырыптық талдау, тұтас талдау, образ бойынша талдау жатады. Студенттер осы жүйеге сәйкес Балалар әдебиетіндегі прозалық туындыларды тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктері мен көркемдік құндылықтар ауысуындағы даму тенденцияларын талдап, әдеби құзыреттіліктерін дамытады. Сұрақ–жауап, баяндау, топтық жұмыс түріндегі семинар сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтар талдауға ұсынылады:

- 1) Балалар әдебиетіне жататын қандай шығармаларды атауға болады?
- 2) Балалар әдебиеті тәуелсіздік жылдарында қандай бағытта дамып келеді?

Шығармашылық жұмыс ретінде «ЖИГСО» әдісімен топтық жұмыс ұйымдастырылады. Әр топқа тапсырма беріледі.

1-топ: Қазіргі таңда оқырманы көп балаларға арнап жазылған шығарманы атаңыз?

Жауаптарыңызды ғылыми тұжырымдармен дәйектеп айтып беріңіздер.

2-топ: Қазіргі балалар әдебиетінің әлеуметтік мәселе ретінде әңгіме, повестерге тән тән проблемалық жағдаяттарды «Топтастыру стратегиясы» бойынша жазыңыздар.

3-топ: Қазақ балалар әдебиетіндегі повестерді тақырыптық жіктеп, кесте түрінде көрсетіңіздер. Студенттердің жауаптары оқу іс-әрекетінің кәсіби бағыттылық ұстанымы арқылы дамытылуға тиісті кәсіби құзыреттіліктерін анықтауға көмектеседі. Ақпараттық құзыреттіліктердің қазіргі дамыған жағдайында әрбір студент орындайтын аудиториялық, өзіндік жұмыстарында инновациялық технологиялардың көмегімен оқытудың сапасы арта түседі. Балалар әдебиетін оқытуда жалпы дидактикалық ұстанымдармен бірге қазіргі білім берудің жаңа парадигмасымен байланысты өрбіп отырған оқыту ұстанымдарын басшылыққа алудың өзектілігі айқын. Студенттердің эстетикалық танымдық әрекеті арқылы көркем шындық пен ақиқат өмірдің байланысы, қоршаған ортаға, әлемге деген көзқарасы, ұғым-түсініктерімен пайымдаулары, пікірелері мен өзіндік тұжырымдары қалыптасады. Студенттің қазіргі балалар әдебиетін кәсіби тұрғыдан игеруі практикалық тәжірибенің жинақталуы нәтижесінде, көркем шығарманы талдау, сараптап-пайымдаудың негізінде жүзеге асады. Мәселен, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Жекпе-жек» повестерін оқып, талдауда мынадай тапсырмалар студентті мәтіндік білімді мазмұндық тұрғыдан игере отырып, ақиқат өмірмен байланыстыруға дағдыландырады:

- Повестер неліктен «Менің атым Қожа», «Жекпе жек» деп аталған?
 - Повестердің тақырыптық атауының мәні неде?
 - Өмірдегі адамдар мен әдеби кейіпкерлердің өзіндік байланысы бар ма?
 - Қазіргі қоғамда және Б.Соқпақбаев бейнелеген қоғамдағы балалардың көзқарастарында қандай айырмашылық бар?

Нәтиже

Бұл арқылы балалар әдебиеті контексіндегі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың адамға дұрыс бағыт бере алатын ең маңызды идеалдарын игереді. Болашақ мамандардың ақыл-ой мәдениетін жоғары деңгейге дамыту көзделеді. Сондықтан балалар әдебиетін оқытуда жай мазмұндық тұрғыдан игеру аздық етеді, оның ішкі жан-дүниесіне, әдеби иірімнің астарындағы адамдық немесе адамзаттық проблемаға, құндылықтарға үніле отырып, әлемді тануға ұмтылу кәсіби әдебиетші мамандарды даярлауда ерекше маңызды орын алады. *Нәтижесі бағдарлай оқыту ұстанымы* бұл кез-келген салада жаппай бағыт алған тенденция десе де болады. Себебі, кез-келген әрекеттің нәтижесі болуы өмірлік заңдылық, аталған ұстаным сол заңдылықтардың педагогика ғылымында ерекше мән беруіне байланысты туындап отыр. Жоғары оқу орнында қазақ тіл мен әдебиет мамандарын даярлауда балалар әдебиетін, оның ішінде әңгіме, повест жанрларын оқытуда жалпы ортақ жалпыдидактикалық заңдылықтардың ішінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың инновациялылығы ұстанымы басты назарға алынады.

Талқылау

Әлемдік оқу үдерісінің өзегі – жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді оқытушы ізденіс арқылы білім алушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Қорытынды

Заманауи сөздік қорымызға педагогикалық технология ұғымының берік енуіне қарамастан, оны түсіну мен пайдалануда қазірге дейін әртүрлі көзқарастар кездеседі. Педагогикалық технологиялар заманауи оқытудың әдістерінің, формаларының, тәсілдерінің барлық құралдары, әсіресе оқытудағы ақпараттық технологияларды пайдалану саласындағы мүмкіндіктер бойынша пайдалану қажет. Инновациялық оқыту әдісі – оқытудың нәтижелілігі мәселесін шешуге бағытталған тағы бір қадам. Бұл мәселенің түбегейлі шешілуі жаңа өркениеттің бастамасын білдіреді. Инновациялық педагогикалық технологияларға өнер табыстарын, жаңа технологияларды жасау, тарату, ендіру, пайдалану және коммерциализациялау технологиялары жатқызылып жүр. Алдағы уақытта осы мәселелер жөнінде ізденістер жасау жоспарлануда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана; Ақорда, 2007. №3,19-III ҚРЗ.
2. Нұрлыбекова А.Б. Инновациялық білім: теориялық және әдістемелік негіздері. Шымкент, 2019. 133 б.
3. ҚР Білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2011
4. Т.Тәжібаев. К.Д.Ушинскийдің психологиялық жүйесі. Халық мұғалімі. 1946, № 1-2
5. Қатаев Н.С. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында мультимедиялық технологияларды пайдалану біліктілігін қалыптастыру. ПҒКД. Алматы, 2010. 144 б. 32 бет
6. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Алматы, 2013. 448 б.
7. Жұмажанова.Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші студенттерге арналған оқу құралы. Алматы: Білім, 2009. 288 бет. //Әдеби мәтіндерді студенттерге меңгертудегі дәрісханадан тыс жұмыстарды ұйымдастыру: Оқу құралы. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Ұлағат» баспасы, 2011. 152 б.

Аннотация: В статье рассматривается развитие творческого потенциала будущих учителей в условиях открытости сознания. Один из видов творческого мышления - мышление характеризуется появлением нового субъективного продукта и новыми разработками в познавательной деятельности по его созданию. Эти новые события связаны с мотивацией, целями, оценками, смыслом. Креативное мышление отличается от процесса использования знаний и навыков, полученных от того, что называется репрографическим мышлением. Изучение природы искусства является фундаментальной проблемой эстетических теорий в философии, социологии,

литературоведении. В нынешние трудные времена быстрый рост человеческого сознания и знаний, увеличение научного потенциала и мощи требуют более глубокого взгляда на художественное творчество. В связи с этим характер искусства также основан на национальной основе для изменения, продвижения, адаптации к процессу глобализации. Это неизбежно потребует от учеников постоянного совершенствования своего духовного внутреннего мира с их зрением, трудолюбием и глубокими знаниями. Цель современных образовательных технологий - вывести учащихся на творческий уровень путем формирования обязательного уровня знаний.

Ключевые слова: открытость сознания, будущий учитель, творческий потенциал, образование, педагогика, развитие, инновации, технологии

Abstract: The article discusses the development of the creative potential of future teachers in an open mind. One of the types of creative thinking - thinking is characterized by the emergence of a new subjective product and new developments in the cognitive activity on its creation. These new developments relate to motivation, goals, assessments, meaning. Creative thinking differs from the process of using knowledge and skills learned from what is called reprographic thinking. The study of the nature of art is a fundamental issue of aesthetic theories in philosophy, sociology, literary science. In today's difficult time, the rapid growth of human consciousness and knowledge, the increasing scientific potential and power require a deeper look at artistic creativity. In this regard, the nature of art is also based on the national basis for change, advancement, adaptation to the globalization process. This will inevitably require the students to constantly improve their spiritual inner world, with their eyesight, diligence and deep knowledge. The goal of today's educational technology is to bring students to the creative level by forming a compulsory level of knowledge.

Keywords: openness of consciousness, future teacher, creative potential, education, pedagogy, development, innovation, technology

УДК: 378.09

Дүйсенов Н.Ж.¹, Амиров М.М.², Байжанова М.Т.²

¹техника ғ.к., аға оқытушы Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан

²аға оқытушы, М. Ауэзов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

²магистр, оқытушы, М.Ауэзов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ДАМЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫС МҮМКІНДІГІН АРТТЫРУ

Түйін: Білім беру саласындағы рухани жаңғыру бағыттарының бірі әрі білім саласының жаңашылдық көрінісі - ақпараттық технологияларды қолдану.

Қазіргі уақытта еліміздегі білім беру үдерісіне «Білім беру» жаңа стандартының енгізілуі аясында бұл тақырып ақпараттық технологиялардың оқу процесіне белсенді енгізілуімен өзекті болып табылады. Заманауи техникалық оқу құралдарының шоғырлануы оқу процесінің модернизациясына ықпал етуде және соның нәтижесінде оқу процесінің тиімділігін арттырумен қатар оқышылардың ақыл-ой белсенділігін арттыруда, мұғалімдердің шығармашылығының дамуына ықпал етуде және де қашықтықтан оқытуға мүмкіндік беретін үздіксіз білім беру жүйесін дамытуда. Отандық және шетелдік басылымдарда оқу процесін компьютерлендіру белгілі бір пәнге оқытуды ұйымдастырудың маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылады. Оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары алдыңғы қатарлы университеттер мен институттардың ғылыми әлеуетін белсенді пайдалануға және білім берудің қашықтықтан оқыту курстарын ұйымдастыруға, оқытуға тәжірибелі оқытушыларды тартуға және студенттердің қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада электрондық оқулық құру сызбасы келтірілген. Авторлық құралдарды қолдана отырып, электронды оқулық құру талаптары, критерийлері келтірілген. Электронды оқулықты құрудың оңтайлы моделі ұсынылады.

Кілттік сөздер: электрондық оқулық, электрондық басылым, оқыту технологиясы, ақпараттық технологиялар, оқыту құралы, рухани жаңғыру, авторлық сайман құрал, оқулық

контенті, электронды оқу құралы.

Кіріспе.

Қазіргі уақытта әлемде қоғамның ақпараттық мәдениет деңгейі мемлекеттің даму көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Қоғамның ақпараттық мәдениет деңгейін көтерудің бірден-бір жолы білім саласын жаңа прогрессшіл бағыттарда жүргізу. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім жүйесін дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында өзгермелі экономикалық қоғам жайындағы білім жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттер белгіленген. Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі жоғары оқу орындары білім беру, жекелеген пәндерді оқыту сапасын әлемдік білім беру жүйесінің талаптарына сай жетілдірілуді талап етеді. Білім беруді ақпараттандыру және компьютерлендіру үдерісі кез келген білім беретін оқу орны үшін үздіксіз, күрделі және көпфакторлы процесс болып саналады және ол білім беру қызметінің нәтижесі мен сапасына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының әрбір білім беру саласы мен буындарына тың көзқарас, жеке үлгідегі ізденіс қажет. Өскелең, болашағы зор жас ұрпақты талаптары мен оның мақсат, мүдделеріне сай өмір сүруге бейімдей отырып, оқытып, логикалық ой тұжырымдатып, таңғажайып ғылым саласына тартуда пән мұғалімдерінің рөлі ерекше. Білім алушылардың қазіргі заман талабына сай жерсерік арнасы арқылы қашықтан оқыту және электрондық оқулықтарды пайдаланып, қоғамдық пәндерге деген қызығушылығын арттыру — әрбір ұстаз міндеті. Әрине, электронды оқулықтарды қолданудың әсері мол. Осы талаптарды жүзеге асырудың бірінші талабы білім алушының компьютерлік біліктілігіне байланысты. Оқыту үрдісінің негізгі мәселесі — оқушыға іргелі де терең, тиянақты жүйелі білім беру. Іргелі білім берудің міндеті адамды ғылыми ойлауға, оның әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызады.

Бүгінгі күні бұл міндетті электрондық оқулық жүзеге асыруға тікелей қатысуда. Электронды оқулық жасау кезінде пән бойынша мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламасы негізге алынады.

Негізгі бөлім.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдауында «Электрондық үкімет» жүйесін шұғыл енгізу қажеттілігі және «жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс» — деп нақты атап көрсетті [1]. Біз электрондық үкіметпен ел басқарамыз, мемлекеттік органдарды тиімді пайдаланамыз.

Электрондық оқулықпен оқытудың мақсаты — «оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың дамуы кезеңінде электрондық оқулықтардың ерекшелігі үлгіге сәйкестілігі мен жоғары мобильділігі, оқуға үйренуге икемділігінде болып табылады. Электрондық оқулықтар оқу және зерттеу материалдарын толықтыратын, қосымша қолдануға толық жарайтын қажетті құрал болып есептеледі.

Электрондық оқулық — ғылыми-педагогикалық құрал. Электрондық оқулықтардың жасалуы модульдік оқудың педагогикалық теориясы болып есептеледі. Оқулықтар мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жасалады. Оған әрбір пәннің мамандары, көрнекті саланың ғалымдары мен педагог-дидакттар, әдіскерлер, программист-дизайнерлер, операторлар қатысады.

Электрондық оқулықтармен жұмыс негізгі үш деңгейде атқарылады: оқыту; бақылау және тексеру.

Электрондық оқулықтар білім алушының өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады, олардың терең де тиянақты білім алу сапаларын көтереді. Сонымен бірге барлық оқу процесінің алға қойған мақсатынан бастап, қол жеткен нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды, білім алушының үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді. Ақпараттық білім беру танымдық ойлау мен ақпараттық өзіндік анықтамалар, білімді автоматты түрде бағалаудың тестілік әдістерін даярлап береді. Электрондық оқулықтар әр түрлі ақпарат жиынтығын, білім алушыға білім берудің негізгі пайда болу орталықтары туралы толық мәлімет бере алады.

Электрондық оқулықтар толық курстың жеке бөлігін құрайтын, белгілі ақпараттық, жүйелі қызмет атқаратын білім жиынтығы — модульден тұрады, ол білім алушының толық, жүйелі түрде білім алуын қалыптастырады.

Гипермәтінде елестететін мәтінді пайдалану (негізгі сөзді түрлі бояумен және шрифтпен ерекшелеу), жоғары сапалы бейнелердің, суреттердің дидактикалық талаптарына жауап береді, оқып отырған материалды қабылдауды жеңілдетеді.

Электрондық оқулықтың әр шағын модуліне қосымша материалды толық меңгеру үшін, студенттердің өз бетінше шығармашылық жұмыстармен айналысуы үшін өтілген оқу материалдарына сәйкес тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі беріледі. Тапсырмаларды тексеру шағын модульді аяқтағаннан соң, ал тест арқылы бақылау негізгі модульді өткеннен соң жүргізіледі. Білім алушылардың дидактикалық және әдістемелік даярлықтарына арналған тапсырмалар олардың белсенділігін қалыптастырады.

Электронды оқулық ерекшелігі — жоғары мобильдігі мен икемділігі, онда көптеген иллюстрациялар, бейнефильмдер көріністері енгізілген. Электронды оқулық күнбе-күн, түскен жаналықтармен қажеттілігіне қарай толықтырылып отырылуы тиіс деп ойлаймыз. Сонымен қатар оқулық білім алушыға тест сұрақтарын қойып, жауабына нақты бағасын алуға жағдай жасайды. Қажет болған жағдайда білім алушыға мәтінге қайтадан оралып, түсінбей қалған жерін қайта қарап, тақырып соңындағы бақылау тестіні немесе кестені толтырады. Міне, осы кезде білім алушының жеке бас психологиясына электронды оқулық назар аударады десе де болады. Топ алдында жіберген қатесін тауып, түзетуге тырыспаса, «ұялшақтығынан», ал электрондық оқулықтың көмегімен ол қажетіне қарай кейін оралып, дұрыс жауабына келеді.

Электронды оқулық заман ағымына сай білім алушының қызығушылығын арттырып, түсінбей қалған сәттерін қайтадан көруге, алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді.

Осыдан туындайтын ойлар:

- Оқу үрдісінде компьютерлік технологияның соңғы жетістіктерін көре отырып, қазіргі талапқа сай маман дайындалады;
- білім алушылар ғылыми техниканың жетістіктерін өз саласында пайдалану әдістерін қалыптастырады;
- оқу үрдісі жеделдейді;
- білім алушының шығармашылық бастамасы дамиды;
- электронды оқулық аралық білім беруге жол ашады. Бұл ауыл мен шағын комплектілі мектептерде қолданылуы мүмкін;
- білім сапасы жоғарылайды;
- экономикалық жағынан тиімді.

Үшінші мыңжылдықта көптеген елдерде орын алып отырған ғаламдық өзгерістер мемлекеттердің жаңа дәуірде, қоғамдық өмірлік негізін ақпараттық ресурстар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құрайтын ақпараттық кезеңге қадам бастық. Білім саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланбай,

мемлекеттердің ғаламдастыру және тұрақты өркениеттік даму жолымен алға басуы мүмкін емес.

Электронды оқулықтың мазмұны оқушының интеллектілік ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы жеткілікті: жинақтылық, жүйелік, көркемділігі, жылдамдығы.

Электронды оқулық жаңа компьютерлік технологиялардың барлық жетістіктерін пайдалану мүмкіндігімен ерекшеленеді, яғни мәтіндік материалға гиперсілтемелер жасауға, мультимедиялық және басқарылатын анимацияларды пайдалануға, дыбысты қосарлап қамтуға оқушылардың білім деңгейіне бақылау жасауға жағдай бар. Электрондық орта білім алушының экспериментке бейімділігін, құрылымдық ойлау қабілетін қалыптастыра алады, мұның бәрі білім алушының шығармашылық сипат алуына бейімдейді.

Практикалық нәтижелер. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек ұстаздың айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын толық қанағаттандырмады. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Осы принципті басшылыққа ала отырып, біз жоғары білім беру орындары, орта мектепте оқытылатын бағдарлама бойынша электрондық оқулықтарды сабақта пайдаланамыз. Әр сабаққа арналған бейнекөрініс электрондық оқулықта қамтылуы қажет. Бұл электрондық оқулық жоғары сыныпқа сабақ бергенде өте тиімді, мұғалім көп ізденбей дайын сабақтарды өз жұмысында пайдалануға толық мүмкіншілігі бар, әсіресе алгоритм, логика, интернетке шығу, сайт құру.

Оқу орындарының дүниежүзілік ақпараттық ортаға қосылудың бастапқы қадамы жасалды, яғни қажет құрал-жабдықтар сатып алынды, коммуникация мүмкіндіктері бар. Алда жауапты кезең түр — локалды білім жүйесін жасау және оларды глобалды ақпараттық кеңістікке енгізу. Осындай білім жүйелерін жасау оқыту процесінің тиімділігін артырар еді. Осы тәріздес білім жүйелерінің негізгі ретінде электронды оқыту құралдары бола алады, соның ішінде білім ордаларында оқыту тәжірибелерін жалпылауға және оны оқу орындарының ақпараттық жүйесінде нығайтуға көмектесетін электронды оқу басылымдары.

Арнаулы оқу орындарында электронды оқу құралдарын енгізу және қолданудың бірыңғай концепцияларын енгізу келесі мүмкіндіктерді туғызады:

- білім алушыларды қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін жеделдету;
- білім беру үрдісінің сапасын көтеруге қосымша мүмкіндіктер беретін ақпаратты игеру мен берудің қосымша жүйелерін қолдану;
- білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу арқылы оқытушылар құрамының білім дәрежесін көтеру;
- түрлі үрдістер мен құбылыстарды модельдеу мен имитациялау;
- ақпараттандыру көмегімен оқу үрдісін жетілдіру бағдарламалары мен жарыстарына қатысу, яғни орта оқу орындарының бәсекелестігін көбейту;
- әрбір білім алушыға дараландыру қатынасын қолдану;
- білім алушыны қателерді диагностика жасау мен кері байланыс арқылы қадағалау;
- білім алушыны ғылыми-зерттеу жұмысымен және өзін-өзі бақылай алу мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету;
- оқыту ақпаратын көрініс демонстрацияларымен қамтамасыз ету.

Электронды оқулықтар — бұл білім мекемелерінің қажеттілігі. Олар оқу үрдісінде қолдануға мүмкіндіктер туғызу үшін білім мекемелерін ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған. Электронды оқулықтар оқытушыларға, әдіскерлерге, кітапханашыларға, білім алушыларға, ата-аналарға техникалық және әдістемелік нұсқалары, бейнелері, аннотациялары бар пән жөнінде толық мәліметтер алуларына мүмкіндіктер туғызады.

Қазіргі таңда инновациялық білім беру талаптарына сай қашықтан оқыту технологиясы өте өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған орай, қашықтан оқыту жүйесін іске асыру үшін электрондық оқулықтар (ЭО) мен оқу құралдарын жасау істері кеңінен етек алып келеді. ЭО жасауға көптеген ғалымдар мен оқытушылар ат салысып келеді. Ресейде және бізде де бұл мәселе инновациялық білім беру үрдістерінің дамуына байланысты қарқынды дамып келеді.

Оқыту процесін компьютер арқылы сүйемелдеу жалпы оқыту жүйесін жасаумен қатар әрбір пәннің өз ерекшелігін есепке алумен сипатталады.

Мұнда мынадай бірнеше мәселелерді қарастыру керек:

- компьютердің мүмкіндіктерін қолдануды қай сәтте көбірек енгізу керек;
- жалпы сипаттау материалдарын қалай компьютерлендіру қажет;
- оқытудың қай түрі, қандай әрекеттер толығынан компьютерге жүктелуі тиіс;
- пән мұғалімінің (әдіскердің) ақпараттық әдістемелік ұсыныстарына сәйкес

компьютерлік оқулық қалай ұйымдастырылуы қажет.

Компьютерлік оқыту технологиясы студент пен мұғалім арасындағы дәнекер рөлін атқарады, мұнда негізгі материал мұғалімнен емес, компьютер арқылы беріледі. Сабақ беретін пән мұғалімі көбінесе электрондық оқулық жасауға тікелей араласпайды. Сондықтан компьютерлік оқыту жүйесін қалыптастырудағы негізгі принцип мұғалім өз материалдарын студентке өз тәсілімен бірден ұсына алмайды. Енді бұл принципті дәстүрлі жағдайға жақындату үшін оқыту материалдарын толықтырып, олар қосымша түсіндіруді қажет етпейтіндей дәрежеге жеткізу керек.

Жалпы, компьютерде пайдаланылатын электрондық оқыту материалдары мен әдістемелік нұсқаулар құрамы:

- әр студентке таратылып берілетін негізгі оқыту материалдары;
- бақылау, тексеру (тесттен өткізу) материалдары;
- есептер мен жаттығулар;
- жеке (немесе топпен) орындауға арналған өзіндік тапсырмаларды дайындау әдістемелері;

• әрбір оқу құралын пайдалану стратегиясы мен тактикасы және де соларды бір-бірімен қатар қолдану, алмастыру мәселелері;


• барлық ақпараттық-оқу материалдарын оқыту құралдары мен сабақтарды өткізу әдістемесімен байланыстыру болуы тиіс.

Электрондық оқу құралы типтік және жұмыс бағдарламалары талабына сай құрастырылады, ал оның әдістемелік негізі ретінде жоғарыда көрсетілген материалдар қолданылуы тиіс. Компьютердегі электрондық оқыту жүйесі осы мақсаттағы жобаның орындалуын жалпы қарастыру кезеңінде оқу процесін басқару немесе білім беру жұмыстарын сүйемелдеу үшін керек. Электрондық оқу құралын жасау білім беру мақсатындағы бағдарламалық жабдықтама ретіндегі көп салалы мәселе болып саналады, оны жүзеге асыру әртүрлі мамандық иелерінің қатысуы негізінде атқарылады [2]. Электрондық оқыту құралдарын жасау бірсыпыра веб-технологиялар көмегімен жүзеге асырылады, оларға HTML, CSS, JavaScript, PHP тілдерін жатқызуға болады [3]. Бұл жұмыстарды атқарудағы ең негізгі мәселе оларды жасаушылардың біліктілігіне байланысты болады немесе оқу құралының мазмұны, әдістемесі құрастырылғаннан кейін бағдарлама құрастырушылар көмегіне жүгіну керек. Бұл әрине бірсыпыра қаржы салуды талап етеді, оған қоса біраз уақыт жұмсау да қажет етіледі. Осындай жұмыстарды жеңілдететін бір мүмкіндік авторлық саймандық құралдарды қолдану болып табылады.

Авторлық саймандық құралдар (АСҚ), бір жағынан, ЭО-ның басқару бөлігі, ал екінші жағынан, электрондық оқу құралдарын жасайтын программалық орта болып табылады. Басқару құралы ретінде АСҚ кері байланыс қағидасы (принципі) негізінде

жұмыс істейді, ал әмбебап бағдарламалық орта ретінде – нақты пәндердің мағыналық модельдерін қабылдап алып, оқытудың типтік алгоритмдері арқылы білім берудің әдістемелерін жүзеге асырады[4].

Осы авторлық саймандық құралдарды пайдалана отырып, автор жинақтаған және өңдеген оқыту материалдары негізінде өзі электрондық оқу құралын жасай алады. Оны 1-суретте көрсетілген байланыспен бейнелеуге болады. Бұл мүмкіндік ЭО жасаушы адамға барлық процесті бақылай отырып, оқу құралын жасауға көмектеседі де, ол мұнда онша көп шығын шығармай, қашықтан немесе жақыннан да оқыта алатын өз құралын қалыптастыра алады.



1-сурет. Авторлық сайман құрал арқылы ЭО жасау

Ал, егер авторлық саймандық құралсыз ЭО жасайтын болсақ, онда бірсыпыра қаржы және уақыт жұмсауға тура келеді және онда оқулық жасау үрдісі мынадай факторларға тәуелді болады (2-сурет):

- автордың бағдарламалау саласында білімі болуы тиіс;
- осы саланың мамандарының қызметін пайдаланып, оған қаржы, уақыт жұмсау қажет;
- автордың ІТ аймағында да дағдылары, білімі болуы керек, т.б.



2-сурет. Электрондық оқу құралын дайындау жолдары

Белгілі бір пәнге нақтылап авторлық саймандық құралдардың параметрлерін бекітіп баптау ісі семантикалық модельді бейнелей алатын сыртқы тілдердің бірінде қажетті білім моделі түрінде берілген ЭО-тың жобасын құрастырып, оны программаға енгізу болып табылады. Ал оқыту құралы ретінде нақты пән бойынша жасалған ЭО қолданылады. Мұнда құрамына қажетті білім моделі енгізілген электрондық оқу құралдарын ерекшелеп айтуға болады, өйткені тек солар ғана ЭО-мен жұмыс істеу кезінде нақты мұғалімді толыққанды түрде алмастыра алады.

Авторлық саймандық құралдардың әмбебап бағдарламалық қоршауларын пайдалану тиімділігін талдау нәтижесінде университеттің қашықтан оқыту орталығының құрған төмендегі 1-кестеден көруге болады. Авторлық саймандық құралдардың әмбебап

бағдарламалық қоршауларын пайдалану авторларға аз уақыт ішінде өз күштерімен ЭО-лар жасап, өздері сабақ беріп жүрген пәндерін дидактикалық оқыту материалдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұлардың жоғарыда айтылған электрондық оқыту құралдарына кететін қаржы мен уақытты үнемдеу; бағдарламалау саласын игеруге кететін уақыт пен шығынды азайту; ЭО жасау үшін программалаушы қызметін пайдаланудан бас тарту сияқты артықшылықтары бар(1-кесте).

1-кесте. ЭО-ға қойылатын талаптар

| ЭО-ға қойылатын критерийлер (талаптар) | АСҚ арқылы жасалған ЭО-лар | Программалау тілдері арқылы жасалған ЭО-лар |
|--|----------------------------|---|
| Оқулық құрылымының ықшамдылығы мен оның жүйелілігі | + | - |
| ЭО жасауға кеткен уақыт көлемін бағалау | - | + |
| ЭО жасауға кеткен қаржы көлемін бағалау | - | + |
| Бағдарлама құрушы қызметін пайдалану | - | +/- |
| ЭО-ны автордың өзінің жасауы | + | +/- |
| Бағдарлама жасау дағдыларының болуы | - | +/- |

Қорытынды.

Электрондық оқу құралдарын пайдалануда білім алушыны мұғалім қатысуынсыз жекелеп оқыту кезінде компьютерді анонимдік тұлға ретінде, оған белгілі бір ат беріп жеке тұлға ретінде немесе оқытушы атынан мәлімет беріліп отыратын электрондық тақта ретінде де қарастыруға болады.

Осыған дейінгі оқыту бағдарламаларында компьютермен педагогикалық-бағыттық қарым-қатынастың тығыз болмауы электрондық құралдармен оқытудың жылдам нәтиже бермеуінің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Бұл қазіргі уақытта оқу орындарындағы техникалық және программалық жабдықтарды пайдалану кезіндегі ұсынылатын педагогикалық-психологиялық талаптардың ойдағыдай болмай, оның нәтижесінің де мұғалімдерді қанағаттандырмауының бір себебі деп те айтуға болады. Дегенмен, қазіргі Интернет жүйесі кең қолданысқа енген кезеңде электрондық оқулықтың білім алу жүйесінің ең негізгі және тиімді құралына айналғаны талас тудырмаса керек.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі де алдағы жылдарда электрондық оқу құралдарын жасауға, оларды білім беру жүйесіне енгізуге көңіл бөліп, бірсыпыра қаржылар бөліп жатыр. Сонымен, қазіргі кездегі қалыптасып келе жатқан компьютерлік технологияларды кеңінен қолданатын білім беру жүйесі студенттердің болашақ қызмет ерекшеліктеріне байланысты үнемі өзгеріп отыратын функционалдық міндеттер атқарып, оларды кәсіби-жеке тұлға ретінде дайындайтыны талас тудырмайтын мәселе болып табылады. Ол жоғары білім беру орындары түлектерінің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда, еңбек нарығына неғұрлым тиімді бейімделуіне мүмкіндік береді. Сондықтан елімізде компьютерлік технологияларды пайдаланатын білім жүйесін қалыптастыру – жаңа қоғамның іргетасын қалаудың негізгі белгісіне айналуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз // Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. 60б.
2. Бөрібаев Б. Электрондық оқу құралдарын жасау және пайдалану – заман талабы // Инновации в образовательной деятельности и вопросы повышения качества обучения: материалы 42-й Международной научно-методической конференции: Книга 2. Алматы: Қазақ университеті, 2012. 6-8Б.
3. Бөрібаев Б., Мадьярова Г.А. Web-технологиялар: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. 360б.
4. Капустин, М. А. Flash MX для профессиональных программистов / М.А.Капустин, П.А. Капустин, А.Г. Копылова. Москва: Интернет-университет информационных технологий, Бинум. Лаборатория знаний, 2016. 512с.

Аннотация: Использование информационных технологий - как проявление инноваций в образовании и как одно из направлений духовного обновления в образовании. Актуальность данной темы состоит в том, что в настоящее время в рамках реализации нового стандарта «Образование» активно осуществляется внедрение информационных технологий в образовательный процесс. Сосредоточение современных технических средств обучения способствует модернизации учебно-воспитательного процесса, активизирует мыслительную деятельность учащихся, способствует развитию творчества педагогов, позволяют проводить дистанционное обучение, развивают систему непрерывного образования, тем самым повышая эффективность образовательного процесса. В отечественных и зарубежных изданиях компьютеризация учебного процесса рассматривается как один из актуальных факторов организации обучения тому или иному предмету. Новейшие информационные технологии в обучении позволяют активнее использовать научный и образовательный потенциал ведущих университетов и институтов, привлекать лучших преподавателей к созданию курсов дистанционного обучения, расширять аудиторию обучаемых.

В данной статье приведена схема создания электронного учебника с использованием авторского инструментального средства. Приведены критерий создания электронного учебника с использованием авторских инструментальных средств. Вработепредложенэффективныймодельсозданияэлектронногоучебника.

Abstract: The use of information technology - as a manifestation of innovation in education and as one of the areas of spiritual renewal in education. The relevance of this topic lies in the fact that currently, as part of the implementation of the new standard "Education", information technologies are actively being introduced into the educational process. The concentration of modern technical teaching aids contributes to the modernization of the educational process, activates the mental activity of students, promotes the development of teachers' creativity, allows for distance learning, and develops a continuing education system, thereby increasing the efficiency of the educational process. In domestic and foreign publications, the computerization of the educational process is considered as one of the relevant factors in the organization of training for a particular subject. The latest information technologies in training make it possible to more actively use the scientific and educational potential of leading universities and institutes, attract the best teachers to create distance learning courses, and expand the audience of students.

This article provides a scheme of the creation of an electronic textbook using an author's tool. The criterion for creating an electronic textbook using authoring tools is given. An effective model for creating an electronic textbook is proposed.

УДК: 378.09

Джусупбекова Г.Т., Алымова Б.Н., Қуанбай Н.Р.

педагогика ғ.к., аға оқытушы, М.Ауэзов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, оқытушы, М.Ауэзов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, оқытушы, М.Ауэзов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ САЛАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Түйін: Болашақ білім беру жүйесі оқушыны біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, оны үнемі тәуелсіз игеру қажеттілігін қалыптастыруға, сонымен қатар оның белсенді өмірі барысында білімге тәуелсіз және шығармашылық көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Білім адамға әлеуметтік білім беру мекемесіне айналуы керек, ол адамға үздіксіз оқуға, көпшілікке қосымша білім алуға мүмкіндік беретін түрлі білім беру қызметтерін ұсына алады. Қашықтықтан оқытудың тиімді жүйесін құру сапалы білімге әлеуметтік қол жетімділікке жағдай жасайды және шалғайдағы аймақтардың тұрғындары үшін білім беру проблемасын шешуге көмектеседі. Үлкен аумақтарды қамту жағдайында оқу процесінің жұмыс істеуін, инновациялық технологияларды қолдануды, оқу процесін ұйымдастырудың сапасын бақылауды және оқытушылар құрамын функцияларды орындауға дайындауды қамтамасыз ету үшін ең күрделі технологиялық міндеттерді шешу қажет. Авторлар ҚО жүйесінің сәтті дамуы жаңа ақпараттық технологияларды дидактикалық тұрғыдан дұрыс қолданғанда ғана мүмкін деп санайды. Мақаланың өзектілігі қашықтықтан оқытудың оқу процесін ұйымдастыруды және онда жаңа коммуникациялық технологияларды қолдануды негіздеу қажеттілігімен анықталады.

Кілттік сөздер: білім беру, қашықтықтан оқыту технологиясы, оқытудың белсенді әдістері, ғаламтор, динамизм, модульділік, тьютор, бейімділік, шығармашылық, инновациялық, мақсатты педагогикалық процесс, технология, телекоммуникация, онлайн оқыту технологиясы.

Кіріспе. Қашықтықтан оқыту - орасан зор зияткерлік потенциалы бар Қазақстан үшін өте маңызды. Осыдан бірнеше жыл бұрын ғаламтор арқылы білім алу көптеген қазақ студенттеріне шетелдіктердің артықшылығы болып көрінетін. Бүгінгі таңда кез-келген отандық оқу орны өз оқушыларына осындай мүмкіндікті ұсына алады. Қашықтықтан оқыту халықтың көпшілігінің білім алуан қажеттіліктерін қанағаттандыратын, көп салалы болуға арналған. Бұл өз кезегінде білім беру ұйымдары үшін қашықтықтан оқыту элементтерін оқу процесіне белсенді енгізуге қиындық туғызады. Қашықтықтан оқытудың негізі болып табылатын онлайн оқыту технологиясының болашағы зор. Оқытудың бұл түрінің басты артықшылығы - интерфейсті қашықтықтан қолданушыларға қашықтықтан оқытудың ақпараттық және білім беру ортасын максималды ыңғайлылықпен жылдам және оңтайлы пайдалану мүмкіндігі болып табылады.

ҚО жүйесінің негізгі принциптері - динамизм, модульділік, ашықтық, бейімділік және шығармашылық. Осы принциптердің мазмұнын толығырақ қарастырайық. Динамизм курстың әлеуметтік тәртіп пен сыртқы әлемнің өзгеруіне сәйкес келуіне мүмкіндік береді. Оқытудың модульділігі бүкіл оқу процесінің жұмыстың күрделілігімен анықталған бөліктерге бөлінуімен сипатталады. Бұл оқушылардың жеке оқу жолын таңдауын жеңілдетеді. Ашықтық географиялық орналасуы мен қаржылық жағдайына қарамастан халықтың көп бөлігін білуге мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытудың басты ерекшелігі - студенттер оқу процесін өз бетінше басқаруға тырысқанда арнайы оқулықтарды жасау және қолдану. Бейімделу - жүйелік модульдерді оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуді қамтамасыз етеді. Сабақтастық білімнің дәйекті және логикалық тереңдеуімен және жеке модульдерді жасаудағы дағдылардың шоғырлануымен сипатталады. Шығармашылық инновациялық шешімдерді іздеуге мүмкіндік береді және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Қашықтықтан оқыту - бұл педагогикадағы жаңа құбылыс. Қазіргі уақытта бұл тұжырымдаманың мазмұнын бірыңғай түсіндірілуі жоқ. В.И. Вдовюк, оқытуды «мақсатты педагогикалық процесс және студенттердің ғылыми және қолданбалы білімді, дағдылар мен қабілеттерді игеруге белсенді оқу және танымдық іс-әрекетін ынталандыру, ойлау қабілетін, шығармашылық қабілеттерін, кәсіби іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті жеке қасиеттерін дамыту» деп қарастыру керек [1]. Ұқсас анықтаманы Н.А. Давыдов «оқыту дегеніміз - студенттердің кәсіби білімді алудағы, тілдік қасиеттерді қалыптастырудағы, мамандық алу тұрғысынан шығармашылық қабілеттерін дамытудағы оқу іс-әрекетін басқарудың басты бағыты». Өз кезегінде А.А. Золотарев оқыту деп педагогикалық жүйеде қолданылатын мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен процесс деп санайды [2]. Анықтамада негізгі ұғымдар бөлінген: өзара әрекеттесу, процесс және педагогикалық жүйе. Қашықтықтан оқыту жүйесі - бұл білім алушының өзіндік іс-әрекетіне негізделген оқу процесінің жаңа ұйымы. Оқыту ортасы біршама қашықтықпен сипатталады, бұл жағдайда диалогты коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүргізу мүмкіндігі пайда болады.

«Технология» ұғымы көбінесе өңдеу әдістерімен ұштастыра білу, өндіріс процесінде жүзеге асырылатын қасиеттерді өзгерту сияқты шеберлік деп түсіндіріледі. «Технология дегеніміз - білімді қолдануға негізделген пайдалы нәрсе шығару процесі, технологияның негізгі функциясы - теорияны практикаға енгізу» [4]. Кейінірек бұл термин адам қызметінің әртүрлі түрлерінде кеңінен қолданыла бастады. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде әлеуметтік технологиялар сәтті қолданылуда, олардың көмегімен алынған білім мен ақпарат ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Әлеуметтік прогресс озық және дамымаған дәстүрлер мен мәдени үлгілер негізінде мүмкін болады [3]. Технологияны қолдану басқару саласындағы процестерді оңтайландыруға әкеледі. Сонымен бірге, оң әлеуметтік нәтиже бермейтін іс-шаралар одан алынып тасталуы керек. Қоғамдық өмірді технологияландырудың белсенді процесі өсіп келе жатқан ғылыми-техникалық прогресс жағдайындағы ақпараттық революциямен байланысты. «Оқыту технологиясы» ұғымы педагогикада жиі қолданылады. Алғаш рет «педагогикалық технология» термині ХХ ғасырдың басында қолданыла бастады. Біраз уақыттан кейін, оқу процесінде техникалық оқу құралдарын белсенді пайдалану жағдайында «білім беру технологиясы» термині кеңінен қолданыла бастады. 60-жылдары жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдану мәселесі педагогикалық басылымдардың беттерінде, конференцияларда талқылана бастады [4]. Бұл тәжірибе шетелде, атап айтқанда АҚШ-та, Англияда, Германияда, Францияда, Жапонияда белсенді зерттелді және арнайы журналдарда жарияланды. 20 ғасырдың аяғында инновациялық оқыту технологияларын дамыту институттары пайда болды. Осылайша, оқытуды құруға арнайы «технологиялық» тәсіл пайда болды. Оқу процесін телекоммуникациялық және компьютерлік құралдарды қолдана отырып, технологиялық тәсіл қағидаты бойынша ұйымдастыру ақпараттық қорды байыта оқу материалдарының әр түрлі болуын кеңейтеді. Ф.Янушкевичтің анықтамасы бойынша: «оқыту технологиясы - бұл мамандар мен кадрлардың оңтайлы құны негізінде қысқа мерзімге дайындалуда қолданылатын педагогикалық әдістердің жүйесі».

Заманауи білім беру технологиялары біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыру стратегиясын ұсынады. Олардың негізгі функциясы - болжау және негізгі қызметке айналуы. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану белгілі бір пәнге қарамастан жүзеге асады.

ҚО технологиясын қолдану бірнеше кезеңнен тұрады:

- теориялық - оқу материалының мазмұнымен тікелей байланысты;
- әдістемелік - оқытудың әдістері мен формаларын таңдау;
- процедуралық - практикалық қызметті ұйымдастыру.

Қашықтықтан оқыту технологиясының мазмұнын қарастырайық. Оқыту

технологиясы - бұл өзінің дамуының белгілі кезеңдеріндегі кәсіби іс-әрекеттің құрылысы. Қашықтықтан оқыту технологияларын практикада қолдану кезінде оқу пәндерінің мазмұны, педагогикалық әдістердің мақсатты қолданылуы жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы үш элементтен тұрады:

- виртуалды білім беру ортасы;
- мультимедиялық және дәстүрлі түрдегі корпус;
- оқытудың белсенді әдістері.

Сонымен қатар, оқытушылар мен тьюторлардың эмпирикалық жаңашылдықтарын ескере отырып, оқу процесін ғылыми ұйымдастыруға бағытталған, нәтижесінде оқушының білім алуында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді. Оған оқу процесін басқаруды қамту, оған студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру және оқу іс-әрекетін бақылау кіреді.

Оқу іс-әрекетінің түрлерінің үйлесуі оқу курсының мазмұны мен түріне байланысты. Қашықтықтан оқытуға арналған оқу іс-әрекетінің типтік жиынтығы - қашықтықтан дәріс мәтіндерімен, электронды оқулықтармен жұмыс, жазу, виртуалды семинарларға қатысу, нақты жағдайларды талқылау, ағымдық және қорытынды бақылау. Қашықтықтан оқыту курсы әзірлеу кезінде студент курсты тиімді игеру үшін қашықтықтан дәріс оқудың тек мәтінін оқып қана қоймай, сонымен қатар оқулықтан тиісті тақырыптарды оқып үйренуі керек екенін ескеру қажет. Талқылау барысында талқыланатын тақырып бойынша өзекті мәселелер талқыланады. Оларды қашықтықтан оқыту саласында қолданатын мұғалімдер «виртуалды семинарлар» депатайды. Әдетте, желідегі пікірталас тиімді және бұл бірнеше факторларға байланысты, атап айтқанда: оған әр оқушының қатысуы міндетті, жауаптар арқылы жан-жақты ойлауға болады, оқулықпен танысуға мүмкіндік бар. Заманауи технологиялық құралдар талқылаудың жоғары басқарылуын қамтамасыз етеді. Кейс-сатылар белгілі бір тақырыптық блоктың аспектілері көрініс табатын кәсіби қызметтің нақты немесе жалған жағдайын сипаттайды. Істерді көбінесе нақты тәжірибеден, журнал мен газет мақалаларынан алуға болады. Жағдайды оқып, талдағаннан кейін студент бірқатар сұрақтарға жауап беруі керек. Сұрақтар зерттелетін материалдың тақырыппен және теориялық аспектілерімен тығыз байланысты және жағдайдың мәнін терең түсінуге ықпал етуі өте маңызды. Әрбір іс-әрекет түрінің педагогикалық процесте өзіндік орны бар, әр педагогикалық әдіс өзінің тиімділігі мәселелерін шешуде оқу процесінде өзіндік орынға ие. Сонымен, қашықтықтан оқыту технологиясы дидактикалық процесті бақылау механизмінің маңызды элементі болып табылады.

Қашықтықтан оқытудың бүгінгі таңдағы артықшылықтары:

- тәртіптік дайындықты жеке қарқынмен жүргізеді
- оқу материалдарының жылдамдығын студенттің жеке жағдайлары мен қалауына байланысты белгілейді.
- оқытудың еркіндігі мен икемділігі
- студент таңдауға ұсынылған оқу курстарының кез-келгенін таңдай алады, сонымен қатар сабақтардың уақыты мен ұзақтығын дербес есептей алады.
- кез келген адамға оқытудың қол жетімділігі
- географиялық және уақытша орналасқан жеріңізге қарамастан, сіз кез-келген адамның білім қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, осы технологияларды қолдайтын кез-келген университетте қашықтықтан білім ала аласыз.
- байланыс жылдамдығы
- оқытушы мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді жүзеге асыру оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.
- технологиялық білім беру процесі

- оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктері мен ашылуын қолдану
- әлеуметтік теңдік
- студенттің тұрғылықты жеріне, денсаулығына, ұлтына және материалдық жағдайына қарамастан қашықтықтан білім арудың тең мүмкіндіктерін білдіреді
- шығармашылық
- білімді игеру процесінде оқушының шығармашылық ойын білдіруге қолайлы жағдайлар.

Бірақ айқын кемшіліктері де бар:

- студенттер мен оқытушылар арасындағы нақты, «адамдық» байланыстың болмауы. Егер жақын жерде, әдетте, эмоционалды түрде білім алып, материалды қабылдауға ықпал ететін мұғалім болмаса, бұл, әрине, айтарлықтай минус.
- қашықтықтан білім алу үшін үнемі өзін-өзі тәрбиелеу қажет, ал оқытудың нәтижесі оқушының дербестігіне, қабілеттеріне және өзіндік санасына байланысты болады.

Мультимедиа - бұл мәтінді, дыбысты, бейнені, графикалық және анимацияны бір жүйеге біріктіруге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Бұл технологиялар интерактивті бағдарламалық қамтамасыздандырудың бірыңғай бақылауымен визуалды, дыбыстық эффектілерді және әр түрлі жағдайларды көп бағдарламалауды қоса электронды құжаттарды жасау болып табылады. Мультимедиялық технологияның көрсетілген анықтамасы сәтті жүзеге асуда. Олар ақпараттық технологиялардың даму тұжырымдамасында кеңінен ұсынылған. Мультимедиялық технологиялардың компьютерлік оқыту технологияларымен бірдей теориялық негіздері бар екенін атап өткен жөн. Оқытудың мультимедиялық компьютерлік технологияларын заманауи компьютердің дидактикалық мүмкіндіктерін, жаңа бағдарламалау технологияларын және компьютерлік оқыту құралдарын дамыту үшін аспаптық ортаны қолдана отырып, компьютерлік оқыту технологияларын дамытудың қазіргі кезеңі ретінде қарастырған дұрысырақ. Электрондық оқулықтар мен оқу материалдарын жасау үшін мультимедиялық технологиялардың бай дидактикалық мүмкіндіктері қолданылады. Мультимедиялық құралдардың астарынында, әдетте, пайдаланушыға түрлі орталарды қолдана отырып, компьютермен байланысуға мүмкіндік беретін ақпараттық және бағдарламалық құралдар жиынтығын түсінуге болады. Қашықтықтан оқытуды дамытудың негізгі бағыттары ретінде - шығармашыл тұлғаның дамуына мүмкіндік берілуі болып табылады. Осы білім беру жүйесінің стратегиялық маңызды және сындарлы идеяларының бірі - «озық білім» идеясы. Түпнұсқа - білім беру жүйесінің дамуы тұлғаның даму мүмкіндіктерін кеңейтетін басқа факторлардан озып кетуін қамтамасыз ету.

Дамыта оқыту технологиясының негізгі принциптері:

- уақыт талабына сәйкес және осы талаптарды болжай отырып, күрделіліктің жоғарылатылған деңгейін оқыту бағытын таңдау;
- осы саладағы ғылым мен техниканың даму динамикасын ескере отырып, қазіргі ақпараттық технологиялар саласында ерекше маңызды болып табылатын оқудың ғылыми қызметпен ұштастырылуы;
- сіздің жеке тұлғаңызға қойылатын талаптар: интроспекция; өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тану.

Негізінен компьютерлік оқыту технологиялары (соның ішінде мультимедиа), қашықтықтан оқыту технологиялары кіретін заманауи білім беру технологиялары студенттерге өздерінің білім деңгейлеріне сәйкес білім деңгейлерін жақсартуға мүмкіндік береді. Желілік оқыту технологиясына келетін болсақ, бұл сипаттамалар айқын көрініс табады. Мысалы, қабылдау процедурасында (оқу орнымен танысу, мамандықты таңдау, қағазбастылық, төлем) және оқыту процедурасы (серверде ұсынылған оқу-әдістемелік әдебиеттерге қол жетімділік, электронды пошта арқылы кеңестер беру, бақылау тапсырмаларын орындау). Педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу сапасына, тьюторлардың кәсіби дайындығы деңгейіне, әр оқушының

зияткерлік дамуына, әсіресе ақпараттық технологиялар құралдарын игеруге байланысты. Айта кету керек, қашықтықтан оқыту технологиялары ең аз материалдық ресурстармен, адами ресурстармен және уақытпен жұмыс істейтін оқу орнында енгізілуі мүмкін.

Қорытынды. Қазіргі заманғы білім беру процесінде ҚО технологияларының рөлі шексіз артып келеді. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, тьюторлар бұрын мұғалімдер жасаған оқу процесін сапалы түрде жаңғырта алады. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды талдау ақпараттық технологиялардың даму тенденцияларын анықтауға және оларды қашықтықтан оқыту жүйесінде де, дәстүрлі жүйеде де қолдану туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оқушының жеке басына бағытталған білім беру технологияларының оқу процесіне енуі мотивацияны ынталандырады және вариативті және түзетуші сипат береді. Бұл шығармашылық ойлау қабілеті және кәсіби қызметтегі мәселелерді тиімді шеше алатын маманның кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға көмектеседі. Осылайша, қашықтықтан оқыту технологиялары студенттерге дайын ғылыми және теориялық формулалар мен нақты қолданбалы ұсыныстарды игеру үшін ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді құру, процестер мен құбылыстарды модельдеу және зерттеу, кәсіби іс-әрекет тәсілдерін жобалау бойынша шығармашылық, ізденіс жұмыстарына қолданады. Желілік оқыту технологиялары бұл үрдісті жақсы жүзеге ауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Вдовюк В.И. Жоғары білім педагогикасы: қазіргі заманғы проблемалар. Москва: ЖО, 2006.68 с.
2. Гарунов М.Г. Жоғары мектеп дидактикалық зерттеулер. Москва: Зерттеу институты, 2004.135 с.
3. Золотарев А.А., тб. Интенсивті оқыту жүйелерінің теориясы мен әдістемесі. Т.1–4. Москва: ММТУ, 2001.
4. Иванов В.Н. Қазіргі әлемдегі әлеуметтік технологиялар. Москва: Славяндық диалог, 2007.335 с.

Аннотация: Будущая система образования направлена не только на обеспечение учащихся знаниями, но и на создание потребности в их постоянном самостоятельном обучении, а также на формирование самостоятельного и творческого подхода к знаниям в течение его активной жизни. Образование должно стать социальным образовательным учреждением, которое может предоставлять различные образовательные услуги, которые позволяют человеку продолжить свое образование и предоставлять дополнительное образование населению. Создание эффективной системы дистанционного обучения облегчит социальный доступ к качественному образованию и поможет решить проблему образования для жителей отдаленных районов. В случае больших площадей, необходимо решать самые сложные технологические задачи, чтобы обеспечить функционирование образовательного процесса, использование инновационных технологий, контроль качества образовательного процесса и подготовку педагогических кадров для выполнения функций. Авторы считают, что успешное развитие системы ДО возможно только при дидактическом правильном использовании новых информационных технологий. Актуальность статьи определяется необходимостью обоснования организации учебного процесса дистанционного обучения и использования новых коммуникационных технологий.

Abstract: The future education system is aimed not only at providing students with knowledge, but also at creating the need for their constant independent learning, as well as the formation of an independent and creative approach to knowledge during his active life. Education should become a social educational institution that can provide a variety of educational services that allow a person to continue their education and provide additional

education to the public. Creating an effective system of distance learning will facilitate social access to quality education and help solve the problem of education for residents of remote areas. It is necessary to solve the most complex technological problems to ensure the functioning of the educational process, the use of innovative technologies, quality control of the educational process and training of teaching staff to perform the functions in the context of large areas. The authors believe that the successful development of the DL system is possible only with the didactic correct use of new information technologies. The relevance of the article is determined by the need to justify the organization of the learning process of distance learning and the use of new communication technologies.

ӘОЖ 37.015

Қияқбаева Ұ.Қ¹, Төлешова А.Ә², Төлешов Б.А³

¹ педагогика ғ.д., профессор, Абай атындағы КҰПУ Алматы, Қазақстан

² магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

³ «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты,
Шымкент университеті Шымкент, Қазақстан

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТ ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Түйін: Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студент жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі қарастырылған. «Патриотизм – Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адамның, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді. Патриотизді қалыптастыру мәселесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ең негізгі бөлігі. Жастардың санасына патриоттық сезім қалыптастыру ең басты өзекті мәселе. Патриотизм сезімін қалыптастыру, дамыту мәселелері, жолдары, әдіс-тәсілдері жан-жақты қарастырылған. Ұлттық патриотизм, ұлттық сана-сезім, халықтық тәрбие, отанды сүю ұғымдарының мәні терең зерттелді. Осы мәселемен айналысқан отындық және шет елдік ғалымдардың еңбектеріне толық зерттеулер, талдаулар жасалған. Студенттердің бойындағы патриоттық сезімді қалыптастыру толық зерттеліп жазылған.

Кілттік сөздер: Рухани жаңғыру, сананың ашықтығы, болашақ мұғалім, патриоттық тәрбие, білім беру, педагогика, дамыту, инновация, технология

«Ел болам десең, бесігінді түзе» дейді ұлы жазушымыз М.Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс.

Бәсекелес тұлғаны – елді сүйетін оның өркендеуіне еңбек ететін, туған ауыл мектебіне көмек көрсететін азаматты қалыптастыру үшін қауымға өз қызметін бағыттау қажет. Сонда ғана қоғамның сана сезімі жаңалыққа бет бұрады.

Егер осыған дейін білім саласында басты мақсат оқушыға нақты білім, ғылым негіздерін оқыту болса, қазір елжандылыққа, адамгершілігі рухани жағынан қалыптасқан, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот етіп тәрбиелеу басты мәселе екенін естен шығармауымыз қажет. Өйткені еліміздің болашағы қандай болатыны балаларымыздың бойына қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. Менің түсінігім бойынша патриотизм көрінісі өзінің кіндік қанын тамған жерге, өскен ауылына, қалаң мен аймағына халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншіліктен басталады. Барлық уақытта бүкіл адамзаттың өмірінде білім әр адамның өмірінің ажырамас бөлігі болды. Және, қазіргі білім берудің маңызды ерекшелігі оның басты

құралы, жас ұрпаққа сабақ беретін адамзат қоғамының бөлігі, мұғалім болып табылады. Бірақ біз өзімізге және балаларымызға білім беріп, білетін мұғалімдерді ұмытпауымыз керек, сондықтан қазіргі заманғы нарық жағдайында толыққанды маман болу керек.

Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа баулу – тәрбиенің ең басты міндеттерінің бірі. Аталған мақсаттағы күш-жігер бірінші кезекте бүлдіршіндердің санасына отаншылдық сезім қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Отан деген ұғым балаға жарық дүние есігін ашқан үйі, ата – анасы, ағайын-туыстары, құрбы-құрдастары, туған жері, кең-байтақ гүл жазира даласы, тау-тасы, өзен-көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы бейнесінде қабылданып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде танылуы керек. Азаматтық – Отанға, халыққа деген жоғары адамгершілік парыз. Отаныңмен, халқыңмен мүдделес екеніне мақтаныш сезімің, достығың, жолдастығың, бірлігің көкірегіңді кернеп тұрса – патриотсың [1,125]. Патриотизм – еліңе іс-әрекетіңмен, бар болмысыңмен қызмет етуге дайындығың. Отан – Ана. Оны қорғау үшін бүкіл патриот халықпен бірлесу, ынтымақтасу, достасу – отансүйгіштіктің көрінісі. Отан, ана, тіл, достық, ынтымақ сөздерінің өзара үндестігі – азаматтық парыз бен патриотизм сезімінің логикалық бірлігінің көрінісі.

«Патриотизм» сөзі (грек тілінде – patriots – отандас, paths — отан, атамекен) Отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне бауыр басушылықты білдіреді. Оның қазақшасы-жерлес, отандас дегенді білдіреді, яғни Отанын, ұлтын сүйу, оны жаудан қорғау. Осылайша, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады. Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған.

Қазіргі уақытта қазақстандық патриотизмді жастарға қалыптастыру – келелі мәселелердің бірі. Осыны ұстанған бағыт – бағдар да баршылық. Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан. Оны таратып айтсақ, бұл туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттық тілі, дәстүрі, мәдени ерекшеліктері, тарихы жасалған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Ә.Қалмырзаев: «Бұл сезім әркімде әр кезеңде (яғни, әр түрлі жаста) оянып, кейін кәмілетке келгенде бірдола буыны қатып, тәжірибемен, жспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық әлеуметтік институттардың (балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, саяси ұйымдар мен қозғалыстар) әсерімен қалыптасады» деп жазды [2, 245].

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Қазірде қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие — ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап

отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл Адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан- ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру.

Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиелеудегі мақсат-баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару. ...Тәрбиешінің қолданатын жолы- ұлт тәрбиесі. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» дей отырып, жастарды тәрбиелегенде ұлт тәрбиесінің негізінде тәрбиелеу арқылы, ұлттық құндылықты бойына сіңіре білгенде ғана, ол рухани бай, сол заманға лайық, елі, Отаны үшін қызмет етуге дайын болып шығатынын көрсетеді. Бұл- келешек ұрпақтың патриот болып шығуы үшін, тәрбиелеуді ұлттық тәрбиеден бастауымыз керектігін көрсетеді. Тек тұлға ғана өзінің Отанға деген қатынасын ішкі, қастерлі сезім ретінде пайымдауға қабілетті. Сол себепті, патриотизм де тұлғаның биік даму деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани игілік ретінде түсініледі. Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады.

Бүгінгі күні жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабаларының шежіресі негізінде тәлім берудің маңызы зор. Өйткені, бала тәрбиесінде өз дүниетанымының қоршаған ортасының, ой - өрісінің негізінде ұлттық сипатты зерделеу қажеттігі артып отыр. Оның негізі: «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың таным-түсінігіндегі ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады» - деп айтылады [3,155].

Адам бойына патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесі мен балабақшадан бастау алатыны айқын. Сәбиді отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата-тегін білуді таныту – ата-ана парызы. Халқына құрмет, тарихи дәстүрлерге адалдық, сондай-ақ, туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сияқты перзенттік борыш тұлға бойына сәби шағында дарыса, бұл қасиеттер өсе келе ары қарай дамып, қалыптасуына қолайлы жағдай туады.

Еліміз тәуелсіздік алғалы жас ұрпақ бойында патриоттық сананы қалыптастыру, ол үшін патриоттық іс - әрекет ұйымдастыру, отбасы, балабақша мен мектептердегі оқу-тәрбие процесінде патриоттық тәрбие беруді жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Сондықтан, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде бұрынғы тәжірибе мен бүгінгі практиканы және

болашақ жоспарларды байланыстыру қажет. Сонда ғана балалардың бойына ұлттық патриотизм сезімін қалыптастыруға қол жетеді. Ұлттық патриотизм – жеке тұлғаның өз тарихи дәстүрі сияқты категорияларға байланысты әртүрлі деңгейде көрініс береді. Соған қарамастан, осы рухани ерекшеліктерді білу, оны қалыптастыру – патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты.

Қазақстан ғаламдық ойлау жүйесіне енді. Сондықтан, ондағы тәрбие әрекеті адами гуманистік мақсат – мүддеге қайшы болмауы қажет. Бұл ретте, Қазақстанның көп ұлтты құрамы ескерілгені жөн. Аталған ерекшеліктерге байланысты, қазіргі тәрбие жұмысын төмендегі тәртіпте қарастыруға мүмкіндік бар:

1. Болашақ мамандардың балаларды халықтық педагогика негізінде патриоттыққа тәрбиелеуі, оның нәтижесін бүгінгі өмір талабына сай пайдалану;
2. Жас ұрпақтың Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуін қамтамасыз ету, оларды құрметтеу сезімін қалыптастыру;
3. Қазақ халқының озық гуманистік құндылықтарын басшылыққа ала отырып, жалпы қазақстандық патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
4. Болашақ мамандарды өз пікірлерін ашық айтуға, сөз бостандығына, басқалардың пікірін құрметтеуге тәрбиелеу [4,125].

Біз тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының бағыттарының ішінде мынадай бағыт айқындалғанын білеміз: Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген. Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден -ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде Әл-Фараби «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез — құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді» деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады. Бүгінгі күндегі Еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көңіл бөлуіне қарамастан, студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Ұсынылып отырған тәрбие түрлерін пайдалану барысында жоғарғы оқу орнында сан-салалы оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндіктер бар. Олар: кураторлық сағаттар, жарыстар, кездесулер, дөңгелек үстел, пікі-сайыс, ойындар, т.б.

Адам өзінің тұрмыстық іс-әрекеттерінде немесе күрделі жағдайда ерлік істерге баруы үшін алдымен рухани жағынан дайын болуы керек. Патриотизмге, отаншылдыққа тәрбиелеудің міндеттері төмендегідей негізгі мәселелерді көздейді: педагогикалық тәжірибедегі мүмкіндерді барынша толық қамтып, студенттің жеке тұлғасына ықпал етудің біртұтас жүйесін жасау; әр түрлі пәндерді оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек жасауға лайық сипатқа ие болу; бұл бағытта жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесіне қатысты идеяларды үнемі айқындап, жұмыс процесінде қолдану, т.б.

Бастауыш сыныптардағы оқушылардың патриоттық сезімін дамытуды мұғалім іске

асырады. Мұғалім оқушылар бойына патриоттық сезімдерді, өз Отаны туралы түсініктерді қалыптастыруға баса назар аударғаны жөн. Бұл кезде оқушы өзі тұртын жерінің ауа райын, қаласының аты- жөнін, оның жерлерін, тарихи орындарын біршама толық білуі керек.

Әдістемелік талаптарға сай ұйымдастырылған екі-үш серуеннен кейін оқушылардың өз туған жері туралы түсініктері бекіп, оған деген сүйіспеншілік сезімі артады. Оқушылардың тұратын жерлерінен атақты өнер иелері шықса, немесе ол мекен батырлар туып-өскен орта болып есептелсе, мұғалім олар жайында әр дайым әңгімелегені дұрыс. Ол тұлғалардың өздері үшін ғана емес, елі үшін еңбек еткені, яки қаһарманның туған жерінде бақытты болашақ орнату жолында құрбан болғаны айтылған соң: «Міне, балалар, осындай адамдарды Отанның адал ұлдары мен қыздары дейміз. Ал Отан дегеніміз не? Кім біледі?» - деген сұрақ қою орынды [5,95].

Патриоттық сезім отбасынан басталады. Өкінішке қарай, нарықтық қатынастардың кеңінен орын алуы, ересектердің тәрбиеге жеткіліксіз көңіл бөлуі, ата-аналардың уақытының жетіспеушілігі мен қолдарының тимеуі отбасындағы жастар тәрбиесінің ролін түсірді. Әрине, мұндай жағдайларда өзінің ескі арнасын жоғалтқан патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мен оған тәрбиелеудің жаңа жолға оңайлықпен түсіп кете алмасы анық.

Патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін бірден-бір институт — жоғары оқу орындары мен басқа да білім мен тәрбие беру мекемелері. Олардың көмегімен патриоттық сана қоғамдық өмірге бекітіліп, мемлекет тарапынан қолдауға және бағдарлауға ие болады. Студент жастар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алады. Ендеше, қазіргі студент жастар өздерінің тұлғалық-кәсіби нығаюға бет алуының жоғары деңгейімен, шығармашылық потенциалымен, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыру процесіне шынайы іс жүзінде қатысуға деген белсенді қызығушылығымен, қоғамдық өмірдің түрліше жақтарына, өзінің әлеуметтік бағдарларына деген даралық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс. Олар еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының анықтаушы күші де болып табылады. Олай болса, студент жастардың тұрмысы мен болмысына, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды.

Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі- бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі. Негізгі білім бастауышта болғандықтан, жастайынан халықтың тарихи-этникалық мұрасын, ұлтының әдет-ғұрып өнегесін, салтын сақтауға, саналы көзқарасын қалыптастыруға, ұлттық мақтанышын туғызуға оқушыларды жасынан тәрбиелеу бамтауыш мектеп саласымен айналысатын педагогтардың міндеті болмақ.

Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әр бір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ.

Бастауыш сынып оқушыларына көркем шығарма арқылы патриоттық тәрбие беруде осы аталған дәстүрлі оқыту әдістерінен басқа проблемалық әдіс, эвристикалық, зерттеу, монологтік әдіс пайдаланудың маңызы ерекше. Сонымен қоса, оқу-тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беруде оқытудың формалары мен түрлерінің әсері айрықша.

Еліміз тәуелсіздік алғалы жас ұрпақ бойында патриоттық сананы қалыптастыру, ол үшін патриоттық іс - әрекет ұйымдастыру, отбасы, балабақша мен мектептердегі оқу-тәрбие процесінде патриоттық тәрбие беруді жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Сондықтан, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде бұрынғы тәжірибе мен бүгінгі практиканы және болашақ жоспарларды байланыстыру қажет. Сонда ғана балалардың бойына ұлттық патриотизм сезімін қалыптастыруға қол жетеді.

Егер адам мұнда Отан тағдырымен байланысты және Отанға деген өзінің қатынасын адамның анықтап алуын талап ететін елеулі оқиғалар болмас, күнделікті

өмірде адам бұл сезімнің елеулі де терең екендігін өте жиі сезбейді, бұл мәселе жөнінде ойланып жатпайды.

Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан. Оны таратып айтсақ, бұл туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттық тілі, дәстүрі, мәдени ерекшеліктері, тарихы жасалған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Қандай халық болмасын өзінің ұлттық болмысын мен халықтық тәлім-тәрбие қазанында қайнап, жетілуі тиіс, яғни ұлттық кодты сақтай білуі тиіс дегенді білдіреді. Тарихымыз тереңнен тамыр алатын, бабаларымыздан қалған рухани-бай мұраларымызды ұрпақтар бойына сіңіру азаматтық борышымыз.

Қорыта айтқанда Елбасымыздың рухани жаңғыру бағдарламасында жастарымызды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында жас ұрпақты ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалды деңгейі биік, жан-жақты азамат ретінде қалыптастыруда жалпы ұстаздар қауымының қызметі өлшеусіз. Еліміздің жеткен жетістіктері аясында жас ұрпақты Отанын сүйуге, ол үшін аянбай қызмет етуге тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Елбасшысының болашаққа бағдар «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолдап, халқымыздың жарқын болашағының кепілі-іліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, отанымыздың бақыты үшін еңбек ете берейік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. Алматы: Қазақстан 2003 – 33б.
2. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы Алматы: Мектеп 2004.- 255 б.
3. Құнантаева Қ.Қ. Оқушылардың оқудан тыс бірліктері. Алматы: Мектеп 2005. – 56б.
4. Байділдина К. Патриоттық тәрбие бастауы //Бастауыш мектеп, 2016 №9 16-128б.
5. Байтелиев А. Патриоттық тәрбие беру. //Қазақстан мектебі 2015. №3 27-29б.

Аннотация: В статье рассматривается вопрос патриотического воспитания студентов на основе программы «Духовное возрождение». «Патриотизм - это любовь к Отечеству (государству), осознание того, что благосостояние индивида напрямую связано с общественной безопасностью, и признание того, что укрепление государства - это укрепление индивида, короче говоря, концепция патриотизма и отношения с будущим. Формирование патриотизма является ключевой частью программы духовного возрождения. Важнейшим вопросом является формирование патриотических чувств в сознании молодежи. Проблемы, пути, способы формирования и развития чувства патриотизма рассматриваются подробно. Сущность понятий национал-патриотизм, национальное самосознание, народное воспитание, патриотизм изучена в глубине. Детальное исследование и анализ работ топливных и зарубежных ученых, занимающихся этой проблемой. Формирование патриотических чувств у студентов детально изучено.

Ключевые слова: духовное возрождение, открытость сознания, будущий учитель, патриотическое воспитание, образование, педагогика, развитие, инновация, технология.

Білім беру үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу және оларды тиімді пайдалану тек материалдық-техникалық және инфрақұрылымдық факторларға ғана емес, сонымен қатар оқытушылардың электрондық ақпараттық білім беру ортасындағы қызметке дайындығына да байланысты. Педагогтардың ақпараттық мәдениетін дамыту, олардың ақпараттық технологиялар саласында біліктілігін арттыру, жаңа ақпараттық-коммуникативтік құралдарды игеруге дайындық басым болып табылады. Оқытушы Білім беру құрылымы мен мазмұнын өзгертуге, материалды ұсынудың модульдік схемасын және оны меңгеруді бақылаудың тест нысандарын пайдалануға дайын болуы тиіс. Оқу процесінде сандық білім беру ресурстарын пайдаланатын оқытушы оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану дағдыларына ие болуы, компьютерлік сыныптағы білім алушылардың жұмысын басқара білуі, оқу мақсатына қарай оқу материалдарын таңдай білуі, мультимедиялық бағдарламалармен жұмыс істей білуі, Интернетте жұмыс істеу негіздерін білуі, өздігінен білім алу үшін ақпараттық ресурстарды игеруде студенттер үшін жолсерік болуы тиіс. Колледждерде IT-технологияларды қолдану, педагогтар мен студенттердің Интернет желісіне қол жеткізуін қамтамасыз ету білім беру саласындағы біздің республикамыздың мемлекеттік саясатының маңызды элементі болып табылады. Бүгінде республикада колледждердің Интернет желісіне 100% қосылуы байқалады. Электрондық оқу құралдарының, білім беру ресурстарының пайда болуын білім беруді ақпараттандырудың сапалы жаңа сатысы ретінде қабылдауға болады. Колледждегі заманауи білім беру процесі педагогикалық және ақпараттық технологиялар жетістіктерінің үйлесімі негізінде құрылады. Білім беру үдерісінің сапасын арттыру үшін Мен өз жұмысымда электрондық білім беру ресурстарын, сервистерді (Learningapps, Quizz бағдарламаларын) жиі қолданамын <https://bilimland.kz> сонымен қатар, презентацияға, бейнетаспаға, видеоконференцияға, Электронды оқулықтарға, мультимедиа курстарына, компьютерлік модельдерге, білім беру порталдарына және т.б. қатысты[2]. Білім беру үдерісінде электрондық білім беру ресурстарының кез келген түрі ерекше міндеттердің шектеулі шеңберін шешеді, сондықтан оларды дәстүрлі педагогикалық технологиялармен білім беру процесінде көмекші материал ретінде пайдалануға болады. Оқу-әдістемелік кешенге енгізілген электрондық білім беру ресурстарының әрбір түрінің өз артықшылықтары бар. Оқытудағы компьютерлік технологияларды құру білім алушының жеке басының қажеттіліктеріне жауап беретін жаңа генерациядағы оқу құралдарын басып шығарумен қатар жүреді. Жаңа генерацияның оқу басылымдары оқу процесі мен қазіргі заманғы, инновациялық ғылыми зерттеулердің біртұтастығын, яғни оқу процесінде жаңа ақпараттық технологияларды, атап айтқанда, әртүрлі "электрондық оқулықтар" деп аталатындарды пайдаланудың орындылығын қамтамасыз етуге арналған. Білім беру процесінде электронды оқулықтарды пайдалану жеке өзіндік жұмысты ұйымдастыру арқылы студенттің қызметін басқаруға мүмкіндік береді. Мультимедиа курсы-иллюстративті, анықтамалық, тренажерлық және бақылаушы компоненттердің үйлесімі арқылы студентке кешенді әсер ету құралы. Бұл курстың негізгі құрамдас бөлігі компьютерлік тестілеу жүйесі болып табылады. Білім беру электрондық ресурстары мен қашықтан қол жеткізу порталдары пайдаланылатын бағалы академиялық көздердің шеңберін кеңейтеді. Білім беру үдерісінде пайдаланылатын электрондық білім беру ресурстары мен технологиялары неғұрлым маңызды факторларға байланысты: білім беруде білім беру ортасын қалыптастыратын студент пен оқытушының компьютерлік

сауаттылығына.

Осы мақсатқа жету құралдарының бірі білім беру ресурстарын, бейнематериалдарды, презентацияларды қолдану арқылы сабақтар болып табылады. Пәнге деген қызығушылықты қазіргі заманғы жаңа технологияларды қолдану арқылы немесе оларды қазіргі таңда қалай атайды, оқытудағы инновациялық технологияларды қолдану арқылы алуға болады. Мысал ретінде менің "сайтты құру және сүйемелдеу әдістері" тақырыбындағы ашық сабақтарымның бірін қарастырамыз. Сабақ барысында мультимедиялық проектор, сандық білім беру ресурстары, сервистер (Learningapps, Quizz бағдарламалары) қолданылды <https://bilimland.kz> ("Platonus" ААЖ, zoom платформасы арқылы "студент-оқытушы" сауатты кері байланысын ұйымдастыру, студенттерді ақпаратты жылдам қабылдауға, бірлескен жұмысты орындауға, оқытушы қойған жалпы тапсырманы шешуге үйрету, студенттердің сабақта белсенділігін арттыруға, сабақ қарқынын арттыруға мүмкіндік берді[3].

Сандық білім беру ресурстарын пайдалану принципі бойынша құрастырылған: алдымен тапсырмалар көрсетілді, ал студенттердің жауаптарынан кейін берілген сұрақтарға дұрыс жауаптар көрсетілді, бұл студенттердің жауаптарын тез бағалауға мүмкіндік берді.

Педагогикалық қызметте мен жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар құралдарының көмегімен кері байланысты жедел жүзеге асыруға, студентке оның қабілетіне сәйкес қарқынмен жылжу мүмкіндігін ашуға мүмкіндік беретін дидактикалық әлеуетімді арттыруға мақсат қоямын. Сабақ барысында компьютер тақтаның да, оқулықтың да, дидактикалық құралдың да ролін атқарады. Бұл пішінді пайдалану бірқатар артықшылықтар береді:

- студенттің жеке жұмыс режимін қамтамасыз ету мүмкіндігін
- тағы бір артықшылығы-әр студентке әртүрлі ақпарат беру мүмкіндігі;
- ақпаратты безендірудің үлкен мүмкіндіктері: слайдтарды, әр түрлі қаріптерді және, әрине, анимация әсерлерін жобалау кезінде кең түс гаммасын пайдалану
- сабақты дайындау кезінде оқытушының жұмысын оңтайландыру (көп мөлшерде дидактикалық материалды – иллюстрацияларды, схемаларды, диаграммаларды пайдалануды талап ететін сабақтарды ұйымдастыру), білімді бақылауды жүргізу кезінде (бір мезгілде бақылау мен білімді тексерудің әртүрлі түрлерін қолдануға мүмкіндік береді – тесттер, салыстыру тапсырмалары, мәтінде қате табу, сөйлемді жалғастыру және т.б.)[4].

Компьютердің тұтастығы сақталған кезде оқу үдерісін даралау және саралау сияқты маңызды дидактикалық қасиеттерінің негізінде білім алу технологиясының өзгеруі; педагог ролінің түбегейлі өзгеруіне әкеледі. Оның басты құзыреттілігі білім әлемінде де, студенттің тұтас сападағы қалыптасуында да көмекші, кеңесші, навигатор ролі болады. Компьютер оқытуды жекелендіру мәселесін іс жүзінде шешеді. Әдетте оқытушының түсініктерін меңгеретін әлсіз деңгейдегі студенттер қолын көтеруге, сұрақтар қоюға ұялады. Серіктес компьютер бола отырып, олар материалды өзіне ыңғайлы қарқынмен бірнеше рет қайталай алады және оның меңгеру дәрежесін бақылай алады. Компьютер ақпаратты ұсыну мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтеді. Оқытудың басты әдістемелік мәселесі "материалды қалай жақсы айту керек", "қалай жақсы көрсету керек?" деген сұраққа ауысады. Түстерді, графиканы, мультипликацияны, дыбысты, барлық заманауи бейне техника құралдарын қолдану іс-әрекеттің нақты жағдайын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Компьютер оқу мотивациясын күшейтуге мүмкіндік береді. Дербес компьютермен белсенді диалог арқылы сандық және басқа да нақты ақпараттың үлкен көлемімен байланысты білімді меңгеру, оқулықтың скучным беттерін басып шығаруға қарағанда оқушы үшін неғұрлым тиімді және қызықты. Оқу бағдарламаларының көмегімен студент нақты үдерістерді модельдей алады, яғни себептері мен салдарын көре алады, олардың мағынасын түсіне алады. Барлық заманауи білім беру технологиялары

студенттерді өз бетінше жұмыс істеуге үйретуге бағытталған, өйткені дербестік жұмысқа, оның ішінде тез өзгертін технологияларға байланысты жұмысқа табысты бейімделуге мүмкіндік береді[5].

Білім алушының көзқарасы бойынша компьютерлік технологиялар оқу процесін айтарлықтай жекелендіреді, оқу материалын меңгеру жылдамдығы мен сапасын арттырады, практикалық құндылықты айтарлықтай күшейтеді, жалпы – білім беру сапасын арттырады.

Осыған орай, студенттердің танымдық және шығармашылық қызығушылықтарын дамытуға әр түрлі педагогикалық технологиялар ықпал етеді. Инновациялық педагогикалық технологияларды белсенді қолданумен жүйелі жұмыс студенттердің пәнге деген қызығушылығын, оқу белсенділігін арттырады, білімді терең және берік игеруді қамтамасыз етеді, студенттердің ойлау, есте сақтау және сөйлеу қабілетін дамытады, сонымен қатар студенттердің репродуктивті қызметін белсендіреді.

Жаңа нәтижеге бағытталған білім — инновациялық білім. Құзіреттілік білім беру жағдайында қоғамның мәдени, әлеуметтік, экономикалық сұранысты қанағаттандыратын, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын, теориялық білімін кез келген жағдайда өз іс-тәжірибесінде пайдалана алатын білім.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану — біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек .

Ол әр педагогтан өз қызметінде жеке тұлғаға, оның қызығушылығы мен проблемасына бет бұруда маңызды өзгерісті талап етеді. Біз де әрдайым білім берудің жаңа технологиясын меңгеріп, жұмыстың тиімді жолдарын табу үшін жұмыстану үстіндеміз. Мақсат та айқын. Ол — балалардың мектепке қызығушылығын және оқуға ынтасын көтеруге мүмкіндік беретін қазіргі педагогикалық технологияларды қолдану, баланың жеке тұлғасын және шығармашылық ынтымақтастық жағдай қалыптастыру.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- дамытаотырыпоқытуәдістемесі (Л. Занков) ;
- озаотырыпоқыту (С.Лысенкова);
- іс-әрекеттібағалау (Ш. Амонашвили);
- тірек — схема жәнетірекконспектiлерiарқылыоқыту (В. Шаталов);
- саралапоқыту;
- деңгейліктапсырмаларарқылыдамытаоқыту;
- модульдікоқыту (М. Жанпейісованың);
- Сын тұрғысынанойлаутехнологиясы

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдылық және шығармашылық қиындарды жеңуін дамыту;
- әроқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;
- оқу үрдісінің оқушының сезінуі .

Инновациялық оқыту технологиясығылыми-педагогикалық қызметтің айрықша үлгісі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін кәсіби біліктілікті мамандардың тәжірибесін жұмылдыру қажет. Яғни, оқытушы өзінің кәсіби мамандығын педагогикалық шеберлікпен және шығармашылықпен ұштастырып, іскерлік дағдыны қалыптастыруы тиіс. Кез келген ұстаз заманауи инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. Студенттерді кез келген жағдайға бейімделіп, инновациялық жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана алатын дайын деңгейде тәрбиелеу қажет. Білімалушылардан мұндай даярлықты талап ету үшін, оның неғбасты көрсеткіштерінің қандау қажет.

Біріншіден, таным тұрғысынан қызығушылықты қалыптастыру қажет. Әрбір маман өзінің болашақ мамандығын жақсы көріп, кәсіби шеберлігін дамытуға аумтылып, кәсіпкер маман ретіндегі жеке біліктілігін арттырып, нарық сұранысына сәйкес оқуға бағытталуы тиіс.

Екіншіден, маман білімінің мазмұны, мамандығының практикасы мен ұштасуы қажет. Яғни, студент оқу үдерісі барысында жалпы мәдениеттілік және әдіснамалық дайындықтан өтіп, білім жүйесінің жалпы теориялық негіздерін меңгеруі тиіс. Оқу үдерісінің теориялық негіздері және жекетұлға теориясының негіздері ұштасқанда ғана білімалушылардың инновациялық әрекеттерінің тиімді болатындығы айқын.

Сонымен қатар, үшіншіден, мамандарға бейімділік дағдыларын сіңіру қажет. Сабақты қалыптасқан әдіс бойынша бір келкі өткізбей, әр сабақ сайынғылым мен техниканың, педагогикалық көшмелердің озық тәсілдерін пайдалана отырып, ерекше өткізуге болады. Сонда студент әр сабақта әртүрлі жағдаятты қапсырмаларды орындай отырып, бейімділік көшмелерін меңгереді. Мұндай студент болашақта қандай ортаға тап болғанына қарамастан, өзісіне ғана қажетті инновациялық технологияны таңдап, әрі сол ортаға өз болмысын бейімдей отырып әрекет етеді.

Болашақ маманның танымдылық қабілеті әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаға тез кірігуімен, өзін кәсіби тұрғыда жүзеге асырудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануымен, заманауи инновациялық технологияларға қызығушылық танытуымен ерекшеленеді. Бұған келешектегі маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны танып-білуі, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдануы, инновациялық технологияларды зерделеуі және оларды меңгеруі жатады.

Инновацияның өлшемдік бірліктері оқытудың әдіс-тәсілдері мен мақсат міндеттері, оқу үдерісі, оқытудың нәтижесін бағамдау мен анықталады. Оған болашақ маманның жүйелі оқу-тәрбие үдерісіндесабақты тиімді ұйымдастыра білуі, студенттер мен тығыз қарымқатынас орнатып, біртұтас ғылыми-педагогикалық үдерісті зерделеуі және сабақтың нәтижесі жоғары болуы үшін қажетті жаңа технологияны таңдауы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Можаева Г.В., Тубалова И. В. мультимедиа курсың қалай дайындау керек? (Оқытушыларға арналған әдіс-тәсілдерлік құрал) / ред. в. п. Демкина. Томск: Изд-во Том. ун-та, 2008, С. 7-11.
2. Смирнова Т.Л. Инновации в образовательном процессе подготовки экономистов // қазіргі білім: Ресейдің ақылды экономикасының инновациялық әлеуеті: 1-2

ақпан 2007 ж., Ресей, Томск. Томск: Томск мемлекеттік басқару жүйелері және радиоэлектроника университеті, 2007. С. 98-100.

3. Б.Я.Локшин, Н.Х.Розов, г.Сушко компьютерді қолдану арқылы студенттердің білімін бақылау // ғылыми зерттеулер мен оқу үдерісіндегі компьютерлік аспектілер. Москва. ММУ баспасы, 1996. С. 62-66

4. Башмаков А.И., Башмаков И.А. Әзірлеу компьютерлік оқулықтар және оқыту жүйелерін. М.: "Филинь" ақпараттық-баспа үйі, 2002. 616 Б.

5. Башмаков М.И., Поздняков С.Н., Резник Л.А. Ақпараттық оқыту ортасы. Спб.: Жарык, 1997.400 б.

Аннотация: статья посвящена образованию с первых лет независимости. В процессе обучения в соответствии с требованиями современной глобализации особое внимание уделяется всестороннему развитию личности студента, развитию его познавательной активности и формированию глобального сознания. Все мы знаем, что главная задача современных учителей - это ориентировать образование на результаты, то есть осваивать инновационные новые технологии. Внедрение инновационных подходов в образовательный процесс в соответствии с новыми потребностями общества требует неустанного стремления и творчества учителя. Это связано с тем, что организация образовательного процесса в соответствии с государственными образовательными стандартами навязывает внедрение новых педагогических технологий, инновационных измерительных приборов для контроля знаний учащихся. Важно систематически осуществлять внутришкольную, районную, городскую, региональную, национальную методологическую поддержку и совместные действия, чтобы учителя не переходили к традиционным методам обучения после профессионального развития и участия в практике. Сегодня онлайн-сообщества, обмен опытом в различных формах, публикации, которые разделяют общие идеи, распространение опыта осуществляются систематически. Это, в свою очередь, является благоприятным фактором для профессиональной поддержки учителя, развития, профессионального развития.

Abstract: The article is devoted to education from the first years of independence. In the learning process in accordance with the requirements of modern globalization, special attention is paid to the comprehensive development of the student's personality, the development of his cognitive activity and the formation of global consciousness. We all know that the main task of modern teachers is to focus education on results, that is, to master innovative new technologies. The introduction of innovative approaches in the educational process in accordance with the new needs of society requires the tireless aspiration and creativity of the teacher. This is due to the fact that the organization of the educational process in accordance with state educational standards imposes the introduction of new pedagogical technologies, innovative measuring instruments for monitoring students' knowledge. It is important to systematically carry out intra-school, district, city, regional, national methodological support and joint actions so that teachers do not switch to traditional teaching methods after professional development and participation in practice. Today, online communities, the exchange of experience in various forms, publications that share common ideas, the dissemination of experience are carried out systematically. This, in turn, is a favorable factor for the professional support of the teacher, development, professional development.

ӘОЖ 371:338.24 (075)

Каппарова А.С.

А.Назарбеков атындағы №87 жалпы орта білім беретін мектептің директоры, Шымкент,
Қазақстан

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСҚАРУДЫҢ МӘНІ

Түйін: Бұл мақалада бүгінгі білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті, басшының болмысына, кәсіби шеберлігіне қойылатын талаптар туралы айтылады. Мектеп басшысының басқару мәдениеті білім берудегі құндылықтар мен технологияларды

менгеруіне, кез келген әрекетте өзін шығармашыл тұлға және шебер көшбасшы ретінде ұстай білуіне байланысты. Оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларын бір орталыққа шоғырландырып, үздік нәтижеге жету жолында бір мақсатқа жұмылдыру ісін ұйымдастырып, үйлестіруі туралы айтылады. Сондай-ақ, білім беру ісінің мазмұнын әлеуметтік, мәдени, табиғи, өндірістік ортамен ұдайы байланыстырып отыруы қажет. Білім тек теория жүзінде ғана емес, өмірге қажеттіліктен игерілетіне баса мән беруіміз керек. Басқарудың жалпыға ортақ қалыптасқан шекарасы мен бұлжымас ережелерін сақтау керек деген түсініктің жоқтығы, мектеп басшысының орта мен қоғамның ыңғайына қарай, заман талабын ескере отырып, көшбасшылық қабылетін шеберлікпен қолдана білуі туралы айтылған.

Кілттік сөздер: білім мазмұны, жаңартылған білім, педагогика, менеджмент, көшбасшы, жауапкершілік, тәрбие, шығармашылық, тұлға, бәсеке, қарым-қатынас, ұжым.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінің мазмұны жаңарды, ол оқушының өз бетінше ізденуіне, еркін ойлауына, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауына, жалпы тұлғалық дамуына бағытталған. Осы ретте білім мазмұнымен бірге оқыту үдерісінің құрылымы, басқару механизмі де жаңа сипатқа ие болды. Ендігі уақытта дәстүрлі жүйедегідей дайын білімді игеретін шәкіртті емес, білімді өзі іздеп табатын, шығармашылық пен креативті ойлауға бейім жаңашыл ұрпақты тәрбиелейтін ізденімпаз мұғалімге қажеттілік артты. Бұл туралы өткен ғасырдың басында ұлы ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткен еді: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы хәм сайлы болуы, құралсыз іс істелмейді, хәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына құралдың сайлы хәм жақсы болуы шарт. Үшінші мектепке керегі – белгіленген программа» [1,520].

Міне, осы талап әлі де маңызын жойған жоқ. Тек ХХ ғасырдың басында қоғам қайраткері бірінші орынға мұғалім біліктілігін, одан кейін барып құрал-жабдық пен оқыту бағдарламасын қойса, қазіргі уақытта алдымен бағдарлама бекітіліп, оқыту жүйесі сол белгіленген стандарт негізінде әрекет етеді. Жаңартылған бағдарламаға сай мектептің техникалық базасы қайта жасақталып, оқу құралдары мен оқулықтар да жаңа басылыммен шықты. Мұғалімнің біліктілігін арттыратын оқыту курстары ұйымдастырылып, бәсекеге қабылетті, шығармашылықпен ойлауы жетілген, ізденімпаз тұлғаны қалыптастыратын тәжірибелі ұстаздар дайындалды. Жаңартылған бағдарлама бүкіл оқыту жүйесіне тың серпін, білім мен ғылым үйренуге жаңа дем бергендей болды. 4-5 жылдық тәжірибе бойынша оқушылардың білім нәтижелерінен тереңдік, ойлылық, алғырлық, еркіндік байқалады. Бүгінгі оқушының ізденімпаздығы мен байқампаздығы артқан, нақты мақсат пен биік армандарға қол созудан танбайды. Өз білімімен әлемдік бәсекеге лайық болуды ойлайды. Өзіне нақты не керегін, кім боларын анық біледі. Мақсаты айқын, арманы асқақ, әрекеті батыл жастар өсіп келе жатқаны қуантады. Мұның өзі қазіргі білім беру жүйесінің ұстанған бағыты түзу, мұраты асыл екендігін көрсетеді.

Теориялық талдау. Оқыту жүйесінің басты мақсаты – оқушыға тәрбие мен білім беру болса, сол ізгі ниеттен туған мақсаттың аясында бүкіл адамзаттың игілігіне жұмсалатын құтты білім игеріле бермек. Бұл туралы Алаш арысы Мағжан Жұмабаев былай деген екен: «Тәрбиеден мақсұт – адамды хәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» [2,28]. Қазіргі жаңартылған оқыту жүйесінің мақсаты да осыған саяды. Еркін ойлайтын, өзгенің пікірімен санасатын, өз

ойын ашық жеткізе алатын, қарсыласының уәжін тыңдай алатын мәдениетті тұлға; адамзаттың бәрін бауырым деп санайтын, ешқандай жікке, топқа бөлінбей, барлық адамды бірдей көретін өркениетті ұрпақ тәрбиелеуді қолдайды.

М.Жұмабаев: «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Сол басқа адамдардың майдандағы тәжірибелерін көрсеткен жеке бір пәнмен, яғни тәрбие пәнімен таныс болу керек. Тәрбие пәні педагогика деп аталады» [2,29], - деп, педагогиканың 5 бөлімін атап көрсетеді. Олар: жалпы педагогика, дидактика, методика, мектепті басқару, педагогика тарихы. Алғаш қазақ тілінде жазылған педагогикалық-психологиялық ғылыми еңбекте мектепті басқару туралы да айтылады: «Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай ұсталуға тиісті, кластарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу пәнін қалай белгілеу керек, міне, осылар сықылды мектеп құрылысы жұмыстарын көрсетеді» [2,32].

Осы істерді үйлестіретін басшының міндеті бұл күнде одан әрі күрделенбесе, маңызын жойған жоқ. Қазіргі басшыға қойылатын талап та биік, жауапкершілік те үлкен. Ол педагогикалық ұжымның жұмысын жүйелі бақылап, бір бағытта ұйымдастырып, керек жерінде ынталандырып, ұйымдастыру мен басқарудың педагогикалық негізіне сай қызмет етеді. Педагогикалық үдерісті басқаруда оң нәтижеге қол жеткізу үшін басқару мәдениетін мүлтіксіз меңгеруі керек. Ал басқару мәдениеті дегеніміз – әлемдік тәжірибедегі басқару әрекетінің көп жылдық нәтижесінің мән-мағынасын түсініп, ұғыну, қолдана білу. Білім беру мекемесіндегі оқу үдерісінің сараптамасы, алға қойған максаты, мектеп ұжымын қадағалау мен бағалау жүйесін ұйымдастыруда ғылыми әдістер мен мекеменің өзіндік ерекшеліктерін ескермеу, сыннан өткен бұрынғы тәжірибеге сүйенбеу мүмкін емес. Сондықтан да, Мағжанның «Педагогикасында» аты аталған «Мектепті басқару» ісі өте маңызды, бұл күнде «Педагогикалық менеджмент» ретінде педагогиканың арнайы бір саласына айналған.

Тәжірибелік бөлім. Білім беру жүйесін басқару ісі «педагогикалық менеджмент» ұғымымен тығыз байланысты. Бірақ педагогикадағы «басқару» ұғымының мағынасы әлдеқайда кең, мәні терең. Өйткені «менеджмент» термині алғашында белгілі бір кәсіпкерлер корпорациясы немесе акционерлік қоғам арқылы әлеуметтік-экономикалық үдерісті басқарудың бір формасы ретінде енгізілсе, қазіргі уақытта кең қолданысқа ие болған. Бастапқыда бизнес саласына ғана тиісті болған бұл ұғым кейінірек белгілі бір дәрежеде білім саласын басқаруда да қолданыла бастады. Осы жерде басқарушы-көшбасшы мен менеджмент ұғымының мәнін ашып алсақ. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тіліне аударылған Стивен Р.Ковидің «Жасампаз жандардың 7 дағдысы» кітабында осы мәселенің жігін ашып, талдап берген: «Екінші дағдының негізі – дербес көшбасшылық. Ал бұл – көшбасшылық деген алғашқы туынды деген сөз. Көшбасшылық менеджмент емес. Менеджмент – екінші туынды.

Менеджмент төменгі деңгейге екпін қояды: «Мұны қалай жасауға болады?» ал көшбасшылық болса, «Нақты нені жасағым келеді?» деген жоғарғы деңгеймен істес болады. Питер Друкер мен Уоррен Беннистің сөзімен айтсақ, «Басқарудың мәні – дұрыс істеу, ал көшбасшылықтың мәні – жасау қажет нәрсені дұрыс таңдау. Табыс баспалдағымен жоғары өрлеу жылдамдығы басқаруға байланысты болса, көшбасшылық сол сатының қажет қабырғаға қойылған-қойылмағанын анықтайды» [3,105].

Яғни, көшбасшы (лидер) басқа да, менеджер басқа. Мұны С.Р.Кови джунглиді мысал ете отырып былай түсіндіреді: «Ит тұмсығы өтпес джунглиде мачетенің көмегі мен өзіне жол ашып келе жатқан топты көз алдыңызға келтірсеңіз, онда бұл екі ұғымның арасындағы үлкен айырмашылықты тез түсінередіңіз. Бұлар проблеманы шеше алатын өндірушілер. Жол салатын да солар.

Олардың сыртында өндірушілерді басқаратын менеджерлер тұр. Олар мачетені

қайрайды, ереже, көрнекі құралдар мен нұсқаулықтар әзірлейді; бұлшық етінің күшін қалпына келтіретін бағдарламалар ұйымдастырады; технологиялық жаңалықтар ұсынады: өндірушілерді материалдық ынталандырудың жоспарлары мен өндіріс кестелерін даярлайды.

Көшбасшы – ең биік ағашқа шығып, жан-жақты барлайтын, «Бұл – басқа джунгли!» деп айқайлайтын адам. Жұмыс істеп жатқан өндірушілер мен менеджерлер әдетте оған қандай жауап қайтарады? Міне, былай: «Өшір үніңді! Біз дұрыс бағытпен жылжып келеміз!»

Жекелеген адамдар, топтар мен тұтас кәсіпорындардың әдетте жол ашуға беріліп кететіні сондай – басқа джунглиге түсіп кеткенін аңғар майқалады. Ал, алмағайып кезеңде көшелі көшбасшылыққа деген сұраныс тәуелсіз және өзара тәуелді тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында айрықша, төтенше маңызға ие» [3,106].

Кейде үлкен күш салып, жұмыс жасаудан гөрі биік мақсат қойып, өзіне не керегін анықтап алғанымыз маңыздырақ. Алға қойылған міндет-мақсатымызды түсіну, білу, соған сай әрекет ете білуіміз керек. Мұндай кезде дұрыс шешімді ішкі пайымдауымыз бен ғана таба аламыз. Автор осындай жағдайда тиімді позицияда қалу қаншалықты күш жұмсауымызға емес, оны қандай жерде жұмсауымызға байланысты дейді. Бұл күнде барлық сала мен кәсіп түрінде болып жатқан толассыз өзгерістер бізден, ең әуелі дұрыс көшбасшылықты, содан кейін ғана мықты менеджментті талап етеді деген оймен қорытады.

Енді жасампаздыққа жетелейтін Стивен Р.Ковидің осы ойларын білім саласына сай қолданатын болсақ, көп нәрсенің мәнін тереңірек ұғынамыз. Біздің еліміздің білім жүйесіндегі елеулі өзгерістер нағыз көшбасшылардың бастамасымен іске асып отыр. Ұлтымыздың ұлттық кодын оятып, рухани санасына қозғау салатын, мәңгілік елдің мәңгілік біліміне жалғайтын жүйені тұтастай ауыстыру, мазмұнын жаңарту оңай болған жоқ.

Биік ағаш басына шығып, жол көрсететін көшбасшылардай бізге керекті білім бағдарламасын ұсынушылар көпшіліктің қарсылығына да тап болды. Бірақ олар биікке шығып, айналаны мұқият бақылады, бірнеше жылдардан кейін жемісін беретін болашаққа бағдар жасай алды. Дәл қазіргі қарқынмен дамып, бүгін үшін өмір сүруді емес, өркениетті елдер көшіне ілесе алатындайтын өзгерістерді, білімді жаңарту мен сананы жаңғыртуды қалады. Заман талабына сай, әлемдік білім жүйесінің сұранысына жауап бере алатындай, саналы ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етті. Мақсат анық қойылып, бағдарлама бекітілген соң ол өндірушілер мен менеджерлердің қолдауымен нақты іске аса бастады. Білім саласында жол көрсетіп, карта сызып беретін көшбасшы – Білім және ғылым министрлігі болса, менеджерлер – министрлік бекіткен стандарттың жүзеге асуына ат салысатын қалалық, облыстық, аудандық білім басқармаларының басшылары мен мектеп директорлары, ал оларды іске асырушы өндірушілер – мектеп мұғалімдері болмақ. Ия, білім саласының нәтижелігі, ең алдымен, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-саяси жағдайларын ескере отырып шешім қабылдайтын көшбасшының әрекетін қолдаушылар, өндірушілерді шабыттандырып, оларға бағыт беріп, жол көрсетіп отыратын – менеджерлерге тікелей байланысты.

Нәтижелер мен талқылау. Бизнес саласында табыс қажетуде қолданылатын бұл терминнің білім саласындағы мағынасының айырмасы осы жерден келіп шығады. Яғни, қазіргі жаңартылған білім беруде әрбір мұғалімді тек берілген бағытпен қозғалатын өндіруші деп қабылдай алмаймыз. Мұнда, әрмұғалім – көшбасшы болуға лайық. Ол туралы әлемдік ғылыми әдебиеттерді қазақ тіліне аударумен айналысатын «Мазмұндама» қорының төрағасы, Гарвард университетінің түлегі, журналист Шыңғыс Мұқан былай дейді: «Көшбасшылық дегеніміз – бір нәрсені бастау болса, жанашырлықтың өзі көшбасшылық дағдыларына кіреді. Демек, көшбасшылық – кезкелген оң өзгеріске

бастамашы бола алатын, өзісін жақсы білетін жауапты адам болу. Бастық болу деген сөз емес. Лидер өз өмірін өзгертіп, өзгеге де ықпал ете алады»[4].

«Мазмұндама» жобасының авторы әр адам өзін лидер санағанда ғана жауапкершілікті сезінеді дейді. «Lead» сөзінің өзі «бастау» деген мағынаны береді. Қоғам өзгеруі үшін әрбір адам өзгеруі керек, ал әр адам өзгерісті өзгеден емес, өзінен бастауы тиіс. Кеңестік уақытта «лидерлікпен» ғылым саласы емес, партиялық ұйым дарайналыс қаннан кейін бұл сала біздің елде дамыған жоқ. Ал батыс елдерінде лидерлік ғылым ретінде жан-жақты зерттеліп, осы тақырыпта жеті жарым мыңдай кітап шыққан екен. Сол себепті ол елдерде лидерлік туралы ортақ тұжырым мен түсінік қалып тасқан. Біздің елде осындай негіз болмағандықтан «адам көшбасшы болып туылады» деген қағида бар. Батыста «көшбасшылық – қанмен келетін қасиет емес, дағды» деп есептейді. Ал дағдыны үйренуге әбден болады. Мәселен, бастауыш сыныптан оқу дағдысын, жазу дағдысын меңгеретініміз секілді адам көшбасшылыққа да бейімделе алады. Қоғамдақалып тасқан «бірадам – басшы, қалғандары – қосшы» деген де таптаурын болған қасаң ұғым. Мұндай жағдайда жауапкершілік арқалаған бір адам алғашығады да, қалғандары соған тәуелді болады. Осылайша, тәуелді адамдардың саны артады.

Көшбасшылық – біреуге басшы болу емес, өзіне, өз тағдырыңа басшы болу. Өзін басқара алған адам кезкелген ортаны соңынан ерте алады. Қазақ халқының би-шешендері, батырларының айтқан сөздері тұнып тұрған көшбасшылық болғанымен, олар ғылым ретінде жүйеленбеген. Сондықтан да, автор көшбасшылықты ғылым ретінде бала жастан оқыту керек деген оймен батыстағы көшбасшылық туралы әр адам оқуға тиіс 10 кітапты «Көшбасшылық» кітабына жинақтап, қазақ аудиториясына ұсынып отыр.

Адам өзін-өзі дамытып, еңбектеніп, күнделікті үйреншікті комфорт зонадан шыққан дағана өзін тұлға ретінде танытады, өзінің даралығын көрсетеді. Бұл туралы «Логотерапия» ғылымында былай дейді: «Адамның тұлға ретінде тіршілік кешуі – басқаларға ұқсамау. Әр адам өзіне тән өзгешелікпен туылады. Оның бары да, нары да – сол өзгешелігі. Оның міндеті – сол өзгешелікті өмірбойына дамытып, дараландыра түсу. Даралығын жойған күні тобырға сіңіп жоғалады» [5,251].

Иә, қазіргі қоғам дамуы әр адамнан өз тағдырының көшбасшы болғанын талап етеді. Қоғамды тәрбилейтін, қоғам құрушы тұлғаны дайындайтын білім беру мекемесі болғандықтан, жаңартылған білім беру жүйесінің де мақсаты осыған саяды, яғни бәсекеге қабылетті, өзіндік ой-пікірі, көзқарас ықалыптасқан, шығармашылық тұлғаны дайындау.

Мазмұны жаңарған бүгінгі білім беру мекемесін басқаруда тек қана өткен жолға қарау немесе жеке тәжірибе сүйену жеткіліксіз. Әлеуметтік басқару теориясы мен педагогика, психология ғылымдарының соңғы жетістіктерін ескере білуіміз керек. Педагогикалық жұмыстың шығармашылық сипаты қатаң бұйрық беру мен құрғақ моральға жол бермейді. Бұл жерде, жоғарыда айтылғандай, лидерлік қабылеттің нәтижесінде бастамашыл бола білу, педагогикалық ұжымды ұтымды аргументтермен сендіріп, дұрыс бағытқа жетелей білу маңызды. Ұжым ішіндегі татулық пен тығыз байланыс, қарым-қатынас мәдениетінің сақталуы табысты басқарудың бір сыры болмақ. Соңғы уақытта мектептегі психологиялық қызметтің негізінде жаңа басқару әдістері қалыптаса бастады. Оқу-тәрбие ақпараттарын күнделікті жинақтап, өңдеп, сақтап пайдалану – оқу ісінің нәтижелігін арттырады. Мектеп басшысы кәсіби менеджер ретінде өз қызметін бақылау, түрлі сауалнамалар жүргізу, нұсқаулар мен әдістемелік материалдармен жұмыс жасау әдістерін белсенді қолданады.

Елбасының жолдауында: «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару» [6], – деп айтылған болатын. Еліміздің білім беру саласы түбегейлі өзгеріп, жаңартылған бағдарламаға сай жаңа тыныспен, тыңнан түрен салып, қарқынды дамып жатқанына куә болып отырмыз. Олай болуы заңдылық та, себебі ХХІ ғасыр – білім мен

техниканың қарыштап дамып, ғылым мен мәдениеттің, өнеркәсіп пен экономиканың жеделдеп өсуіне ықпал ететін технологиялар ғасыры болып отыр. Заман ағымына ілесе алатын, ілесіп қана қоймай, замана көшін бастайтын бәсекеге қабылетті, оқытудың жаңа технологияларын меңгерген, өзіндік пікірі мен дүниетанымы қалыптасқан, шығармашыл тұлға дайындау – қазіргі оқытудың басты мақсаты. Қай кезде де жас ұрпақтың санасына білім дәнін сеуіп, әдептілік пен ар-ұяттың, әділдік пен шыншылдықтың, қайырымдылық пен қамқорлықтың нәрін сіңіретін ұстаздардың еңбегі адал, қоғам алдында оларға жүктелген міндеттің салмағы қара тастан да ауыр. Біздің ұстаздарымыз әрқашан да бұл межеден абыроймен өтіп, өздеріне артылған жауапкершіліктің мәнін терең түсініп, үнемі ізденіс пен дамудың, жетілудің жолында еңбек етуде.

Мектепті басқару туралы біршама пікірлерді келтіре отырып, барлығының да басшының ұжыммен тығыз байланыста, бір-бірімен жақын қатынаста болғанын құптайтынын байқауға болады. Сондай-ақ, тиімді басқару басшының бастамашылдығы мен өзінің шығармашылық қабылетін қолдана білу деңгейіне де байланысты екендігі анық. Осы ретте бұрынғы даналардан жеткен бір тәмсілді келтіре кетсек:

«Дәуіт әрі пайғамбар, әрі патша болыпты. Ол әділ патша атанамын деп, жұпыны киініп, елді аралап жүретін. Кездескен адамынан:

– Патшаңыз қандай кісі? – деп сұрайды екен. Олар жарыса.

– Патшамыз өте әділ. Біреуге қылдай қиянат қылған емес. Тақта отырса да, елдің жағдайын бес саусағындай біліп отырады. Көреген әрі ақылды, – деп мақтаса, көңілі марқайып қалады екен. Бір күні базардағы етікшіден:

– Патшаңыз қалай жақсы ма? – деп сұрады. Қарт:

– Жоқ, нашар. Үнемі елді аралап, қыдырып жүреді. Жаны қиналып кәсіп қылмайды. Халықтың есебінен ішіп-жейді, – деді. Бұл сөз Дәуіттің жүрегіне ауыр тиді. Ол Құдайға:

– Иә, Алла, нанымды адал тауып жейін. Маған өнер үйрет, – деп жалбарынды. Алла оған сүйек тістеген бір итті жіберіп:

– Ақылды болсаң, осы иттен кәсіп үйрен, – деді. Дәуіт «ит маған не үйретеді?» деп қомсынып тұрды. Сол кезде ит алдыңғы екі аяғын айқастырып, сүйек мүжиді. Дәуіт иттің аяқпен жасаған амалына қарап, қысқаш ойлап табады. Жаңа сайман темірді қысуға өте ыңғайлы боп шыға келеді. Ұлық Алла ит екеш иттен де арланбай өнер үйренгені үшін оған риза болып, ұсталық қасиет дарытады. Дәуіт ұсталықты кәсіп етіп, адал нан табады. Ол көптеген құрал-сайман жасап, елдің игілігіне жаратады. Сырға, білезік соғып, зергерлікті дамытады. Осылайша, ел арасында «Зергердің пірі – Дәуіт пайғамбар» деген сөз қалыпты» [7,163].

Міне, осы тәмсілден жоғарыда айтылған креативтілікті, сыни ойлау мен коммуниативтілікті, командада жұмыс істеудің көркем үлгісін көруге болады. Яғни, өзі патша бола тұра, әрдайым ұжымның арасында болып, олардың тілегін, қалауын естігісі келеді, өз ісіне үнемі сыни көзқараспен қарап, өз бойындағы кемшілікпен күресуге арланбайды. Халқымен, өзіне бағыныштылармен тығыз қарым-қатынаста болуды қалайды, бір кісінің ескертуін орындау үшін жаңа нәрсені үйренуден, жоқтан бар жасаудан қорықпайды. Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасының аясында ұлттық кодтың мәні халық-ауыз әдебиетінде, қисса-дастандарда жатқандығы, оларды қайта жаңғыртып, тәлім-тәрбие алып, өмірлік тәжірибемізге ендіру керектігі айтылады. Адамзат баласы тарихи тізбекте өмір сүретіндіктен оған өз ата-бабасынан мирас болған салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ауыз әдебиеті үлгілерінің тәрбиелік әсері ерекше. Санасына сілкініс жасап, қазіргі қоғамда небір терминдермен, түрлі әдіс-тәсілдермен түсіндіру қиын жайттарды бір ғана тәмсілмен шебер жеткізе қояды.

Қорытындылар. Ойымызды осы жерден қорытындылайтын болсақ, қазіргі білім берудегі басқарудың мәні – педагогикалық ұжыммен санаса білу, әрбір мұғалімнің ғана емес, әрбір ата-ананың, әрбір оқушының қалауын тыңдап, солардың ыңғайына қарай

әрекет ету. Мектеп құрылымын басқаруда ынтымақтастық, ізгілік, тұлғалық бағдар, даралау мен саралау, тиімділік пен нәтижелік ұстанымдарына сүйену болып табылады. Әсіресе, оңтүстіктегі бала саны көп білім мекемелерін басқаруда басшы барынша мәмілеші, толерант, отбасындағы татулық пен бірлікті сақтауға тырысатын қамқор анадай мейірімді бола білуі керек. Қазіргі мектепті басқарудың мәні – оқыту мен тәрбиелеудегі оң нәтижеге қол жеткізуде оқушылар мен олардың ата-аналарына педагогтардың мақсатты түрде ықпал етуі болмақ. Сонда ғана білім биігін бағындыратын саналы ұрпақ, тамырынан ажырамайтын намысты азамат, мәңгілік елдің туын жықпас өр тұлғаларды тәрбиелей аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ прозасы: Хрестоматия. Үш томдық. Екінші том. (А.Байтұрсынов. Мектеп керектері) Алматы: Ғылым, 2001. 672 бет

2 Жұмабаев М. Шығармалары. (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. С.Жұбаниязов. Алматы: Жазушы, 2013. 376 бет.

3 Кови Стивен Р. Жасампаз жандардың 7 дағдысы: Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. 2018. -352 бет.

4 Бегалықызы Т. «Шыңғыс Мұқан, «Көшбасшылық» жинағының авторы: Көшбасшылық – бастық болу деген сөз емес» // «Ұлан» газеті, №28. 9 шілде, 2019 жыл.

5 Лоотерапия немесе өмірге құштарлық. Отбасы хрестоматиясы. / Құраст.: С.Керімбай, Ә.Нәби, М.Төлеген, С.Тайғарин. Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2016. 472 бет.

6 Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасының арттыру. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 5 қазан, 2018 ж.

7 Әлдиден эпосқа дейін. Отбасы хрестоматиясы. / Құраст.: Б.Бопайұлы, С.Керімбай, Ә.Нәби, М.Төлеген. 2 бас. өңд.толық. Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2015. 392 бет.

Аннотация. В данной статье говорится о культуре управления в современной системе образования, требованиях к личности, профессионализму руководителя. Культура управления руководителем школы зависит от усвоения ценностей и технологий в образовании, умения вести себя в любой деятельности как творческую личность и умелый лидер. Речь идет о консолидации всех участников учебно-воспитательного процесса в одном центре, организации и координации целенаправленной мобилизации на пути достижения наилучших результатов. Также необходимо постоянно связывать содержание образования с социальной, культурной, природной, производственной средой. Надо обратить особое внимание на то, что знания приобретаются не только в теории, но и в жизни по необходимости. Было сказано об отсутствии представления о соблюдении общепринятых границ управления и неукоснительных правил, умении руководителя школы использовать лидерские способности с учетом современных требований к среде и обществу.

Abstract. This article discusses the management culture in the modern education system, the requirements for the personality and professionalism of the leader. The management culture of the leader of the school depends on the assimilation of values and technologies in education, the ability to behave in any activity as a creative person and a skilled leader. It is about consolidating all the participants in the educational process in one center, organizing and coordinating targeted mobilization on the path to achieving the best results. Also necessary to constantly connect the content of education with the social, cultural, natural, industrial environment. Particular attention should be paid to the fact that knowledge is acquired not only in theory, but also in life as necessary. It was said about the lack of understanding of the observance of generally accepted boundaries of management and rigorous rules, the ability of the school principal to use leadership abilities taking into account modern requirements for the environment and society.

**ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУ –
ПСИХОЛОГИЯ И ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ –
PSYCHOLOGY AND INCLUSIVE EDUCATION**

ӘОЖ 37.01

Кабылбекова З.Б.¹, Нуралиева А.Ж.¹, Садуова Г.С.²

¹ д. педагог. н., профессор, ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

¹ к. п. н., доцент, ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

² магистр, Международный университет SILKWAY, Шымкент, Казахстан

**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЙ
РАБОТЫ С ПОДРОСТКОВЫМИ ДЕВИАЦИЯМИ**

Введение

В возрастной и социальной психологии подростковый возраст считается одним из значимых и сложных на жизненном пути человека. Физиологические возрастные изменения, акцентуации характера, формирование личностных новообразований влекут за собой изменение поведения подростка. Под влиянием внутренних и внешних факторов развития существует риск развития в подростковом возрасте различных поведенческих отклонений.

Актуальность проблемы отклоняющегося поведения обусловила возникновение в рамках психологии особого направления – психологии девиантного поведения. В последние годы интерес к проблеме отклоняющегося поведения значительно возрос, что отразилось в необходимости более тщательного исследования причин, форм, диагностики девиантного поведения, поиска более эффективных мер социального контроля – превентивных, профилактических, коррекционных, реабилитационных и др. Это стимулировало заметное развитие теории психологии девиантного поведения и обусловила проявление исследовательского интереса к её основным направлениям более широкого спектра специалистов-психологов, педагогов, юристов, медицинских и социальных работников.

В зарубежной науке психология девиантного поведения сложилась как самостоятельная научная и учебная дисциплина. В нашей стране эта наука находится на пути формирования и развития [1].

Теоретическая часть

Разработке данной проблемы берет начало в социологических и криминологических трудах, из которых особого внимания заслуживают труды таких авторов, как Ч. Беккарна, М. Вебер, Э. Дюргейм, О. Конт, Ф. Милиз, Ф. Мертон, А. Сорокин, Э. Ферри, Э. Фролин и др. Из отечественных учёных следует назвать А.А. Александрова, Б.С. Братуся, Л.И. Божович, Л.С. Выготского, С.И. Голода, В.П. Кащенко, И.С. Кона, В.Н. Кудрявцева, Ю.А. Клейберга, А.С. Макаренко, Е.В. Руденского, С.Г. Шацкого, М.Г. Ярошевского и др. учёных.

Тем не менее ни у зарубежных, ни у отечественных авторов нет единой точки зрения по поводу самого термина «отклоняющееся поведение». Одни исследователи считают, что речь должна идти о любых отклонениях от одобряемых обществом социальных норм, другие предлагают включить в это понятие только нарушения правовых норм, третьи различают виды социальной патологии (наркозависимость, алкоголизм др.), четвёртые – социальное творчество. Исходя из их совокупного мнения, можно охарактеризовать отклоняющееся поведение, как «поведение, которое идёт вразрез с институционализированными ожиданиями, то есть с ожиданиями, разделяемыми и

признаваемыми законами внутри социальной системы» [2].

Ж.Н. Филлер определяет девиантное поведение типом культуры, действующей в данной социальной системе: если ценности и нормы меняются, то само определение девиации также видоизменяется. При этом он утверждал, что девиация – это сконструированная социальная реальность, которая не является простым результатом нормативных процессов, но может содержать структурирующие элементы и составлять потенциальный фактор социального изменения.

В психолого-педагогической литературе при характеристике действий и поступков детей и подростков, не соответствующих общественным нормам и правилам, используются понятия «правонарушение», «противоправные действия», «безнравственный проступок», «девиантное поведение».

Поведение человека выступает не только как сложный комплекс видов его социальной деятельности, с помощью которых опредмечивается окружающая природа, но и как общение, и как практическое взаимодействие с людьми в различных социальных структурах. Причем на любом уровне и при любой сложности поведение личности существует взаимозависимость между: а) информацией о людях и межличностными отношениями; б) коммуникацией и саморегуляцией поступков человека в процессе общения; в) преобразованиями внутреннего мира самой личности. Это необходимо учитывать при оценке и характеристике отклоняющегося поведения подростков, при определении причин и условий, его обуславливающих. [3].

Экспериментальная работа и психолого-педагогические исследования ученых последнего десятилетия показали, что у подростков с девиациями преобладает общественно-отрицательная, экономическая направленность, определяющая жизненную позицию: склонность к развлечениям, праздному образу жизни, погоне за удовольствиями. Так, по данным исследований более 73% несовершеннолетних курят, 59% употребляют спиртные напитки, 10% употребляют наркотики. У подростков, совершающих правонарушения существенно деформированы духовные, познавательные и эстетические потребности. У них отсутствует интерес к знаниям, к учебной деятельности (у 45%), они бесцельно проводят свободное время, не занимаются общественно-полезной деятельностью (73%). В силу неразвитости познавательных интересов и отрицательного отношения к школе у данной категории подростков довольно низок уровень нравственно-правовой культуры [4].

В специальной психолого-педагогической литературе, анализирующей правосознание подростков с девиантным поведением, выделяются нижеперечисленные его особенности:

Во-первых, это мнимая осведомленность в уголовном законодательстве. Правовая практика и результаты исследования показывают ограниченность этих знаний, отсутствие четкости представлений о правовых нормах.

Во-вторых, подростки испытывают затруднения в сопоставлении своего поведения и требований закона. Они склонны рассматривать свой поступок как невинную шалость.

В-третьих, несовершеннолетние подростки не умеют применять правовые знания в конкретной ситуации.

В-четвертых, при оценке или характеристике того или иного противоправного поступка подростки руководствуются не нормой закона, а мотивом действия.

В-пятых, наблюдается зависимость правосознания несовершеннолетних от внимания взрослых и более авторитетных для них людей или воздействие мнения группы.

Таким образом, отклоняющееся поведение подростков – довольно сложное и содержательное понятие, включающее девиации в поведении, начиная от элементарных,

простых нарушений порядка до совершения серьёзных проступков, граничащих с нарушением законодательства. В психолого-педагогических источниках и практике общеобразовательной школы к подросткам с отклоняющимся поведением включают всех психически здоровых детей (с отклонениями в пределах нормы), но имеющих проблемы (задержки, отставания) в нравственном, умственном, эмоционально-волевом развитии вследствие недостатков и просчётов воспитания (семейного или общественного), неблагоприятной ситуации развития в тот или иной период онтогенеза и в силу этого не поддающихся обычным мерам педагогического воздействия.

Экспериментальная часть

Опытно-экспериментальная работа по профилактике девиантного поведения подростков проводилась на базе школы-гимназии №1 г.Шымкента в период практики студентов 3 курса специальности «Педагогика и психология» ЮКГУ им.М.Ауезова. В эксперименте принимали участие 20 детей подросткового возраста, 10 из них в контрольной группе и столько же в экспериментальной группе.

Целью исследования является выявление уровня проявления девиантного поведения подростков. Поставленная цель определила постановку следующих задач:

- подобрать методику для определения уровня проявления девиантного поведения детей подросткового возраста;
- провести диагностическую работу с подростками;
- проанализировать полученные результаты.

Для решения поставленных задач была использована методика для диагностики уровня проявления девиантного поведения подростков, предложенная А. Басса и А. Дарки [4,5]. Методика представляет собой опросник, содержащий перечень утверждений, позволяющий выявить степень выраженности агрессии у подростков.

К методике прилагается следующая инструкция: «Уважаемый участник, Вашему вниманию предлагается перечень утверждений, ответьте «да» если согласны с данным утверждением, или «нет», если с утверждением не согласны». В методике, дифференцирующей проявления агрессии, в качестве основных были выделены следующие типы реакций:

Чувство вины – выражает допустимую позицию субъекта, что он является нехорошим человеком, а также ощущаемые им угрызения совести.

Вербальная агрессия – представление отрицательных эмоций как через форму (визг, крик), так и через содержание словесных ответов (угрозы, проклятия).

Подозрительность – в диапазоне от недоверия и предосторожности по отношению к людям до убеждения в том, что другие люди планируют и приносят вред.

Обида – ревность и злоба к находящимся вокруг за реальные и выдуманные действия.

Негативизм – оппозиционная манера поведения от пассивного сопротивления до активной борьбы против установившихся законов и обычаев.

Раздражение – готовность к проявлению негативных чувств при малейшем возбуждении (грубость, вспыльчивость).

Косвенная агрессия – окольным путём направленная на другое лицо или ни на кого не направленная.

Физическая агрессия – применение физической силы против другого лица.

Интерпретация и обработка результатов проводится в баллах. Подсчитывается количество согласий с положениями. За норму агрессивности берется величина её индекса в интервале от 17 до 25. Для эффективного анализа разработаны уровни проявления тенденций:

низкий – от 0 до 17 согласий с утверждениями;

средний – от 17 до 25 согласий;

высокий – от 25 до 75 согласий с утверждениями.

деп, ғылымға шын ықыласпен көңіл бөл дегенге әкеліп тірейді. Ғылымды ықыластана отырып ізденуге шақырады. «Ондай болмақ қайда?» деп, балалық жасамай, жас кезді босқа өткізбей, алға ұмтылуға жетелейді.

«Ғалым болмай немене
Балалықты қойсаңыз.
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз,
Ондай болмақ қайда?» - деп
Айтпа ғылым сүйсеңіз,-

деген өлең жолдары арқылы жастарға бағыт-бағдар берді [2]. Сонымен бірге адамға керекті үйір болар нәрселер мен керек емес, қашық болар нәрселерден аулақ болуды көрсетті. «Тілегің, өмірің алдында»-деп Абай өлеңімен жастарды болашаққа бағыттайды.

Абай өлеңдері – еңбектенуге тәрбиелейтін идеялы туынды. Ақын адамға өмір сүру үшін бәрін де еңбекпен табуға болатынын түсіндірді. Адамға өз өмірінде еңбектің маңызды екенін көрсетті. Оны мына өлеңдерінен байқауға болады:

«Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын»,-

деп, адамға адал еңбекпен әрекет жасау керек деген ойды білдіреді [3].

Ақын творчествосындағы көп өлеңдері еліне, халқына сүйіспеншілігін танытады. Абай өлеңдерінің бәрінде де халқына ақыл айтып, ой салатындай сөзді қозғайды. Кей өлеңдерінде сынай келе, елінің болашағы үшін қатты ойланатынын жеткізе білген. Өз халық көрші елдермен салыстыра отырып, олардың өз елінен алда екенін көрсетеді. Олардың мәдениеті мен өнерін үйренуді ұсынады.

Абайдың лирикалары осындай алуан түрлі, мазмұнға бай лирика. Ақын өлеңдері мазмұны мен түрі жағынан бірдей қабысқан, ең асыл сөз ретінде келеді. Шығармалары мазмұн мен түр жағынан да ерекше. Оның өлеңдерінде басы артық сөз бен қисынсыз ой жоқ. Барлығы белгілі бір тәртіпте, жүйелі ретпен келтіріледі. Мазмұн мен формасы жағынан алғанда, ақынның «Сегіз аяқ», «Бойы былғаң», «Татьянаның хаты» т.б. өлеңдері мен аудармалары, жыл мезгіліне арналған өлеңдері өзгеше. Ақын тіл шеберлігі жағынан да ерекше екенін жасырмайды. Абай қазақ халқының тіл байлығын жетік меңгерген ақын.

Абай қазақ тілін басқа ел тілімен, басқа сөзбен шұбарлайтындарға қарсы болған

адам. Оларды өлеңдері арқылы сынап отырып, өзі қазақ әдебиеті тілін жасады.

Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы,

Ол ақынның білімсіз бейшарасы,-

деп, өлеңдері арқылы өзі білімді ақынның тіл үлгісін көрсете білді [4]. Сөйтіп қазақ әдебиеті тілін жаңғыртты. Тілге жеңіл, жүрекке жеңіл тиіп, теп-тегіс, жан-жағы жұмыр келетін өлеңнің түрін жасады. Ақын өлеңдері халыққа түсінікті және тартымды. Оның әрбір сөзі оқушысының бірден көңіліне қонып, ойына орнығады.

Абай қалданған теңеу, эпитет – бәрі халыққа бөтен емес, таныс теңеулер. Мысалы, «Аттың сыны» өлеңіндегі теңеулерді еске түсіріп көрелік:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,

Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ...

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,

Қабырғалы, жоталы болса күшті.

т.б. немесе «Қақтаған ақ күмістей, ақ маңдайлы» өлеңдерінде шомылып жатқан қас сұлуды, ақ қардың үстінде, қызыл түлкіні алып жатқан қара бүркітке салыстырады. Осылардың бәрі жұртқа таныс сөз, бірақ қолданысында жаңа, өзгеше мәнде, өзгеше орында тұр.

Табиғатты бейнелеуде де – қалғыған тауды, дел-сал даланы, сілкінген жапырақты, күлімсіреген аспанды, ойланған жерді, сұрғылт бейуақты, дірілдеген су бетін өте тамаша қолданады. Абай өлеңінің тілі өткір келеді. Айтайын деген жеріне жеткізе айтады. Әсіресе, сын, сықақ өлеңдерінің тілі тым өткір. Мысалы,

Байы – баспақ,

Биі – саспақ,

Әулекі аспақ,

Сыпыра қу,

немесе:

Күштілерім сөз айтса,

Бас изеймін шыбындап,

Әлсіздің сөзін салғыртсып,

Шала ұғамын қырындап,

т.б. Абай негізінде, осындай, ірі, лирик ақын болды [5].

Ақын шығармашылығының екінші бір саласы, оның поэмалары болады. Абай қалдырған мұраларының ішінде үш поэма бар. Бұл поэмалар Абай творчествосынан ерекше орын алатын шығармалар болып табылады. Ол өз поэмаларында да ағартушылық, адамгершілік идеяларын көтеріп отырды. Озбырлық, дүниеқорлық секілді әрекеттерге қарсы шықты. Бейбіт өмірді, достықты, адамды жақсы көруді, адал еңбек етуді, ақылмен шешуді талап етті. Мысалы: «Ескендір» поэмасын ежелгі тарихқа аты мәлім, ұлы патша Александр Македонскийдің жауқұмарлық әрекеттерін сынауға арнап жазды. Бұл поэмада Абай патшаға тән озбырлық, дүниеқорлық, өзі тойса да көзі тоймайтын қанағатсыздық, адамгершілікке жат мінез-құлықтарды әшкереледі. Ескендір туралы кезіндегі аңыздарға қарсы Абай оның жағымсыз бейнесін жасай білді. Ескендірге қарсы ақыл иесі философ Аристотельді қойып, өзі сол дана философ жағында екенін көрсетеді. Сол Аристотель сөзі ретінде, автор өз пікірін қосып, патша ісіне қарсы шығады. Оның жағымсыз әрекеттерін аяусыз сынады. Соңында Аристотельдің ұстамды сөзімен поэмасын аяқтайды.

Абайдың «Масғұт» поэмасы да адамгершілікті жоғары көтеретін, жаңа идеяға негізделген шығарма болды. Бұл поэмадағы негізгі кейіпкерін адамгершілік үшін күрескен адам арқылы бере білді. Ондағы негізгі кейіпкер – Масғұт. Озбырлардан әбден жәбір көріп жатқан жазықсыз шалды құтқарып қалады. Ол тек жазықсыз адамды қорғау мақсатында әрекет етті. Кейін таңдағаны қазақтың жәбір көріп келген правосыз әйел жұрты болады. Поэмадағы бұл шешім жай айтылған сөз емес, романтикалық аңызбен берілсе де,

ақынның бұқарашыл идеясын танытатын, айқын көзқарасының жемісі.

Ақынның бұл поэмалары кезінде әдебиетте ерекше орны бар тың шығармалар болды. Ол Абай поэмаларының идеясымен де, түр өзгешелігімен де танылатын ерекшеліктер. Бұл поэмалары арқылы Абай өмірде кездесетін шындықты романтизм әдісімен суреттей білді.

Қорытынды. Абай – терең ойшыл ақын. Оның кез келген шығармасын оқығанда, жүректі тебіртпей қоймайды. Ақын өлеңдері арқылы тереңнен сыр толғайды.

Абай өзінің шығармаларында қоғамдық мәні бар, дәуірінің ең басты мәселелерін көтере білді. Қазақ әдебиетіне жаңа бағыт әкелді. Сыншыл реализм әдісін кеңінен қолданып, ағартушылық идеяны көтерді. Ақынның қазақ мәдениеті тарихынан алатын орны да, оның творчествосының маңызы да осы ағартушылық, ақындық еңбегімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер Алматы: «Ғылым», 1967, 218б.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: «Жазушы», 2005, 213б
3. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. Алматы: «Арыс», 2001, 168б.
4. Абайұлы Т.Әкем Абай туралы./Абай туралы естеліктер. Абай мұражайының кітапханасы. Семей, 2010, 18б.
5. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы. Алматы: «Жазушы», 1988, 171б.

Аннотация: В данной статье мы расскажем про творчество Великого Абая. Рассмотрим произведения поэта связанные с общественной жизнью того времени. Стихи Абая содержат важные социальные темы касающиеся судьбы нации, племени, представителей класса. Он писал о повседневных конфликтах в жизни, радости и горести человечества того времени, и описывает пейзажи четырех сезонов в сахаре. Абай посвятил свои работы в образовательных целях, работая над изучением науки и культуры. Для молодого поколения он пишет философские работы, поощряющие дружбу и человечность. Известно, что философские стихи Абая и их лирика всегда актуальны. Стихи поэта описывающие природу уникальны не только по внешнему виду, но и по содержанию. Своими произведениями он внес много изменений в казахскую литературу.

Ключевые слова: поэт, поэзия, общественная жизнь, тема труда, творческое наследие.

Abstract: In this article we will talk about the work of the Great Abay. Consider the poet's works related to the social life of that time. Abai's poems contain important social topics concerning the fate of a nation, tribe, and class representatives. He wrote about everyday conflicts in the life, joy and sorrow of mankind at that time, and describes the landscapes of four seasons in sugar. Abay devoted his work for educational purposes, working on the study of science and culture. For the younger generation, he writes philosophical works promoting friendship and humanity. It is known that the philosophical verses of Abay and their lyrics are always relevant. Poems of the poet describing nature are unique not only in appearance but also in content. With his works, he made many changes to Kazakh literature.

Keywords: sings, poetry, social life, the theme of labor, creative heritage.

Өмірзақов С.Д.

филолог.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

НҰРАЛЫ НЫСАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Түйін: Мақалада қазақтың Оңтүстік өлкесінде әдеби мектебін қалыптастырған атақты ақын – Нұралы Нысанбайұлының өмірі мен шығармашылық қызметіне тұңғыш рет ғылыми талдаулар жасалынып, өмірі мен әдеби қызметіне сараптама жасалынды. Осы күнге дейін айтылып келген, әлі нүктесі қойылмаған ақынның туылған күні мен әсіресе, қайтыс болған жылы туралы 1930 жылдарға дейін хатқа түскен, «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығында қолжазбалар қорында сақталған деректерді негізге ала отырып, дәлелдеп шықтық. Ақынның кейін табылған 32 діни термесі мен 47 дастаны тұңғыш рет оқырманға жол тартты. Халықтың ықыдасына бөленді. Нұралы Нысанбайұлының ақындық мектебінің қалыптасуы Майлықожа, Майкөт, Мықан, Шәді секілді ақындардан бағыт-бағдар алғандығы да кейінгі табылған қолжазба деректерден мағлұм болды. Нұралы өзі тәлім алған Мұғалтай, Италмас секілді ақындардан үйренген үлгісі де нағыз ақындыққа бет қойған кезінде болған. Нұралы ақынның басқа ақындардан ерекшелігі хәм артықшылығы дастан жанрында жарқырай көрінгендігі дәлелденді.

Кілттік сөздер: Нұралы ақын, өмірбаяны, шығармашылығы, Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебі, діни термелер, дастандары, шәкірттері, кітаптары, ақындық дәстүр, ақындық мұрасы.

Бұрынғы Сыр бойы мен Оңтүстік өлкесіне, Арқа өңіріне де кеңінен танымал ақын, Оңтүстікте өзіндік әдеби мектеп қалыптастырған Нұралы Нысанбайұлы 1857 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданына қарасты Боралдай ауылында (кеңес дәуірі тұсындағы «Социалистік қоғам» колхозында) туылған. Руы – Дулаттың Шымыр аталығынан, оның ішінде – Шоқай.

Талша қызбен айтысында шыққан тегін:

Атамыз халыққа мәлім Тілеміс мырза,
Көктем Тау, жайлайды екен күзде Сырға.
Себебі Жиен Шоқай демегінің,
Туған соң қойған екен Жиенқұмда, – деп дәлелдеп көрсетеді.

Әдебиет тарихының заңдылығына сәйкес ең алдымен ақынның өмірбаянын жазуда туылған жылы мен қайтыс болған жылын анықтап алмақ керек. Ә.Оспанұлы «Қаратау атырабының ақындары» монографиясында: «Нұралы ақынның туған жері бұрынғы Арыс ауданының «Октябрь» колхозындағы Көктөбе аталатын ауыл. ...Ақынның туылған жылына келетін болсақ, оны дәл анықтап алуға мүмкіндік толық. Бұлай дейтініміз, Нұралының ел арасына ерекше кең таралған дастандарының бірі «Жетім Құбылда» өзінің жас шамасы жайында: «Мың тоғыз жүз жетіде, Елу жасқа шығамын», – деп келетін жолдар бар. Бұл – бұлтертпас шындық. Сонда ақын 1857 жылы туылған болады. Шығармаларының кіріспесінде, әсіресе дастандарын бастарда өзін «Молда Нұралы» деп таныстырғанымен ол ел түсінігіндегі молдалықты кәсіп етпеген. Қайта, ақынның өзі де, оның айналасы да бұл сөзді «оқыған адам» мағынасында қолданып жүрген. Нұралы туындыларын, әсіресе «Сауда ишан» дастанын жатқа білетін, көпшілік арасында іркілмей айтып жүретін ақын-жыршылар ақынның туылған, өлген жылдары жайында әр қилы пайымдаулар айтады. Бірақ, қалай дегенмен де олардың беретін мәліметтері бір-бірінен оншама алшақ кетпейді. Мәселен, «Сауда ишанды» айтушылардың бірі Бөген ауданының Сыпатаев атындағы совхозында тұратын Керімбай ақсақал Нұралының дүние салған жылы кәніпеске кезеңі – 1929 жыл дегенді айтады. Ал, халық ақыны, Шаян аудандық мәдениет бөлімінің қызметкері Айнабек Нысанов болса, Нұралы 1930 жылы қайтыс болып еді дейді де, ол оқиғаның басы-қасында өзінің болғанын айтады. Бұған қосымша Сайрам аудандық мемлекеттік қамсыздандыру инспекциясының аға инспекторы,

Нұралыға жақын туыс адамдардың бірі Науша Бисебаев та Айнабек берген деректі мақұлдады. Сондықтан әзірге ақын 1930 жылы қайтыс болған деген деректі пайдалана тұрамыз» деген дерек ұсынған [1.162]. «Ақынның әкесі Нысанбай баласын жасынан-ақ оқытып, молда етіп шығармақ болып, ауылдағы дін мектебіне береді. Хат танырлық қана білім алған Нұралы бір жағы кедейліктің кертiнен, екiншi жағы Қайнақ қожаның торсылдатып күнде сабауынан оқуды тастап кетедi. Сөйтiп, бар ынтасын ақындық өнер жолына жұмсайды» [1.162-164]. Бұл ғалым ағамыздың Нұралытанудағы алғаш дерек беруші ретіндегі еңбегін көрсеткенiмен, ақын өмiрбаянын жазуға толық бағыт бере алмайды. «Ел арасындағы жыршыларға iлеседi, сол кезде баспадан шыққан шығыс әдебиетiнiң үлгiлерiмен танысады. Онымен бертiн кезде көп кездескен, дәмдес-тұздас болған кiсiлер Нұралы «ұзын бойлы, ат жақты, сақалы белiне түскен, жылдам зор дауысты, үлкен-кiшi, бала-шаға, келiн-кепшiктермен де әзiлдесе беретiн, бала мiнездi, ақ көңiл кiсi едi» деседi. Отырған, мәжiлiстес болған жерiнде молдаларды шарифаттан жаңылдырып, сөйлетпей қоятын да әдетi болған. Сондықтан да жұрт оны «оқығаннан тоқығаны көп» деп аңыз еткен. Кейiнiрек оның атына «молда» деген сөздi қосып, Молда Нұралы деуге де себеп болған осы жағдай. [1.162-164].

Ақынның туылған жылына қатысты деректердi дұрыс дегенiмiзбен, қайтыс болған жылы туралы әрқилы пiкiрлер бар. Мәселен, «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығындағы кейiнгi зерттеулер нәтижесiн пайдалана отырып, бiз ақынның 1928 жылы қайтыс болған деген дерекке тоқталғанды жөн санаймыз. Оған төмендегi дерек-мағлұматтарды ұсынамыз.

«Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығындағы бiр деректе «Нұралының қаламынан ақтық рет жазылып шыққан дастан, талантты шәкiртi, облыстық халық ақыны Көпбай Әлiмбетовтiң «Құл Құла» дастаны» деген дерек бар, Бұдан соң қалам ұстамай, 1928 жылы жетiншi қаңтар күнi дүниеден қайтты. Сүйегi өзi туып-өскен, өмiр сүрген ауылында, Боралдай өзенiнiң жағасында, Қарабастау қасына, «Қыз ши» деген жерге көмiлген» – деген деректi Әбдi Амантайұлы берген [2.4]. Екiншi бiр қолжазба деректе тағы сол Әбдi ақсақалдың Нұралының iздеп барған күн 1928 жылдың 7 қаңтар күнi деген мәлiмет берiлген [2.5]. Әбдi ақсақал сөзiне сенуге тура келедi. Өйткенi, Әбдi ақсақал атақты «Аппақ ишан» медресiнде мүддәрiс болған көкiрек көзi ашық, халық мұрасына жаны ашыған азаматтарымыздың бiрi болған. Жалайырдан шыққан атақты Италмас Түнқатарұлының, Сiргелi Жылқыбай Байшопанұлының, Қаңлы Сүйiндiк Тiлегенұлының, молда Бекештiң т.б. iрiлi-ұсақты жиырма шақты ақынның мұраларын жинап кеткендiгi осы Әбдi ақсақалдың, оның жинаушылық дәстүрiн жалғастырған белгiлi халық мұрасын жинаушы Қысыраубек Амантайұлы қолжазбаларынан табылып отыр. «Сондықтан әзiрге ақын 1930 жылы қайтыс болған деген деректi пайдалана тұрамыз» – деген Ә.Оспанұлы мәлiметi де толық, кесiмдi пiкiр еместiгiн назарға аламыз.

Оның үстiне Шопақ деген шәкiртiнiң айтуынша «өмiрiнiң соңында «Шора-и ислам» ұйымынан адамдар келiп, Нұралыға қисса жазуды тоқтатуға бұйырған, тиым салған» [1.7]. Бұл 1926-27 жылдары орын алған жағдай.

Тағы бiр дерек. 1927 жылы, Нұралының қайтыс боларынан екi-үш ай бұрын, сүйекжекжаты Тұрдалы қыз ұзатып, той жасайды. Осыған Нұралы апаратын мал таппай, өзi шығарған сексенге жуық дастанын апарып, той көрiмдiгi деп қосады. Әр үйге бiреуден таратып, ол тойда ешбiр ақын өлең айтпай, тек Нұралының дастандарын оқумен ғана қанағаттанған. Тұрдалының көңiлi толмай, Нұралының сәлемiн әлiк алмай да қойған екен. Тұрдалының тойы 1927 жылдың күзiнде болған. Оның үстiне дерек бергендер «Нұралы қайтыс болған күнi өлiктi түнеткенде, жаназаға сойылатын мал да сойылмады деседi» – деген Қ.Амантаев дерегi көз-көргендер мен естiгендер аузынан жазылып алуымен де құнды деймiз. Сонымен Нұралы ақын 1857 жылы туылып, 1928 жылы қайтыс болған деген дерекке тоқталғанымыз жөн деп бiлемiз.

Ақынның өмiрбаяны туралы жарияланған деректер тақыл-тұқыл. Бiз осы кемшiлiктiң

орнын толтыру мақсатында қолжазба деректерден алынған мәліметтерді пайдалана отырып, ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты мағлұматтарды ұсынамыз.

Нұралының әкесі өте кедей, әр байға жалданып күн көрген қарапайым кісі болған. Еріндерін жегі жеген екен, сол үшін ол «Нысанбай жырық» деп аталып кеткен. Нысанбай ешқандай молданың алдын көрмеген, оқымаған адам екен. Оның аздап шайырлығы болған, хат танымағандықтан әрі анау айтқандай мықты болмағандықтан өлеңдерін жазып қалдырмаған сыңайлы. Кедейліктің зарпынан Нысанбай әйелді жүріңкіреп барып, кештеу үйленеді. Отыз бес жас шамасында Дулаттың Темір аталығынан Кенбай деген кедейдің қызына үйленген. Одан тұңғышы – Нұралы, он жылдан кейін Әбиден деген бала туылған. Бұл екеуінен кейінгі туғандары тұрмапты. 1870 жылы Нысанбайдың әйелі қайтыс болады. Бес жылдан кейін Бипа деген кісінің менсінбей қоя берген әйелі, екі қолы мен екі аяғының саусақтары жоқ, тұқылданған шолақ әйелге қосылады. Нысанбай Нұралыны он үш жасында, осы шешесі өлген дау-дудың үстінде, ескіше оқуға береді.

Нұралының бірінші ұстазы болған Өмірзақ деген молда балаларға өте қатал, зәрі күшті адам екен. Нысанбай Нұралыны Өмірзақ молдаға: – Баламның сүйегі менікі, еті Сіздікі, әйтеуір хат танытып берсеңіз болды, – деп тапсырады. Нұралының оқуға ықыласы болмапты. Зейін қоймаған, өте кеше болыпты. Басқа балалар әптиек жаттап, шулап жатса, Нұралы өзімен-өзі отыратын момын, босаң, аңғырт бала болған екен. Ескіше сабақты қанша оқыса да, миына қонбайды. Оның үстіне, Өмірзақ молда да өз атын өзі әрең жазатын, білімі шамалы, дүмшелеу болса керек. Соған қарамастан Нұралыны сабақ білмейсің деп, басқа балаларға арқалатып қойып, солқылдақ шыбықпен талай рет сабаған екен. Арқасы білеудей боп іскенше таяқ жеген соң Нұралы жылап-еніреп үйіне келсе, «Сен молда болмадың» – деп, мына жақтан әкесі таяқтайды. Екіжақты қыспаққа ұшыраған Нұралы ертемен сабаққа кеттім деп, үйінен шығып кетіп, сабаққа бармай, Боралдай өзені бойындағы жарды жағалап, ойнап, шомылып, кеш бата үйіне қайтады екен. Нұралының бұл қылығын білген молда мен әкесі қосылып, баланы талға байлап та, суға тұншықтырып та, асау өгізбен сүйретіп те сабаған. Осындай қорлықпен Нұралы Өмірзақ молданың қолында бақандай төрт жыл оқиды. Алғашқы сауат ашқан кітаптары – «Әптиек», «Құран», «Шар кітап», «Сопы Аллаяр.»

1874 жылы Арыс өзенінің жағасындағы Ишанбазарда Сиқым руының Аққойлысынан шыққан Әбдікерім деген молда жаңа мешіт соқтырып, медресе ашады. Дақпыртқа ерген әкесі енді Нұралыны сол Әбдікерім ахунның мешітіне апарып, үжірасында жатып оқитын етіп келіседі. Мұнда Әбдікерім, Әді деген молдалардың оқытқандары – «Мұқтасар», «Пікайдан» секілді кітаптар. Мұнымен де қанағат қылмаған Нұралы сол молдалардың көмегімен «Ақайт», «Мүшкілат» деген кітаптармен танысады. Шығыс халқының ертектеріне қызығып, Шығыстың классик ақындары: Фирдауси, Низами, Науаи, Физули, Сайхали, Қожа Хафиз, Әбу Ғали Ибн Сина, Қожа Ахмет Иасауидің «Хал ілімін» т.б. шығыс ғұламаларының еңбектерін, «Мың бір түн», «Тотынама» секілді, тағы басқа да әдеби фольклорлық еңбектерді оқып, ілім тереңіне бойлай түседі. Аталған шайырлардың көптеген шығармаларын жаттап та алады. Ахунның мешітін үш жылда бітіріп, еліне келеді. Қолжазбада ақынның тұрмысынан хабар берер мынадай бір дерек бар. «Осы 1877 жылының жазында Нұралы жоңышқа орып жүріп, кедейліктің салдарынан, тамағы нашар болғандықтан, өзегі талып, басы айналып құлайды. Осыдан Нұралы есі-түсін білмей үш ай жатып ауырады».

Әбдікерім ғұламаның медіресесінен соң, Нұралы оқи алмай қалған. Әкесі аурушыл болып, ақынды алдынан шығармайды. Ол аз болғандай 1879 жылы әкесі дүниеден қайтып, үй тірлігінің бар ауыртпалығы енді Нұралының мойнына түседі.

Әкесінің өлімі, үй тұрмысының нашарлығы – Нұралының еңсесін көтертпейді, ұзақ уақыт ақын ел қатарлы бой да жаза алмайды. Үстіне кигендері шоқпыт-шоқпыт, қырық жамау құрақ ескі киімдер болса, қыстыгүні тозығы жеткен кебісті жалаң аяғының басына

іліп алып жүре береді екен.

Нұралының құрдасы Байқұлақ деген кісі бір бозажорада Нұралымен өлең айтысып, былай депті:

Өкең жырық болғанда, шешең шолақ,
Жаздай істеп тапқаның бастан қопақ.
Есігіңнің алдында итің де жоқ,
Жылдығына болады тамақ сол-ақ.

... ..

Менімен айтыссаң да жетіспедің,
Өлең айтпа десем де келіспедің.
Сен жүрсің кедейшілік тақырында,
Ішегің бір ағарып көже ішпедің.
Ауқаттан жарымайтын жының болса,
Алты ай жаз терің төгіп неге істедің?

Жүн шекпен, тері шалбар құрысқанмен,
Бұл сөзімнің таппассың теріс жерін.
Жазатайым сүрініп, құлай қалсаң,
Алдыңды орап, ұшады кебістерің [2.3].

Байқұлақтың бұл сөздерінен Нұралының әке-шешесінің сын суретін әзіл ретінде айтқанын түсінсек, Нұралының нашар тұрмысын айтамын деп, сол уақыттағы жалпы қазақ қауымының, әсіресе, Нұралы секілді ақындардың әлеуметтік жағдайынан да, ақын өмірінің алғашқы кезеңінен де хабардар боламыз.

Ахунның медресесінен соң-ақ «молда Нұралы» атағына ие болғанымен, Нұралының болыс-билермен, байлармен, қожа-молдалармен жаранасы келіспейді. Елден қақпайланған Нұралы ия көрерге сәулет жоқ, ия істеуге дәудет жоқ болған соң, ауру сырқаттарды емдейтін тәуіп, пал ашатын сәуегей болумен айналысып, бұл «кәсіппен» біраз жылдар әуреленеді.

Жігіттіктің соңы әуейілене түскенімен кедейлік тұрмысы шідерлеп, адымын алға бастырмайды, кежегесінен кейін тартады да тұрады. Қалыңмал беруге қуат жоқ, қыз ала алмай, қатты қиналады. Ел арасындағы жиын-тойда қызбен айтысып, ауылдағы бәдік сияқты ауру «иесін» көшіретін жыр-кештеріне де қатысып жүреді.

1889 жылы Сіргелі (оның ішінде Бөгежілі) елінде бір той болады. Осыған Нұралы жақын әкпесін алған жездесі Бимырза дегенге ілесіп барады. Басқа қыздың бәріне жігіттер тұс-тұсынан өлең-айтып жатса, Бекей деген кісінің (Сикым, оның ішінде Құлбәйімбет) екі қызына ешкім өлең айтпапты. Екеуінің астын биіктен қойып, төрдің алдына отырғызған. Атақты кісінің қыздары болған соң, жігіттер өлең айтуға бата алмапты, екі қыз да ақын, кімді де болса, өлеңмен беттеттірмейді екен. Осы екі қыздың тұсына Бимырза мен Нұралы да өлең айтады. Үйдің ішінде отырған екі қыз кереге сыртынан өлең бастаған екі жігітті кекетеді:

Ары қарап отырсаң, сыртың құрсын,
Бері қарап отырсаң, мұртың құрсын.
Өлі ет жеп, жұтаған қара малдай,
Кеурек қурай секілді бұтың құрсын, – депті.

Қыздардың мақсаты салған жерден-ақ жігіттердің жүрегіннің отын алу болса, оған жігіттер ыға қоймайды. Нұралы ұзын бойлы, қара мұртты, әдеміше жігіт екен, оның кейпін мазақтаған соң, бұлар да қарап тұрмай:

Шыт дамбалың болмаса, ыштан құрсын,
Шағыстырған арада дұшпан құрсын.
Мұрның имек, шүңірек көз, шекең қушық,

Пұшық қауын секілді нұсқаң құрсын, – деп, қыздардың бет-әлпетін мұқатып, жауап береді. Бұл айтыс қызу керіспен таң атқанша созылады. Нұралылардың сөздері басым болып, ақырында жеңіп шығады.

Дәм (Елшібек келіні) әйелі Бөкеймен (Байыс елінің қызы) кезінде Нұралымен өлең айтысып жүрген.

Нұралы:

Бөгежілі арық бар,
Ол арықта өткел бар.
Аяқ жағы шетінде,
Жалғыз ағаш өткел бар.
Қолымнан жетектеп кеп, өткеріп ал.

Бөкей:

...Үш жылдығын жинап келдім дейсің,
О жануар қалмасын аяғы ұйып...

Нұралы:

Бөкей-ау тігіп бергін шалбарымды,
Бір басымда бар еді үш тілегім.
Тілегімді бермесең өле-өлгенше,

Қоймаймын әлгі айтқан жанжалымды, – секілді ұсақ айтыстары да көп болғаны сезіледі.

Нұралы әкесі қайтыс болмай тұрып та, 1879 жылы әкесі дүниеден қайтқан соң да, біраз уақыт осындай бәдік айтыстарына әуейі болады, бозбалашылыққа салынады. Ішсе тамаққа, кесе киімге жарымаған Нұралы ел аралап тәуіп, балгер боп жүріп те, қыз-келіншектерден алған орамал-шаршы, жол-жобаларынан да біршама уақыт нәр алады.

Боз бие сойылып, тоған байлағанда айтқан:

Оразымбеттің жасауынан сақта,
Андабайдың асауынан сақта.
Байқаның ұрлығынан сақта,
Нөкістің қулығынан сақта.
Елшібек Таманың жалқауынан сақта,

Қошқардың аңқауынан сақта, – секілді ағайындарына қаратып айтқан баталары да аз болмаған. Ақынның мұндай бірқақпайлары, сөз қағыстырулары толық жиналмай қалған.

Нұралы қандай нашар халде жүрсе де, екіталай ауыр тұрмыс жағдайда қайда барса да, мұсылманша кітаптарды оқып, өз бетінше ізденуін дамыта берген. Ахунның мешітінен келгенде, оның бір қап кітабы бар екен. 1900 жылы Омарбек баласы Панса деген кісі Нұралыға екі қоржынбас тола кітап әкеп береді. Оның үстіне кітабына кітап қосып, жинап, көбейте берген. Бұдан: Нұралының бала кезінде де, ересек кезінде де кітап жинауға әуестігін аңғарамыз, кейіннен дағдыға айналдырған секілді. Ол кітаптарын сарылып оқыған ақын екендігіне көз жеткізуге болады. «Көзінде көзілдірік, етбетінен жатып алып, қисса жазуға әбден төселген екен» деген қолжазба деректеріндегі мәліметтер ақынның жазу стилінен де хабар береді. Қолжазбада

жазылғанындай: Боралдай бойындағы Шоқай 3 арыққа бөлінеді.

1) Жәдік – Нөкіс; 2) Қошқар – Байқа, 3) Елшібек – Тама, Оразымбет – Андабай. Бұларды – Жиен Шоқай дейді.

Нұралы ақын – дүниеге келіп, кетіп жатқан көптің бірі болғанымен, соңғы іздестірулер мен зерттеулер Нұралының Оңтүстік өңіріндегі өз әдеби мектебін қалыптастырған атақты

ақын екендігін дәлелдеп берді. Ол – қазақ әдебиеті тарихына мәңгі өшпес мұра қалдырған белгілі адам. Тарих Нұралының еңбектерін әлдеқалай кездейсоқ тудыра салған жоқ. Оның әдебиеттік талантының эволюциялық өсу заңдылығы, эпикалық-ақындық шыңға сатылап шығу жолдары, соқтықпалы кезеңдері бар. Соларының бірі және негізгісі өз уақытындағы ақындардың сөздерін есітуі, оларға еліктеуі, олардан әсер алуы, үлгі-өнеге көруі болатын. Ақынның да тәлім алған, үйренген әдеби мектебі болған.

Бүкіл қолжазба мұралары мен жазылған пікірлерді салыстыра келгенде анықталғаны: ақынның алғаш кезде сүйіп тыңдаған ақыны – Жалайыр руынан шыққан Мұғалтай деген ақын болған. Мұғалтай атақты Балта ақынға еріп, барлық дастандарын жаттап алған шәкірті. Нұралының Мұғалтай ақыннан есіткендері: «Көрұғлы Сұлтан», «Рүстем Дастан», «Мың бір түн» (мұның кейбір оқиғалары, эпизодтары) «Сейіт Баттал қазы», «Қорқыт» сияқты дастандар. Мұғалтай Балта ақынның осы мұраларын әрі таратушы, насихаттаушы. Осы Мұғалтайдың туысқаны, шәкірті, ақындықты өте жас кезінде, тым ертерек кезінде бастаған Италмас ақын мен Нұралының танысуы бала кезінде-ақ басталады. Нұралы халыққа он екі жасынан-ақ ақындық лақабы жайылған Италмасын өз аузынан «Шора батыр», «Шеризат-Күлшат», «Шылым», «Мекер айым» және басқа да дастандарын есітіпті. Осылардың қабатында ақындықты ерте бастаған Сіргелі Байшопанұлы Жылқыбай ақын-молдаға ұшырасады. Жылқыбай – ақындарға ұстаз болған, шәкірт баулыған, өзі жазып шығарған термелерін, дастандарын шәкірттеріне жаттатып жүреді екен. Жылқыбайдың мұндай жақсы қасиеттерінен әсер алып үйренген Нұралы оның өз қолжазбаларынан «Орақ-Тағай», «Заман хан», «Арша хан», «Жәнібек-Мақпал», «Асқарбай-Сарыбек», «Ораз молда», «Салиқа қатын» сияқты дастандарын оқып, үлгі алған.

Нұралы Оңтүстіктің әйгілі Майкөт, Майлықожа, Құлыншақ, Молда Мұса, Мықан, Шәді сияқты ақындарын әр мезгілде кездестірген. Осы ақындарға еліктеп, өлең, дастан жаттауға, жыршы болуға әуестенеді. Бұл әдетпен шұғылданған ол алғашында мардымды еш нәрсе шығара алмайды. Елді өзіне тартарлық әсерлі, нәрлі поэзиямен ауыздана алмайды. Сондықтан өзінің өте жас кезінде жазып шығарған «Құйыршық», «Қара құл», «Ханым сыры», «Назыгүл», «Ұры мен Аяр» секілді дастандарын жаттап алады, айтып жүреді.

Нұралы 1890 жылы Сиқым руының Құлбәйімбет деген елінен Текебай дегеннің от жетідегі Зылиха деген қызын алып қашады. Бұған қалыңмал табу үшін мұсылмандардың қасиетті мерекесі – Ораза айында 1891 жылы Ташкент, Піскент, Тойтөбе, Әлімкент, Шыназ, Шыршық өзенінің бойындағы елдерді аралап, жарамазан айтып, табыс тауып, бір айда еліне қайтады. Осы сапарында Өзбекстан мен Қазақстанның шекарасы іспетті Қышкөпір деген жерде (қазіргі Сарыағаш ауданындағы Абайбазар елді мекенінің төңірегінде) Нұралы Майлықожаға кездеседі. Майлықожа Нұралының жарамазан өлеңін тыңдап алып: «Өлеңің шарифат сөздерінен алынған мәнді сөздер екен. Бірақ өлеңіңнің жастығы байқалмайды. Сонда да ақындығың ұшқындап тұр екен» деп, жоғары бағалайды. Көреген Майлықожа Нұралыны жібермей, сол күні қонақ қылып күтеді. Нұралының өз аузынан «Құйыршық», «Назыгүл», «Ханым сыры» дастандарын есіткен Майлықожа Нұралыға ақындық жөнінен көптеген өсиеттер айтады. «Бойындағы ақындық өнерді желге ұшырып сарп етпе, өлеңді кітап сөздерінен алып шығар, бисмилласыз бастама. Бисмилла – өлеңнің жастығы болады», – деген кеңесін береді. Өлең шығарудың, дастан жазудың жөн-жосығын түсіндіріп, үлгі көрсетеді. Майлықожаның өзі шығарып, халық арасында айтып жүрген «Зарқұм», «Саудагер Марқұм», «Пайғамбардыңғарғакіргені», «Әбілда бала» секілді дастандарын береді. Қазақтың халық поэзиясын дамытушы екі алып Қышкөпір аузында тұңғыш кездесіп, бір тәулік сөйлесіп, пікірлесіп, тәжірибе алмасқан. Жаяу-жалпы келе жатқан Нұралыға Майлықожа бір ат мінгізіп, көптеген кітаптар сыйлап, батасын беріп шығарып салады. Кейін Нұралы Зылиханың қалыңмалы үшін осы атты Текебайға

мінгізген екен. Бұдан Нұралыны ақындық өнерге баулыған, тәлім-тәрбие берген, Нұралы талантының ашылуына сеп болған әрі алғашқы ұстаздарының бірі Майлықожа болғандығын аңғарамыз.

Майлықожаның алдынан шыққан соң Нұралы Келес өзені бойындағы Жанкел ақынның сағанасына түнейді. Мұндай әдет ол кезде қатты өрістеген, дағдылы қалып болатын. Кейбір ақындар өздерін халыққа ықпалды етіп көрсету үшін басқа ақындардан күшті, озық, ерекше қасиетті деп таныту үшін де, өз даңқын зорайтып, лебізін уытты етуге тырысып, өздері туралы жұртты таңдандыратын ғажап әңгімелер, аңыздар таратып та отырған. Немесе, қасында жүрген адамдардың айтуымен де кең түрде таралған болса керек. Ел ішіндегі Майлықожа, Италмастар туралы аңыз әңгімелердің көпке дейін ұмытылмай келуі осыны көрсетеді. Бұл әдет Нұралыны да айналып өте алмаған. Жанкелдің сағанасына түнеген түні Нұралыға аян түсіпті. Жанкел келіп: «Қарабастаудың қарсысындағы Ақжардың үңгірінде бір кітап, бір дәуіт, бір қалам бар. Соларды ал!» депті-міс. Орнынан ұшып тұра келген Нұралы үйіне жетуге асығады. Боралдай өзені бойындағы Қарабастау бұлағын қоныс еткен үйіне келіпті. Ертеңіне ерте тұрып жарға барса, айтылған жерден бір қалам, бір дәуіт екеуін тауып алады. Бірақ кітапты таба алмапты. Міне осыдан бастап Нұралының қаламына жел бітіпті деген әңгіме бар. Бұл – аңыз ба, ақиқат па, әлі күнге сыры ашылмаған жұмбақ.

Нұралы ақынның Шәді ақынмен кездесуі, байланысы ақын шығармашылығының күрт өзгеруіне себеп болған. Әсіресе, Шығыс әдебиеті мен мәдениетін игеруде терең арна салғанын айтып кету керек деп санаймыз. Шәді Нұралыдан жасы кіші болғанымен шығыс тілдерін білуі, игеруі жағынан оған тетелес ақын көп болмаған. Шығыс тіліндегі кітаптарды қазақ тіліне көп аударған, Оңтүстік аймақтық мектебіндегі шығыстық-шайырлық дәстүрінің білгірі, оның Нұралыға да шығармашылық әсері көп болған. Бірде Нұралылар Шәдінің үйіне түсіп, қонақ болыпты. Шәдінің қыздары дастарқан жайып, шай беріп отырып, өлең айтыпты. Бұл – әрі сол кездегі қонаққа көрсетілген құрмет, ілтипат нышаны. Оның үстіне кез келгенге өлеңмен сыйлық жасау бола бермеген. Қыздарға жауап, қонақ кәде ретінде Нұралы да біраз өлең айтыпты. Отырыс қыза келе, Шәдінің қыздары Нұралыға өлеңмен жұмбақ айтыпты.

Бір таулардан кей таулар биік тұрған,
Мазмұны төбесінде күйіп тұрған.
Құданың құдіретіне тамаша еттім,
Бірдеме етегінде сиіп тұрған.

Нұралы жұмбақтың шешуін табан астында тауып:

Ә, шіркін! Пәлі, рақмет сөзіңізге,
Әттең жігіт болмадым кезіңізде.

Самауырдың шүмегін жұмбақ қылдың,

Шүмек керек болғандай өзіңізге, – деп, жауап қайырады [2.7]. Бағанадан қыздары мен Нұралының аяқ алысын бақылап отырған Шәді сөзге араласып: – Тілің өткір екен, бірақ өлеңнің жастығы жоқ – деп, баяғы Майлының сөзін бұл да қайталап айтыпты. «Жастығы жоқ» дегені – өлең құрылысында арабша аят, Пайғамбар Хадисінен сөз қоспайсың, шарифат кітаптарының тілімен сөйлемейсің дегені екен. Міне, осыдан бастап, Нұралы мен Шәдінің қарым-қатынасы, сыйластығы өмірден қайтқанша үзілмеген.

Нұралының ақындық шабытының, жазып шығару мәнерінің пердесі шығыс әдебиетінің қайнар үлгілерімен кеңінен танысқан соң тіпті үдей түседі. Ешбір жыршы, ақыннан күрделі һәм оқиғалы, қызық та тартымды дастанға тұщымай жүрген Нұралы енді өзі жазып шығаруға бет ұстайды. Ел аралап, салт құруға бейімделеді. Осыдан бастап, жаттаумен шектелмей, өзі жазып шығарып, ол дастандарын, термелерін талапкерге, жас ақындарға немесе ақындыққа бейім жастарға беріп, үйретуді бастайды.

Осындай мектептен өткен ақынның кейіннен 84 дастан шығарып, 30 шақты азаматты

ақындыққа баулуы Нұралы ақынның өре биіктігін аңғартады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Оспанұлы. Қаратау атырабының ақындары. Монография. Алматы: «Ғылым», 1996, 162, 164 беттер;
2. «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығының қолжазбалар қоры. 1 дәптер, 4 бет;
3. «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығының қолжазбалар қоры. 2 дәптер, 3 бет;
4. «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығының қолжазбалар қоры. 3 дәптер, 7 бет;
5. С.Өмірзақов. Нұралы ақын. (Оқу құралы), - Шымкент: «Әлия» баспасы. 2019.

Аннотация :В статье впервые проведен научный анализ жизни и творческой деятельности известного поэта Нуралы Нысанбайұлы, сформировавшего литературную школу в Южном Казахстане. Исходя из данных написанных до 1930 годов хранящихся в рукописном фонде научно-исследовательского центра «Қазығұрт», мы доказали спорные вопросы касательно года рождения и смерти поэта. Впервые читателям были представлены найденные 32 религиозных произведения и 47 дастан. Из рукописей известно, что формированием поэтической школы Нуралы Нысанбайұлы руководили такие поэты, как Майлыкожа, Майкот, Мыкан, Шади. Нуралы учился у поэтов Мугалтай и Италмаса, которые были образцом для него и способствовали стать настоящим поэтом.

В статье доказано, что уникальность и превосходство Нуралы ақына над другими ақынами выражена в жанре дастан.

Abstract: The of dastans.article provides the first scientific analysis of the life and creative activity of the famous poet nurala Nysanbayuly, who formed a literary school in southern Kazakhstan. Based on the data written before the 1930s stored in the manuscript Fund of the research center "Kazygurt", we have proved controversial issues regarding the year of birth and death of the poet. For the first time, readers were presented with 32 religious works and 47 dastans found after the poet. From manuscripts it is known that the formation of the poetry school of Nuraly Nysanbayuly was led by such poets as Maylykozha, Maykot, Mykan, Shadi. Nuraly studied with the poets Mugaltai and Italmas, who were a model for him and contributed to becoming a real poet. The article proved that the uniqueness and superiority of Nurala akyna over other akyns is expressed in the genre

УДК 378.147

¹Адилова А.Н., ²Сайфутдинова А.С., ²Бактыбаева Т.П.

¹к. филолог. н., МКТУ им. Х.А.Ясауи, Туркестан

²магистр педагогических наук, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Казахстан

²магистр педагогических наук, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ИНТЕРНЕТ – РЕСУРСОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация: В этой статье обсуждается важность английского языка в 21 веке и актуальность использования современных интернет-технологий в его преподавании, а также конкретные примеры того, какую версию английского языка следует изучать. Важность и эффективность использования веб-технологий в преподавании иностранных языков анализируется как в аудитории, так и в самостоятельной работе студентов. Автор анализирует различные взгляды на целесообразность использования информационных технологий при обучении иностранным языкам и выражает целостную позицию по этому вопросу, подтверждая это конкретными примерами положительного воздействия использования современных технологий. В связи с развитием информационно-коммуникационных технологий содержание образовательного процесса изменилось. В данной статье рассматриваются методы формирования и развития речевой и слуховой деятельности в контексте использования таких интернет-ресурсов, как речь и слух,

слух, память, визуализация.

Ключевые слова: самостоятельная работа учащихся, обучение иностранному языку, интернет-технологии, социальные сети, мультимедийные средства, интернет-ресурсы, веб-технологии, коммуникативные технологии, обучение, рецептивные умения, информация

Введение

В 21-м веке общее-национальном языком стал английский язык. Официальный язык Великобритании это английский язык. История языка - процесс, в результате которого диалект одного из германских племен, на котором в V веке говорили жители Британии, за полтора тысячелетия превратился в язык, на котором общаются более 2 млрд человек по всему миру.

Английский язык является западногерманским языком, который возник на основе англо-фризских наречий, привнесённых в Британию в V-VII веках н. э. германскими завоевателями и поселенцами нынешней Северо-Западной Германии, Западной Дании и Нидерландов.

Английский язык изучают в образовательных учреждениях многих стран как иностранный.

Английский язык делятся на британский и американский. Американский английский более резкий и быстрый за счет конкретных особенностей в произношении. Рассмотрим основные характеристики фонетики:

звук [e] практически не отличается от [ε]. в звуке [ju:] после согласных [j] почти исчезает. Зачастую жители США проговаривают слова *duty* и *student* как [ˈdu:ti], [stu:dent]. звук [r] проговаривается вне зависимости от его расположения в словах. Американцы нередко не уделяют особого внимания дифтонгам, к примеру, слово *fate* может звучать как [fe:t].

Британский английский славится довольно сложной грамматикой. Огромное количество времен, которые способны легко запутать не только новичка, - далеко не единственная особенность языка. В США все значительно понятнее и лаконичнее. Американский английский предполагает использование простых времен: Present, Future, Past Indefinite. Даже время Present Perfect, используемое для обозначения совершенного действия, имеющего видимый результат, успешно заменяется Past Indefinite.

Например:

I have eaten dinner. Let`s eat together. [брит]

I cooked dinner= I cooked dinner. [амер]

Какой вариант можно изучить?

Без никаких комментариев рекомендуется изучить британский. Так как Британский является общепризнанным. С помощью британского английского можно сдать международные тесты как IELTS, TOEFL, Tikit.

Британский английский позволяет пониманию сложный грамматики и использовать в любой ситуации и конструкции. С помощью новых технологий легко можно изучить английский язык на уроках. Это облегчает работу преподавателей которые преподают ни только английский язык. Во многих школах, вузах некоторые предметы ведутся на английском языке.

Есть много приложений которые можно составить вопросы в виде игр и тестов и карточек.

Например: Kahoot, Quizlet, lingualeo,coeffee

Kahoot! представляет собой игровую обучающую платформу, используемую в качестве образовательной технологии в школах и других учебных заведениях. Обучающие игры «Kahoots» являются викториной со множеством выборов, которые позволяют генерировать пользователей и доступны через [веб-браузер].

«Kahoot!» может использоваться для проверки знаний учащихся, для формативного оценивания или в качестве перерыва в классных занятиях. Kahoot! также включает в себя мелочи викторины .

Quizlet — это бесплатный сервис, который позволяет легко запоминать любую информацию, которую можно представить в виде учебных карточек. Все что требуется -- это найти в базе или создать интерактивный материал -- собственные карточки, добавляя к ним картинки и аудиофайлы и затем выполнять упражнения и играть в игры, чтобы запомнить данный материал.

Для входа в сервис необходимо зарегистрироваться или произвести вход через Google или Facebook.

В Quizlet можно отправлять ученикам ссылку на модуль/курс, либо они сами могут найти их по имени преподавателя. Хотите посмотреть карточки LeoSelivan? Вот они -- quizlet.com/leasel.

Lingualeo — образовательная платформа для изучения и практики иностранного языка, построенная на игровой механике. На декабрь 2015 года у Lingualeo было более 13 миллионов зарегистрированных пользователей, из них 9 миллионов в странах СНГ. К январю 2018 года общее число пользователей выросло до 17,5 миллионов.

Сервис доступен через приложения для iOS, Android и Windows Phone, как веб-приложение и расширение для браузера Google Chrome.

Название компании образовано от имени её талисмана и игрового персонажа — левёнка Лео.

Основная часть

Приложения для запоминания английских слов. С помощью интернета для Android и iPhone можно скачать много приложений для изучения английского языка. Эти приложения работают примерно одинаково: каждое слово тренируется несколькими разными способами. Мы рекомендуем заниматься по ним ежедневно и не забывать периодически повторять изученную лексику.

Например :

EasyTen для Android или iOS.

А также Fun easy learn English для Android или Words для iOS. Каждое из указанных приложений содержит несколько тысяч слов на английском языке. Все слова разбиты на группы и подгруппы, в каждой подгруппе собрано 5-10 слов. Эта лексика будет прорабатываться при помощи нескольких видов заданий. Вам надо будет подобрать картинку к слову, перевести его на русский, написать его под диктовку, вставить в него пропущенные буквы и т. д. Таким образом, вы несколько раз повторяете слово, запоминаете его звучание и написание. Флэш карты Anki

Это приложение для заучивания английских слов есть в версии для Android и для iOS. Флэш карты — это современный аналог классических карточек для изучения английских слов на планшете и телефоне. Вы избавляетесь от необходимости самостоятельно искать слова, ведь вам предложат готовые наборы для скачивания. В то же время вы можете составлять собственные наборы карточек, если хотите изучить определенные слова. Работать с таким предложением гораздо удобнее, чем со стопкой бумажек. Более того, в приложении заложена функция интервального повторения: программа позаботится о том, чтобы вы не забывали повторять изученную лексику.

Как разрушить языковой барьер при помощи современных технологий ?

Если у вас имеются уровень ниже среднего [pre-intermediate] тогда мы вам предложим говорить с носителем языка как говорится [native speaker] через приложений Instagram, Whats App , Twitter, ZOOM Meetings, Facebook и т.д. С помощью этих приложений можно разговаривать на телефоне или на компьютере . С носителем языка повторяем фразы

каждый день. Чтоб не забыть эти слова можно написать в стикере или бумажке и приклеить в своей комнате или в видном месте .

Как улучшить понимание английского на слух при помощи современных технологий ?

Слушаем подкасты и аудиоуроки с помощью вышеуказанных приложений.

Их можно послушать в любой момент в любом месте [во время приготовления еды на кухне или по дороге на работу на учебу и т.д.]

Смотрим видеоролики

Видеоролики это помогает на визуализацию и запоминать. Их можно смотреть на YouTube здесь много каналов для изучения английского языка. Также вы можете скачать на свой телефон часть ваших любимых сериалов или клипов. Если вы будете прослушивать песню и одновременно изучать ее текст, то развлечение превратится в нескучное упражнение по аудированию. К тому же, вы можете выучить парочку новых слов, что будет совсем не лишним. Изучать тексты песен вы можете на сайтах azlyrics.com или amalgama-lab.com.

Как учить грамматику английского языка на планшете и телефоне

Занимаемся по специальным приложениям

Грамматика в кармане — это не название очередного бестселлера из серии «Как выучить английский за 3 часа», а наша реальность. Чтобы использовать все правила английского «на автомате», нужно как можно чаще отрабатывать их на практике. И в этом вам помогут специальные приложения для изучения английского, например, JohnnyGrammar для Android и iOS.

Тестируем свои знания

Всевозможные тесты и онлайн-упражнения дают нам уникальную возможность проверить себя и обнаружить слабые места в знании грамматики. Мы написали статью о сайтах с тестами на грамматику английского языка. Создайте себе закладки и периодически заходите на эти ресурсы, проверяйте свои знания и получайте руководство к действию. Для любителей приложений можем посоветовать сделать тесты в Learn English Grammar, English Grammar Practice, Practice English Grammar, Learn English Grammar.

Пользуемся учебником по грамматике

Время громоздких учебников постепенно проходит. Сегодня вы можете пользоваться электронными версиями известных изданий и учить английский при помощи мобильного устройства. Для вас мы подготовили 4 книжек который развивает грамматику

1. English Grammar in Use [Издательство: Cambridge University Press Великобритания].

[Авторы: Raymond Murphy, Joseph Chapple, William R. Smalzer, Martin Hewings].

Кому подойдет учебник: студентам любого возраста.

Форма подачи материала: тематический справочник с упражнениями для всех уровень .

Особенности учебника:

понятное пояснение теории;

наличие практических упражнений на отработку каждого аспекта грамматики;

наличие ключей дает возможность заниматься самостоятельно: вы всегда можете проверить себя.

2. Oxford Practice Grammar

[Издательство: Oxford University Press Великобритания].

[Авторы: Norman Coe, Mark Harrison & Ken Paterson, John Eastwood, George Yule.

Кому подойдет учебник: студентам любого возраста.

Форма подачи материала: тематический справочник с упражнениями.

Особенности учебника:

простое изложение теоретического материала;

разнообразные практические упражнения по каждой теме;

наличие ключей для самоконтроля;

множество цветных иллюстраций: некоторым учащимся проще воспринимать информацию, дополненную картинками.

3. Grammarway

[Издательство: ExpressPublishing Великобритания].

[Авторы: VirginiaEvans, JennyDooley].

Кому подойдет учебник: студентам любого возраста.

Форма подачи материала: учебник с изложением материала от простого к сложному.

Особенности учебника:

удобная структура изложения материала;

оптимальное сочетание объемов теоретических и практических упражнений;

наличие русскоязычной версии первых двух пособий серии;

более яркое графическое оформление по сравнению с предыдущими книгами.

4. Round-Up

[Издательство: PearsonLongman Великобритания].

[Авторы: VirginiaEvans, JennyDooley].

Кому подойдет учебник: школьникам и студентам.

Форма подачи материала: учебник с изложением материала от простого к сложному.

Особенности учебника:

удобная структура изложения материала, простые пояснения и яркие иллюстрации;

в конце учебника есть блок приложений со справочными материалами по грамматике;

возможность заниматься по русскоязычной версии учебника.

Как поработать над навыком чтения при помощи мобильных устройств

1. Читаем новости

Чтение новостей на английском — относительно простая, но очень полезная задача. Вы сможете не просто почитать на английском, но и узнать новые слова, а также последние события в мире. Мы рекомендуем пользоваться приложениями Newsroom: NewsWorthSharing или BBC News для Android и Newsy или BBC News для iOS.

2. Читаем журналы

Любите читать [глянец]? Вы можете это делать и на смартфоне или планшете причем на английском языке. Владельцам Android следует установить приложение GooglePlay Пресса, чтобы получить доступ к разнообразным англоязычным журналам. У владельцев iOS на устройстве предварительно установлено приложение «Киоск», позволяющее загружать газеты и журналы из этого раздела.

3. Читаем увлекательные посты

А это подойдет тем, у кого минимум свободного времени. Подпишитесь на аккаунты для изучающих английский в Instagram или Twitter, Facebook и читайте их посты. Вам пригодятся как заметки на английском, так и советы по изучению языка. Например, можно подписаться в Instagram на аккаунт вашего кумира — англоязычного певца или актера или аккаунт интересной вам тематики. Например, если вас всегда манил космос, подпишитесь на Instagram NASA.

Как улучшить ваше английское произношение, используя мобильное устройство

1. Записываем свою речь

Абсолютно во всех моделях мобильных телефонов или планшетов есть диктофон. Попробуйте использовать его следующим образом: возьмите текст на английском, включите диктофон и начните читать. Достаточно записать 2-3 минутный отрывок и попытаться проанализировать его. Вы сможете понять, какие звуки у вас пока плохо получаются, насколько правильно вы звучите. В результате можно будет разработать собственную стратегию работы над произношением.

2. Спрашиваем у Гугла

Владельцы Android могут проверить свое произношение следующим образом. Включите браузер и измените в настройках язык результатов поисковой выдачи с русского на английский. Затем воспользуйтесь голосовой командой [О'кей, Google]. Произнесите английские слова или небольшие фразы и смотрите, насколько хорошо Google их понимает. Так вы сможете узнать, какие звуки произносите нечетко — их не распознает или неверно распознает поисковая система. Над этими звуками и поработайте.

Владельцы iOS могут воспользоваться аналогом — вопросно-ответной системой [Siri]. Она попытается распознать вашу речь аналогично [О'кей, Google]

Как еще можно учить английский язык на планшете и телефоне

1. Меняем язык системы

Поменяйте язык системы на английский, это поможет вам выучить несколько новых слов, например, reboot, tools, settings и т. п.

2. Учим идиомы, фразовые и неправильные глаголы

Никак не получается выучить таблицу неправильных глаголов или постоянно путаете фразовые глаголы? Воспользуйтесь специальными приложениями для изучения английского языка на iPhone и Android, например:

English Irregular Verbs для Android и iOS

English Phrasal Verbs для Android и Phrasal.[100 English Phrasal Verbs] для iOS

[English Idioms and Phrases] для Android и [English Idioms Illustrated] для iOS для изучения идиом и пословиц.

3. Посещаем социальные сети

Социальные сети — главные поглотители времени современного человека. В то же время и они могут помочь нам с изучением английского языка. Подпишитесь на тематические группы и просматривайте публикуемые ими новости. Например, наша группа по изучению английского Вконтакте и Facebook, Instagram, Twitter часто публикует полезные материалы, которые помогут вам совершенствовать свои знания.

4. Работаем со словарем

Электронные словари — лучшие помощники для изучающих английский. Обязательно установите себе минимум один такой справочник. Это помогает во время чтения текста — приложение даст вам перевод незнакомых слов. Как выбрать хороший словарь английского языка примеры хороших словарей: [Merriam-Webster] для Android и [Merriam-Webster] для IOS, а также [Англо-русский словарь] для Android и [Англо-русский словарь] для IOS. Попробуйте воспользоваться одним из них.

Вывод

В современных условиях задача преподавателя — грамотно отобрать необходимый материал, не дать студенту утонуть в море информации, помочь ему отделить главный материал от дополнительной информации, снять языковые трудности. При этом информация, представленная в образовательных электронных ресурсах, должна оцениваться исходя из принципов доступности её представления и необходимости её использования на конкретном этапе урока, а также социальной, практической и личностной значимости для учащихся. Большим плюсом использования ресурсов Интернета является развитие межкультурной компетенции, т.е., знакомству с различными культурами, определению путей их взаимодействия и взаимопроникновения друг в друга, формированию культурных универсалий, необходимых для достижения взаимопонимания и плодотворного сотрудничества при непосредственном общении. И все-таки учить английский язык стоит. Знание английского языка в современном мире является своеобразным окном в мир. Владая этим языком международного общения, вы сможете достичь поставленных целей с помощью новых возможностей. И вы обязательно поймете, что значение английского языка не преувеличено.

Список литературы:

1. Л.А.Беляева: Интерактивные средства обучения иностранному языку Москва 2019
2. М.М.Николаевна: Обучение аудированию и письму с помощью компьютерных систем Москва 2015.
3. Владимир Аракин :История английского языка 2011.
4. Бродович О.И. :История английского языка, 2018.
5. Верчинский А. 100 самых нужных и легко запоминаемых английских слов – за 100 минут!, 2018.
6. Крауэлл Анна :Американский английский в формулах для русских в двух томах, 2019.
7. Макарова Е.В., Пархамович Т.В. :25 Days to a Better English. Grammar, 2018.
8. Игнашина З. Н. : Грамматика английского языка в упражнениях с правилами , 2018.
9. Полезные интернет-ресурсы для учителей английского языка. [https://www.eduneo.ru/
www.english-grammar-lessons.com](https://www.eduneo.ru/www.english-grammar-lessons.com)
<https://list-english.ru/uchebniki/2018-20.html>
<https://www.fluentu.com/blog/english>
<https://www.chto-chitat.livejournal.com>
<https://www.obuchalka.org>
<https://www.englex.ru>
<https://www.www.labirint.ru>

Түйін: Бұл мақалада ХХІ ғасырдағы ағылшын тілінің маңыздылығы және оны оқытуда қазіргі заманғы Интернет технологияларын қолданудың өзектілігі, сондай-ақ ағылшын тілінің қандай нұсқасын зерделеу керектігі туралы нақты мысалдар қарастырылады. Шет тілдерін оқытуда веб-технологияларды қолданудың маңыздылығы мен тиімділігі аудиторияда да, студенттердің өзіндік жұмысында да талданады. Автор шет тілдерін оқытуда ақпараттық технологияны қолданудың орындылығы туралы әр түрлі пікірлерді талдайды және осы мәселеге қатысты біртұтас ұстанымды білдіреді, мұны заманауи технологияларды қолданудың оң әсерінің нақты мысалдарымен растайды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты оқу процесінің мазмұны өзгерді. Бұл мақалада сөйлеу және есту, есте сақтау, визуализация сияқты Интернет ресурстарын қолдану контексінде сөйлеу және есту қабілеттерін қалыптастыру және дамыту әдістері қарастырылады.

Кілттік сөздер: студенттердің өзіндік жұмысы, шет тілін оқыту, Интернет технологиялары, әлеуметтік желілер, мультимедиа, Интернет ресурстары, веб-технологиялар, коммуникациялық технологиялар, жаттығу, қабылдау қабілеті, ақпарат

Abstract: This article discusses the importance of English in the 21st century and the relevance of using modern Internet technologies in its teaching, as well as specific examples of which version of the English language should be studied. The importance and effectiveness of using web technologies in teaching foreign languages is analyzed both in the audience and in the independent work of students. The author analyzes various views on the appropriateness of using information technology in teaching foreign languages and expresses a holistic position on this issue, confirming this with concrete examples of the positive impact of using modern technologies. In connection with the development of information and communication technologies, the content of the educational process has changed. This article discusses the methods of formation and development of speech and auditory activity in the context of the use of Internet resources such as speech and listening, hearing, memory, visualization.

Keywords: individual work of students / multimedia / web-technologies / social networks / internet-resources / communicative technologies / internet-technologies / learning and teaching foreign languages / teaching / receptive skills/ information.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТ
ТВОРЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ
CREATIVE DIRECTION**

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН (КӘСІПТІК БІЛІМ) –
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН (ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ
ОБУЧЕНИЕ) - VISUAL ARTS AND DESIGN (VOCATIONAL TRAINING)**

ӘОЖ 17.023.36:165.9

Бейсенбаев С.К., Абуова М.А., Досқараева Ж.Е.,

педагогика ғ.д. ҚПФА академигі, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

«Мәдениет және спорт» факультетінің

6М042100 – «Дизайн» мамандығының 2 курс магистранты,

М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ ӨНЕРІНЕ ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Түйін: Аталған мақалада рухани мәдениет кеңістігіміздегі ата - бабаларымыздың дәстүрлі дүниетанымына, өнеріне этномәдени және мифологиялық тұрғыда талдау жасалды. Халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт дәстүрі күрделі және көпқызметті рухани-әлеуметтік феномен болып табылады. Мәселен мұнда діни сенімдер, табулар, салттар, ұлттық этика, спорт, өнер, тіл мен әдебиет және т.б. салалардан бастап, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеу ережелеріне дейінгінің бәрі қамтылған. Ол өздігінен сұрыпталып, қажетсіз, тарихи маңызын жойған элементтері түсіріліп, кейіннен ұмытылып, онды қырлары сақталып, дамытылып отырған жасампаз рухани құбылыс. Жалпы көркем шығармашылық пен ұлттық туындыларда кездесетін әмбебаптылықтар мен ұлттық тұрақты алғашқы образдардың пайда болуы және олардың көркемдік бейнеленуде үнемі қайталанып келуі, дәстүрлі жолмен ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасуы дәстүрлі өнердің көріністерінің мәні мен мазмұнының рухани тұтас кеңістік аймағын құрайтындығын айғақтай түседі.

Кілттік сөздер: мифологиялық көзқарас, әдет-ғұрып, мәдениет, этнос, рухани құндылық, миф, қолөнер.

XX ғасырдың соңында бүкіл дүние жүзінде әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістерге байланысты этникалы процестердің күшеюі, жандануы байқалады. Бұл үрдістер біздің мемлекетімізден де тыс қалмады.

Халқымыз этникалық процестердің ассимиляция, консолидация және интеграция сияқты ұлттық санаға, дәстүрге әсерін тигізетін өзгерістердің бәрін азды-көпті басынан кешті. Бүгінгі күнгі этномәдени болмысымыздың нағыз айнасы болып табылатын материалдық мәдениеттің бір саласы - қолөнерді, киім тігу өнерін, соның ішінде қазақтардың мәдениетін, мифологиялық ерекшеліктерін оқып білу аса маңызды.

Қазіргі еліміздің тарихын жастардың зердесіне құйып, оларды осы тарихтың тағлымымен, халқымыздың бай, өзіндік ерекшелігі бар мұрағаттарымен таныстыру - аса маңызды міндет. Ұлтымыздың қолөнеріндегі жетістігін білім саласының игілігіне айналдыру, жергілікті жерлерде халық шеберлерінің істерін жас ұрпаққа насихаттау, әдемі қолөнер, киім үлгілерін қазіргі заманға сай қолдана білуге үйрету - уақыт талабы [1, б.3].

Халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт дәстүрі күрделі және көпқызметті рухани-әлеуметтік феномен болып табылады. Олар тарихи жадыға сәйкес сан ғасырлар бойы халқымыздың тіршілік етуінің жалпылама шарттары мен канондарын құраған. Оның құрылымында "өмірдің әрбір сәтіне берілген дайын жауаптар" тізбегі бар.

Мәселен мұнда діни сенімдер, табулар, салттар, ұлттық этика, спорт, өнер, тіл мен әдебиет және т.б. салалардан бастап, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеу ережелеріне дейінгінің бәрі қамтылған. Ол-өздігінен сұрыпталып, қажетсіз, тарихи маңызын жойған элементтері түсіріліп, кейіннен ұмытылып, оңды қырлары сақталып, дамытылып отырған жасампаз рухани құбылыс. Бұны ұлттық ділмен байланысты қарастырып, оның шығу тегінің негізгі құралдары ретінде танитын көзқарастар да біздің осы ой-пікірімізді қуаттай түседі: "Бұл қасиеттер негізінде қалыптасқан көшпенділік мәдениет, дүниетаным, моральдық-этикалық нормалар мен тарихи салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жүйесі жатыр. Басқаша айтқанда, бұл қасиеттер-қазақ менталитетінің негізгі көрсеткіштері, оның рухани болмысының өзегі. Сондықтан, бұл қасиеттердің кешегі қазақ бойынан, оның іс-әрекеті мен мінез құлқынан, тұрмыс-салтынан, киімінен, дүниеге қатынасынан, дүниені ұлттық тұрғыдан бейнелеуінен, ойлау жүйесінен, сөйлеу мәнерінен, тілдік болмысынан, көрініс табуы таңғаларлық дүние болмаған [2,б.3]. Осы қасиеттерді бойына сіңіре отырып қазақ этномәдениеті мен мифологиялық ойлау тұжырымдары қазақ өнерінде де жан-жақты дами түсті. Бұл әсіресе қазақ мәдениетінің қалыптасуына да өзінің көп ықпалын жасаған. Осы тұрғыда мәдениет сөзінің мән-мағынасына тоқталатын болсақ ол өте кең тақырып.

Мәдениет - философиялық ой-толғамның аса маңызды, терең теориялық мәнді ұғымдарының бірі. Мәдениет ұғымы қоғам өмірінің түрлі салаларына байланысты жиі пайдаланылады. Мәдениет мәселесін рухани, көркемдік салалармен байланыстыра қарау басым. Шынына келгенде, мәдениет - адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі олай болса, оған рухани да, материалдық та жетістіктер жатады.

Материалдық мәдениет құрамына еңбек құралдарымен қатар барлық қолмен, ақылмен өңделген еңбек заттары жатады. Олардың мазмұны мен түрі мәдениеттің даму сатысын көрсетеді. Сондықтан, мәдениеттегі қазіргі бардың, болашақтың сабақтастық байланысын тани білу қажет.

Мәдениет негізі - еңбек. Еңбек неғұрлым күрделі болған сайын, мәдениет те жаңа сипат алып отырады. Алғашқы еңбек бөлінісінен қазіргі кезеңге дейін еңбек материалдық өндіріс мәдениетін жетілдірудің негізі болып келеді. Мәдениет адамсыз жасалмайды. Адам дамуы мәдениетке байланысты. Тек осы өзара тәуелдікті анықтай алғанда ғана мәдениеттің адамзат тарихында, адам өмірінде алатын орын түсінуге болады.

Мәдениет тарихи процестермен ұштасып жасады, сол тарихи процестердің тікелей туындысы болып табылады, ерекшелігі оның өз бойындағы сабақтастықты терең сақтай білуінде. Мәдениетті түсіне білу үшін тарихи дәуірді білу, оның өндірістік қатынастары қандай болғанын анықтау, өмір салты, рухани дүниесі қандай ерекшеліктерімен анықталатынын ажырата білу керек. Халықтық мұра ол адамның өзі оның өткен жолы, болашағының сатысы, сондықтан бұрынғы мәдениет туындыларын қазіргі сана дәрежесі негізінде, қоғамның осы заманғы қалпына сәйкес бағалау диалектикалық ойлауды қажет етеді. Мәдениет қандай түр алса да, адамдық мазмұнда болады. Мәдениеттегі адам қызметі езінің субъективті мазмұнымен анықталады. Мәдениеттің ерекшелігі сол - ол тек объективті шындық түрі ғана емес, шығу тегі жағынан алғанда оның мазмұны объективті. Адамның өмір сүру әдісімен объективтік қызмет негізінде мәдениет материалдық сипат алады.

Мәдениеттің екі түрі бар: бірі-материалдық жасанды дүние, екіншісі - рухани дүние. Біріншісіне - үй, өндіріс, киім-кешек, т.б. екіншісіне - қисса, ертеке, өлең жыр, діни ғылыми ұғымдар, т.б. жатады [3,б.214].

Кез келген мәдениетте, оның дамуының белгілі бір сатысында, мәдениеттің рухани негізін бұзатын бастаудың пайда болуы басталады. Мәдениет наным-сеніммен байланысты, ол діни нанымнан дамиды, ол нанымның дифференциациясының, оның мазмұнының әр алуан тарапқа таралуының нәтижесі. Философиялық ой-сана, ғылыми таным, сәулет, сурет өнері, скульптура, дизайн, музыка, поэзия, мораль - барлығы шіркеу

наным-сенімінде жайылмаған және дифференциацияланбаған формада болады. Мәдениеттердің ең ежелгісі болып есептелетін Египеттің мәдениеті храмда басталды, және оның алғашқы дүниеге келтірушілері абыздар еді. Мәдениет ата-бабалардың наным-сенімімен және дәстүрмен байланысты. Ол қа- сиетті символикаға толы, онда рухани болмыстың белгілері берілген. Кез келген мәдениет (тіпті материалдық мәдениет) рухтың мәдениеті; кез келген мәдениет рухани негізді еншілейді, ол табиғат стихияларының үстіндегі шығармашылық жұмыстың өнімі. Бірақ мәдениеттің өзінде өзінің діни және рухани негіздерін ыдыратуға, өзінің символикасын жоқ етуге ағымдар болады. Өнер сол өмір техникасының құралына, өмірді ұйымдастырудың безендірілуіне айналып, кесенелермен, сарайлармен және үй-жайлармен байланысты мәдениеттің барлық сұлулығы, - сұлулықтың тұлыбына айналған мұражайға өтеді. Өркениет-мұражайлық, оны өткенмен байланыстыратын осы ғана [4,б.130].

Мәдениет адам мен оның еңбегінің жемісі. Мәдениетті адамзаттың өндірген заттарымен ғана шектеуге болмайды. Қоғамдық қатынастар, рухани өндіріс өнімдері де мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Кез келген мәдениет феноменінде адамның ақыл-ойы, арманы мен еңбегі заттанады. Мәдениет - қоғам мен адамның тіршілік ету тәсілі.

Этностық қоғамның дамуында мәдени жасампаздық пен дәстүрдің алатын орны ерекше. Дәстүр қоғамдағы сабақтастықты қамтамасыз етсе, жасампаздық оның шығармашылық пен дамуының алғышарттарын жасайды. Дәстүр мен жасампаздық диалектикалық байланыста болады. Жасампаздықтың өзі - дәстүрді игеру, сана мен сын таразысынан өткізу барысында қалыптасады. Шамадан тыс дәстүршілдік қоғамдық прогреске кері әсер етуі мүмкін.

Руханилықтың қыры мен сырын жан-жақты зерттеп жүрген ғалымдардың бірі С.Е.Нұрмұратов адамның рухани дамуы мен шығармашылығын үйлесімді байланыстырады. «Адамның рухани дамуының тағы бір көрінісі - оның шығармашылығы. Ол адамға тән еркіндіктің, әркімнің дарындылығының, шынайылықтың, еңбекқорлықтың әлеуметтік практикада жүзеге асуы болып табылады. Әрбір еңбектің нәтижесі шығармашылықтан туындап отырса, онда дүниедегі көптеген қайшылықтардың шешілгендігінің белгісі болар еді. Рухани дүниесі байыған адамның ой-өрісі тереңдеп, айналасына жаңа көзқараспен, шығармашылық тұрғыдан қарай бастайды [5,б.172].

Этнос деген әлемдік ғылымда кеңінен қолданылатын ұғым. Кеңес заманында этнос ұғымы тек ғылыми әдебиеттерде қолданыс тапқанымен, саясатта, идеологияда пайдаланылмады. Этнос ұғымы - халықтың этникалық табиғаты туралы сөз болғанда қолданылады, мысалы, орыс этносы, қазақ этносы, неміс этносы, ұйғыр этносы, корей этносы, т.б. Халық пен этнос бір мәнде де айтылады, сонымен бірге контекстке байланысты бірде халық, бірде этнос мәнісінде қолданылады. Этнос халықтың этникалық сипаттамасы. Халық - этностың субстанциясы. Халық ауқымды - ұғым. Халықтың этникалық сипаттамасы болмауы өте сирек кездесетін жағдай, мысалы, бұл мәселені шартты түрде американдық халқына қатысты айтуға болар. Елдің аталуында тұрғандай, Америка құрама штаттардан тұрады. Көптеген нәсіл, этностардан құрылған, этникалық жағы біртекті емес. Кезіндегі кеңес халқы деген этникалық тарихы жоқ, адамдардың мемлекеттік-территориялық қауымдастығы болатын. Мұндай жағдайда бірыңғай азаматтық басты принцип болып, этникалық істер есепке алына бермейді [6,б.170].

Ертеде-ақ материалдық және рухани қажеттілігі өтеген этномәдени мұраның түп-тамыры тереңде. Ол көшпелі түркі тектес тайпаардың өнерінен бастау алған. Ата-бабаларымыздың рухани болмысынан "көшпелі" еместігі көшпенділер мәдениетімен салыстыра қарағанда айқындық табады. Көшпелілердің өмір салтында айнала қоршаған ортаны, табиғатты, космосты, яғни әлемді танып - білуде өзіндік ережесі болған. Сөйтіп, өткен мен болашақ арасындағы көзқарастарың біртұтас жүйесін қалыптастырған. Бұл

номаттардың материалдық және рухани мәдениетінің өзіндік ерекшелігінен айқын танылады.

Өйткені халық өнері - этностың ой-санасы мен дүниетанымының, өмір болмысы мен көзқарасының өзара байланысын береді.

Ғалым А. Сейдімбек көшпелілер таным - түсінігін екі түрлі межелік категорияға бөлген. Бірі - мифтік, екіншісі - нақтылы. Мифтік, нақтылы кеңістік пен уақыт өлшемінен тыс кезеңдерді межелеп, дүние тіршіліктің жаралуындағы таным-түсініктерге жауап беруі оның мәнін аша түседі.

Ал өмір шындығынан тыс дүние тіршіліктің алғашқы жаралуы мифтік эпикалық таным-түсінікпен бйланысты. Еуразияның алып даласында көне түркі көшпелі тайпаларының белгілі бір этномәдени көріністері мифтік және нақтылы кеңістік пен уақыт қалыптасты.

Жоғарыда айтылған ойлардан мынадай тұжырым жасауға болады. Мифтік дүние тіршіліктің алғашқы жаралуына қатысты таным-түсінік болса, онда нақтылы кеңістік пен уақыт - тікелей өмір тәжірибесі. Ол экологиялық, генебиологиялық, ситуациялық, тарихи кеңістік пен уақытта көрініс алады.

Тас бетіндегі бейнелердегі тарихи генебиологиялық кеңістік пен уақыт көркем мәдениеттің пайда болған мезгілі, мекені, өнерді тудырған орта, тарихи шындық пен көркем бейненің байланысы, тарихи оқиғаның көрінісі, яғни өнердің пайда болуы мен дамуы барысындағы белгілі бір тарихи кезеңдердің, қоғамдық ортаның мән-мағынасын анықтау.

Өнерде белгі бір мекен мен мезгіл аралығындағы көркем бейнелер поетикалық қызмет атқарады. Халық мұрасының көркемдік жүйесі көрерменге эпикалық кеңістік пен уақытта баяндалады. Бұл тұста көңіл бөлетін мәселелер - сюжеттік құрылым, атқаратын қызметі, орындалу ерекшеліктері [7,б.107].

Миф, түптеп келгенде, о бастан-ақ сөз өнерінің айшықты жанры емес. Мифтің дүниетанымдық қызметі әлсірей бастағаннан кейін ғана ол сөз өнерінің өзге жанрларымен (аңыз, әпсана, ертегі т.б.) жақындасып, фольклорлық жанр аясына түсірілді. Ал шындығына келгенде, наным-сеніммен, әдет-ғұрыппен, салт-санамен бірге туып, бірге жасасқан мифтің қоғамдағы көрінісі алдымен оның сан-салалы дүниетанымдық қызметінде. Соның бірі — мифтің ғұрыпқа (обряд, ритуал) қатысты мәселелері.

Әлемдегі көптеген халықтардың мифтері діни әдет-ғұрыптармен, салт-санамен бірлікте өмір сүріп келген. Әсіресе, мәдени дамуы жағынан кенжелеп қалған халықтарда түрлі ғұрыптардың, ритуалдардың мән-мағынасы және олардағы іс-әрекеттің себептері миф арқылы түсіндіріледі [8,б.10]. Демек, қазақ өнері де ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдану процесіндегі айнымай жеткізілетін, айнымай сақталатын заттық негізі бар рухани мұра болып табылады. Яғни өнердің өзі мифтегі тұрақтылық пен дәстүрлі нақыштарды орнықтырудың негізгі көзі. Мифтердің жалпы адамзаттық емес, ұлттық, аймақтық қана үлгіде танылатындығына сәйкес, өнердегі адамзат тарихындағы тұрақтылықтардың барлығы көбінесе белгілі аймаққа, не қауымдастыққа, ұлт немесе этносқа тіленген. Біз осыдан дәстүрлі өнердің қалыптасу аймағындағы тұрақты белгілердің сақталуы мен оның архетиптік сипатын зерделеп алуымыз қажет. Ал дәстүрлі мәдениеттің қалыптасуы ондағы тұрақты белгілердің жүйеленуімен, жинақталуымен байланысты болып келеді. Сондықтан ұлттық киімдегі тұрақты белгілер бүкіл рухани мәдениеттің тарихи-түбірлестік тамырларынан бастау алады. Дүниетанымның айшықты көріністері мен оның маңызды тұстарын көркемдік тұрғыдан бейнелеу әртүрлі жазықтықта, әртүрлі парадигмада, сан алуан кескінде бейнеленсе де, оларды ұлттық діл мен танымның белгілі бір ортақ парадигмалары тұтастандырып тұратындығы сөзсіз [9,б.94].

Жалпы көркем шығармашылық пен ұлттық туындыларда кездесетін әмбебаптылықтар мен ұлттық тұрақты алғашқы образдардың пайда болуы және олардың

көркемдік бейнеленуде үнемі қайталанып келуі, дәстүрлі жолмен ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасуы дәстүрлі өнердің көріністерінің мәні мен мазмұнының рухани тұтас кеңістік аймағын құрайтындығын айғақтай түседі. Сондықтан, миф пен көркем өнердің жалпылама қатынасы мен ондығы сюжеттердің, символдар мен бейнелердің, аллегориялар мен тұспалды ойлардың трансформациялануының шарттарын осылай айқындадық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Райымхан К.Н. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2010ж. 136б.
2. Бурбаев Т. Жаһандану және қазақ менталитеті. Астана хабары. 2005ж. 22.11.№170. 63.
3. Жекебаева М.А. Философия: Оқу құралы. М.А. Жекебаева. Алматы: ҚазҰАУ, 2018ж. 284б.
4. XX ғасырдағы мәдениет философиясы. Жиырма томдық. 17-том. Алматы. "Жазушы", 2008ж. 512б.
5. Сабынбаева Қ.Ү. Философия: білім негіздері. Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Экономика. 2013ж. 234б.
6. Есім Ғарифолла. Саяси философия. Акме қоғам мәселелері. Астана: Елорда, 2009ж. 376б.
7. Самұратова Т.К. Бейнелеу өнері тарихы: Оқулық. Астана: Фолиант, 2013ж. 248б.
8. Қазақтың мифтік әңгімелері. "Ғылым" ғылыми баспа орталығы, 2002ж. 320б.
9. Оразқұлова Қ. Қазақ суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана: мәдени-философиялық талдау: Монография. Алматы: "Қаратау КБ" ЖШС, "Дәстүр", 2014ж. 384б.

Аннотация: В данной статье анализируются этнокультурные и мифологические аспекты традиционного мировоззрения и искусства наших предков в области духовной культуры. Обычаи и традиции нашего народа представляют собой сложные и многофункциональные духовные и социальные явления. Например, религиозные верования, открытия, обычаи, национальная этика, спорт, искусство, язык и литература и т. Д. все от промышленности до регулирования общественных отношений. Это творческий духовный феномен, который самосортирует и удаляет ненужные исторические элементы, которые впоследствии забываются и забываются с сохранением позитивных аспектов. Универсализм и универсализм национального искусства, появление устойчивых на национальном уровне первых образов и их многократное повторение в художественном выражении, продолжение традиционного пути из поколения в поколение составляют духовную целую область смысла и содержания проявлений традиционного искусства.

Abstract: this article treats of characteristic features of batik in the modern world. The art painting of a fabric has wide opportunities. It can reflect and transform the reality surrounding a person. The topic of innovations is touched in the panel technology. A wide range of fabric painting techniques provides many opportunities for artist self-realization. Particular attention is paid to its harmonious synthesis of hand-painted fabric, modern costume design and their relationship and influence on each other. For thousands of years of costume development, mankind has come up with countless ways of decorating: painting, heels (printing), various weaving techniques (batik), artistic weaving, embroidery, applique, weaving, lace curling, patterned leather, knitting, jewelry and others. It is established in the work that today manual dyeing of fabric using the "batik" technique can be used not only in decorative and applied art, but also for professional purposes, to create exclusive single products.

ӘӨЖ 307.07.036

Ералин Қ.Е., Ералина А.К.

педагогика ғ.д., профессор, А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

педагогика ғ.к, доцент ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

ЭТНОБҰЙЫМНЫҢ КӨРКЕМДІК–КЕҢІСТІКТІК ӨЛШЕМДЕРІ

Түйін: Бұл мақалада өлшем қазақтың этнобұйымдары болып саналатын кілем, текемет, гобелен, сырмақ, кесте технологияларының және тақырыптық-сәндік композиция шығармаларының көркемдік-кеңістіктік өлшемдерін анықтаудың ерекше құралы ретінде көрінеді; зерттеу нәтижесінде этнобұйымдардың көлемді және жазық пішінді заттарға бөліп жіктеу әдістері қарастырылған; сұлулық объектісін көркемдік және кеңістіктік өлшеу бірліктері анықталған; этнобұйымның формасы, композициясы, түсі, ою-өрнегі, орындалу техникасы - бұйымның көркемдік өлшемдері ретінде қарастырылған; этникалық заттарды оның ерекшеліктерін ескере отырып бұйымның кеңістіктік өлшеу бірліктері болып табылатын: архаизм, ұлттық, функционалдылық, материалдық, тасымалдаушылық мүмкіндіктері сипатталған; этнобұйымның ерекшеліктері: заттың архитектуралық элементтерін, халықтық қолданбалы өнердің дәстүрін сақтай отырып, жаңа технологияларды және дизайнерлік қызметтің жобалау принциптерін қолданумен анықталған. **Кілт сөздер:** этнодизайн, көркемдік өлшем, кеңістіктік өлшем, композиция, түс, техника, безендіру, функционалдылық, материалдылық, тасымалдаушылық.

Кіріспе. Еліміздегі «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» атты бағдарламалармен қатар, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы мәдениет, тәрбие мен білім беру саласындағы көкейкесті мәселелерді шешу жолдарын іздеуде басшылыққа алатын құжаттар болып табылады. [1.1 б.]

Қазіргі өмір тәжірибесінде заманауи өнерді тану мен білім беру саласы осы бағытты ұстану қажеттігін айқындайды. Заманауи өнертанымдық - педагогикалық тәжірибені, этнодизайн өнерінің бұйымдары мен шығармаларын зерттеу қажеттігін көрсетуде. Ұлы дала өнеріндегі заманауи инновациямен, өндіріспен, дизайнмен байланысты өнер болып табылатын - этнодизайн өнері, дәстүрлі қол өнер жүйесінен бастау алады. Бейнелеу өнері, сәндік қолданбалы өнер мен сәулет өнері туралы академиялық білімдер бұрыннан белгілі болғанымен этнодизайн саласына байланысты білім көздері бұрын соңды зерттеу көзі болған емес. Бұйымның көркемдік және кеңістіктік өлшем бірліктерін анықтау қажеттігі мен оның өнертанымдық айналымда қазірге дейін жоқтығы арасындағы, этнотуризм саласындағы менеджмент талаптарына сай этнобұйымның көркемдік-кеңістіктік өлшем бірліктерінің болмауымен оның әдістемесінің қажеттігі арасындағы қарама – қайшылық біздің проблеманы «Этнобұйымдардың көркемдік - кеңістіктік өлшемдері» деп айқындауға мүмкіндік берді.

Теориялық талдау. Қазіргі уақытта өнертану саласындағы этнодизайнның әр түрлі мәселелерінің көпқырлылығын, көкейкестілігінің көпжақтылығын әдебиеттер мен тәжірибені талдау нәтижесі дәлелдей түсуде. Өнертанудың бұл саласының қазіргі жағдайын зерттеу бұл ұғымды танып білуде көпқырлы қатынас керектігін көрсетті. Олардың ішіндегі негізгілерін мынандай формада бөліп қарастыруға болады: этнодизайн - этно-ұлт, дизайн-өндіріс, бұйым, жобалау деген мағынаны береді; дизайн – өндіріспен байланысты өнер; өндірістік бұйымды жобасын жасау, көркем өндірістегі өнімдік бұйымды жобалау; этнодизайн белгілі бір ұлттың қол өнерімен байланысты іс әрекеттер жүйесі; Қазақстан халықтары көптеген ұлттар мен ұлыстар өмір сүретін мекен болғандықтан, этнодизайн кең қолданыста таралған; этнодизайн елімізде тұратын әрбір ұлттың бейнелеу, сәулет және қолөнеріне қатысы даму үдерісі; бұл тек бір ғана халықтың өнері емес, ұлы дала еліндегі барлық халықтардың өнерін қамтиды; этнодизайн өнері халықтарды өнер тілі арқылы біріктіретін өнер; қазақ елі - халықтар достығының жаңа

моделін жасап шығарған ел; этнодизайн – туризм саласына үшін, ұлттық бұйым өндірісін жасаумен байланысты өнер саласы; этнобұйым архитектуралық сипатымен ерекшеленетін бұйым; архитектуралық бұйымдар – ежелгі зат пішіні, материалы мен түр-түсінің сақталуымен сипатталады; этнодизайн - инновациялық техникамен байланысты заманауи қол өнер дамуын қамтиды; этнодизайн ұлттық бұйымдарды заманауи талаптарға сай, инновациялық техникалар мен технологиялар арқылы жасауға бағытталған шығармашылық еңбек нәтижесі; этнодизайнерлік жұмыс нәтижесі - этнобұйымдар [2.89 б].

Этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында олардың көркемдік өлшем бірліктерімен қатар кеңістіктік қасиеттерін зерттеу маңызды. Этнодизайн бұйымдарының көркемдік өлшемдерін табу мақсатындағы зерттеу нәтижесі бізге бірқатар үдерістерді анықтауға мүмкіндік берді. Этнодизайнның теориялық мәні мен практикалық мазмұны, бүгінгі күннің өзінің даралық сипатымен ерекшелігін көрсетті. Этнодизайнның Қазақстанда дамуына бірқатар себептер болды. Сол себептің бір қыры - халықтың салт-дәстүрлерінің қайта жаңғыруы. Қазіргі кезде үйлену мен үй болуға, баланың түрлі мерекелеріне байланысты қажетті бұйымдар жасау, туристерге арналған сыйкәде жасау, мерейтойларға арнап ұлттық киімдер тігу, шет елдерге ұлттық бұйымдарды презентация жасау сұранысы артып келеді. Этнодизайн бұйымдарын жасау барысында жаңа технологияны қолдану маңызды этнодизайнерлік қызмет нәтижесі ретінде кең көлемде қолданысқа еніп сұраныс артуда. Сондықтан, бұл өнерді өндіріспен, дизайнмен, қолөнермен қатар жаңа технологияларды қолдану арқылы жасаумен байланысты өнер деп айтуға болады. [3.53б].

Заманауи этнодизайнның дамуына ең басты ықпал ететін күш - инновациялық технологияны қолдану. Этнодизайнның жаңа технологиямен жасалатын бұйымдары көптеген данамен шығарылуымен ерекшеленеді. Этнодизайнның бір қыры – халықтың заманауи сұранысымен туристік талаптарға сай ұлттық бұйым жасаумен ерекшеленеді. Этнодизайндағы жаңа технология - бұйымды бірнеше жүздік, мыңдық даналау әдісі арқылы білезіктер, бесіктер, сандықтар және тағы басқа заманауи сұранысқа ие болған көркем бұйымдарды жылдам жасауға мүмкіндік беріледі. Заманауи этнодизайн бұйымдарын жасауда көбінесе бұйымның түпнұсқасы этножоба моделі ретінде алып, соны көп данамен көбейту техникалары жиі қолданылады. Бұл әсіресе құю, жапсыру, тігу, тоқу, ою, түту, өру, кестелеу, құрау, илеу, кесу, тесу, безендірудің технологиялық әрекетімен жүзеге асыруға қолайлы. Осы жағдай елімізде этнотуризмнің дамуына игі ықпал етуде.

Этнодизайн бұйымдарын пішінін жобалауда инновациялық технология жетістіктері кең көлемде қолданылады. Этнодизайнның негізі – ұлттық қол өнер. Этнодизайн бұйымдарының дәстүрлі қолөнер бұйымдарынан айырмашылығы оны жасау технологиясымен, материалымен, жанашылдығымен, шеберлердің жаңа технологияны қолдануымен, тираждалуымен байланысты. Этнобұйымдар қарапайым еңбек пен көлемді образдық көркемдік еңбектің арасын байланыстыратын шығармашылық қызмет ауқымын қалыптастырады. Этнодизайнерлік қызмет нәтижесі - этнобұйымдар. Этнобұйымдар - архитектуралық бұйымдар, дәстүрлі бұйымдар және жаңа бұйымдар деп үш бағытқа бөлінеді. Архитектуралық бұйымдар қатарына археологиялық қазба жұмыстарының негізінде табылған ежелгі де, көне бұйымдарды атаймыз. Дәстүрлі бұйымдар қатарына сәндік қолданбалы өнер бұйымдары - келі-келсап, ожау, табақ, құман, торсық, бесік, шаңырақ кереге, уық т.б. бұйымдар қосылады. Этнобұйымдар қатарына заманауи технология мүмкіндіктері арқылы жасалған бұйымдардың барлығын дерлік кіргізуге болады. Этнобұйымдардың ерекше түрі - монументалдық бұйымдар. Олардың қатарына өте үлкен монументтік көлеммен жасалған сырғалар, білезіктер, жүзіктер т.б. бұйымдардың мүсіндік бейнелері қосылады. Этнобұйымдарды тұтыну қажеттігіне байланысты: сыйкәделер, көлемді инсталляция

бұйымдар, тұрмыстық заттар деп үш бағытқа бөлеміз.

Этнобұйым өлшемдерін кеңістіктік – конструктивтік және көркемдік-безендірушілік деп екі бағытқа бөліп қарастырылады. Этнобұйымның кеңістіктік - конструктивтік сипаттары оның пішіні, ені, ұзындығы, биіктігі болып табылатын үш өлшемі алынады. Сонымен қатар оның қоршаған ортамен, адаммен қарым- қатынасына, эргономикалық, тасымалданушылық, тұтынушылық ерекшеліктеріне байланысты бірқатар өлшемдері танылады. Этнобұйымның кеңістіктік- конструктивтік сипатында пішін маңызды роль атқарады. Бұйымды қабылдау үдерісінде ең бірінші пішін назар аударады, онан соң барып, түстер мен фактураға көңіл бөлінеді. Түстер әр түрлі мәдениет кезеңдерінде әр түрлі сипатпен көрінетін болса, пішін тек қана тұрақты түрде эмоционалық әсер берумен ерекшеленеді. Этнобұйымдардың пішіндік құрылымына байланысты көлемді және көлемсіз, жазық бетіне бейнелеу және көлемді бейнелеу болып бөлінеді. Көлемді этнобұйымдар қатарына ұлттық стилде жобаланған бесік, күбі, асадал, кебеже, ер тұрман және т.б. көптеген бұйымдар жатады. Этнодизайнның бірқатар көлемді бұйымдары инсталляция технологиясымен жасалады. Оларды қала көшелерін ұлттық нақышта безендіру үшін қолданылады. Ол бұйымдар қала көшелеріндегі, бақтардағы, гүлзарлардағы кеңістіктерге қойылып, монументтік мүсіндік көріністер түрінде айқындалады. Көлемсіз бұйымдар қатарына кілем, гобелен, сырмақ, тұскиіз, кестелі орамалды т.б. бұйымдарын қосуға болады. Қазіргі кезде бұл аталған көлемсіз бұйымдардың қатарына, әлеуметтік өмір көріністері мен табиғат сұлулығын жоғары көркемдік образ деңгейіне дейін көтерген картиналармен көркемдік салмағы қатар тұратын гобелен, кесте, құрақ технологиясымен жасалған шығармалар қосылуда. Олар көбінесе тоқу, киіз басу, тігу техникалары арқылы орындалуда.

Тәжірибе бөлімі. Өнертанымдық әдебиеттерді сараптау мен шығармашылық тәжірибелерді зерттеу нәтижесі этнодизайн бұйымдарының бірқатар практикалық сипаттарын анықтауға мүмкіндік берді. Ұлттық ерекшеліктермен жасалған бұйымның жалпы сипаттық өлшемдерін - кеңістіктік өлшемдер және көркемдік өлшемдер деп екіге бөліп қарастырылады. Этнобұйымның көркемдік өлшемдерін шығару бұйымның негізгі қасиеттерімен тығыз байланысты. Этнодизайн бұйымдарының көркемдік өлшемдері ретінде – бұйымның формасы, композициялық құрылымы, безендірілуі, түстік шешімі, түстік шешімдері, безендірілуі көркемдік өлшемдеріне пішіні, композициялық құрылымы, қарастырылады. Көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында, бұйымдарды өзара салыстыру, даралығын сипаттау, пішіндік бөлшектерінің тұтастығын талдау, мазмұнын саралау, композициялық құрылымын түсіндіру әдістері қолданылады [4.62 б].

Этнодизайнның кеңістіктік өлшемдерінің бір бағыты оны жасаған материал мен шебердің еңбегі мен байланысты анықталады. Бұйымды жасауға қолданылған материал құны шығарылып, оған шебердің жобаны жасауы, пішінін табуы, құрастыруы, безендіруі материалды өңдеуі, сияқты шебердің іс -әрекеттерінің бағасы, шебердің шеберлік деңгейі қосылады. Этнобұйымдарды бағалау өлшемдерін танып білудің бір бағыты - оны жасауға қолданған материалдардың экономикалық қаражат шығындарымен сипатталады. Этнобұйымдарды бағалау өлшемінің бірі – шебердің еңбегімен, бұйымның пішінінің күрделілігімен, оны жасауға кеткен уақытымен, материалының өңдеуге қолайлылығы немесе қолайсыздығымен байланысты көрініс табады. Этнобұйымдардың басты көркемдік ерекшеліктері оның тұрмыста қолданысы, ою - өрнектермен безендірілуі, табиғи материалдарды немесе жасанды материалдарды қолданылуы, сыйкәделік сипатының болуы, көп тиражбен шығарылуы болып табылады. Этнодизайн белгілі бір ұлттың қол өнерімен оның жаңа сипатымен байланысты. Этнодизайн дегеніміз – ұлттық қолөнер бұйымын жасау дәстүрін жалғастырып, инновациялық технологияларды қолдану арқылы тұтынушылардың заманауи талаптарына сай жаңа бұйымдар мен шығармашылық туындылар жасайтын өндірістік өнер болып табылады. [5.24 б].

Этнобұйымдар - көне бұйымдар, дәстүрлі бұйымдар және жаңа бұйымдар деп бөлінеді. Көне бұйымдар – қазба жұмыстары негізінде табылған, құрал сайсандар, ыдыс аяқтар, қыш құмыралар. Дәстүрлі бұйымдар қатарына сәндік өнер бұйымдары келі-келсап, ожау, табак, құман, торсық және тағы басқа көптеген тұрмыстық, сыйкәделік, әшекейлік, бұйымдар қосылады. Этнобұйымдар заманауи технология мүмкіндіктері арқылы жасалады. Этнобұйымдарды тұтыну қажеттігіне байланысты: сыйкәделер, инсталляция бұйымдары, шаруашылық заттар мен тұрмыстық заттар деп үш бағытқа бөлінеді. [6.38 б].

Өнердегі мониторинг – өнердің қазіргі жағдайын бақылау, үдерісті талдау, кедергілерді айқындап жаңа даму бағытын көрсетеді. Өнердегі мониторинг жасаудың басты шарты құбылыстағы өлшемдік қатынастырды сараптау болып табылады. Этнодизайнды танып біліп, оның даму жалын айқындау үшін этнобұйымдардың көркемдік өлшемдерін анықтау басты шарт. Этнобұйымдардың өлшемдері – кеңістіктік – конструктивтік және көркемдік - безендірушілік деп екі бағытқа бөлінеді. Этнобұйымның кеңістіктік - конструктивтік сипаттары оның пішіні, ені, ұзындығы, биіктігі болып табылатын үш өлшемі мен оның қоршаған ортамен, адаммен қарым - қатынасына, эргономикалық, тасымалданушылық ерекшеліктеріне байланысты танылады. Этнобұйымның кеңістіктік- конструктивтік сипаты бойынша қарастырғанда пішін маңызды роль атқарады. Бұйымды қабылдау үдерісінде ең бірінші пішін назар аударады онан соң түстер мен фактураға көңіл бөлінеді. Түстер әр түрлі мәдениет кезеңдерінде әр түрлі сипатпен символдық түрде көрінетін болса пішін тек қана тұрақты эмоциалық әсер берумен бірқалыпты сипатта болады. Этнобұйымдар пішіндік құрылымына байланысты көлемді және көлемсіз (жазық бетіне бейнелеу) болып бөлінеді. [6.33 б].

Көлемді этнобұйымдар қатарына ұлттық стилде жобаланған киіз үй, бесік, күбі, асадал, кебеже, ер тұрман және т.б. бұйымдар жатады. Көлемсіз - жазықтық бұйымдар қатарына кілем, gobelen, сырмақ, тұскиіз, кестелі орамал, түбіт орамал т. б. бұйымдар қосылады. Этнодизайнның бірқатар бұйымдары инсталляция технологиясымен көлемді етіп жасалады. Оларды қала көшелерін ұлттық нақышта безендіру мақсатында қолданады. Монументтік бұйымдар қала көшелеріндегі, бақтарда, шағын кеңістікке қойылатын, үлкен көлемде жасалған білезік, жүзік, сырға, шашбау, қапсырма және т.б. бұйымдардың монументтік пішіндерін айтуға болады. Этнодизайн бұйымдарының көркемдік өлшемдері дегенді – бұйымның формасы, композициялық құрылымы, безендірілуі, түстік шешімі, эргономикасы, материалы қарастырылады.

Этнобұйымды жобалауда композициялық орталық ұғымының мәні зор. Орталық - салыстырмалы түрде алынғанда кеңістік бөліктерінің бірліктегі қатынастарымен байланысты ұғым. Бұл яғни, белгілі бір территорияны, белгілі бір тұтастық деп алатын болсақ, олар бірнеше бөлшектерден құралған болса, олардың барлығы шектеулі бір қатынастарға сәйкес бірігуін білдіреді. Орталық ұғымының бір қыры қоғамдық құбылыстармен байланысты болады. Ежелгі қалалар биліктің, білімнің, экономиканың мәдениеттің орталығы болған. Орталық ұғымы қазіргі кезде де кең қолданыста. Орталық ұғымының өнерге де қатысы бар. Этнобұйымда композициялық орталық деген ұғым бар. Өнерді көрсететін композиция болатын болса, орталық осы жаңа этножобаның композициясының брендтік негізін құрайтын ұғым. Этнодизайн өнерінде “композициялық орталық” бейнелердің конструкциялық бөлшектерін жинақтаушы, біріктіруші, үйлестіруші, тұтастықты сақтаушы функцияларын атқарады. Композициялық орталықта этнобұйым мазмұнын ашатын негізгі форманы айқындайтын элементтер шоғырланады. Композициялық орталық этнобұйымның тұрмыстық мәнін, тасымалданушылық және эргономикалық сипатын ашады [8. 14 б].

Этнобұйымдағы композициялық орталықта пішіндердің орналасуының өзіндік ерекшеліктері бар. Сәндік безендіру немесе ою – өрнектермен бұйымды безендіруде негізгі ойды бренттік қасиетті білдіретін элемент нағыз композициялық орталықта

орналасады. Мысалы, ою-өрнектермен салынған қос аққу бейнесі бір-біріне қаратып қатал симметриялық құрылыммен көлемді пішіннің немесе жазықтығының ортасында берілуі мүмкін. Ал гобелен композициясында тақырыптық бейне жасаушы формалардың орналасуы басқаша формада болады, яғни эпицентрден аулақтау жерге жайғаса алады. Гобелен шығармаларында формалардың көлемі, түстерінің салмағы, композициялық орталықтан солға немесе оңға қарай көп мөлшерде жылжымастан аз ғана ауытқумен барып орналасуы да мүмкін. Кейбір жағдайда композициялық орталық картина жазықтығының жоғары не төмен орналасу дәрежесіне байланысты картина орталығы шығарма мазмұнының қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Бұл орналасу гобелен идеясын ашуда үлкен роль атқарады. Кілем, түскиіз, сырмақ, құрақ, қоржын, аяққап, жазықтығының ортасында түстерді шоғырландырып көрсетудің өзіндік мәні болады. Мысалы, құрақ көрпе композициясынан орын алатын орталықтағы түстер ерекше көз тартатын болып, беріледі. Ашық түстермен әдетте фигуралар беріліп, фонның түсі оған қарағанда солғындау, қанықтығы аздау болып келеді. Орталықта орналасқан формалардың сызықтарының өзі орналасуы жағынан ерекше мәнге, композициялық салмаққа ие болады.

Этнобұйым композициясындағы сызық пен нүктелердің орны ерекше. Этноөнім өндірісімен, тұрмысқа қажеттілікпен және қолөнер бұйымдарын жасаумен байланысты. Егер осыған өнімді инновациялық технологияларды қолданумен байланысын қосатын болсақ этнодизайнның мәні онанда ашыла түседі. Этнодизайн болашақ бұйымның қажеттігін анықтаудан, пішінін құраудан, эскизін жасаудан бастау алады. Эскиз жасауда нүкте мен сызықтардың орны бөлек. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде нүкте деген – кардиналдан басқа ешқандай өлшеулік сипаты жоқ геометриялық абстрактылық нысан деп анықтама берілген. Бізге нүктенің этнобұйым жасау мен жобалаудағы орны туралы мәлімет белгілі болғанымен оның көркем этнобейнені құрамдаушы элемент ретіндегі мәніне көңіл бөле бермейміз. Нүктенің бір бағыттағы қозғалыстағы ізі сызық пішінін құрайды. Пішін дегеніміз - бейненің сырт көрінісін елестететін мүмкіндік. Жазықтық бетіне этнодизайнерлік жоба жасау үдерісінде нүктенің орны ерекше. Бұл жерде нүктенің кеңістіктегі көлемінің өлшемдерін үлкейтіп және кішірейіп көрсету маңызды орын алады. Картина жазықтығының бетіндегі нүктенің көлемін жиырма - отыз пайызға ұлғайту немесе кішірейту арқылы нүктенің образын түрліше құбылтып бейнелеп құбылыстың образын ашуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, нүкте бейнесіне фон беру арқылы суретшінің кеңістікті бейнелеу әрекетінің нәтижесінде оның ақпараттық эстетикалық сипаты арта түседі. Бұл іс - әрекет белгілі заттың немесе қағаз бетіндегі бейненің көрінісін әрқилы түрлендіруге мүмкіндік береді. Нүктемен сурет салу дегеніміз нүкте мен фонның байланысы арқылы бейнелеу әрекеті. Нүктемен сурет салу сызықтармен сурет салу ұстанымына да ұқсастықтары бар. Нүктемен сурет салу технологиясы бойынша нүктелер бір түзудің бойына бірінен - бірі үлкейген немесе кішірейген көлемдегі өлшеммен байланысты өзгертін болып немесе бір түзудің бойымен біртіндеп кішірейетін құбылыс болып орналасуымен сипатталады. Нүктенің қасиеттері - этнодизайндағы көркемдік өлшемдердің бірі ретінде танылады.

Этнодизайн бұйымдарын жобалау мен жасау үдерісінде табиғи материалды пайдаланудың мүмкіндіктері мол. Солардың бірі – өсімдік дәндерін қолдану арқылы жазықтық бетіне салынатын сурет. Жазықтық бетінде дәнмен өрілген картина этнодизайн туындысы қатарынан танылады. Түрлі өсімдіктер дәнін белгілі бір жазықтық бетіне желіммен жапсыру арқылы салынатын сурет үшін ноқат, күріш, тарының дәні қолданылады. Мұндай сурет салуға түрлі моншақтар да қолданысқа түседі. Моншақпен салынған сурет өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Моншақтар түрлі тастардан жіпке тізіліп жасалынады. Сонымен қатар моншақ тастардан тәспілер де жасалады. Этнобұйымдар жасауда сан мыңдаған әдістер мен материалдардың мүмкіндіктері ұшан теңіз.

Этнодизайн бұйымдарын жобалау мен жасау үдерісінде бұйымдардың тасымалданушылық сипатын ашу маңызды. Өнер тарихында қазақ халқының бұйымдары түрінің тасымалдануы мәселелеріне көңіл аудару қажет. Көшпелі халықтардың өмірінде тасымалдау ұғымы маңызды болған. Көшпенділер әрқашан бір жерден екінші жерге көшіп отырған. Мал өсіруге байланысты көшпелі өмір салты әрдайым тұрмыстық заттардың пішінінің жайлылығы мен тасымалдануын талап етті. Этникалық бұйымдарды жасау кезінде шебер әрдайым тасымалдау жағдайын өлшеуді алдыңғы орында тұрады. Тасымалдау - бұл тұрмыстық заттарды тиеуге, көшіруге және жүкті түсіруге ыңғайлылық. Бұл өлшем домбыра, қобыз, аяққап, кесеқап, кебеже, ши, кереге, уық, шаңырақ, т.б. ұлттық бұйымдарды жобалау үдерісінде қолданылатын ұстаным. Зат формасын шығаруда этнодизайнерлер бұйымды көлікке тиеу, алып жүру, оны қайта түсіру әрекеттерін орындауда бұйымның ыңғайлы болуын ескерді. [8.143 б].

Тұрмыстық бұйымдарды жобалау кезінде халықтық қолданбалы өнерінің шеберлері көбінесе өнімдердің оның салмағы, тасымалдануға қолайлылығы, тұрмыста қолданысқа жайлылығын ескерген. Олар қолданбалы өнердің жаңа туындыларын жобалау кезінде тасымалдану негізгі ұстанымы - маңызды өлшем ретінде танылған. Тасымалдау ұғымы этникалық бұйымдардың көркемдік өлшемінің негізгі бірлігі ғана емес, ол білегейі. Ол көшпелі халықтар өмірінде бірінші көркемдік өлшемі болды. Қазақтың киіз үйінің, домбыраның, қобыздың, шіңкілдектің, торсықтың, қоржынның көркемдік кеңістіктік өлшемін шығаруда ең алдымен көшіп қону мен тасымалдау жағы ескерілген. Киіз үйдің тасымалдануы мен жайлылығы негізгі өлшемнің бірі болған. Киіз үй көшпенділердің өмірінің ортасы. Тұтыну бұйымдарын жобалау кезінде халық шеберлері желдің, дауылдың, жаңбырдың әсері, ауа-райының түрлі қолайсыз жағдайын ескерумен бірге, олар әрбір затты пішінінің тасымалдау үшін қолайлы болуы жағын көздеген. Көшу алдында қазақтар киіз үйді: шаңырақ, уық, кереге, есік, туырлық, тундик, бау-басқур, желбау, бақан сынды жеке-жеке бөлшектерге бөлген. Көшу кезінде киіз үйді түйеге немесе арбаға тиеген. Шеберлер киіз үй формасын шығару барысында бүкіл кереге, туырлық және түндікті көлікке тиеу, алып жүру және түсіру әрекеттерін орындаудың қолайлылығын ескерген. Түйеге жүк артқанда шаңырақ осы жүктердің үстіне жайғастырылған. Жобалау барысында этнодизайнерлер бұл өнімдердің бәрінің ыңғайлылық жағын мұқият ескерген. Халық қолөнершілер тек ауа-райының қолайсыз жағдайлары туралы ойлап қоймай, сонымен бірге көшпелілердің көшу қозғалыстары кезінде киіз үй бөліктерінің тасымалдануға шыдамды материалдан жасауға да ерекше мән берген. Көшу кезінде киіз бен алаша заттары орауыш әрекетін атқарған. Қазақтар жүннен басу мен тоқу арқылы көп нәрсе жасаған. Оларды жобалау кезінде орау үшін қолдану жағын ескерген. Солардың бірі – қоржынның пішіні. Қоржын – қанжығаға байланатын екі жақты дорба пішінін елестетеді. Қоржын формасы халықтың тұрмысы мен негізгі өмір салтынан, қажеттіліктен барып шыққан. Ол затты орауға, жорықтар мен сапарларға шыққанда ат үстіне салуға ыңғайлы болған. Аяққап, кесеқап, қолдорба, ыдыс-аяқтарға арналған қорап, көшпенділердің бұйымдарының сыну, жарылу сияқты көшу кезіндегі болатын қолайсыздықтардан қорғайтын бұйым болған. Этнодизайн саласындағы бұйымдардың көркемдік өлшемдердің бірі – киізден жасалған, тоқылған бұйымдардың пішін құрауда табиғат құбылыстарымен желмен, жаңбырмен, боранмен, көшіп қону қозғалыстарымен байланысты анықталған.

Нәтижелер мен талқылау. Тәжірибелік жұмыстар жоғары оқу орнында жүргізілді. Оған 103 студент қатысты, оның 53 эксперимент тобында болса, 50 бақылау тобында болды. Этнодизайн арқылы студенттерді көркемдік талдауға даярлау бойынша эксперт қорытындысы жеткіліксіз деңгейді көрсетті. Бұл олардың қызығушылығының жеткіліксіз деңгейімен, бұл саладағы ақпараттың жеткіліксіздігімен, этнодизайнын, ерекшеліктері, функциясы мен классификациясы туралы теориялық білімнің төмен деңгейімен,

этнобұйымдар көркемдік өлшемдеріне талдау жасаудың жеткіліксіздігімен сипатталды. Бұл осы аталған облыс бойынша қызығушылықтың жоқтығын, ақпараттың жеткіліксіздігін, ерекшеліктерін, этнодизайнды, этнобұйымның классификациясын, функциясын, көркемдік өлшемдері бойынша теориялық білім мазмұны жеткіліксіздігін көрсетті. Бұл мәліметтерді анкеталау кезінде алынған жауаптар дәлелдейді. [6]

Эксперименттік қалыптастыру кезінде этнодизайн арқылы студенттерді көркемдік талдауға даярлау бойынша эксперт көркемдік өлшем туралы теориялық білімді толықтыру мақсатында арнаулы пәндердің тақырыптары қолданылды. «Өнер тарихы» пәнінің оқу бағдарламасына 6 тақырып кіріктірілді. Солардың жәрдемімен студенттер көркемдік өлшемнің пайда болуымен, дамуымен және көркемдік ерекшеліктер тарихымен танысты. Зерттеу үдерісінде «Сәндік өнер» пәнінің мазмұнына сәйкес, студенттердің этнобұйымның көркемдік өлшемдерін анықтау дағдыларының деңгейін байқау мақсатында, «Этнобұйымның көркемдік өлшемдерін зерттеу» тақырыбы бойынша өнертанымдық жоба жасау тапсырмасы ұсынылды. Нәтижесінде 63% студенттер қосымша материалдарды толық меңгергенін көрсетті. Нәтижесінде студенттер этнобұйымдарды көркемдік өлшеудің әлеуметтік-танымдық мәнін, адамның рухани дамуына әсері, өнердегі өлшемдер түсінігінің қалыптасуын сипаттау табиғаты, көркемдік өлшемнің көпқырлылығы мен күрделілігін түсінді. Олар қазақтың көрнекті философтары мен ағартушыларының өнер өлшемдері туралы пікірлерімен танысты. Этнодизайн бұйымының өлшемдерін тану оны сақтау, онан әрі дамытудың қажеттілігін ұғынды.

Мамандықтың білім беру бағдарламасының «Сән өнер тарихы» бағдарламасы бойынша – 6 тақырып, «Дизайн» бағдарламасы бойынша 8 тақырып практикаға ендірілу нәтижесінде студенттер форма құрау, колөнер бұйымын безендіру, этнобұйым эргономикасы, этнобұйымдарды тасымалдау туралы қосымша мәліметтер алуы, олардың эмоционалдық-эстетикалық сезімдерін дамытуға ықпал етті. Бірақ бұл мазмұндағы қосымша мәліметтер этнобұйымдар мен олардың ерекшеліктері, көркемдік өлшемдерін табу туралы білімін толықтай қалыптастыруға жеткіліксіз болды. Бұл жағдай «Көркемдік өлшем» деп аталатын элективті курс бағдарламасын жасауға түрткі болды. Элективті курс бітіру алды курс студенттері үшін өткізілді. Элективті курстың сабақтарында оларға этнодизайнның мазмұны мен ерекшеліктері, функциялары мен классификациясы туралы ақпарат берілді, эстетикалық сипаттамаларына әлеуметтік, танымдық және практикалық маңыздылығын ашуға, назар аударылды. Этнобұйымның көркемдік ерекшеліктері туралы білімді оқыту үдерісінде келесі әдістер қолданылды: ауызша (әңгіме, әңгіме-дәріс, баяндама, нұсқаулық, кеңестер), иллюстрациялық (суреттер, техникалық оқу құралдарын көрсету, табиғи объектілер мен жасанды материалдар, әдістемелік кестелер және т.б.), практикалық (жаттығулар, этнобұйым бойынша жобаны құру, бұйым мен оның көркем безендіруді жобалау, шығармашылық жұмыстар және т.б.), сонымен қатар оқытудағы инновациялық технологияны қолдану: проблемалық оқыту, этнобұйым көркемдігін өлшеу және т.б. дамыта оқыту әдістері меңгерілді. «Этнобұйымдар» бағдарламасы жасалып бекітілді. Біздің жағдайымызда этнобұйымның көркемдік-өлшемдері: форма талдау, өнімдердің эргономикасын талдау, түстерді талдау, этнодизайнер шеберлігін талдау және т.б. бірліктері алынды. «Этнобұйымдар» тандау курсы мазмұнының тақырыптары этнодизайнның – түрлерін анықтауға арналды. Бұл студенттердің таным көкжиегін кеңейтуге теориялық білімдерін толықтыруға этнобұйымдардың көркемдік өлшемдерін айқындау дағдыларын арттыруға мүмкіндік берді. [9. 54 б.].

Топта сабақтар өткізу барысында жеке жұмыс әдістері, жеке топ, топтық, ұжымдық әдістер қолданылды. Осы пән бойынша сабақтарды өткізу әдістемесі кезең-кезеңмен ұйымдастырылды (1 - тапсырмаларды түсіндіру, 2 - жұмыс орнын дайындау, 3 - материалмен жұмыс, 4 - мектеп сахнасына дизайн жобасын дайындау, 5 - нәтижені көркемдік және өлшеу бағалау). Курс аясында шеберлермен кездесу ұйымдастырылды,

«Этнодизайн және этнодизайнер» және «Этнодизайнерлік жобалау», «Этнодизайн және инновация» және «Этноұйымдар эргономикасы» тақырыптары бойынша пікірталастар ұйымдастырылды. Студенттер этнодизайн жарыстарына қатысты. Қолөнер мұражайына саяхаттар ұйымдастырылды. «Оқу-әдістемелік кешенді» тиімді жүзеге асыру мақсатында студенттерге арналған «Этнобұйымдар» арнайы курсының мазмұнын құрастырдық және бекіттік. Арнайы курс 30 академиялық сағатқа есептелген, оның 10 сағаты дәрістер, 20 сағаты практикалық сабақтар. Бұл курс мұғалімдеріне сабақтарды тиімді өткізуге, студенттерге білім, дағды және сценография дағдылары саласындағы материалдарды тиімді үйренуге мүмкіндік берді. Студенттер педагогикалық практика кезінде оқушылармен жұмыс жасауға және оларға эстетикалық тәрбие беруге тек сабақ кезінде ғана емес, сонымен қатар студияда, мектептегі үйірме сабақтарында мүмкіндік алды. Қайталанған сауалнамалар негізінде эксперименттік жұмыстың соңғы кезеңінде этнодизайн көмегімен студенттердің этнобұйымның көркемдік өлшеу дағдыларын қалыптастыру деңгейі анықталады. Нәтижелер мотивациялық, ақпараттық, эмоционалды-бағалаушы, белсенділігі жоғары компоненттердің қалыптасуы бекітілген өлшемге сәйкес жүзеге асырылды. Студенттердің этнобұйымның көркемдігін өлшеу дағдыларын қалыптасуын анықтау мақсатында эксперимент қалыптастыру барысында 3 бақылау өткізілді. Тәжірибелік топтарда келесі өзгерістер байқалды: бастапқы байқаудың нәтижелері: төменгі деңгей - 36%, орташа деңгей - 56%, жоғары деңгей - 8%. Ақтық сынақтың нәтижелері мынаны көрсетті: төменгі деңгей - 0%, орташа деңгей - 36%, жоғары деңгей - 64%. Біздің зерттеуіміз, қойылған міндеттерді шешу және эксперименттік жұмыстың нәтижелері этнобұйымдардың көркемдік өлшемдерін айқындау әдістемесінің тиімділігін, өнертану саласында қолдана отырып студенттердің этнобұйымның көркемдік өлшемдерін танудың ұсынылған моделінің дұрыстығын дәлелдеді. Бұл бізге зерттеу бойынша қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Өнертану саласындағы этнобұйым туралы ой пікірлер мен тәжірибелерді сараптау нәтижелегі бізге, этнодизайн - ұлттық қолданбалы өнерге негізделген, жана технологияларды қолдану арқылы заманауи сұраныстағы бұйымдарды жасауға бағытталған жобалау нәтижелері деп анықтауға мүмкіндік берді. Этнобұйымдардың көркемдік өлшемдеріне: пішін құрылымы, түрі мен түс, материалы, безендірілуі, шебердің шеберлігі т.б. бірліктер алынды. Этнобұйымның кеңістіктік өлшемдеріне: ені, ұзындығы, тереңдігі, эргономикасы, тасымалданушылығы бірліктерімен сипатталады. Этнобұйымдардың пішіндік құрылымына байланысты көлемді және көлемсіз, жазық бетіне бейнелеу және көлемді бейнелеу болып бөлінеді. Этнодизайн арқылы студенттерді көркемдік талдауға даярлау – бұл түптеп келгенде болашақ мұғалімдерді өнер арқылы оқушыларға көркемдік білім беруге даярлау болып табылады. Біз алтынмен безендірген киім жасаған, кезінде сәулет өнерінің озық үлгісі Ясауи кесенесін Түркістанда тұрғызған, әлем таныған тайказанды Карнак мекенінде құйған, құны жүз жылқыға тұратын сәукеле жасағап, ұзатылатын қызына кигізген шебер-бабалар ұрпағы екенімізді мақтан етеміз. Осы көркемдік дәстүрді заманауи талаптарға сай жаңғырту, келешек ұрпаққа жеткізу біздің борышымыз. Қазіргі кезде ата - баба салт-дәстүрін жаңғыртып, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беруде этнодизайн мүмкіндіктері мол. Этнодизайн заманауи өнер. ХХІ ғасыр өнері. Елімізде туризм саласын дамытуға үлес қосатын өнер. Әлемдік өркениет аумағында ұлттың келбетін даралап көрсететін өнер.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан»//Егемен Қазақстан. Астана. 2019. 1-5 б.
2. Туякбаева Б. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. /-Алматы: Онер, 1988.-176 с. илл.

3. Қазақ өнерінің тарихы. 3 томдық. Алматы. «Арқас», 2006. 1 том. 394 б.
4. История казахского искусства. Древний период. 1 том. Алматы «Арда», 2011. 416. стр. илл.
5. Пронкин Н.С. Основа метрологии. Москва. Логос, 2007. с. 128;
6. Кабжанова С.Ж. Рубеж веков. Этно ренессанс в произведениях казахских художников. // Материалы международной конференции “Культура и искусство в условиях модернизации сознания. 20 окт. 2017.” Алматы. Музей искусства им. А. Кастеева. 2017. - 34- 39 с.
7. Шевцова А. А. Кочевники: мотив степи и дороги. В творчестве современных казахстанских художников // Материалы международной конференции “Культура и искусство в условиях модернизации сознания. 20 окт. 2017.” Алматы. Музей искусства им. А. Кастеева. 2017. - 34- 39 с.
8. Ералин Қ. Қазақстандық этнодизайнерлер // Жаңа қоғамдық формациядағы білім берудің көкейкесті мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. А. Ясауи атын. ХҚТУ. Түркістан. 2016. - 234-240 б.
9. Eralyn K.E. The decorative work of fine art: «Spirit time». №2. (26) 20206 Adresse des Verlags: "NG Verlag", Dunckerstraße 90 10437 Berlin (Berlin) 14-16.

Adebietter tizimi:

1. Токаев К. «Avai jane XXI gasyrdagy Kazakstan» // Egemen Kazakstan. Astana. 2019. 1-5 б.
2. Tuyakbaeva B. Epigraphic decor of the architectural complex of Akhmed Yasavi ./- Almaty: Öner, 1988.-176 p .ill.
3. Gazag onerinin tarihy. 3 tomdyk. Almaty “Arkas”, 2006. 1 vol. 394 b.
4. The history of Kazakh art. Ancient period. Almaty “Arda”, 2011.- 416 pp.
5. Pronkin N.S. The basis of metrology.-M. Logos, 2007.S. 128;
6. Kabzhanova S.Zh. The turn of the century. Ethno Renaissance in the works of Kazakh artists. // Materials of the international conference “Culture and art in the modernization of consciousness. Oct 20 2017. ” Almaty Kasteev Museum of Art. 2017 .- 34-39 p.
7. Shevtsova A. A. Nomads: the motive of the steppe and road. In the works of modern Kazakhstani artists // Materials of the international conference “Culture and Art in the Modernization of Consciousness. Oct 20 2017.” Almaty Kasteev Museum of Art. 2017.- 34-39 p.
8. Eralin Қ. Қазақстандық этнодизайнер // Жаңа қоғамдық формациядағы білім берудің көкейкесті мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. А. Ясауи атын. ХҚТУ. Түркістан. 2016. - 234-240 б.
9. Eralyn K.E. The decorative work of fine art: "Spirit time". No. 2. (26) 20206 Adresse des Verlags: "NG Verlag", Dunckerstraße 90 10437 Berlin (Berlin) 14-16.

Аннотация: В данной статье раскрывается этнодизайн как особое средство в пространственно-визуальном виде искусства и критерии художественно-пространственного измерения казахских этноизделий: ковер, текемет, гобелен, сырмак, кесте и тематическая орнаментальная композиция; рассматриваются методы разделения изделий этнодизайна на объемные и плоские предметы; определены понятия об измерении объекта красоты: форма, композиция, колористика, орнамент, техники выполнения, украшения изделий, декорация; раскрыты методы пространственного измерения этноизделий с учетом его специфики: архаичность, народность, функциональность, эргономичность, материальность, транспортабельность; особенности этнодизайна уточняются: упоминанием архитектурных элементов, соблюдением традиции народного прикладного искусства, применением новых технологий, использованием принципов проектирования дизайнерской деятельности. **Ключевые слова:** этнодизайн, художественное измерение, пространственное измерение, композиция, колористика, техника выполнения, украшение.

Abstract: This article reveals ethnic design as a special tool in the spatial and visual form of art and criteria for the artistic and spatial dimension of Kazakh ethnic products: carpet, tememet, tapestry, syrmaк, keste and thematic ornamental composition; the methods of dividing ethno-design products into bulky and common items are considered; the concepts of measuring the object of beauty are defined:

form, composition, color, ornament, execution techniques, product decoration, decoration; the methods of spatial measurement of ethnic items taking into account its specifics are described: archaism, nationality, functionality, materiality, transportability; Ethnodesign features are specified: by mentioning architectonic elements, observing the tradition of folk applied art, using new technologies, using the principles of designing design activities. **Key words:** ethnodesign, art dimension, spatial dimension, composition, color, technique, decoratio

ӘОЖ. 745

Төребаев Б.П.

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ТҮРЛІ ТҮСТЕР ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МӘДЕНИЕТІНДЕ: ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КИІМДЕР ДИЗАЙНЫНДАҒЫ ТҮСТЕР

Түйін: Мақала қазақ халқының дәстүрлі және заманауи киімдері дизайнындағы түрлі түстерге арналған. Өткен уақыттарда әр түрлі жастағы қазақ әйелдерінің қандай түстегі киімдер киіп жүру дәстүрі және қандай түстердің қандай адамдарға жарасатыны, ежелгі түркітілдес көшпенділер қандай түсті ерекше бағалағаны туралы жазылған. Сонымен қатар мақалада заманауи әйелдер сәніндегі түстердің сан алуандығы: жұмсақ раушан түс пен бозарған сарыдан бастап, қызыл, қара, көк, лаванда түстердің жарқын өндерін және қымбатбағалы және жартылай қымбатбағалы тастар мен металдар реңдері, заманауи гардероб қорының негізгісі – ақ түстің және заманауи қазақ дизайнерлерінің жаңа топтамаларында көпқырлы болып табылатын қара түстің тартымдылығы мен оларды өз шығармасында сәтті пайдалануы, табиғатта көріксіз түстің болмайтыны, әр халықтың, әр адамның әрбір түске өз таңдауы бар екені, оларды өзара үйлестіре білу керек екені, түс таңдауының сән тенденциясы ықпалымен уақытша өзгеріске түсіп тұратыны туралы баяндалған.

Кілттік сөздер: классикалық стиль, Prince & princess of the Universe, дискриминациялаушы түстік бөлу, түс гаммалары, Kazakhstan Fashion Week, Ұлы дала қыздары, экстраверттер түсі, «ақ қарға» бильбордтар, Прет-а-порте циклдік құбылыс.

Дәстүрге сай балалар киіміне классикалық: көгілдір және раушан түстер таңдалынады, әдетте ұл бала үшін – көгілдір, қыз бала үшін – раушан түс. Осы тұста мынадай бір қызықты жай еріксіз еске түсіріп езу тарттырады: әлдебір Италия азаматының әйелі Алматы қаласындағы перзентханада ұл баланы өмірге әкеледі. Тап осы сәтте көгілдір түсті балаларға арналған шағын көрпелер таусылып қалса бола ма, сонымен медбикелер жаңа туған нәрестені раушан түсті көрпешеммен орауға мәжбүр болады. Бұл – қазақстандықтар тұрмысындағы әдеттегі шаруа, бірақ еуропалықтар үшін емес. Бақытты әкенің өз фейсбүгіне ендірген нәрестесі суретіне қарап, осы «дұрыс емес түсті» көріп таңғалған Италиядағы достары Қазақстан өзінің дамуы жолында сеніммен алға қадам басқан жас мемлекет, себебі «бұл елде адам жынысын дискриминациялаушы түстік бөлу дегеніңіз – атымен жоқ» деген түсінікпен, біздер үшін осындай тосын жағымды шешімге келді.

Интервью алу үшін келісілген уақытта «Гәухар» тігін фабрикасына келген журналистка Ирина Притула, сауда залындағы қатарласа ілінген тереңделген көк түсті жаңа мектеп формасы үлгілеріне: юбкалар, пиджактар және шалбарларға сүйсіне қарағанын жасыра алмады. ҚР білім және ғылым министрінің 2016 жылдың қаңтар айында бекіткен бұйрығындағы мектеп формасы үлгісінде 1 қыркүйек күні балалардың мектепке қалай киініп баруына қойылған талаптар нақты жазылған. Бұл оның мектеп формасына міндеттелген екінші пунктінде былай деп көрсетілген: мектеп формасы зиялы тәлім-тәрбиеге сай, пішіні ғана емес, сонымен қатар оның түсі де классикалық стильде болуы шарт: ұстамды, түс гаммасы – біркелкі. Ондағы көңіл шалғытпайтындай тыныш

түрде қатарласқан өндер саны үшеуден артық болмауы тиіс.

Сондай ақ ұлттық киім түсі оны киетін адамның жасына да байланысты. XVII ғасырдың 60-70 ші жылдарында Орталық Азия халықтары костюмінде үнді сәнінің тереңдеп енгені байқалды. Үнді өрнекті маталарында ашық түстегі лотостар, гвоздика, бәйшешек және анар гүлдері суреттерін көруге болатын. Әрине, әрқашанда ең әдемі және көптүсті киімдерді жастар киіп жүрді. Мысалы, қазақ әйелдерінің жас буыны орта жастағылар мен егде тартқандарға қарағанда, әлдеқайда ашық түсті қамзолдар киіп жүру дәстүрлі еді. Қазіргі таңда сәнді киінетін аруларымыздың бәрі де күнгірттенген тұйық түсті киім киіп жүруді хош көреді деп айтуға болмайды[1]. Ұлы дала қыз-келіншектері арасында кең таралған, өмірге жақсы ниетпен, сеніммен және қуанышпен қарау символы болып табылатын қаныққан ашық түсті көйлектерәлі де уақыттан қалған жоқ. АҚШтан Алматыға ұшып келген фотограф-саяхатшы Эль Мулярчиктің, – «Әуежайдан қалаға бет алғанымызда көше қапталында көптеген сұлу кісілерді көрдік, бізді таңдандырғаны – ол емес, олардың ашық түсте киінгендері» деген сөзін есімізден шығарғымыз келмейді.

Костюм түстің өзіне тән ерекшеліктерін қайталап көрсетеді, көпшіліктің пікірінше: адамдардың көбіне жасыл түс жараса бермейді – бұндай ұғымға негіз жоқ, әрбір адамның өзіне тиісті реңін өзі таңдай білуі керек. Жасылдың барлық көрінісі: салат және шиша түстен бастап, қылқан жапырақтың күнгірт түсіне дейін жирен шашты аруларға жарасымды болатынына күман келтірмесе болады. Ақсары әйелдер үшін өз көркіне сай келетін жасылдың өте нәзік өндерін таңдаған жөн. Ал кобальт түсті көк көйлекті бәріне жарасады десек теболады. Салқын көк түс адамдардың жарқын шашы және көк көздерімен жақсы үйлесімге түседі. Біздің арамызда да осындай кісілер аз емес, қазақтарда да баршылық. Қанша дегенмен Қазақстан тұрғындарының көпшілігі бидай өнді, қара торы, қара шашты және қара немесе қойкөзді. Олар келбетіне жылылау реңдегі түстер жақсы жарасым табатын секілді, мәселен, күнгірт-жасыл. Бұған дәлел де бар: өткен кеңес уақытында өз денесінің табиғи түсімен жақсы үйлесетінін ішкі жан-дүниесімен сезінген қазақтар, (ер кісілер) дәл осы түсті фетрлі шляпа киіп жүруді жөн санаған.

Біздің кезіміздегі әйелдер сәнінде өте көп түстер сан алуандығын – жұмсақ раушан түс пен бозарған сарыдан бастап, қызыл, қара, көк, лаванда түстердің жарқын өндерін, сонымен қатар қымбатбағалы және жартылай қымбатбағалы тастар мен металдар реңдерін көруге болады.

Қазақстандық киім дизайнері Әсел Әбдрахманова қыздарға өз гардеробының көркін нәзік-раушан, алқызыл, қанық зүмрет түстермен көтеруге кеңес береді, – «Міне осы түс гаммалары қыздар көңілінен шығып қана қоймай, жігіттер көңілін де аулап, мойнын бұруға мәжүр етеді» дейді жас сәнгер.

Жасыл асыл тастар түсіндегі көйлектер күнделікті көріп жүргендеріміздей емес, мүлдем өзгеше, оларшын мәніндекөпшіліктің назарын өзіне аударып, баурап алады. Мысал үшін, 2015 жылы Ақордаға 8 наурыз мерекесі құрметіне арналған президент қабылдауына бокстан әлем жеңімпазы (бүгінде екі мәрте) Назым Қызайбай шақырылды. Зүмрет түсті кешкі көйлек киіп келген, ол журналистер қауымына естен кетпестей әсер қалдырды.

Әл Ыдырыси бұрынғы уақыттарда «қызыл түсті жібек матадан тігілген киімдер тек қана атақты адамдарға тиісті» болғанын атап өткен. Оңтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайында қазақ ұлттық бас киімдерінің бірі – қыз бала бөрігін көріп, тамашалауға болады. Бұл бөріктің материалына, сәндік әшекейіне ғана емес, сонымен қатар оның түсіне де қарап бас киім иесінің сол замандағы дәулетті жанұядан шыққанын байқауға болады. Бөрік төбесі қызыл түсті қыжым (басқаша аты масаты) матадан тігілген. Еске салған жөн, қызыл түсті маталар Орталық Азия халықтарындағы дәстүр бойынша қыз-келіншектер ғана емес, сонымен қатар ұл балалар киіміне де пайдаланылған.

Ежелгі түркітілдес көшпенділер қызыл түсті ерекше бағалаған. Қыр қызғалдағының қырмызы түсі – Ұлы дала қыздары көйлектері үшін ең ұнамды өң ретінде ел есінде сақталған. Бұл – қазақ халық мәтелінде «Қыздың көзі қызылда» деген сөзбен қамтып көрсетілген. Қазақ қыздарының бұл таңдаулы таңсық түсі өткен күндер тасасында қалып қойған жоқ. Бұның дәлелі: тоғыз жасар алматылық қыз Э. Каражанова Мәскеуде өткен Prince & princess of the Universe 2016 халықаралық беделді фестивальде жеңіс тұғырына көтерілді. Әсіресе оның сахна төрінде ашық қызыл түстегі қазақ ұлттық киімімен көрінуі сәнқұмар қауым көңілінен шығып, тиісті жоғары бағасын алды.

Бүгінде қызыл – экстраверттер түсі деп аталынады. Себебі ол өте ықпалды, батыл және көзге тез түседі. Өзінің шығармашылық қызметіне 40 жыл толуын атап өткен, өзінің концерттік қойылымына қазақ эстрадасының примадоннасы Роза Рымбаева көрермендер алдына алқызыл көйлекпен шыққаны ел есінде, – ол бекерден-бекер емес. Бильбордтарда атақты әншіге бұл көйлекті Дарига Назарбаева тарту еткен. Оның сән әлемінің орталығы – Парижде тігілгенін де еске салу артықтық етпейді.

Шымкенттік он тоғыз жасар сәнгер Ару Надырла туған халқының үйлену тойы дәстүріне айрықша көңіл аударды, әрбір қыз өзінің болашақ келіншек екенін, соған арналатын салтанатты күнді күн санап күтіп жүргенін ешкімнен жасырмаса керек. Ол алғашқы топтамасын тұрмыс құру ниетіндегі жастарға арнады. Таңдай қағып, тамсандыратын алқызыл барқыттан тігілген сәнді де, стильді етіп жасаған Арудың ұлттық көйлегі модель тұлғасын ерекше тартымдылыққа түсірумен ғана шектелмей, оны ғажайып ертегілердегі айдай сұлу-кейіпкерді еске түсіреді.

Шымбұлақта өткен «Бұл махаббат» фотосессиясының шығармашылық жобасында Қазақстан примадоннасы Роза Рымбаеваның ұлы Әли Окапов және радиожүргізуші Назым Ғаділбек жас жұбайлар рөлін ойнады. Әлидің «келіншегіне» керемет үлгідегі раушан түсті неке көйлегін кигізді. Жалпы айтқанда, түсірілім романтикалық, нәзік, тамаша бір көркем көрінісімен есте қаларлықтай болды.

Ақ түс заманауи гардероб қорының негізгісі болып табылады. Тіпті сән әлемі оның орнына басқа түстерді қабылдаған күннің өзінде де, ақ түс өзінің тартымдылығын жоғалтпайды, ол қара және күңгірт-көк түстер сияқты басты түс болып қала береді. Әлемдік сән астанасы Парижде өткен Прет-а-порте апталығында жас қазақстандық дизайнер Аяжан Жаксыбай өзінің «көктем-жаз-2014» апталығында «Ақ түстің әсемдігі» атты өзінің топтамасындағы әртүрлі ақша қардай әппақ қаныққан ақтан бастап, ақтың қою қаймақ түсі реңдерімен орындалған қыз-келіншектер киімдері көрермендер жүрегін жаулап алды. Киімдегі өрнектер «ақ беткейіндегі ақ» айрықша эстетикалық толықтырылуы және образдық тереңдігімен ершеленеді. Ресей әртісі Равшана Куркова Сочиде өткен «Кинотавр» фестивалының жабылу салтанатына қызыл кілем үстінде жүріп өту үшін, Aika Alemi атты қазақстандық брендтен ұлттық нақышпен өрнектелген әппақ көйлекті таңдап алды (сурет 1). Ауқымды өрнек өз түсіне сай түс фондында өте ұстамды көрініс тапты. Және әйел затына тән нәзік стильдегі бұл көйлек әйгілі әртіске керемет жарасып тұрды.



Сурет 1. Ұлттық нақыштағы бұл ақ көйлек әйгілі әртиске керемет жарасып тұрды.

Халықтар тұрмысындағы дәстүрге үйлену тойының ақ түсті арнайы көйлегін ағылшын ханшайымы Виктория ендірі. Ол өзінің үйлену тойы көйлегі үшін тазалық пен пәктік символы – ақ түсті пайдаланды. Алайда астрологтар бұндай салтанатқа көйлектің ақ түсінен бас тартып, қызылдың пайдасына шешуді ұсынады. Бұны бекерге шығаруға болмайды: әлемнің көптеген елдерінде үйлену тойлары салтанатына қызыл түстер пайдаланылу салты қалыптасқан, себебі оларда бұл түс болашақ жанұя тұрмысы ізгілігін алдын-ала көрсетеді деген сенім бар. Үндістан халқының дәстүрі бойынша келіншектер алқызыл түсті сари киіп немесе қызыл шарф (чунари) жамылып жүреді. Өз үйлену тойларына қызыл көйлекті үнділік және қытайлық қыздар ғана кимеген, ілгеріде қазақ қыздары тұрмысқа шығатын болса, күтілген тойға, әлбетте, пішіні қазіргі заман халатына ұқсап кететін көйлекке қыр қызғалдағы түсін жиі қолданған. Қызыл түс келіншек көйлегі үшін шынында да – керемет. Олардың теңдесі жоқ, бұндай тамаша түстегі көйлек киіп жүруі – тойдан кейін де ұзақ уақытқа жалғасатыны халық дәстүріне қарсы болмаған.

Жас дизайнер Нұрқыз Тасыбаеваның әйелдер киімі жаңа топтамасын жасаудағы бояулар араласуы үдерісінен толықтай бас тартуына суретші-сәнгерлердің жаңа ғасырдағы топтамаларында көпқырлы болып табылатын қара түсті пайдалану – ұтымды шешім деген тұжырымы себеп болды (сурет 2). Дизайнер Айнур Тұрысбек қазақстандық қыздарға өзінің Францияда толағай табысқа жеткізген өзінің әйелдер киімі топтамасын көрсетті. Солардың арасынан қара түсті табиғи теріден тігілген жартылай мөлдір жұқа көйлектерді айрықша атап өткен жөн.



Сурет 2. Киімде көпқырлы болып табылатын қара түсті пайдалану – ұтымды шешім.

Kazakhstan Fashion Week көктем-жаз – 2017 сән апталығына Жарқын Баймаханов «Күңгірт қиял» топтамасын осындай көңіл-күйге салынып трикотаж кездемесі мен басқа да әртүрлі маталардан тігіп сәтті орындады. Бұл топтамадағы түс гаммасында алтын-күміс ұнтақтары себілгендей көріністегі қараның теңбілденген барлық реңдері орын алды. Қазақстанның сән апталығында әйгілі кутюре Найль Байкүшіков тағыда қатты таңғалды. Әйел затының назды қимыл әсемдігі мен сұлулығына шабыттанған ол, қара түске деген өзінің шынайы таңдауын білдірді. Найльдің ерекше түрде пішілген қара көйлегі көптеген қыз-келіншектерге ұнады. Шынында да бұндай көйлек қандай әйелді болса да сұңғақ бойлы, сымбатты аруға айналдыра алатынына күман келтіруге болмайтын еді[2].

Заманауи келіншектердің өмір көшін бастаушылары неке сарайына дәстүрге сай ақ емес, керісінше, көмірдей шымқай қара түсті көйлекте келуге қымсынбайды, олар үшін «ақ қарға» болудан сақтану қажет емес. «Астрология келіншектер көйлегі үшін қызыл түс сияқты, қараны да құп көреді», – дейді қазақстандық экстрасенс Ольга Калимуллаева.

Ашық түсті бояулар батыл алға шығатын және таңдай қағып тамсандыратын үйлесімдер ғана болып танылмайды, сонымен қатар олар айқын контрастты, заманауи деп саналмайтын сән тенденциясының өзіне тән өзгешеліктерін мүлдем білдірмейді. Бүкіл ғасыр бойында Ұлы даланың халық шеберлері қазақ костюмдерін безендіру үдерісінде өмір шаттығы мерекесі мен сұлулық салтанаты көрінісін нақтылай жүзеге асырды. Ал оларды шабыттандырған – табиғат-ананың құлпырған ашық-жарқын арайлы түстері. Бүгінде отандық киім дизайнерлері Қазақстан табиғатына тән түстік араласудың барлық палитрасын ашық түсті принттер көмегі арқылы көрсетуде. Атап айтқанда, зүмрет түсті жайлау шалғыны мен алқызыл қызғалдақтардың алаулаған жалыны әйгілі қазақстандық сәнгер Кәмила Құрбанидің киімдері топтамасында тамаша көрініс тапқан. Бұл үйлесімдерде әртүрлі көлемдегі түстердің пропорциясы қатаң сақталған. Әрбір түстің орналасқан тұсын дұрыс анықтау – костюм бөлігінің психологиялық жұмыс ауқымына

байланысты. Түстегі қисын және түсті өз орындарына жайластыру – шиеленіс пен акцентті талап ететін, қарапайым түрдегі ырғақты қайталану ансамблімен-мағынасын біріктіреді.

Жалпы айтқанда, түстердің жаманы жоқ – бәрі де жақсы. Дегенмен әр халықтың, әр адамның түске деген өз таңдауы бар. Оларды басқа түстермен сауатты түрде үйлестіре білу керек. Бірақта түс таңдауы сән тенденциясы ықпалымен уақытша өзгеріске түсіп тұрады. Бұл заңдылықты естен шығармау керек. Сән – циклдік (қандай да бір уақыт аралығында орындалатын істер жиынтығы) құбылыс. Бүгінде түстердің маусымға байланысты бір бағытқа топталатыны көпшілікке мәлім. Түстік түрлер «қыс – жаз – күз – көктем» принципі бойынша бөлінеді. Сән революционері Поль Пуаре өз көрсетілімін әрбір келе жатқан маусымға дәл осылайша дайындады [3]. Өз жаңалықтарымен әрбір маусымға өзгеріс енгізу арқылы уақытқа сай ұштастыратын сән индустриясындағы, бұл дәстүр осы күнге дейін жалғасын табуда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Борижан Торебаев. Орнамент и цвет в дизайне текстиля, Монография. LAP LAMBERT Academic Publishing. 2017 /Германия / . 127 с.
2. Торебаев Б.П. Цвет в дизайне текстиля, Учебное пособие. Изд.: Эверо. Алматы 2017. 187 с.
3. Полина Белова. Цвет настроения – черный. «ЭК» газеті № 94, 2018 жылдың 25 қазаны. 6 с.
4. Найденова Н., Трубецкова И. «Мода, цвет, стиль», Москва: «Эксмо» 2012. 83 с.

Аннотация: Статья посвящена цвету в дизайне традиционной и современной одежды казахского народа. В статье изложены традиционно- используемые цвета одежды казахских женщин и детей разного возраста. Выбор цвета в зависимости от возраста и предпочтения в колористике древних тюркоязычных кочевников, в том числе и казахов. В современной женской моде можно встретить огромное разнообразие цветов: от мягких розовых и бледно-желтых до ярких красных, чёрных, синих, лавандовых тонов, а также оттенки драгоценных, полудрагоценных камней и металлов. Идеальность решения для современной женщины базового цвета в современном гардеробе- белый, создающий особый комфорт. Всё больше современных дизайнеров одежды отдают предпочтение чёрному цвету, так как считают, беспроигрышным вариантом, использование этого цвета в костюме. Нет в природе плохих цветов. У каждого народа, у каждого человека есть свои предпочтительные цвета и их надо уметь сочетать с другими цветами.

Abstract: The article is devoted to color in the design of traditional and modern clothes of the Kazakh people. The article sets out the traditionally used colors of clothing of Kazakh women and children of different ages. Color choice depending on age and color preferences of ancient Turkic-speaking nomads, including Kazakhs. In modern women's fashion, you can find a huge variety of colors: from soft pink and pale yellow to bright red, black, blue, lavender tones, as well as shades of precious, semiprecious stones and metals. The ideal solution for a modern woman of basic color in a modern wardrobe is white, creating special comfort. More and more modern clothing designers prefer black, as they consider it a best way to use this color in a suit. It is not in the wild of bad colors. At every people, everybody have the preferable colors and them it is necessary to be able to combine with other colors.

**МАЗМУНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT**

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК
DIRECTION OF THE HUMANITARIAN SCIENCES**

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ - ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА - HISTORY OF KAZAKHSTAN

- 1 **Батырбекқызы Г., Ергебекова А.О.** 5
доктор PhD, аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, аға оқытушысы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕСІ

ЭТНОЛОГИЯ – ЭТНОЛОГИЯ – ETHNOLOGY

- 1 **Юсупов Ш., Алибаев Н., Абубакиров Х.** 10
а.ш.ғ.к., доцент, ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
а.ш.ғ.д., профессор, ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
а.ш.ғ.к., доцент, ТарГУ, Тараз, Қазақстан
ҚЫМЫЗ СУСЫНЫ - ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР ТӘРБИЕСІ
- 2 **Бимурзина А.,¹ Шатырбекова А.А.,² Сейсенова Н.Е.²** 14
¹старший преподаватель ЮКГУ им. М.Ауезова. Шымкент, Казахстан
²учитель казахского языка и литературы
школа – гимназия № 1 им. А.С.Пушкина. Шымкент, Казахстан
²учитель казахского языка и литературы
школа – гимназия № 1 им. А.С.Пушкина. Шымкент, Казахстан
**ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ЗАПИСКИ О КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ ВО
ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛА XX ВВ.**

ТҮРКІТАНУ – ТҮРКОЛОГИЯ - TURKOLOGY

- 1 **Буранов А.К.** 18
преподаватель кафедры «Общественно-гуманитарные науки»
Ташкентского ГУ узбекского языка и литературы им. А.Навои. Ташкент,
Узбекистан
**ЭТИМОЛОГИЯ И СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ОТДЕЛЬНЫХ
ТЕОНИМОВ И ДЕМОНИМОВ СОХРАНЕННАЯ В АЛТАЙСКОМ
ЯЗЫКЕ**

КІТАПХАНА ІСІ – БИБЛИОТЧЕНОЕ ДЕЛО – LIBRARIAN SHIP

- 1 **Исенгалиева А.Г.** 22
филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**КІТАПХАНА ІСІНДЕГІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫҢ АТҚАРАТЫН
ҚЫЗМЕТІ**

мамандығының магистранты, М. Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент, Қазақстан
**КІТАП ЖӘНЕ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ
НАСИХАТТАУДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ РӨЛІ**

САЯСАТТАНУ – ПОЛИТОЛОГИЯ - POLITICAL SCIENCE

- 1 **Мажинбеков С.А.** 28
философ.ғ.к., доцент, «Әлеуметтік және тәрбие ісі» жөніндегі проректоры
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЗАҢТАНУ- ЮРИСПРУДЕНЦИЯ - JURISPRUDENCE

- 1 **Бейсебаева С.Б¹, Абдухаликова Н.А.²** 32
¹заң ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ, beisebaevas@mail.ru
²магистрант SILKWAY халықаралық университеті, abdukhalikova.n@bk.ru
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ ПРОКУРАТУРАНЫҢ
ПРОКУРОРЛЫҚҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІ**
- 2 **Бейсебаева С.Б¹, Абдухаликова Н.А.² Жуманова К.Т.³** 40
¹заң ғ.к., доценті М.Әуезов атындағы ОҚМУ, beisebaevas@mail.ru
²магистрант SILKWAY халықаралық университеті, abdukhalikova.n@bk.ru
³құқық магистрі, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ПРОКУРОРЛЫҚ
ҚАДАҒАЛАУ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**
- 3 **Кукеев А.К.** 46
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ
ИНСТИТУТЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
СИПАТТАМАСЫ**

ЭКОНОМИКА – ЭКОНОМИКА – ECONOMY

- 1 **Abdikerimova G.I., Kulanova D.A., Kudyrova Zh.Sh.** 54
candidate economic of sciences, associate Professor, M.AuezovSKSU,
Shymkent, Kazakhstan
candidate economic of sciences, associate Professor, M.AuezovSKSU, Shymkent,
Kazakhstan
candidate economic of sciences, associate Professor, M.AuezovSKSU, Shymkent,
Kazakhstan
**MODERN PROCESSES OF MODERNIZATION OF THE ECONOMY
OF FOREIGN COUNTRIES**
- 2 **Zhussipova E.E., Kaliyar A.T.** 63
PhD in Economics of the M.Auezov SKSU, Shymkent, Kazakhstan
Undergraduate in Economics of the M.AuezovSKSU, Shymkent, Kazakhstan
UPDATE OF THE STRATEGIC BUDGETING PROCESS,

UNIVERSITY MANAGEMENT ACCOUNTING SYSTEM

- 3 **Есімов Е.Қ., Карабалаева А.Д., Ермаханов Н.Қ.** 69
т.ғ.к., аға оқытушы, М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
а.ш.ғ.к., аға оқытушы, М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ОҢТҮСТІК АЙМАҚТА МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫН
ОРНАЛАСТЫРУ МЕН ДАМУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ**

- 4 **Есімов Е.Қ., Султанбекова П.С., Дуанбекова А.Е.** 75
т.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚТАҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ШАРУАШЫЛЫҚ САНАТТАРЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН
РЕФОРМАЛАРДЫҢ ӘСЕРІ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫ
ЖАҚСARTU**

ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАТАНУ – КРАЕВЕДЕНИЕ И ИЗУЧЕНИЕ ЛИЧНОСТИ – LOCAL HISTORY AND COGNITION OF PERSONALITY

- 1 **Жораева Г., Ахай Г.Н.** 80
т.ғ.к., доцент Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
СӘДУАҚАС БОҚАЕВ – ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ МАТЕМАТИК-ҒАЛЫМЫ
- 2 **Кукеева М.К.** 84
педагогика ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**КӨРНЕКТІ ШЫҒЫСТАНУШЫ,
ӨЛКЕТАНУШЫ, БИБЛИОГРАФ, ҒАЛЫМ
Е.К. БЕТГЕРДІҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**
- 2 **Белгібай Ж.Қ.** 89
т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ – ҚАБЫЛБЕК САРЫМОЛДАЕВ
- 4 **Рустемова Қ.Ж., Глесбаева Ж.А.** 92
ф.-м.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ГЕОМЕТРИЯСЫНЫҢ
ТАРИХИ РӨЛІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**
- 5 **Сембиева Ш.Б.** 96
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**АЛАШ ЗИЯЛЫСЫ, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРОКУРОРЫ –
СҮЛЕЙМЕН ЕСҚАРАЕВ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК
DIRECTION OF PEDAGOGICAL SCIENCES**

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
ПЕДАГОГИКА И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ –
PEDAGOGY AND TEACHING METHODS**

- 1 **¹Тұрғынбаева Б.А., ²Төлешова А.Ә., ²Мамадалиев С.Т.** 100
¹педагогика ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚҰПУ, Алматы, Қазақстан
²магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
²магистр оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**САНАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ТҮРҒЫСЫНАН БОЛАШАҚ
МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ**
- 2 **Дүйсенов Н.Ж¹., Амиров М.М²., Байжанова М.Т.²** 106
¹техника ғ.к., аға оқытушы Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан
²аға оқытушы, М. Ауэзов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
²магистр, оқытушы, М.Ауэзов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ДАМУДА
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫС
МҰМКІНДІГІН АРТТЫРУ**
- 3 **Джусупбекова Г.Т., Алымова Б.Н., Қуанбай Н.Р.** 114
педагогика ғ.к., аға оқытушы, М.Ауэзов атындағы
ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, оқытушы, М.Ауэзов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, оқытушы, М.Ауэзов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН
ОҚЫТУ САЛАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**
- 4 **Қияқбаева Ұ.Қ¹, Төлешова А.Ә², Төлешов Б.А³** 119
¹педагогика ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚҰПУ Алматы, Қазақстан
²магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
³«Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты,
Шымкент университеті Шымкент, Қазақстан
**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ
СТУДЕНТ ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**
- 5 **Қуатбекова Р.Ә., Мамадалиев С.Т.** 125
медицина.ғ.д., профессор, Академик Ә.Қуатбеков атындағы ХДУ ректоры
педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент, Қазақстан
**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУ**
- 6 **Жакыпбекова Г.Т.** 130
педагогика ғ. к., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**«ЛАТЫН ТІЛІН ҮЙРЕНЕЙІК»
МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰРУ**

- 7 **Мамадалиев С.Т., Төлешова А.А., Маханбетова Н.Ә.** 138
педагогика ғ.магистрі, оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент, Қазақстан
педагогика ғ.магистрі, оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент, Қазақстан
өнертану ғ.магистрі, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ОҚЫТУ
ҮДЕРІСІНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ**

- 8 **Каппарова А.С.** 143
А.Назарбеков атындағы №87 жалпы орта білім беретін мектептің
директоры, Шымкент, Қазақстан
ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСҚАРУДЫҢ МӘНІ

**ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУ –
ПСИХОЛОГИЯ И ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ –
PSYCHOLOGY AND INCLUSIVE EDUCATION**

- 1 **Кабылбекова З.Б.¹, Нуралиева А.Ж.¹, Садуова Г.С.²** 150
¹ д.педагог.н., профессор, ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан
¹ к.п.н., доцент, ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан
² магистр, Международный университет SILKWAY, Шымкент, Қазақстан
**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ
ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЙ
РАБОТЫ С ПОДРОСТКОВЫМИ ДЕВИАЦИЯМИ**

- 2 **Лекерова Г.Ж., Балабеков А.Т., Каракпаева С.К.** 155
д.психолог.н., профессор, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Қазақстан;
к.п.н., доцент, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Қазақстан;
преподаватель, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Қазақстан
**ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ВОЗЗРЕНИЯ АЛЬ-ФАРАБИИ
ИХ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ,
ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ В КАЗАХСТАНЕ**

- 3 **¹Қуатбекова Р.Ә., ²Мамадалиев С.Т.** 163
медицина ғ.д., профессор, Академик Ә.Қуатбеков атындағы ХДУ ректоры.
Шымкент.Қазақстан
магистр, оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ. Шымкент. Қазақстан
**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА:
ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ – ҚҰЛЫҚТЫ ОҚУШЫЛАРДЫ
ТӘРБИЕЛЕУДЕҰЖЫМДЫҚ ТӘРБИЕ ТӘСІЛДЕРІН
ПАЙДАЛАНУ**

- 4 **Камардинова У.О.¹, Садыкова А.А.², Турекулова Н.А.²** 168
¹ педагогика ғ.к., доцент ҚИПХДУ, Шымкент, Қазақстан
² аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
² оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ
ТҰЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТТІК ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

- 5 **Исабаева А.С., Садыкова А.А.** 172
педагогика ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
«РУХАНИ ЖАНҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ МЕДИАЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК
DIRECTION OF PHILOLOGICAL SCIENCES**

**тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings
ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ - ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРА –
LINGUISTICS AND LITERATURE**

- 1 **Турабаева Л.К.** 179
филолог.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ТЕҢЕУ ӘДІСТЕРІ

- 2 **Өмірзақов С.Д.** 183
филолог.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
НҰРАЛЫ НЫСАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

- 3 **¹Адилова А.Н., ²Сайфутдинова А.С., ²Бактыбаева Т.П.** 190
¹к. филолог. н., МКТУ им. Х.А. Ясауи, Туркестан
²магистр педагогических наук, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Казахстан
²магистр педагогических наук, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Казахстан
ПРИМЕНЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ИНТЕРНЕТ – РЕСУРСОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТ
ТВОРЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ
CREATIVE DIRECTION**

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН (КӘСІПТІК БІЛІМ) –
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН (ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ
ОБУЧЕНИЕ) - VISUAL ARTS AND DESIGN (VOCATIONAL TRAINING)**

- 1 **Бейсенбаев С.К., Абуова М.А., Досқараева Ж.Е.,** 197
педагогика ғ.д. ҚІПА академигі, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
«Мәдениет және спорт» факультетінің
6М042100 –«Дизайн» мамандығының 2 курс магистранты,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ ӨНЕРІНЕ ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

- | | | |
|---|--|-----|
| 2 | Ералин Қ.Е., Ералина А.К. педагогика ғ.д., профессор, А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан. Қазақстан педагогика ғ.к, доцент ОҚМПУ, Шымкент. Қазақстан | 202 |
| 3 | Төребаев Б.П. аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан | 211 |
- ЭТНОБҰЙЫМНЫҢ КӨРКЕМДІК–КЕҢІСТІКТІК
ӨЛШЕМДЕРІ**
- ТҮРЛІ ТҮСТЕР ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МӘДЕНИЕТІНДЕ: ДӘСТҮРЛІ
ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КИІМДЕР ДИЗАЙНЫНДАҒЫ ТҮСТЕР**

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ĞYLYM MINISTRLLIGI
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
M.ÁUEZOV atyndaǵy ÖNTÚSTIK QAZAQSTAN MEMLEKETTIK ÝNIVERSITETI
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени М.АУЭЗОВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
M.AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN STATE UNIVERSITY

«QAZAQTANÝ» respýblikalyq gylymi jýrnaly
2 (6) nómeri 2020 jyl, maýsym
«QAZAQTANÝ» respýblikanский научный журнал
2 (6) номер 2020 год, июнь
«QAZAQTANÝ» republican scientific journal
2 (6) number 2020 year, june

Журналдың жариялануы бойынша жауаптылар:

Бас редактор: Қожамжарова Д.П. - т.ғ.д., профессор, ҚРҰҒА академигі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры;

Жауапты редактор: Жанысбекова Г.А. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің басшысы, «Болашақ» стипендиясының иегері

Техникалық редактор: Торғаутова Ш.А. - «Әлем тарихы» мамандығының магистрі. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің бас менеджері

Аудармашы, ағылшын тіліндегі материалдарының редакторы: Айнабеков Н.Б. - «Аударма ісі» мамандығы; гуманитарлық ғылымдар магистрі. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Академиялық ғылым департаментінің», «Ғылыми талдамалы ақпарат» орталығының басшысы

Журналдың техникалық корректоры: Бегайдаров М.У. – «Ақпараттық жүйелер және бағдардамалық камтамасыз ету» мамандығының магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің әкімшісі

Ответственные по выпуску журнала:

Главный редактор: Кожамжарова Д.П. - д.и.н., профессор, академик НАН РК ректор ЮКГУ имени М.Ауэзова;

Ответственный редактор журнала: Жанысбекова Г.А. - к.и.н., начальник проектного офиса «Рухани жаңғыру», доцент кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКГУ им.М.Ауэзова;

Технический редактор журнала: Торғаутова Ш.А. - магистр по специальности «Всеобщая история», главный менеджер проектного офиса «Рухани жаңғыру», ЮКГУ им.М.Ауэзова;

Переводчик, редактор материалов английского языка: Айнабеков Н.Б. - магистр гуманитарных наук по специальности «Переводческое дело», начальник центра «Научно-аналитической информации» Научно-академического департамента ЮКГУ им. М.Ауэзова,

Технический корректор журнала: Бегайдаров М.У. - магистр по специальности «Вычислительная техника и программное обеспечение», администратор проектного офиса «Рухани жаңғыру», ЮКГУ им. М.Ауэзова.

Редакцияның мекен жайы: Шымкент қ., Тәуке-хан даңғылы, 5, 261 кабинет. тел: 21-16-37
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың баспаханасы, Т.Рысқұлбеков көшесі, 3 корпус, 1 қабат.
Баспаға қойылған күні: 27.06.2020, Формат 60x80^{1/8} Тираж 500 дана
Көлемі: 16:1000. Тапсырыс № 3673, 29.06.2020
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы, 2020© М.Әуезов атындағы ОҚМУ